

**ТҮЙТЕ ЕЛДОС ЕРҒАЗЫҰЛЫ**

**ПСИХИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙЛЕР АТАУЛАРЫНЫҢ  
ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Репозиторий Қарғу

Қарағанды 2013

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
мемлекеттік университеті

**УДК 80/81**

**ББК 81.2 қаз-5**

**Т 87**

**Пікір жазғандар:**

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ш.Ш.Жалмаханов

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
А.С.Әділова

**Түйте Е.Е.**

Т 87 Психикалық жай-күйлер атауларының  
лингвостилистикалық сипаты. Монография. Қарағанды,  
2013. –246 б.

**ISBN 978-601-7449-07-0**

Монографияда адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың қазақ тіл білімінде алғаш рет талдануы мен жүйеленуі, атап айтқанда, психикалық жай-күйлердің тіл білімінде зерттелуі, осыған қатысты ғалымдар тарапынан берілген тұжырымдар мен ой-пікірлер, психикалық жай-күйлерге қатысты лексиканың топтастырылуы және бір-бірінен мағыналық жағынан ажыратылатын ерекшеліктері, тілдік және тілдік емес сипаттары т.б. кеңінен сөз болады.

Монография магистранттар мен студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және ғылымға қызығушылық танытқандарға арналған.

**УДК 80/81**

**ББК 81.2 қаз-5**

ISBN 978-601-7449-07-0

© Түйте Е.Е. 2013

© Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ,  
2013.

*«Ұлы сезімдерсіз ұлы істер жасалмаған» (Гегель)*

## **КІРІСПЕ**

«Заттың біздің санамызда сақталған атауымен байланысы – психикалық байланыс, демек заттардың өзіне тән белгілері бойынша аталуы және ол белгілердің таңдалынып алынуы – психологиялық факт (Е.И.Шендельс)». Бұл – тіл білімінің әр түрлі салалармен байланысуының бір қағидасы. Демек, тіл ішкі дүниемізді білдіретін психикалық құбылыстарды (өкініш, қуаныш, таңдану т.б.) танып білудің де құралы болып табылады [1, 23 б.].

Осыған орай біз, адамзат баласы, психикалық қасиеттеріміз арқылы өзімізді қоршаған заттар мен құбылыстарды өзімізше қабылдаймыз. Мәселен, адам бір жаңалық ашса, оған ол өзінше қуанып, төбесі көкке жетеді, біз басқаша қабылдауымыз мүмкін немесе біреудің жақыны қазаға ұшыраса, ол күйінеді, қайғырады, ал біз түк болмағандай жүре беруіміз мүмкін т.с.с. Демек, мұндай жағдайдан туған адамның психикалық жай-күйлері арқылы берілетін тілдік құбылыстар әр түрлі. Осындай күрделі құбылыстарды білдіретін психикалық жай-күйлердің табиғаты да, олардың тілдік тұрғыдан көріністері де күрделі болмақ. Дыбыстық тіл адамның іс-әрекеті ретінде өзінің құрылымы, сыртқы тұлғасы арқылы ғана қарастырылмайды, ол – қашан да адамның көңіл-күйімен, қалпымен қатар жүріп отыратын әр алуан сезімдерге толы құбылыс [2, 89]. Адамның психикалық жай-күйі күрделі құбылыс болғаннан кейін, оларды екінші бір адамға жай сөзбен жеткізу кей жағдайда мүмкін болмайды. Осындай жағдайларда олардың нақты көріністерін тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерімен жеткізу әлдеқайда тиімді. Бұл

туралы ғалым Г.Н.Смағұлова фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін зерттей келе: «Қазақ фразеологиясында мағыналас қатар құрайтын семантикалық топтар эмоцияның күрделі түрлерін қамтуда образдылықтың шарықтау шегін көрсетеді деуге болады. Мағыналас қатарлардың доминантын тірек мағына ретінде жеке сөздермен бейнелесек онда, эмоцияның күрделі түрлеріндегі көңілдену, шошу, қорқу, ренжу, қайғыру, қамығу, қуану, жылау, күлу, ашулану сияқты күшті эмоциялық сезімдерді сыртқа шығаруға үлкен шабытпен айтылар серпер сөз керек. Ол әр адамның айналасындағы болып жатқан құбылыс, іс-әрекеттерді қабылдау өрісіне қарай түрліше айтылып, жеткізіледі. Біреу жай ғана әсермен қалса, енді бірі делебесі қозып, жігерленіп кетеді. Тегінде эмоциясы жоғары фразеологизмдердің мағыналас қатарларының тым көп болу себебінің өзі сол күрделі эмоцияның түп төркінінде жатыр. Мұндағы жан ұшыру, құмарлық, стресс сияқты психологиялық жай-күйлердің қандай қыры мен сыры болсын фразеологизмдерсіз жеріне жеткізе айтылуы күмәнді» – деген тұжырым жасайды [3, 23 б.]. Расында да, күнделікті өмірден аңғара бермейтін құбылыстар, атап айтқанда, адам баласы бір күн ішінде қанша қуанып, қанша мұңаяды немесе қорқады, таңқалады т.б. сияқты сан алуан күйді басынан кешіреді, бір ғана ашуды алатын болсақ, сол ашуланудан туындаған көптеген түрліше сипат беретін сөздердің, іс-қимылдардың саны мен көріністері күнделікті өмірде есепсіз. Өйткені психикалық жай-күйлер лексикасы бір қырынан ғана танылмайды, керісінше, көп қырлылығымен, әбебаптылығымен өзінің сыр-сипатын аша түседі. Сол себепті де оларды бүгінде тереңінен зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Психологиялық құбылыстар ішінде психикалық жай-күй ұғымы негізгі орын алып келеді. Психикалық жай-күй мәселесінің адамтану ғылымында маңызы зор, себебі

психикалық жай-күй адам іс-әрекетінің сипатын айқындайды, атап айтқанда, оның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, қай халық өкілі екендігін т.б. қасиетін анықтайды. Еңбегімізде осындай психологиялық негізде көрініс беретін белгілерді тілдік тұрғыдан талдап, талпыныс жасап көрдік.

Т.А.Немчиннің пайымдауынша, психикалық жай-күйлерді жүйелі түрде зерттеу ісі (негізгі пәні нирвана) б.з.д. 2-3 мыңжылдықта басталған болатын. Оған қоса ежелгі Греция философтары да бұған назар аудармай қоймады. «Жай-күй» (состояния) категориясы философиялық тұрғыдан Кант пен Гегель жұмыстарынан да көрініс тапты.

Ең алғаш психикалық жай-күйлерді психологиялық тұрғыдан зерттеген ғалым У.Джемс болып табылады. Ал кеңестік психологияда ең алғаш 1937 жылы психикалық жай-күйлер жайында өз мақаласында сөз қозғаған О.А.Черникова болды (спорт психологиясы негізінде). Бұдан кейін бұл мәселемен айналысқандар А.Ц.Пуни, А.С.Егоров, В.В.Васильев, Я.Б.Лехтман, К.М.Смирнов, В.Ф.Спиридонов, А.Н.Крестовников т.б. болды.

Психикалық жай-күйлер жайындағы жалпы психологиялық талдау 1955 жылы Н.Д.Левитовтың мақаласынан бастау алады. Ол психикалық жай-күйлер туралы ең алғаш монография жазды. Бұл зерттеуден кейін барып психология психикалық үдерістер мен қасиеттерді, адамның психикалық жай-күйлерін қарастыратын ғылым ретінде танылды [4].

Психикалық жай-күйлерге әр ғалым түрлі анықтама береді. Психикалық жай-күйлерді зерттеудің жалпы анықтамасы, құрылымы, қызметі, механизмі мен детерминанттары, топтары және әдістері жайлы бірізді қабылданған, айтылған ешбір пікір жоқ. В.А.Ганзен және В.Н.Юрченконың айтуынша, адамның психикалық жай-

күйін ғылыми тұрғыдан баяу зерттелуінің себебі оның табиғатымен тікелей байланысты. Психикалық жай-күйлерге тура немесе жанама түрде анықтама беру мәселесі өзінің көп компоненттілігі, көп деңгейлілігімен ерекшеленеді. Психикалық жай-күйлердің осы ерекшеліктері аталмыш мәселенің зерттелуін қиындатады.

Н.Д.Левитовтың берген анықтамасы бойынша, психикалық жай-күй адам психикасының дербес ерекшелігі болып табылады және де ол ауыспалы, динамикалық санаттар (категория) мен белгілерге ие болады. Сөйтіп психикалық жай-күй құрылымына психикалық үдерістердің өту барысындағы нақты өзгерістер мен модальділік, тұлғаның жеке ерекшеліктері мен мінезі, іс-әрекеті мен соматикалық қалпы енеді. Ал Б.Ф.Ломов: «Психикалық жай-күйлер, психикалық үдерістер адамнан тыс өмір сүрмейді. Олар биологиялық даму (эволюция) мен адамның тарихи даму үдерістерінің нәтижесінде қалыптасып дамыған мидың қызметі болып табылады» – деген анықтама береді.

Психикалық жай-күйлерді толығымен меңгеруде олардың классификациясының маңызы зор. Оларды жалпы келесідегідей етіп жүйелеуімізге болады:

1) жеке және жағдайлық (ситуативные) – психикалық жай-күйдің пайда болуы жағдайдың және жеке тұлғаның рөліне байланысты;

2) басым (тірек) компоненттерге байланысты – интеллектуалдық, ерікті, эмоционалдық және т.б.

3) деңгейдің күрделілігіне байланысты – үстіртін немесе күрделі жай-күй;

4) өту ағымына байланысты – қысқа немесе ұзақ мерзімді, созылмалы және т.б.

5) жеке тұлғаға әсері – жағымды, жағымсыз, стеникалық (өмір құлшынысын арттыратын) немесе астеникалық;

6) түйсіну деңгейіне байланысты – азды-көпті түйсінген деңгейде;

7) оларды тудыратын себепке байланысты;

8) олардың объективтігін туғызған адекваттық деңгейге байланысты [4].

Осыған орай психикалық жай-күйлерді классификациялауда әр түрлі ұстанымдар кездеседі. Бұл ұстанымдар орыс және шетел ғалымдары А.В.Петровский [5, 101 б.], Я.Рейковский [6], К.Е.Изард [7, 83 б.], И.А.Васильев, В.Л.Поплужный, О.К.Тихомиров [8], А.Н.Лук [9], А.С.Никифоров [10], В.А.Крутецкий [11], У.Джемс [12], Б.И.Додонов [13], В.В.Богословский, Спиноза, П.В.Симонов [14] т.б. еңбектерінен көрініс табады.

Ал американдық ғалымдар А.Ортони, Дж.Клоур және А.Коллинз фундаментальды немесе базалық эмоциялардың классификациясын жасап шығаруға атсалысады. Басты (базалық) эмоцияларды жүйелеуде (қарым-қатынас пен іс-әрекет барысындағы эмоциялар (М.Б.Арнольд), туа біткен эмоциялар (Дж.Панксепп, Дж.Грей, С.Изард, Дж.Б.Уотсон), түйсікпен қатынасты эмоциялар (В.Мак-Дугал), биологиялық үдерістерге бейім эмоциялар (Р.Плучик) т.б.) анықталады. Бұл ғалымдардың жіктеулері бірдей емес. Осыларды жинақтай келгенде психикалық жай-күйлердің 27 түрі белгілі болғандығын аңғаруға болады. Олар: *ашу, қорқыныш, қуаныш, жиіркеніш, таңданыс, қайғы, ұят, махаббат, жеккөрушілік, қасірет, қызығушылық, бақыт, тілек, мазасыздық, мұң, ерлік, күйіну, торығу, қызғаныш, үміт (надежда), тәкәппарлық, нәзіктік (нежность), ауыртпашылық (боль), рахаттану (удовольствие), күту (ожидание), ұнату (одобрение), дәмелену (предвкушение)* [5, 104 б.].

Профессор М.И.Лазариди – орыс тіліндегі психикалық жай-күйлерді номинативті-функционалдық өріс

тұрғысынан алғаш қарастырып, жүйелі зерттегендердің бірі. Ғалым психикалық жай-күйлердің басты алты макроөрісін атап көрсетеді. Олар: қорқыныш, мазасыздық, ашу, ұят, қуаныш, қайғы [15, 10 б.]. Ғалымның жіктеуін негізге ала отырып, біз осы зерттеу жұмысымызда адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымы мен семантикасын анықтауға ұмтылыс жасадық.

Соңғы жылдарда қазақ тіл білімінде белең алып келе жатқан зерттеулердің қатары адам, адамның танымы, ойлауы, қабылдауы және сөйлеуі сияқты үдерістермен тығыз байланысты. «Қазіргі кезеңдегі тіл білімінде, бір жағынан, тіл мен ақиқат болмыстың ара қатынасын, екінші жағынан, тіл мен ойлаудың өзара байланысын тереңінен ашу жолындағы тілдің когнитивтік қызметін айқындауға бағытталған саласы қарқын алуда. Сол тұрғыдан келгенде, антропоцентристік ұстаным лингвистикалық зерттеудің маңызды әдіснамалық негізі болып танылып отыр» [16, 90 б.]. Ұлттық танымдық тұрғыдан адамның психикалық жай-күйлерін лингвистикалық қырынан сипаттау бүгінгі күндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселенің бірі болып табылады. Олай дейтініміз, қазақпыз, халықпыз деп есептеп, жүрген күннің өзінде әлі де болса ұлттық құндылықтарымызды, психологиялық ерекшеліктерімізді зерттей түсу, оларды талдау қажеттігі туындап отыр. Себебі қазіргі кезде бар психологиялық жай-күйдің өзі ұлттық құндылықтарды тануға, түсінуге жеткіліксіздеу деңгейде сияқты [17, 12 б.]. Зерттеу жұмысымызда, осыған орай, ұлттық мінез-құлқымызға сай жай-күйлердің тілдік ерекшеліктерін анықтауды мақсат еттік. Яғни төл тіліміздің қыр-сырын толық меңгеріп игеру үшін бұл зерттеу жұмысының маңызы зор деп білемін. Себебі кеңестік тұста қазақ тілін ұлттық психологиялық тұрғыдан тереңдете талдауға, оны антропоцентристік бағыт бойынша түсіндіруге мүмкіндік болмай, «тіл – өздігінен дамиды»

құбылыс, тілді тек лингвистер зерттеу қажет» деген тұжырыммен өзімізге таныс тілдің аспектілерін (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) «қатып қалған қағидаша» оқытып келгені баршаға аян. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі күні тілді және оның заңдылықтарын басқа да ғылым салаларымен, атап айтқанда, психология, физиология, философия т.б. байланыстыра зерттеп, олардың ортақ ережелерін жасап, «адам – тілдің орталығы», «тіл мен ұлт біртұтас», «адамды тіл әлемі арқылы тану» деген қағидаларға сүйенетін қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар ұсынған жаңа бағыт қалыптасып, соған орай тың зерттеу, басқаша айтқанда, тіл немесе сөз қалай жасалды, оның шығуына не түрткі болды, бұл құбылыстар адамның санасы мен дүниетанымына қалай әсер етті, оларды қалай қабылдай алды т.б. көптеген сұрақтарға жауап іздеу – біздің міндетіміз. Сол себепті қазақ тіліндегі психикалық жай-күйлердің тілдік заңдылықтарын айқындау; олардың жүйелі ұйымдастырылуын көрсету; психикалық жай-күйлердің базалық атауы және олардың қаншалықты екендігін санын анықтау; иерархиялық ұйымдастырылған жүйеде психикалық жай-күйлерді білдіретін сөздерді әр түрлі деңгейлі лексика-семантикалық амалдар арқылы көрсету; адамдардың қарым-қатынас актісіндегі психикалық жай-күйлердің көрінісі мен функциясын олардың көркем әдебиеттегі қолданылу ерекшелігін зерттеу – жұмыстың қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің біріне арналғандығы деп көрсетуге болады.

Адамның психикалық жай-күйі мен эмоциясына қатысты лексиканы зерттеумен айналысып жүрген жас қазақ ғалымдарының қатарына З.Х.Ибадильдина, К.С.Сарышова, Г.К.Капышева т.б. еңбектерін жатқызуымызға болады.

# 1 ПСИХИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

## 1.1 Психикалық жай-күйлердің тіл білімінде зерттелуі

Тіл – қару, ал оғы – сөз. Тіл – дүниежүзі қаруларының ішіндегі ең қауіптісі, ең қатерлісі. Себебі, оның жанды құбылыс екендігі баршамызға мәлім.

Осылай тілге баға берсек те, тіпті кейде адамзаттың асыл қазынасы – сөздің өзімен де сипаттауға келмейтін, табиғаты жағынан күрделігімен ерекшеленетін, көрінісі жағынан санқилы болып келетін, күнделікті өмірде жиі ұшырасатын «психикалық жай-күй» деген санат бар. Енді осы жайында...

Бүгінгі уақыттағы тіл білімі ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады. Антропоцентристік парадигма тілді санамен байланыста қарастырып, тілдің таным үдерістеріне, тұлғаға, яғни тілді адам арқылы анықтауға назар аударады. Осы бағыттың негізінде психолінгвистика, этнолінгвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика және паралингвистика сияқты пәндер туындады. «Бұрын сөз бен тіл адамнан тыс алынып зерттелінген болса, соңғы кездері XX ғ. соңы – XXI ғ. басы) антропоцентризм (антропоэзектілік) ұстанымы қазіргі заман тіл білімінің басты белгісіне (зерттеу ұстанымына) айналуға айналуда. Анығырақ айтқанда, қазіргі тіл маманы тілдің ішкі құрылысына ғана емес, сол сөзді кім айтты, қандай мақсатпен айтылды деген мәселеге назар аударуы тиіс, себебі адамдардың белсенділігі сөздерден танылады, қоршаған орта, алған нысанасына байланысты пікірінде білдіріледі» [18, 37 б.].

«Антропоцентризм» сөзі бүгінгі таңда әр түрлі мағынадағы қолданысқа ие. Бұл терминге ең алғаш грек философиясында Протогор: «Барлық заттардың иесі – адам» деген түсініктеме береді. Орталығында «адам» жатқан бұл принциптің негізінде адам табиғат берген қасиеттермен шектеліп қана қоймай, оған өзінің де үлесін қосуға тиесілі. Яғни адам – табиғат иесі. Ол өзін қоршаған ортаны өндеуге, өзгертуге мүмкіншілік жасай алады, басқаша айтқанда, өзінің шығармашылық қабілетімен адами мәдениетті қалыптастырады [19, 207 б.]. Мәдениет болған жерде оның тілі де дамып, ол сол тіл арқылы көрініс береді. Яғни әрбір халықтың мәдениетінде әмбебаптылық бар, сол сияқты әрбір тілдің семантикасында сол халықтан хабар беретін адамның психикасымен тікелей байланысты өзіндік «қолтаңбасы» бар.

Қазіргі уақыттағы шетел және орыс лингвистикасындағы антропоцентристік ізденістердің ғылыми іргетасы В.Гумбольдт, Ф.Боас, Б.Л.Уорф, Ф.Соссюр, В.Штейнталь, Л.Вайсбергер, Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, Р.Якобсон, Н.Топаров, В.В.Иванов, В.Н.Телия, В.В.Воробьев, А.Вежбицкая, Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.Маслова т.б. зерттеулері нәтижесінде қалана бастады [20, 8-б.]. Ал қазақ топырағында бұл мәселені ең алғаш сөз қылғандар қатарына А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Х.М.Нұрмұқанов т.б. сынды ғалымдар еңбектерін жатқызуымызға болады.

Лингвистикадағы антропоцентризм туралы З.Д.Попова мен И.А.Стернин былай дейді: «Лингвистикадағы антропоцентризм тілдік механизмдерді игертуді адамдарға жақындастыра отырып, лингвистикалық ізденістерді танымдық тұрғыдан зерттейді» [21]. Демек, бұдан шығатын қорытынды ең әуелі сөзді емес, сол сөздерді

жасаушы адамдарды толығымен игерген жағдайда ғана лингвистика өз мақсатына жетеді. Өйткені біз зерттеу нысаны ретінде алып қарастырып отырған психикалық жай-күйлер лексикасының табиғатын толығымен ашу (түсіну) үшін олардың қалай және қандай жағдайдан туындағанына көз жеткізіп алуымыз керек. Себебі психикалық жай-күйлердің өздігінен пайда болмайтыны және оған адамның тікелей қатысы бар (орталығында адам) екендігін айтпаса да түсінікті. Ең әуел баста сөзден бұрын адаммен бірге оның психикалық жай-күйлері туындағанын (бірнәрсені ұнату, ұнатпау немесе бірнәрседен қорқу, қорықпау т.с.с.) да айта кетуіміз керек. Бұған Э.Оразалиеваның А.А.Леонтьевтің пікірі жайлы өз еңбегінде көрсеткен мына бір ойы дәлел бола алады: «Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі және тілдің сипаты арасындағы сәйкестік немесе тілде көрініс табатын жүйе мен қабілет арасындағы байланыс олардың динамикалы әрі олардың біріне-бірі ауысып өте беретін өзгешелігіне қатысты болады», – деп атап көрсете келіп, тілде байқалатын элеуметтік және психологиялық сәйкестіктер қазіргі қазақ тіл білімінде де тіл мен ойлаудың ара қатынасын, олардың бір-біріне әсерін, адамның сөйлеу әрекеті арқылы айғақталатын болмысын, ерекшелігін танымдық негізде лингвистикалық тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік беріп отыр. Тілге таза грамматикалық тұрғыдан ғана емес, терең философиялық, логикалық, танымдық тұрғыдан көңіл аудару нәтижесінде туындаған бұл өзгешеліктер адамзат тілінің функционалды-семантикалық, психофизиологиялық, элеуметтік даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік беруде» [22, 173 б.].

Ғалым С.Б.Қоянбекова: «Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе ақпарат беріп қоймайды, сонымен қатар әрдайым өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарас, сезімін, субъективті қарым-қатынасын тіл

арқылы жеткізіп отырады. Осылайша тіл адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен сезімін де жеткізудің басты құралына айналған. Психологияда адамға тән сезімдердің 500-ге тарта түрлері белгілі болса, олардың әрқайсысының тілдік жүйедегі мазмұны мен көрінісі сан алуан. Себебі тілдің басты міндеті адамға қызмет ету, ал адам – сан қырлы, күрделі құбылыс. Қазіргі ғылымның дамуындағы антропоцентристік бағыт адамды интеллектуал тұлға ғана емес, оны эмоционалды-менталды қырынан да қарастырады. Тілдің адамнан тыс тұрған жеке құбылыс емес, адаммен бірліктегі, бірін-бірі анықтайтын күрделі құрылымдар болып саналатыны да сондықтан. Тілдің ең кіші бірлігі дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тіл бірліктерінің барлығы адамның қандай да бір ішкі эмоциясы мен көңіл-күйін жеткізуге қызмет етеді. Тіл тарихи категория ретінде өзінің дамуы барысында эмоцияны сыртқа шығарудың түрлі тілдік тетіктерін қалыптастырады» – деген тұжырым жасайды. [23, 3 б.].

Осыған байланысты адамның ішкі әлемі және оның психикалық жай-күйі туралы қазақ тіл білімінде де қызығушылық арта түсті.

Қазіргі қазақ тіл білімінде антропоцентристік бағыттың алғашқы нышандары адамның танымдық ерекшеліктерін (ойлау, қабылдау, сөйлеу т.б.) танытатын зерттеу жұмыстарында көрініс табуда. Бұл саламен айналысып жүрген ғалымдар қатарында Ж.Манкеева, Б.Момынова, Н.Уәлиев, Э.Оразалиева, А.Ислам, Г.Смағұлова, Ә.Алмауытова, Г.Снасапова, Қ.Жаманбаева, Б.Қасым т.б. еңбектерін атауға болады.

Психологиялық жай-күйлерге деген қызығушылықтың нышаны сонау антикалық заманнан, атап айтқанда, Аристотельдің еңбектерінен бастау алады десек те болады. Аристотель ұят, қорқыныш, қайғы т.б. жай-күйлерге түсініктеме беріп, олардың адамға тигізетін әсерінің

артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап түсіндіріп берген [24, 31 б.].

Одан кейінгі адамның психологиялық құндылықтарына деген қызығушылық батыс Еуропада XVI-XVIII ғасырлардағы «тіл философиясының» құрамында қарастырылды. Тілдің түп негіздерін (гносеологиясын), яғни адам санасы, психикасы, ойлау үдерістерін тілдік тұрғыдан талдау, жүйелеу, зерттеу, яғни тіл мәселелері философиялық аспектіде қарастырылды. Негізгі өкілдері Ф.Бэкон, Дж. Локк, Р.Декарт, Г.В.Лейбництер болды [25, 72-б.].

XIX ғасырдың II жартысында тіл білімінде психологиялық бағыт пайда болды. «Мұнда психологиялық немесе лингвистикадағы психологизм, тілге, сөйлеуге қатысты үдерістерді психологиялық тұрғыдан талдауға баса назар аударды. Тілге деген психологиялық концепция екі бағытта дамыды. Бірі индивидуалдық психологизм болса, екіншісі – әлеуметтік психологизм. Бұл бағыттың ірі өкілдері Г.Штейнталь, М.Лацарус, В.Вундт, А.А.Потебнялар болды. Осы уақыттарда В.Гумбольдттың антропоцентристік көзқарастары жанданып, соған байланысты шәкірттерінің «Грамматика, логика және психология», «Психология және тіл біліміне кіріспе», «Тіл білімі және халықтар психологиясы» т.б. еңбектері жарық көре бастады» [25, 95 б.].

«В.фон Гумбольдт өз еңбектерінде тілді адаммен тығыз қарым-қатынаста зерттеу керектігін айта келе, «тіл адамның іс-әрекеті ретінде сезімдерге толы» деген ой тұжырымдайды» [26, 9 б.].

Адам баласы белгілі бір ортада дүниеге келіп, сол ортада өсіп-өнеді. Барлық индивидтер өзі өмір сүріп отырған ортаның тілін, психологиясын т.б. бойына сіңіріп қана қоймай, басқа ұлтқа сол ортаның «өнімі» ретінде

көрінеді, яғни оның басқа халықтардан ерекшелігін көрсететін өзіндік ойлауы, психологиясы, тілі – сол халықтан хабардар ететін өзіндік қолтаңбасы болады. Осыған байланысты Г.Штейнталь: «Тіл білімінің негізгі пәні болып табылатын тіл (язык) адамның ішкі психикалық және рухани іс-әрекеттерін, психикалық жай-күйлерін қарастыра отырып, оның сыртқы ортада көрініс беруіне ықпал етеді», – деген тұжырым жасайды [27, 407 б.].

Адамның психикалық жай-күйін психология, философия, этика, физиология, өзін-өзі тану, психоллингвистика және әдебиет секілді ғылым салалары қарастырады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, шын мәнінде жаңа білімді бірнеше ғылымдар негізінде алуға болады. Сондықтан да өзінің гносеологиялық, психологиялық ерекшеліктері бар психикалық жай-күйлерді зерттеп, бақылау үшін бұл ғылымдардың басын біріктіру басты мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан тіліміздегі психикалық жай-күйлердің берілу жолдарына лингвистика да қызығушылық танытып отыр. Қазіргі заманғы лингвистиканың, яғни тіл білімінің алға қойып отырған басты мақсаты – психикалық жай-күй танытатын танымдық-психологиялық белгілерді анықтап, олардың лингвопрагматикалық және ономазиологиялық қызметін анықтау.

Қазіргі уақытта психикалық жай-күйлердің қазақ тілінде көрініс беруі және оларды жүйелеу қажеттігі туып отыр.

Яғни мұндай зерттеу жұмыстары тек тіл білімінің аясында ғана қарастырылып қоймайды. Психикалық жай-күйлердің басты нысанының өзі логика, психология, философия, физиология сияқты ғылымдар саласымен байланыстыруды талап етеді. Міне, осы ғылымдардың түйісуі нәтижесінде жалпы тіл білімінде ХХ ғасырдың аяғында «когнитивтік» деген атқа ие болған жаңа ғылыми

парадигма пайда болды. «Когнитивизм» философиялық, психологиялық, логикалық, лингвистикалық т.б. құбылыстар мен ұғымдарды түсіндірудің ең тиімді жолы және психикалық үдерістердің өтуін басқаратын әлдебір білімдер жүйесінің құрылымы болып табылады. Ол тіл мен сана, тіл мен ойлау, тіл мен таным, тіл мен сөйлеу сияқты ұғымдардың өзара байланыстарын айқын көрсете білді. Яғни адам баласы тек тіл дыбыстарынан құралған сөздерді айтып қана қоймай, сыртқы ортаға деген өзінің көзқарасын, психикалық жай-күйін де танытып, білдіріп отырады. Осы тұжырымнан біз адамның қандай да бір уақыт өлшемінде белгілі бір психологиялық күйде болатынын аңғара аламыз. Осыдан келіп екінші ұстаным пайда болды. Бұл жерде енді психикалық жай-күйдің пайда болуы туралы емес, олардың (психикалық жай-күйлердің) бірінен екіншісіне орын ауыстыруы туралы айтылады.

Қазіргі заманғы психологияның, сондай-ақ көптеген ізденіс жұмыстарының нәтижесіне қарамастан, психикалық жай-күйлер психология тарауларының бір саласы ретінде ғана қарастырылады [28, 7 б.]. Мұның себебі психологияның өзінде психикалық жай-күйлерге деген қызығушылық XX ғасырдың 40-50 жылдарында ғана танылғандығымен түсіндіріледі.

Психология тіл біліміне арнап психикалық жай-күйлердің теориялық базасын дайындап, «психикалық жай-күй» атты санаттың мағынасын ашып берді.

Лингвистикалық баяндауға түсінікті болу үшін беріліп отырған санаттың тілдік белгілері, яғни психикалық жүйелер уақыт шегіне байланысты қысқа немесе ұзақ мерзімді, оған қоса эмоционалдық, активациондық, тоникалық немесе тоникалық емес деп бөлінеді. Бұл психикалық жай-күйлер түрлерінің ең бастысы, негізгісі – эмоциялық күй. Өйткені эмоция мен психикалық жай-күйлер бір-бірімен үзілместей тығыз байланысты, яғни

қандай да бір психикалық жай-күйдің өзіне ғана тән белгілі эмоциясы болады. Осы тұрғыдан келгенде, эмоциялық күй дегеніміз – эмоциялық мінездемелер бірінші орында тұратын күйдің бір түрі [29, 15 б.].

Психикалық жай-күйлер тек психологияның нысаны болумен ғана шектелмей, оған бүгінгі таңда тіл білімі де қызығушылық танытуда.

Қазақ топырағында адамның психологиялық ерекшеліктері, олардың адам өмірінде алатын орны жайында А.Құнанбаев (Қара сөздері, өлеңдері), Ш.Құдайбердиев («Үш анық», «Мұсылмандық шарты»), М.Жұмабаев («Педагогика»), Ж.Аймауытов («Психология») т.б. сынды ақын-жазушылардың еңбектерінен көре аламыз. Мәселен, Абайдың шығармаларындағы басты тақырыптарының бірі адам, адамның моральдік бейнесі, сыртқы портреті, іс-әрекеті, психикасы т.б. болып табылады. Ақынның адамның психологиялық ішкі жан дүниесін суреттегенде, тілімізде соны тіркестерді туғызғанын білеміз. Атап айтқанда, *жүрегі лүпілдеу, суыну, ысыну, елең қағу, қызару, сұрлану, буыны босау, көздері төмендеу, жүрегі елжіреу, жүрегі балқу, сағыну т.б.* Абайға дейін адамның психикалық жай-күйін тілдік емес амал-тәсілдер арқылы жеткізу, соның ішінде, түр-түске, дене температурасына байланысты *қызару, сұрлану, суыну, ысыну* сияқты сөздердің қолданылуы орын алған жоқ. Бұл – ұлы ақынның тіліміздің сөздік қорын байытудағы жаңашылдығы. Мысалы: *Қызарып, сұрланып, Лүпілдеп жүрегі. Өзгеден ұрланып, Өзді-өзі керегі. Дем алыс ысынып, Саусағы суынып. Белгісіз қысылып, Пішіні құбылып* (Абай).

Абайдың тағы бір ерекшелігі адамның психикалық жай-күйіне қатысты сөздерді құбылтып, әр түрлі тілдік амал-тәсілдер (эпитет, метафора, теңеу т.б.) арқылы бере алуында жатыр. Мысалы, академик Р.Сыздықтың

көрсетуінше ақын «қайғы» сөзін 66 рет (қайғы жеу, қайғы басу), «уайым» сөзін 13 рет (уайым жеу), «ұят», «иман» сөзін 30-40 рет (ұяттың мен арыңды малға сатып, ұятсызда иман жоқ, түпке жетер) қолданса, бір ғана «жүрек» сөзін 150-ден астам рет қолданған және мұның көбі адамның психикалық жай-күйлеріне қатысты тіркестер болып табылады: *асау жүрек, ызалы жүрек, (ашу), жаралы болған жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек (қайғы), кірлеген жүрек (ұят) т.б. [30, 29-б.]*. Мысалы: *Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, ащы тіл. Не жазып, кетсе жайы сол, Жек көрсеңдер, өзің біл немесе Жетім қозы – тас бауыр, Түңілер де отығар. Сорлы жүрек мұңша ауыр, Неге қатты соқтығар?* (Абай).

Ал зерттеуші А.Күдиярова «Шәкәрімнің психологиялық көзқарасы» атты мақаласында: «Шәкәрім шығармашылығының психологиялық аспектілерін зерттегенде ойшылдық когнитивті психологияның әр түрлі қырларына айрықша мән бергенін көреміз» – дей отырып, Шәкәрім жасаған соны тіркестерден ұлттық дүниетанымымызға тән психикалық жай-күйлердің белгілерін атап көрсетеді. Олар: «Өлгені тіріліп, өшкені жанғанда» – қуанышты градациялаудың ең шырқау шегі немесе ашу, реніш, ұят сияқты психикалық жай-күйлерді танытатын сөздердің адам өміріндегі рөліне ерекше назар аударады. Мысалы, адамның психофизиологиялық сезімі жайында: «Қаһар, жеккөру, сүйіспеншілік – бұл жанның әрекеті, адамның бет-бейнесінде көрініс береді. Жан осындай сәттерді басынан кешкенде тән қиын жағдайларға тап болады» – деген сияқты пікірлерін білдіреді [31, 629 б.]. Яғни, ақын анықтамасында қатты ашу немесе басқа жағдайларды адам басынан кешкенде, оның сөйлей алмай қалуы немесе олардың ойының тілдік емес белгілер арқылы жүзеге асырылатыны жайында сөз етеді.

Бұған қоса қазақ және орыс тілдеріндегі эмотивті лексикалық бірліктерді зерттеген З.Х.Ибадильдинаның «Эмотивная лексика казахского и русского языков» атты кандидаттық диссертациялық жұмысын атап өтуге болады. Мұнда ғалым эмотивті лексиканы эмотивтіліктің мағыналық категориялары шеңберінде қарастырып, олардың семантикалық құрылымына егжей-тегжейлі талдаулар жүргізеді. Жұмыстың «Лексико-семантическое поле эмоции» атты екінші тарауында ғалым қазақ және орыс тілінің материалдары негізінде салыстырмалы түрде эмотивтілік категориясының таңдану, сүйіспеншілік және ашу сияқты микроөрістерді лексикографиялық аспектіде зерттесе [32, 14 б.], К.С.Сарышова «Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер» атты тақырыпта кандидаттық диссертация [33], ал салыстырмалы аспектіде Г.К.Капышева «Межъязыковые фразеологические эквиваленты семантического поля «страх» в разносистемных языках (на материале немецкого, английского, русского и казахского языков)» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациялар қорғады [34].

Бұл аталған жоғарыдағы ғылыми еңбектер біздің зерттеуімізге нысан болып отырған психикалық жай-күйлер лексикасының (оның ішінде эмоция) алғашқы бастамасы (басқа қырынан) десе де болады.

Осы уақытқа дейін психикалық жай-күйлерді тіл білімінде семасиологиялық ұстаным бойынша «түрден мағынаға» қарай оқытып келді. Ал бүгінгі таңда атауыштық, яғни «мағынадан түрге» қызметіне басты назар аударылуда. Бұл жағдайда ең қажеттісі болып психикалық жай-күйді анықтауда қолданылатын тілдік құралдар жүйесі болып табылады. Бұлардың лингвистикалық гипотезасы берілген тілдің семантикалық бірлігімен анықталады.

Біз психикалық жай-күйлердің пайда болуы туралы емес, бір психикалық жай-күйден екінші күйге ауысуы

немесе олардың әр түрлілігін көрсетуде қолданылатын тілдік және тілдік емес (бейвербалды) амалдарды қарастырдық.

Адамның әр психикалық жай-күйіне белгілі бір ағзаның физиологиялық күйі сәйкес келеді. Барлық психикалық жай-күйлер тілімізде әр түрлі аталады. Мысалы: қорқыныш, ашу, қуаныш, мазасыздық т.б.

Орыс және шетел тіл білімінде психикалық жай-күйлерді білдіретін тілдік жүйенің сипаты тұлғаның жеке психологиялық ерекшелігін анықтай отырып, міндетті түрде мағыналық ұстаным мен оның топтарын функционалдық-мағыналық өрістік жүйеде қарастырады. Ономазиологиялық сипатының ерекшелігі психикалық жай-күйлер атауы грамматикалық жүйенің жеке деңгейі мен аспектілері (морфология, сөзжасам, жай және құрмалас сөйлем синтаксисі) бойынша ғана емес, берілген сол тілдегі функционалдық-мағыналық бірлік пен әр түрлі деңгейді білдіретін элементтермен біріктіріліп қарастырылады.

Бұл жоғарыдағы аталмыш бағыт Ресейде (Санкт-Петербург бөлімшесінде) қарқынды дамуда. Бұл елде грамматикадағы өріс туралы түсінік өткен ғасырдың 60-70 жылдары қарала бастады (В.Г.Адмони, М.М.Гухман, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, А.В.Бондарко т.б.). Көп жағдайда бұлар И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов, Л.В.Щерба теорияларына сүйенеді. Функционалды-семантикалық категория нәтижесінде аспектуалдық, уақыттық, мекендік, таксистік, модальдік т.б. функционалдық-мағыналық өрістер сараланады (А.В.Бондарко, Н.Д.Артюнова, Э.Генюшене, М.А.Шелякина, С.Н. Цейтлин, Г.Г.Сильницкий, Л.А.Бирюлин, Е.Е.Корди, Е.И.Беляев, В.С.Храковский).

Зерттеуімізде адамның психикалық жай-күйлеріне қатысты лексиканың төмендегідей алты түріне жан-жақты

талдаулар жасадық. Олар: «қорқыныш», «мазасыздық», «ашу», «қайғы», «қуаныш», «ұят». Бұл аталған алты жай-күй тіліміздегі психикалық жай-күйлердің ең негізгі өзегі болып табылады.

## **1.2 Жай-күйлердің іс-әрекет пен қалыпқа қатыстылығы**

Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де ерекше мәні бар үдерістер. Осы орайда, адамды толығымен танып білуде психикалық жай-күйлердің ерекше орын алатыны, яғни белгілі бір психикалық жай-күйден туындаған әрекеттер нәтижесінде адамның сөздік қолданысы пайда болатыны, қарым-қатынасы қалыптасатыны белгілі.

Адамды антропологиялық лингвистикалық концепт тұрғысынан қарастырғанда, ол – тілдің орталық тұлғасы. Э.Бенвенистше айтар болсақ, «человек в языке» деген ұғыммен синонимдес [35, 50-б.]. Бұл бағыттың негізін қалаушылар қатарына В.Гумбольдт, Э.Бенвенист, В.В.Виноградов, Ю.С.Степанов, Г.А.Золотова және т.б. жатады. Сол себептен тілдегі өмір сүретін және функционалдық-мағыналық тұрғыдан аясы қарама-қарсы екі ұғымды, атап айтқанда, адам іс-әрекеті мен оның жай-күйін анықтап алған дұрыс.

**Іс-әрекет** – бұл белгілі бір заттың немесе құбылыстың қимылы, қозғалысы. Іс-әрекетке сөйлесімді де жатқызуымызға болады. Сөйлеу үдерісінде басты орын алатын – сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздің тіркесі, сөзжасам. «Сөйлеу әрекетіне қажетті ең бірінші фактор – сыртқы дүниенің адам санасына әсер етуі, сол әсердің нәтижесінде

мида ойдың қорытылуы, хабардың пайда болуы» [36; 50]. Яғни «сөйлеу – әрекет. Ол адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал, әсер етуін, әрекетке итеруін жүзеге асырады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады. Олай дейтініміз сөйлеу жеке адамның әрекеті емес, бұл – әр сөйлеушінің артында тұрған әлеуметтік топтардың, қоғамның белсенділігін, қозғалысын көрсететін әрекет түрі» [37, 20 б.], сонда сөйлеу әрекетінде адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, белгілі бір жай-күйді туғызуға себепкер де болады. «Аталған іс-әрекеттің ең алғашқы және бүгінге дейінгі тұжырымдамасы С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Брушлинский, В.В.Давыдов, Г.А.Суворова, Б.Ф.Ломов т.б. ғалымдар зерттеулерінің негізінде қалануда. Субъект өз іс-әрекеттерінде, өзінің шығармашылық дербестілігі актілерінде тек көрініп және білініп қоймайды, ол сонда жасалады әрі айқындалады. Сондықтан жасаған нәрсесі арқылы оның не екенін анықтауға болады, оның іс-әрекетінің бағытымен оның өзін айқындауға және қалыптастыруға болады. Сонымен бірге адамның психикасы мен жай-күйі іс-әрекетте (еңбек, оқу, танымдық, ойын және т.б. түрлерінде) көрініп қана қоймайды, қалыптасады да. Мұнан әрі іс-әрекеттік мәселелер алдымен Б.Ф.Ломов дамытқан *қарым-қатынас* принципінің әдіснамасы негізінде жалғастырылады. Бұл принцип субъектінің субъектімен өзара қатынастарының шынайылығын (әрине, әр кезде субъект-объектілі әрекеттестікпенен байланыста) жалпылайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, көрсетілген мәселені өңдеудегі перспективті бағыттардың бірі – субъектінің практикалық, теориялық және т.б. іс-әрекеті ішінде психикалық іс-әрекеттің орны мен рөлін терең де нақты ашудан тұрады. Осы жерде іс-әрекет түсінігі екі жағдайда қолданылады. Сондықтан бұл өзара байланысты, бірақ әр

түрлі екі мағына беретінін ескеру қажет: 1) субъектінің іс-әрекеті және 2) ағзаның іс-әрекеті. Екінші мағына қажет те емес сияқты, бірақ шын мәнінде, «психикалық іс-әрекет» түсінігін анықтау үшін ол өте маңызды: бұл, ең алдымен, дененің, адамның дүниемен үздіксіз өзара әрекеті барысында туындайтын және қалыптасатын ағзаның (мидың) бейнелеу іс-әрекеті. Ми – психикалық, бейнелік іс-әрекеттің мүшесі, адам – оның субъектісі екені белгілі, сондықтан кез-келген психикалық іс-әрекет практикалық, теориялық және т.б. іс-әрекеттердің негізінде және құрамында жүзеге асады. Мысалы, түс көру типіндегі психикалық іс-әрекет: адам саналы субъект түрінде ең аз мөлшерде ендірілген, біржола қатыспайды (ұйқыда), сондықтан практикалық, теориялық іс-әрекетті жүргізе алмайды, бірақ оның психикалық іс-әрекеті өте белсенді жүре алады» [38, 310 б.]. Мәселен, адам түсінде жаман бір нәрсе көрсе, өңінде одан қорқуы, қауіптенуі мүмкін немесе керісінше жақсы нәрсе көрсе, қуануы мүмкін. Халқымыз әрқашан да көрген түсті тек жақсылыққа жорып отырған.

**Жай-күй** – бұл адамның белгілі бір жағдайлардағы әсері, физиологиялық тұрғыдан адам жанының сезімі немесе көңіл-күйі. Белгілі бір адамның жай-күйі сол күйге сәйкес әрекетпен қатар жүріп отырады. Мәселен, адам ашуланғанда бір нәрсені сындыруы, я болмаса лақтыруы мүмкін. Немесе қуанған жағдайда бір шаруаны тез тындырып тастауы, қатты қайғырғанда өз шашын өзі жұлуы, бетін тырнауы сияқты іс-әрекеттер көрсетуі мүмкін.

Жай-күй адамның физиологиялық жағдайы болғандықтан, ешбір қатысымдық тұлғалардың қызметінсіз-ақ жүзеге аса береді. Алайда бұл тікелей ойдың, я болмаса, белгілі бір оқиғалардың санадағы жаңғыруы арқылы да көріне береді. Мәселен, адам

болашағын ойлап қорқуы мүмкін, не болмаса, өткендегі жасаған қылықтары үшін ұялуы мүмкін т.б.

Аристотельдің категория жүйесінде іс-әрекет бұл – «іске асыру» болса, ал жай-күй – «белгілі бір жағдайда болу» болып табылады [24]. Осы тұрғыдан келгенде ғалым С.Қ.Бердібаева былай деп тұжырымдайды: *«Психикалық процестер алғашында нақты бір іс-әрекеттің процессуалды компоненттері, содан кейін ішкі, теориялық іс-әрекеттің формалары ретінде құрылады. Іс-әрекет психологиясын зерттеуден кейін біртіндеп жеке адамның психикалық қасиеттерін зерттеуге өтеміз»* [39; 37-б.]. Сонда біз жай-күй мен іс-әрекет ұғымдарын төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:

**1) жай-күй – іс-әрекет** (белгілі бір жай-күйде болып белгілі бір іс-әрекетке бағытталу). Мысалы:

*Ноян ұнатпай, қабағын шытынып, шыңдап отырған жүрегін жерге ашулана лақтырып жіберді (С.Жүнісов).* Бұл жерде ашуланудың салдарынан Ноянның күректі лақтырып жіберуінен белгілі бір жай-күйдің іс-әрекетке итермелеуін байқаймыз. Немесе: *Көрмегеніне бір-ақ жыл шамасы өткен Әзімханның енді алғаш келген сәтте жүрегі лүпілдеп соғып, көз алдында сәулелі сұлу жарды көріп қалғандай болған. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан бір ауыз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімханның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қарагөзге де сол секөнтте білінгендей. Әзімхан апасына амандасып, енді Қарагөзге қарап:*

*– Есен-саумысың, қалқам? – дегенде, ұялып қараған Қарагөздің жүзінде ыстық қан ойнады.*

*Бұл күнге дейін жүріс көрмеген бала жүзі өмірінде алғаш рет әлдеқандай көмескі түс сияқты оймен қызарып, төменшіктеп қысылғандай болды.*

*Екі жас үнсіз белгі беріскендей. Екі көңіл бір-біріне ұялып бұғып тұрып, ым қақты (М.Әуезов).* Бұл жердегі екі

жастың бір-бірінен ұялуы (ұялуына себеп ғашықтық, ұнату сезімі) екеуінің сөйлей алмай ымдасуына (иек қағып жауап беру әрекетіне) әкеп соқтырып тұр.

*Ақанның бір кішігірім жиында мырзалы байдың балаларын Сауытбектің сарыала итінің күшіктеріне теңеп... шоқтай мысқылы ауыздан-ауызға тарап кеткен. Содан бері әсіресе осы Мұқанәлі Ақанға тісін қайрап жүр. Бірақ, шалып түсер оңтайлы кезең таба алмай-ақ қойды. Қазір де екі беті долырып, тұтана қалған ол не дерін білмей, сасқанынан қалтасындағы шақшасын алып, саптама етігінің өкшесіне тықылдатып қаға берді. Ашу шақырып бірдеме десе, Ақаннан бұрынғыдан да ащырақ таяқ жеп қалуы ықтимал... (С.Жүнісов).* Жоғарыдағы мысалдан Мұқанәлінің ашудан шақшасын өкшесіне тықылдату әрекетін көреміз. Бұған себеп оның Ақаннан, дәлірек айтқанда, оның ащы сөздерінен қорқуы болып тұр. Алдыңғы әрекет болмағанда (күшікке теңеп масқаралау) Мұқанәлі Ақанға қарсы шығып, сөзбен ашу шақырар еді. Осы себептермен ол тек шақшасын өкшесіне тықылдату, және тістену, екі бетінің долыруы, үндей алмай қалуымен ғана шектелді.

**2) іс-әрекет – жай-күй** (белгілі бір іс-әрекет үстінде (немесе одан кейін) соған сай белгілі бір жай- күйде болу). Мысалы:

*– Сүйегім аман секілді, бірақ күллі денем қаушап қалғандай, бұл не? Маған не болып еді? – деп едім, ол: «Ештеңе де болған жоқ, жай бір бұзық балалармен түнде қағысып қалыпсың, олар сені біраз көкпар етіпті», - деді.*

*Түндегі көрген сұмдықтарым есіме түскен сайын жаным ыршып, кеудемді ыза керней бастайды (Ә.Әбішев).* Бұл жердегі жағдаят бірінші (іс-әрекет) жігіттің таяқ жеуі, екінші (жай-күй) соған ашуланып, намыстануы, өткен әрекеттерін есіне түсіру арқылы кеудесін ыза кернеу. Бұл жерде керісінше қуануы мүмкін

емес, себебі жай-күй істелген әрекетке тәуелді. Немесе: – Менмін Мәди, мен мен! – деп Келдек екілене айғай салды. Ол ақсаңдай басып, сойылын сүйреткен күйі алға шықты.

– Мұнда Мәди екеу еді ғой, сен қайсысың?

– Мен нағыз Мәди, мен, – деп Келдек екілене айғайлап Мәдиге қарай жүре бастады. Ойы қолындағы ақ табан қара сойылды қайқайып тұрып бір сілтемек.

– Нық Мәди сен болсаң үкімің әлдеқашан айтылған, енді иманыңды айта бер, – деп Мәди алты алтарын суырып алып еді, жаңа батырсып тұрған Келдектің екі тізесі бірдей селкілдеп, арқасын аяз қысқандай тісі-тісіне тиместен сақылдап кетті. Не ілгері, не кейін кетуге хал жоқ, қолындағы сойылы кескіленген кесірткенің құйрығындай оршиды.

– Мен... мен... Мә-ди емеспін, ағатай.

– Өтірік айтасың, нақұрыс, - деп Мәди алты атарын кезей түсіп еді, Келдек ыршып барып шалқасынан түсті.

– Ол-ла-һи, м-ен... Мәди емеспін (Ә.Әбішев). Бұл мысалдағы Мәдидің алтыатарын суырып алуы нәтижесінде Келдектің бойын қорқыныш биледі. Осы жердегі Мәдидің әрекеті (алтыатарын суырып алуы) Келдектің әрекетінен (сойылын сүйретуінен) басымырақ болып, қорқыныш жай-күйінің тууына себеп болып тұр. Керісінше Келдектің өтірік сөйлеуі Мәдидің ашу-ызасын туғызып тұр. Осыдан екі түрлі «әрекет – жай-күйді» байқауға болады, яғни өтірік сөйлеу – ашу-ыза, алтыатарын суырып алуы – қорқыныш жай-күйлерін туғызып отыр.

**3) жай-күй – жай-күй** (белгілі бір жай-күйден екінші бір жай-күйге өту). Мысалы: ...Қара шұбардың көзі қойды көрген аш қасқырдың көзіне ұқсап кеткен екен, ол атының басын бұрса да, ашу бетін қайтара алмай, бұрыла бере, қара сойылын қолына алып Мәдидің өзіне тұра ұмтылды.

Бір мылтықтың дауысы мың қазақты қалтыратқан заман ғой, Мәди алты атардың бір оғын аспанға гүрс

*еткізіп еді, қара шұбар қалт тұра қалды. Шарасынан шыға қашқысы келгендей адырайған көзі Мәдидің қолындағы алты атарда, түк басқан беті жыбыр-жыбыр етіп, зор денесі безгек болғандай бебеу қағып тұр. Әлденені айтқысы келеді, айта алмаған аузын арандай ашып, қолын ербеңдете береді (Ә.Әбішев). Мұнда бірінші, қара шұбардың ашулануы (жай-күй), екіншіден қорқуы (жай-күй). Қара шұбардың бір жай-күйден екінші бір жай-күйге өтуіне себеп болып тұрған – оның әлсіздігі. Егер де оның қолында қара сойыл емес мылтық болғанда жағдай басқаша болуы (ашуынан қайтпас та еді) да мүмкін еді. Немесе: Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да ыза болды (М.Әуезов). Мұнда бірінші – Жұмабай шын мәнінде баладан қорықты, екінші – кейіннен өзінен жасы кіші болғаннан ұялды, үшінші – өткенді ойлап ұяттан ашуланды.*

**4) іс-әрекет – іс-әрекет** (психикалық жай-күйлерге қатысты емес) [40, 20 б.].

Кей уақыттарда адамдар белгілі бір жай-күйге шектен тыс қатты берілгенде (қуанғанда, ашуланғанда, қорыққанда, ұялғанда т.с.с.) іс-әрекетінен (сөйлеуінен, жүрісінен т.с.с.) жаңылысып қалады, яғни сөз саптауында сөйлем құрылысы бұзылады немесе бір нәрсені ойлап отырып, екінші бір нәрсені істеуі мүмкін. Осыдан іс-әрекет пен жай-күйлердің қарама-қарсылығы келіп туындайды. Мысалы:

1) қатты қуанғанда: *Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілігі қатты ырза болды. Абайдың іші ала қызып, бір түрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Әлдеқандай өріс іздегендей.*

*Енді асығып жүріп келеді. Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқапты. Екі көше адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді (М.Әуезов);*

2) қатты ашуланғанда: *Қайтып оралсам, ол бұлқан-талқан ашуланып жүр екен. Ұрысқанда үстіңгі ерні желді күңгі түндіктей желп-желп етеді.*

– *Сен бала несің!* – деді қалшылдап. *Ашу тығылғанда аузына одан басқа сөз түспей қалса керек.*

– *Мен немін? Адаммын.*

– *Адамды көрсетемін мен саған! Сен бүйте берсең, көрдің бе, анау оттыққа тығып жіберемін!* – деді төне түсіп (Д.Исабеков). Осы сөйлемдегі қарым-қатынас барысындағы ашулы адамның «Сен бала несің?» деген адамға қатысты сұрауы қате. Дұрысы адамға қатысты болғаннан кейін «Сен бала кімсің?» немесе «Сен өзі қандай баласың?» деген сұраулы сөйлемдер болады. Мұндай жаңылысулар – қатты ашуланған адамдардың сөйлеу әрекетінен жиі байқалатын құбылыс.

Іс-әрекет пен жай-күйдің мағыналық жан-жақтылығының қарама-қарсы қойылуы тілде А.М.Пешковский, Н.С.Авилова, А.В.Бондарко, Т.Б.Алисова, Ю.Д.Апресян, Дж. Лайонза, Д.Губора, М.А.Шелякина т.б. орыс және шетел ғалымдарының зерттеу тақырыбы болған әрекет/күй етістіктерінің оппозициясында анағұрлым барабар жүзеге асырылады.

Іс-әрекет пен жай-күй етістіктерінің айырмасы мағыналық, функционалдық және грамматикалық түрлілігімен ерекшеленеді.

Іс-әрекет етістіктерінің басты саналы құрылымы күрделі мағыналық құрылыммен, яғни белсенділік семасымен айқындалады.

*Белсенділік* – бұл етістікті лексема немесе оның белгілі актанттарының өзара байланысы немесе өзара іс-әрекеті барысындағы пайда болатын семантикалық компонент. Бұл категорияның негізінде белсенді немесе белсенді емес бастаудың (активных и неактивных) қарама-қарсылығы жатыр.

Іс-әрекет етістіктері белгілі бір нысанға бағытталып (онда айтарлықтай өзгерістер болатын, яғни семантикалық тұрғыдан бұл күнделікті жоспардағы етістіктер) субъектінің іс-әрекетін білдіреді. Мысалы: қала тұрғызу, үй сылау, мектепке бару, сабақ оқу т.б.

Белсенді іс-әрекет етістіктері нысанға бағытталғандықтан және оны өзіне толық бағындырғандықтан, біз мұны «нысанды етістіктер» деп те атауымызға болады. Әрекет етістіктерін нысандық етістіктер ретінде жіктеуге болады; қағида бойынша нысандар жансыз зат есімдермен анықталады (жанды зат есімдер нысанның қызметінде анағұрлым сирек кездеседі).

Акционалды етістіктерге қарағанда жай-күй етістіктері қарапайым мағыналық құрылыммен сипатталады. Олар субъект өрісінен шықпайтын, субстанцияларға имманентті тән болып есептелетін белгілер мен қасиеттерді атайды. Бұл – субъектілік етістіктер, өйткені олар субъектіде тұйықталған, жанды да, жансыз да зат есімдермен айқындала алынатын қасиеттерді білдіреді (акционалды емес етістіктер сияқты жай-күй етістіктері де субъекті позициясында таңбаланған).

Ал жай-күй етістіктері (психикалық) субъектінің «өзіне» тікелей бағытталған. Олар ешқандай да нысанға қатысты болмайды және тура толықтауыш қызметін атқармайды.

Жай-күйлердің пайда болуына белгілі бір қажет немесе қажет емес жағдайлар себепкер болады. Мысалы қажетті жағдайларға субъектінің өмір сүріп отырған қоғамындағы барлық мүмкіндігін қанағаттандыратын қуану, мақтан тұту т.б. жатса, ал басқа кездерде жағдай субъектінің сезіміне қажет емес деп танылады: *ашулану, қайғыру т.б.*

«Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның

ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де – ерекше мәні бар үдерістер» [41, 72 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, адамның белгілі бір жай-күйіне оның сөйлеу іс-әрекеті барысындағы қылығы сай болып отыруы тиіс. Бұл – тілдегі әдеби нормалылықты сақтаудың көрінісі. Мысалы, адамның таң қалғанда «көтек», ашуланғанда «әкеңнің аузына с...», «қақбас» т.б. деген сөздерді айтуы, не ыңғайсыз қимылдар көрсетуі тілдегі әдеби нормалылықты, тепе-теңдікті бұзу болып табылады. Мұндай қимыл-әрекет – тек ауызекі сөйлеу тіліне ғана тән құбылыстар.

Л.В.Шерба іс-әрекетті білдіретін предикаттың (етістік арқылы беріледі), жай-күйдің (жай-күй категориясын білдіретін сөздер), сапаның үш түрін атап көрсетеді.

Етістік және есім сөзден болған предикат арасындағы негізгі айырмашылық олардың уақытқа деген қатысынан келіп туындайды.

Белгіні өзектендіретін шектеулі мүмкіндікке ие болуы адъективтенген және субъективтелінген (заттанған) предикаттардың маңызды сипаты болып табылады. Белгілі заттардың жай-күйін білдіретін эпизодтық сипат – етістіктің негізгі қызметі болып табылады. Жай-күй де іс-әрекет тәрізді белгілі бір сәтте болып отырады да, түрлі уақытта пайда болған жай-күй алдыңғысына ұқсамайды. Сол себепті жай-күй нысананы түзейтін параметр қызметін атқара алмайды. Ал жай-күйдің қалпы оның жай-күйіне қарағанда нысананың (объектінің) сапалы сипатын қалыптастырады. Сөйтіп, жүзеге асу кезеңіне қатысты жай-күй мен қалып предикаттарының арасындағы айырмашылығы көрініс табады. Осы кезде сын есімнің толық формасы (орыс тілінде) уақыттан тыс белгіні білдірсе, қысқартылған форма белгілі уақытта пайда болған, болып жатқан сапалы жай-күйді білдіреді. Әрине, бұл мәселе орыс тіліне қатысты.

Аристотельдің айтуынша, кез-келген қалыптың тұрақты және пайда болған сияқты екі түрі болады. Тұрақты қалып атауына сай ұзақ мерзімді болып, көбіне өзгермейді. Оларға адамның темпераменттік қасиетіне негізделген білімін және жақсы іс-әрекеттерін жатқызуға болады. Мысалы:

*Манадан бері шам жақпай, енжарланып жатқан Ақбілек дереу атып тұрып шам жағып, жерге қойды да, қағазды жеп қоятындай қадала қарады...*

*Бұл хатты анау-мынау әйел оқыса, қуанғанынан секіріп түсер еді. Ақбілек мырс етіп күліп жіберді (Ж.Аймауытов). Мұндағы Ақбілектің қуанғаннан секірмеуі оның мінезінің тұйықтығын, салмақтылығын, тек оның мырс етіп күліп жіберуі туа біткен қалпын білдіреді. Немесе керісінше болуы да мүмкін. Мысалы:*

*Ашу қысқан кезде өзін ұстай алмау қылидың ауруы еді, сол ауруы қозып кетті ме қалай:*

*– Ойбай-ай, ойбай-ай, мына күшіктің сөзін-ай! – деп шапыраш көзін шақырайта түсіп тыпырлап еді, Келдектің күткені осындай бір қырсықты кез екен, іздегені табылғандай шаттана күліп, сотқарлана қимылдап, қылидың сақалынан ұстай алды (Ә.Әбішев). Мұндағы қыли шалдың ашу қысқан кездегі өзін-өзі ұстай алмауы оның белгілі бір іс-әрекетке байланысты жай-күйін емес, өзінің туа біткен (тез ашуланғыш) қалпын білдіреді. Осыған қарап отырсақ, қалып жай-күйдің мәні болып табылады, алайда жай-күйге қалып міндетті емес. [42, 72 б.]*

Қазіргі кезде адамның басынан кешетін, яғни «адамның өмірінде болатын» физиологиялық жай-күйлер қызығушылық тудырады. Мәселен, қызыл, көк түстерге қатысты мынаны айтуға болады, адам ұялғанда «қызарады», ашуланғанда «көгеріп кетті» дейміз. Бұл жерде ұяттан қызарып кеткен адамды біз «қызыл жүзді»,

«қызыл бетті», ашуланған адамды «көк бетті» деп айтпаймыз. Және айта кететін бір жайт, бұл мәселе қызыл шырайлы, көк бет адам деген тұрақты тіркестерге де қатысты емес. Себебі жоғарыда айтылған қалыптар адамның бойында уақытша болады.

Сөйтіп, жай-күй дегеніміз – өзгеретін сапа, уақытша болып, тез жоғалып кететін қалып. Мәселеге қатысты Аристотель тағы былай дейді:

1. Жанның (душа) жай-күйі материядағы негізге ие болады (logoі enyloy) [24, 374 б.]. Әйтпесе, «жан-тәнсіз ештеңе де сезбейді» [24, 373 б.]. Мәселен, «ашуды» біз «қанның қайнауы» ретінде түсінеміз. Бұл жерде ғалымның айтайын дегені – кез-келген форма белгілі бір материяда болуы керек. Мысалы:

– *Менде мал ашуы мен жан ашуы қабат бар, әттең, сіз Мәдисіз, басқа біреу болсаңыз, мен сізді былай көзден атар едім, – деген жігіт сөзі Мәдиді мүлдем қайнатып жіберді. Қаны қайнаған ол Келбетті өзінің сыртына қарай серпіп жіберді де:*

– *Мал ашуы, жан ашуы дейсің бе? Онда мен саған Қаракесектің бар байталын жинап берейін, Келбетті маған таста да, жүре бер, ез неме! Қане ез емей ер болсаң, ат жылдам. Неге қалтырайсың? Ат..!* (Ә.Әбішев). Мұндағы «қаны қайнау» тіркесі тура мағынасында емес, ауыс мағынада қатты ашуды берудің (жеткізудің) бірден-бір құралы болып саналады.

2. Қарама-қайшы жай-күйлер бір-бірімен ауысып отырады. Мәселен, сау адам ауырып қалады немесе керісінше, ауру сауығады және т.б.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: физикалық сезінулер психикалық жай-күйлер негізінде болады (Аристотельдің айтуынша: «Санада бұрын сезілмеген еш нәрсе сақталмайды»).

Жай-күй мағыналы предикат мынадай белгілерге ие болады:

Бірінші белгі: Жай-күйдің нақты орны, уақыты болады. Мәселен, *Ол күні бойы көңілді жүрді*. Мұнда адамның көңіл-күйі бір күн бойы көтеріңкі болды дегенді аңғарамыз.

Екінші белгі: Жай-күй белгілі межеге ие болады.

Үшінші белгі: Жай-күй бір мезетте болып, бір уақытта «тұрады», бір уақытқа «созылады».

Төртінші белгі: Жай-күй нысаны (субъектісі) «пассив» бола отырып «ырықсыз» субъектіні білдіреді.

Бесінші белгі: Жай-күй предикаттары қалып субъектілеріне бағытталған.

Алтыншы белгі: Жай-күй белгілі уақытқа ие болып, бірыңғай жай-күйлер тобын түзе алмайды.

Жетінші: Белгілі кезеңде болуы және уақыт межесінде нақты іске асуы қалып предикаттары мен жай-күй предикаттарының басты айырмашылығы болып табылады [15, 17 б.].

### **1.3 Психикалық жай-күй ұғымдарының түрлері**

Психологтардың айтуынша, кез келген психикалық акт – бұл психикалық құбылыстардың үш тобынан құралған біртұтас құрылым. Оның үдерістер (сезім, қабылдау, ойлау), қасиеттер (темперамент, мінез-құлық жүйесі, қабілет) және жай-күйлер деген топтары бар.

Адамның психикалық жай-күйі оның өмір сүруі барысында пайда болған құбылыстар жөнінде хабар береді. Мысалы: саналы әрекет (сүйсіну, қызығушылық, ойлану, күдіктену т.б.), еріктік көріністері (белсенділік, енжарлық, шешім қабылдаушылық немесе бір шешімге келе алмаушылық...) және эмоционалдық күй (көңіл-күй,

касірет, стресс, аффект және т.б.). Бұл туралы Г.Ш.Габдреева былай дейді: *«Под психическим состоянием человека мы понимаем целостную характеристику его психической деятельности за определенный период времени, которая отражает сложную структуру взаимосвязей с выше - и нижерасположенными уровнями системы психической регуляции, образованную процессами самоуправления и саморегуляции. Психическое состояние включает в себе и субъективный опыт личности, и способы его выражения и базируется на функциональном состоянии мозга»* [42, 8.]. Яғни адамның психикалық жай-күйі дегеніміз – оның белгілі бір уақыт ішінде жасаған психикалық әрекетінің толық сипаты және ол өзіндік басқару мен бағыттау үдерістері арқылы құрылған психикалық бағыт жүйесінің жоғары және төменгі деңгейлерімен тығыз байланысты болатын күрделі құрылым. Психикалық жай-күй, сонымен қатар, тұлғаның жеке тәжірибесі, оның жүзеге асырылуын да белгілейді және мидың қызметтік қалпына негізделеді.

Психикалық жай-күйлерді белгілі бір уақытта барлық психикалық компоненттердің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Бұл – салыстырмалы тұрақтылықпен, ерекше құрылымымен, мазмұнымен сипатталатын біртұтастық. Психикалық жай-күйлерде қарқындылық, психикалық үдерістердің сапасы және олардың бағалануы білінеді.

Мамандардың айтуы бойынша, көп әрекетті құбылыс ретінде жай-күй параметрлердің кең спектрымен көрсетіліп, бұл параметрлердің негізі болып табылатын түрлер төмендегідей: *эмоционалды* (бұл мінездемелерді кейде модальді деп атап, модаль деген ұғым сапалық ерекшелікті білдіретінін түсіндіреді: қорқыныш, ұят т.б.), *активациондық* (психикалық үдерістердің қарқындылығын бейнелейтін, қозудан бастап енжарлыққа дейін), *тонус* (тұлғаның күш қорын бейнелейтін,

ширақтықтан бастап түс көруге дейін), *тензионды* (күш салу дәрежесін бейнелейтін, стресс, фрустрация т.б.), *мезгілді* (жай-күйдің ұзақтығын, тұрақтылығын көрсетеді), *жай-күйлердің өрістігі* (қарастырылатын күй белгілері жайлы, оң немесе қолайсыз теріс) [29, 16 б.].

Адам практикалық және теориялық іс-әрекеттің субъектісі ретінде табиғатта және заттық дүниесінде кез келген өзгеріс жасап, басқа адамдарға әсер етіп қана қоймай, қоршаған ортаның әсерін сезіп, онда не болғаны жайлы толғанады. Қоршаған орта жайлы ой толғау адамның сезімі және эмоция саласын қарастырады. Сезім негіздері ақыл-ойдың тұйықталған ішкі дүниесінде емес, олар сананың шегінен тыс тұлғаның дүниеге деген қарым-қатынасында, бұл қарым-қатынастар дәлдік пен толықтырудың әр түрлі өлшемімен сезінеді.

Бүгінгі таңда психология мен психолінгвистика ғылымының адамның іс-әрекетіндегі эмоцияның қызметін зерттеуге бағытталғандығын айта келе, ғалым С.Б.Қоянбекова: «...адамда болып жататын психикалық процестерді талдауда эмоцияның психикалық және іс-әрекеттік қырын бірлікте алып түсіндіру басты ұстаным болып есептеледі. Психологияның өзінде де адамның эмоциялық сезімдерінің қат-қабат сырларын зерттеу әлі жеткіліксіз. Бұл эмоцияны тілдік тұрғыдан зерттеуге де қиындық тудырып отыр. Сондай-ақ, психологиядағы эмоцияның түрлерінің топтастырылуы және оның жалпы сипаты дәл анықталды деп те айту қиын. Адамға тән негізгі эмоция түрлері әлі психологияда да, физиологияда да дәл анықталмаған.

Психологтардың ойынша, эмоцияға әмебаптық (универсалдық) сипат тән. Эмоцияның универсалды қасиеті В.А.Артемяева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде де эксперименталды тұрғыдан дәлелденеді. Мәселен, В.И.Шаховский: «шынайы сезімдер мен оның тілдік моделі

ешқашан сәйкес келмейді» – десе, А.Н.Леонтьев болса, тіл бірліктері заттық өмірдің барлық қатынастары мен қасиеттерін идеалды формада бейнелейді деген пікір айтады. Адамның өзіндік табиғатына тән универсалды эмоциялық сезімдерді негізге ала отырып, тілдің стилистикалық жүйесіндегі универсалды экспрессивті мағыналарды анықтауға және олардың тілдегі көрінісін анықтауға болады деген болжам жасауға болады. Бұған тілдегі адам сезімдерінің бейнелену семантикасы негіз болады. Лингвистикалық зерттеу еңбектерінде мұндай эмоциялық универсалиялар түрліше аталып жүр: доминант эмоциялар, негізгі эмоциялар, эмоционалды тон, жетекші эмоциялар, базалық эмоциялар т.б. Сонымен қатар, психологтар адам баласына тән сезімдер мен толғаныстардың табиғаты бірдей болғанмен, әр тілдің эмоциялық сөздік қоры әр түрлі екенін айтады. В.Н.Гридиннің пайымдауынша, барлық халықта эмоциялар универсалды, ортақ болғанымен, олардың әр тілдегі типологиялық құрылымы бір-біріне ұқсамайды екен, себебі әр тілдің эмоциялық табиғатына ұлттық ерекшелік тән болып келеді.

Психологиялық және лингвистикалық еңбектерде адамның эмоциясын зерттеудің екі жолы қарастырылады: 1) «алдымен адамға тән эмоциялық сезімдерді анықтау арқылы оның тілдегі көрінісін зерттеу»; 2) «тілдегі эмоциялық құралдарды анықтау арқылы адамның сезімдер дүниесіне талдау жасау» – дейді [23, 12 б.].

Эмоция міндетті түрде адаммен бірге өмір сүреді. Әрбір тұлғаның өзінің негізгі сезім палитрасы болады, ол осы сезімдер арқылы дүниені өзінше қабылдайды. Адам сезімдерінің жиынтығы – бұл адамның дүниеге және ең алдымен басқа адамдарға деген өзіндік толғанысының түрі және тікелей формасы түріндегі жиынтығы болып табылады. Жалпы психикалық толғаныс субъективті

уайымдау және оның жүріс-тұрысы, психикалық әрекеттің себебі түріндегі сыртқы дүниетанымы болып табылады. Сезім – адамның өмірінде болып жатқан құбылыстарға, танымдарына деген әр түрлі ішкі қарым-қатынасы.

Сезім – шындық бейненің спецификалық формаларының бірі болып есептеледі. Танымдық үдерістерде шындықтың заттары мен құбылыстары көрсетілсе, сезімде субъектінің өзіне қатысты танымдық заттар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасы көрсетіледі.

Сезім толғанысы – субъектінің ерекше сезетін психикалық жай-күйі, бұл психикалық жай-күйде белгілі бір танымдық түсінік белгілі және белгісіздік, танымға, қабылдауға деген өзіндік қарым-қатынасымен қатар жүріп отырады. Жаңа айтылған барлық жағдайларда толғаныс адамның ерекше эмоционалдық жағдайы ретінде қарастырылады. Индивидтің қатысатын әрекет ара қатынасымен, оның қажеттіліктерімен анықталып, сезім тұлғаның құрылысын көрсетіп, оның бағыттарын және белгілерін анықтайды, бұл адамның сезімдеріне әсерін тигізеді, қуантады, ренжітеді, оның тіршілігін нақты көрсетеді.

Қажеттілік «сана экранында» эмоция түрінде көрсетіледі. Сезім субъективті түрде қажеттіліктерінің қанағаттандыру үдерісі қалай өтетіндігін бейнелейтін көрсеткіштің қызметін атқарады. Іс-әрекет және қарым-қатынас үдерісінде пайда болған оң эмоционалдық күй (қуаныш, рақат т.б) қажеттіліктерін қанағаттандыру үдерісінің жақсы өтетіндігін куәландырады. Қанағаттандырмаған қажеттіліктер теріс эмоциялармен қабаттас болады (ұят, қайғы, өкініш т.б).

Эмоционалдық үдерістерде жеке адамның қажеттіліктеріне сай немесе кері жүріп отырған оқиғалар барысы арасында байланыс қалыптасады, осының

нәтижесінде адам кез-келген әрекетке немесе қарсылыққа икемделеді. Эмоциялар адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызметі барысында қалыптасады. Бірнеше жылдар бойы ғылымда эмоция және сезім ұғымдары бөлініп, жеке қарастырылады. Осының негізінде тек адамға ғана тән эмоциялар (этикалық, эстетикалық, тану сезімдері) және адам мен жануарларға қатысты эмоционалдық реакциялар (қорқыныш, ашу т.б) болып жіктеледі, бөлінеді.

Адам психикасын жалпы үдеріс ретінде түсіну үшін эмоцияларды білу өте маңызды, өйткені эмоциялар психикалық қызметтерінің құрылымын ұйымдастырғанда ағза реакцияларының спецификалық, психикалық заңдылықтарының сыртқы әсерлеріне орнықтыруында бас қызметін атқарады. Т.Павловтың айтуынша, танымның субъективті жағы және оның құрылымы бір құбылыс болып табылады [43, 376 б.].

Жалпы психикалық қызмет үшін эмоциялар мен сезімдердің ерекше маңызды мағынасы таным және жігерлі қызметтерінің арасында орын алып, оларды бір-бірімен байланыстырып, адам санасының белсенділігі деп аталатын құбылысқа жататындығы анықталған.

Гегель жеке тұлға мен қоғам өміріндегі атқаратын функцияларына байланысты эмоциялар мен сезімдердің арасындағы айырмашылықты көрсетуге ұмтылыс жасайды. Оның пікірінше, «ішкі сезімдер» екі түрлі бола алады. Біріншіден, кез келген ерекше күйде немесе қатынаста болып, жеке (ашу, кек, қызғаныш, ұят, өкініш), екіншіден, құқыққа, әдептілікке, дінге керемет ақиқатқа жататындар [44, 113 б.].

Сезім өзінің эмоциялы көрінісінен тыс тіршілік ете алмайды, бірақ оның мазмұны қоғамдық болып табылады. Мысалы, біз Отанды сүю арқылы оның жауларына жеккөрушілік, өшпенділік сияқты сезімімізді білдіре

аламыз, ал халықтың жетістіктерін көріп қанағаттанып, қуаныш сезіміне ие боламыз. Осындай эмоциялы реакциялардан Отанға деген сүйіспеншілік байқалады. Демек, сезім пайда болу үшін эмоциялық реакция, толғану сияқты таным элементтері де қажет.

Психикалық акт сияқты эмоциялар тек ақыл-ойда кез-келген тұлғаның іс-әрекетінен көрінеді. Адам психикасының деңгейінде олар жаңа сапалық ерекшеліктерге ие болып, сол ерекшеліктерінің көмегімен адам эмоциялары жануарлардың эмоцияларынан ерекшеленеді.

Ғалымдар төменгі (биологиялық) және жоғарғы (әлеуметтік) деп аталатын эмоциялар топтарының бар екендігін айтып, қорытынды жасап, эмоциялар мен сезімдерді бір-бірінен айырады. Эмоциялардың сипаттамалық белгілері:

1 Эмоциялар субъектінің жай-күйін көрсетіп, оның объектіге деген көзқарасын білдіреді;

2 Эмоциялардың оң және теріс белгісі болады: ұнамды-ұнамсыз, қуаныш-қайғы т.б.

Адам толғанысының ерекшеліктеріне келесідегідей белгілер жатады:

1. Сананың бір бөлігі сияқты қарапайым эмоциялар толғаныстың қызметін атқарады;

2. Сезінудің көмегімен эмоциялар жеке және қоғам өміріндегі адамның қарым-қатынастарын реттеуде спецификалық қызмет атқарады;

3. Адам қажеттіліктерінің көрінісі ретінде, эмоциялар мен сезім мінез-құлықтың себебі мен реттеуінде маңызды қызмет атқарады.

**Толғану** (толғаныс) – жеке санадағы психикалық тіршіліктің түрі. Кез келген психикалық үдеріс тұлғаның санасында орын алып, сол тұлғаның болмысында толғаныс түрінде көрінеді. Адамның пайда болған кез келген сезімі

қоғамдық сипатқа ие. Осы тұрғыдан адам мен жануарлардың сезімдерінің басты ерекшеліктері ретінде, біріншіден, адамның сезімі жануарларға қарағанда өте күрделі (ашу, қорқыныш, қайғы, қуаныш), екіншіден, адамдарға тән сезімдердің көбі жануарларда болмайды (мақтаншақтық). Бұл сезімдердің әрқайсысының өзіндік спецификалық көріну жолдары бар (сөйлеу интонациясы, мимика, пантомимика, күлкі, көз жасы), үшіншіден, адам жағымсыз сезімдеріне кедергілер жасап тоқтатып, әр уақытта өз сезімдеріне ие бола алады (ашу, ренжу, ыза болу, көңілі қалу т.б) деп көрсетуге болады. Ал қорқыныш, қызғаныш, жеккөрушілік сияқты сезім түрлері адам мен жануарларға ортақ болып келе береді. Тек осы тұста бір ескеретін нәрсе, тілімізде *қорқыныш* сөзін малға қатысты (мал қорқып кетті дей алмаймыз) тікелей қолданбаймыз, себебі мал-жануар – санасыз. Қорқыныш – саналы үдеріс. Оның орнына *шошынды, секемденді, үрікті* сияқты синонимдік қатарларын қолданамыз. Мысалы:

*Жүз қаралы тұсаулы атты өрттен қашырғандай үркітіп, шоқытып, секіртіп, дүрілдете қуып отырып, үлкен ат қора, қой қора, түйе қоралардың қақпаларына сойылдап кеп тықпалаған. Сейітқаннан шошып алған семіз, жараяу, желігі аттар алдарында от пен су тұрса да бөгелместей* (М.Әуезов).

Қазіргі кезде психология ғылымында эмоциялық күй индивид қажеттілігінің сапасымен, қарқындылығымен және сол қажеттіліктердің қанағаттандыру мүмкіндігіне қоятын бағасымен анықталады. Бұл көзқарас эмоциялардың табиғаты мен олардың пайда болуында *эмоциялардың ақпараттық тұжырымдамасы* деген атқа ие болды [45, 232 б.].

Пайда болуына байланысты бұл жүйеге эмоциялардың барлық түрлері жатпайды. Мысалы, *таңқалу* эмоциясын не жағымды, не жағымсыз эмоциялық күйге жатқыза

алмаймыз. Бұлар қарама-қарсылық бірлікті түзеді, мысалы, *қызғаныш = махаббат + жеккөрушілік*.

Қажеттіліктерінің қанағаттануы немесе қанағаттанбауы адамда әр түрлі спецификалық толғаныстың пайда болуына әсер етеді: олар эмоциялар, аффектілер, көңіл-күй, стресс және сезімдер. Бұлардың бәрі тұлғаның эмоциялық санасын құрайды, бұл сана адамның мінез-құлқының реттеуші, танымның көзі, адамдар арасындағы күрделі және әр түрлі қарым-қатынас көрсеткіші болып табылады.

**Эмоциялар.** Н.Б.Мечковская сөйлеу барысында эмоциялардың қызметін, оның интонациямен тығыз байланысты екендігін ерекше атап көрсетеді [46, 18 б.]. Сөйлеуде эмоционалдылық адамның оң жақ ми қыртысымен тығыз байланысты. Егер де осы жағдай бұзылатын болса, онда ауру адамның интонациясы бірізді болуымен қатар, сөйлеу ағымы да бұзылады (бұл жағдайда ауру адам айтылып тұрған сөз мағынасын түсінуі мүмкін, бірақ оның ренжіп немесе ойнап айтып тұрғандығын айыра алмайды). Ал керісінше, сол жақ ми қыртысы жұмыс істемеген жағдайда (сөйлеу іс-әрекеті барысындағы сөйлеуді құрудың логика-грамматикалық доминанты) ауру айтылған сөзді түсінбеуі және оның қандай эмоциялық тонмен айтылғандығын білмеуі мүмкін [47, 276 б.].

Көбінесе эмоция күшті болған жағдайда адамның сөйлеу әрекетінде, яғни синтаксистік күрделі құрылымдардың (оның ішінде сөйлем құрылысы) қызметі бұзылады. Бұл туралы И.Н.Горелов коммуникацияның тілдік емес компоненттерін қарастыра келіп: «қалыпты синтаксистік құрылымдардың бұзылуы эмоционалдық қозудың нәтижесінде сөйлеушінің сөйлем құруды бақылау механизмінің күштілігі жойылады» – деп түсіндіреді [48, 71 б.]. Мысалы ашуланғанда:

– Өй, әкеңнің... жарайын ба басыңды сүмелек, боқмұрын. Тұра тұр бәлем, тарттырамын әлі сазайыңды... Немесе:

Мырзаның тілі байланды, әлденені айтып міңгірлеп еді, не айтқанын өзі де ұққан жоқ.

Мәди алты атардың оғын алып қайта сала бастап еді, май желке мырза безек қақты:

– Оллаһи, шыным, бұл менің... жоқ, мен тағы да шатасып барады екенмін, айтайын дегенім ол емес еді.

– Айтайын дегенің не еді?

– Ұмытып тұрғаным, рас айтамын, оллаһи, рас айтамын ұмытып қалдым.

– Онда мен есіңізге салайын, бұл қызды «атастырған қалыңдығым» дегіңіз келді ғой.

– Иә, иә, солай, солай демекші едім, оллаһи, ұмытып қалдым (Ә.Әбішев).

Көп жағдайда эмоция және сезім ұғымдары синонимдер түрінде қолданылады. «Тар мағынасында эмоция – кез келген тұрақты сезімнің уақытша толқынысы. Эмоция – бұл жанның толқуы, қозғалысы. Мысалы, эмоция музыкаға деген сүйіспеншілікті білдірмейді, ол таңдану, рақаттану жай-күйін танытады. Кейбір жағдайларда эмоциялар әрекеттігімен ерекшеленеді. Олардың бірі адамның күш қуатын жоғарлатып, сөйлеуге т.б. деген құштарлығын арттыратын стеникалық эмоциялар да, екіншісі уайымдау, қайғы т.б. сияқты ұнамсыз әрекеттердің жағдайын көрсететін, адамның күш-қуатын төмендететін астеникалық эмоциялар болып табылады» [49]. Жағымды эмоцияларға тіліміздегі қуаныш, шаттық, мақтаныш, махаббат, жағымсызға қорқыныш, қайғы, мұң, өкініш, қызғаныш, өшпенділік, ашу, ал екіұшті эмоцияларға мазасыздық, махаббат, толқу, таңқалу сияқты ұғымдарды жатқызуымызға болады. Яғни «адам өзінің эмоциясы арқылы айналада, өзін қоршаған ортада болып жатқан

құбылыстарға, адамдардың әрекеттеріне үнемі баға беріп отырады. Мұндай баға берушілік қасиет тек адамның ойында ғана қалып қоймай, сыртқа сөз арқылы шығып таңбаланып отырады, өйткені эмоция – сөйлеу үдерісіне тән құбылыс. Осыған орай ғалымдар сөздік қорымызда кездесетін эмоционалды-экспрессивті сөздер одағайларда, сын есімдер мен етістіктерде көп кездеседі де, зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездесетіні жайында атап көрсетеді» [50, 112 б.].

**Аффектілер.** Адамды тез игеріп алып, қарқынды жүріп отыратын үдерістер *аффектілер* деп аталады. Аффект – эмоциялы саланың маңызды сапасы, ұнамды және ұнамсыз, сонымен қатар эмоциялық жағдайда бір-біріне қарсы шиеленіс, тарқау, қозу, тыншу болып табылады. Олар сананың ерекше өзгеруімен, әрекетті бақылауының бұзылуынан туындап, адамның өзін-өзі ұстай алмауымен және жалпы ағза тіршілігінің өзгеруімен сипатталады. Оның көрінісіне кернеген ашу, елірген қуаныш жатады. Мысалы, М.Жұмабаевтың айтуы бойынша, «ашу уақытында, қатты қорыққан уақытта ақыл жөнді жұмыс қыла алмайды... Мәселен:

– *Жаңыл енді ызадан жарылып кете жаздады.*

– *Жоғал! Жоғал, сұмырай! – деп есіктің алдында жатқан балтаны қалай ұстай алғанын да білмей қалды* (Т.Ахтанов). Бұл жердегі «балтаны қалай ұстай қалғанын білмей қалды» деген сөйлемшедегі «балта» ұғымынан жағымды емес, жағымсыз іс-әрекетті (шабу, балталау) аңғарамыз, яғни ашу-ызаны түсінеміз. «Кенет күшті болатын аффект адамның денесіне де күшті әсер береді. Бетті қуартады, қызартады, жылатады, кейде кенет шашты ағартады» [51, 121 б.]. Мысалы: *Жауынның алды бұларға да келіп жетті. Аспанның бір бөлегін опырып алып бұлардың төбесіне тастағысы келгендей, отын шаша, оғын ата шатырлаған найзағай өршелене, өжеттене*

*сатырлап келіп гүрс етіп еді, екі жетім бірін-бірі құшақтай алды. Жер шайқалғандай екеуі де теңселіп тұр, екеуінің де көзі жұмулы, екеуінің де еріні ғана жыбырлайды, екеуі де жалбарынып күбірлейді:*

*– Астағыпралла... астағыпралла...*

*Екеуінің бар айтары сол ғана (Ә.Әбішев).*

Жоғарыдағы берілген мысалдан байқайтынымыз, қатты қорыққан уақыттағы екі кейіпкердің (Сапар мен Иман) жалбарынудан басқа ауыздарына сөз түспеуі – Мағжанша айтар болсақ, «қатты қорыққан уақытта ақылдың жөнді жұмыс қыла алмауы» дегенге саяды. Демек, аяқ астындағы (кенеттен) қорқыншы адамның **сөйлеу, ойлау** қабілеттерін шектейді.

Аффектілер қысқа мерзімді болып келеді, өйткені олар көптеген күшті қажет етеді. Мысалы, қазақша жай эмоцияны жанның «толқуы» десек, аффектіні «*дауыл немесе сезімнің кенеттен жарқу етуі*» деп те айтуға болады.

Аффект – бұл жанның күшті толқуы, ол еркін және қарқынды өтетін жарылыс сияқты эмоциялық үдеріс. Сол себепті аффект табиғаты тұрғысынан шокпен байланысты. Осындай жағдайда адам ұстамдылықтан айрылып, не айтып, не қылғанын білмей қалады, яғни адамның барлық мінез-құлқын реттеп отыратын механизмдері жұмыс істеуден қалады.

**Құштарлық** (құмарлық) – адамды игеретін күшті, тұрақты, ұзақ сезім.

Құштарлық әрқашан да белгілі бір мақсатқа бағытталған күш, ол ойдың жинақтылығымен, зейінмен ерекшеленеді. Құштарлық – бұл эмоционалды, ерікті, таным үдерістерінің жиынтығы. Мұнда сезімнен гөрі құлшыныс басым болады. Гегельдің айтуынша, құштарлықсыз ешқашан ұлы істер жасалмаған, жасалуы да мүмкін емес [44, 287 б.]. Тұлғаның санасында эмоциялар

басым болғандықтан, құштарлыққа берілген адамның мінез-құлқы белгілі бір мөлшерде аффектілі болады. Құштарлыққа берілген адам баяу, жапашеккіш, белгілі бір күштің билігінде болады. Қанағаттанбаған құштарлық күшті эмоциялар мен аффектілі жарылыстарды, яғни ашулану, қайғыру, ренжу секілді жай-күйлерді туғызады.

**Көңілдің күйі** (көңіл-күй) деп тұлғаның барлық түрлерінде көрінетін, барлық толғаныстары мен тебіреністеріне өң беретін жалпы эмоциялық күйді айтады. Мысалы: *Тоқал сорлылардың етегі өрбіген өсектің ұясы зой, Назгүлдің соңынан осы қыликөз де өсек өргізіпті. Сол өсек Шомбалдың да, Келдектің де құлағына жеткен-ді, Келдектің кеше оны сақалынан сүйрелеп, Шомбалдың оған мырс-мырс күлуі сол. Назгүлдің қасиетін, қылидің қабылетін Шомбал жақсы білетін, сондықтан да ол мырс-мырс күліп қылиды жегідей жейтін. Келдек әкенің көңіл күйін сол күлкісінен танытын да, нағашысының сақалына тиген қолының саусағы әкесінің көңіл пернесін басқандай сезінетін, оны кешегі сотқарлыққа айдағанда сол сезім* (Ә.Әбішев).

Жоғарыдағы мысалдан байқайтынымыз, Шомбал байдың «мырс-мырс күлуі» (қуанышты көңіл-күйі) ұлы Келдектің (әкесінің қас-қабағына қарау арқылы көңілінен шығуы) әдепсіздікке бой алдыруына әкеп соқтырады. Егер де Шомбал мырс-мырс күлмеген болса, ұлы да ондай әрекетке бармас еді.

**Стрестік жағдайлар** (ағылшын сөзі – күш), бұл – психологиялық сипаты тұрғысынан аффектіге ұқсас, бірақ ұзақтығымен көңіл-күйге жақын сезім толғанысының ерекше түрі. Бұған қорыққандағы әрекет, жылдам әрі жауапты бір іс жөнінде жылдам шешім қабылдау, физикалық немесе ақыл-ойдың шаршауы т.б. жатады. Мысалы:

– Қай әйеліңіз екенін білмеймін, бір әйеліңіз сізге өтірік шағыстырып Ноян дейтін зергерді өлтіртінті.

Текеш басқаның бәрін күтсе де, дәл бұл сұмдықты күтпеген болу керек, төбесінен біреу аямастан қатты ұрып жібергендей есеңгіреп қалды. Тілі байланып қалғандай үн жоқ, тек көзі бақырайып, ауызы аңқиып барады. Діріл қаққан қолы әлсірей көтеріліп жағасына жеткен кезде ғана үні шықты:

– Астағпыралла, астағпыралла... (Ә.Әбішев).

Жоғарыдағы мысалдан субъектінің күтпеген жағдайдан жағымсыз хабарды естуі салдарынан стрестік жағдайға душар болғандығын көреміз. Жағымсыз хабар субъект бойында қорқыныш жай-күйін тудырып тұр. Негізгі (тілдік-психологиялық) белгілері: адамның есеңгіреуі, тілінің байлануы, көзінің бақыраюы, аузының аңқиюы, қолының дірілдеуі, жағасын ұстауы, жалбарынуы. Немесе:

– Қанаиш, мылтығыңды оққа толтыр, мырзалар, ер-тоқымдарыңды арқалаңдар да өзеннің сонау бір тасқыны қатты жеріне қарай тартыңдар.

Алғашқыдай емес, бәрі де елбең қағып ер-тоқымдарын өзенге қарай ала жөнелді. Олар тіпті ойланудан да қалған секілді, әлденеден құр қалатындай бәрі де жүгіре басып барады. Не үшін екенін білген ешқайсысы жоқ. Өзенге жете бере тоқтады да мылтықтарын кезей ұстап келе жатқан Мәди мен Қанаишқа қарады. Бәрінде де зәре жоқ, қалш-қалш етеді. Тіпті қайсы бірі осы көргендерін өңі екендігін, түсі екенін айыра алмай өзіне-өзі ойлана қарайды (Ә.Әбішев). Мұндағы қорқыныштан пайда болған стрестік жағдайларға мырзалардың қалш-қалш етуі, ойлануға мұршаларының келмеуі, өң мен түсті айыра алмауы сияқты белгілер жатады.

**Сезім** – бұл адамның қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан әрқилы формада

көрініс беретін толғаныс, күйзелістері. Сезім мазмұны жеке тұлғаның таныған, істеген нәрсесіне деген тұрақты көзқарастарын құрайды, яғни ол даралық сипатқа ие. Сондықтан сезім үдерісі тұрақты ұзақтығымен сипатталады. Іштегі сезім күшті болған жағдайда адамның сөйлеу әрекеті мен қимылына әсер етпей қоймайды. Мысалы:

*– Хош келдіңіздер, қадірменді мыр-за-лар...*

*Үні осылай үздігіп барып үзіліп кетті. Өйткені сәлемдесіп алдынан өте берген Мәдидің көзіне көзі кездесіп еді, алденедей бір долы жалын жанын шарпып өткендей тұла бойы лап етті. Көтеріп тұрған есігі де қолынан түсіп барып қайта көтерілді. Бірақ өзін келіп бас салған белгісіз долы сезімді көтере алған жоқ, әлсіздік жасап қалтырағанына кешірім де сұраған жоқ, Мәдидің: «Сәлеметсіз бе?» деген ізетіне де жауап қатпады. Қонақтарын ішке кіргізіп жіберді де, өзі өзенге қарай ақырын сырғи жөнелді. Ондағы ойы кеудесіне түскен мына бір отты өзінен басқаға көрсетпей өзімен-өзі сырласу еді... (Ә.Әбішев). Мұндағы Назгүлдің Мәдиді көрген сәттегі тұла бойының жануы, оның сөздерінің үзіліп шығуы, оған жауап қатпауы (логикалық тұрғыдан оған жауап қатуы, амандасуы керек еді) кенеттен пайда болған ішкі сезімінің аласұруы болып табылады.*

Сезімдердің психология ілімінде төмендегідей түрлері бар:

**Моральдік сезімдер:** бұлардың басты ерекшелігі – әлеуметтік сипаты, әлеуметтік мәні болса, екінші ерекшелігі – олардың көріністерінің күрделілігі мен сан қырлылығы. Бұл сезімдер ерлік, қаһармандық әрекеттер мен қылықтардың ішкі қозғаушы күші болып саналады.

**Интеллектуалдық сезімдер:** бұл тану, ақыл-ой әрекеті үдерісінде пайда болатын тебіреністерді көрсетеді. Бұл сезімнің түрлеріне білуге құмарлық, күдіктену,

сенімділік, интуиция ықтималдық, жаңашылдық, болжау т.б. жатады.

**Эстетикалық сезімдер:** бұл сезімдер заттар мен құбылыстарды қабылдаудағы әсемдікті, сұлулықты тамашалап сүйсіну [52].

#### **1.4 Психикалық жай-күй атауларының танымдық ерекшеліктері**

Қазақ топырағында қазіргі өмір сүріп отырған кезеңде антропоцентристік парадигманың, яғни аталмыш бағыттың нәтижесінде тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен адам, тіл мен ұлт т.б. көптеген осындай байланыстардың нәтижесінде жаңа ілімдер дүниеге келе бастады. Олар: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика.

Адамның сөйлеу тілінің объективті шындықпен тығыз қарым-қатынаста қарастырылуы, яғни антропоцентризм үрдісі қазіргі лингвистиканың негізгі даму үрдістерінің бірі болып табылады.

Адам өзінің физикалық кейпін, өзінің ішкі жай-күйін, эмоциясын, дүниеге, табиғатқа деген заттық немесе заттық емес қарым-қатынасын тіл арқылы көрсете алуы мүмкін. Осы себептен тіл антропоцентрикалық болып табылады.

Адамның күнделікті саналы қызметінің тілде көріну тәсілдерін ұсынуда және ішкі әлемнің қасиетіне деген мәселелерге лингвистердің қызығушылықтары арта түсті. Әлемнің тілдік бейнесі негізінде, бұл тілдік санатты және оның құрылымдарын белгілі бір танымдық үлгі бойынша адамның білімін көрсету механизмдеріне сүйене отырып, басқаша түсіндіріп беруге мүмкіндік беретін когнитивтік қызмет жатыр. «Адам концептімен ойлайды. Концепт

деген терминді алғаш рет діндар-философ Ансельм (1033-1109ж.ж.) қолданған екен. Бұл термин латын тілінде *conceptio* –

- 1) байланыс, жиынтық, жүйе;
- 2) қойма;
- 3) заң актілерін тұжырымдау;
- 4) ұрық қабылдау;
- 5) сөйлем.

Keң мағынада бұл сөз есімнің (белгінің) ұғымдық мағынасы, яғни «ойдағы ұғым, идея» дегенді білдіреді – дей келе, Е.М.Абақан өз еңбегінде: «Концепт сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Тіл білімінде концептке тікелей қатысы бар мәселе «ұғымдық категориямен» байланысты. Ұғымдық категориялар жеке сөзден гөрі, жалпы сөздердің ірі топтарына тән мағыналық бөліктер ретінде түсіндіріледі. Ұғымдық категориялар әлем тілдерінің барлығына тән, әмбебап құбылыс болып табылады. Сондықтан олар тілді сипаттағанда негізге алынады. Кез келген тілде қызметтік, мағыналық өріс болады және ондай «өрістің» құрамында «өзек» пен «периферия» анықталады» – деп тұжырымдайды [53, 46 б.].

З.Д.Попова мен А.Стернин концептің мәнін аша отырып, оның құрылуының төмендегідей қайнар көздерін атап көрсетеді:

*Концепт* – білімнің глобальды ойлау бірлігі, ол адамның санасында қалыптасатын идеалды мән:

- 1) оның тікелей сезімталдық тәжірибесі – шындықты сезім мүшелерімен қабылдауы;
- 2) адамның тікелей затпен қатынасы, оның заттық қасиетімен байланысты;
- 3) адамның санасында бар концепт басқа нәрсені ойлау операциясының негізінде басқа да жаңа концептерді туғызуға мүмкіндік береді;

4) тілдік қарым-қатынас негізінде: концепт ортақ болуы мүмкін, ол адамға тілдік форма ретінде түсінікті болады;

5) адамның қабылдауында тілдік бірліктердің мағыналарын өзінше түсіну [5, 51б.].

«Концепт – менталдық лексиконның мазмұндық бірліктері, мидағы тілдік жүйенің концептуалдық, адамның психикасында бейнеленген әлемнің барлық тілдік бейнесі. Тілдегі концептілер ұлттың, халықтың мәдениетіне, әдебиетіне, ғылымына, тарихына, тәжірибесіне, дініне тікелей тәуелді болып келеді. Ол қатып қалған семиотикалық жүйе емес, керісінше, белгілі бір ұлттың мәдениеті негізінде уақыт пен кеңістікте өзгеріп отыратын адамның танымдық және ойлау әрекетінің нәтижесі» – дейді Ж.М.Жампейісова [54, 446 б.].

«Когнитивтік ғылым» тілді ғана зерттеп қана қоймай, ол таным, ойлау түрлерін де қарастырады.

Когнитивтік лингвистика қалыптасу үстінде, сондықтан мағынадан сөйлемге қарай бағытталған «аралық тілді» сипаттайтын логикалық жүйедегі әр түрлі терминдердің концептісінің қолданылу формалары келесідегідей: бейне (образ), гештальт, схема, фрейм, қозғалыс көрінісі, пропозиция, сурет, символ, формула, диаграмма, сонымен қатар интерпретациялық терминдердің кейбір айырмашылықтары.

М.И.Лазариди концептің төмендегідей өлшемдерін жинақтап көрсетеді:

1. Концептер идеалды және санада универсалды заттық кодпен (УЗК) кодталады (Н.И.Жинкин, И.Н.Горелов, А.А.Залевская жеке сезімдік тәжірибеде құрылатын).

УЗК бірліктері – жеке сезімдік тәжірибеде құрылатын жеке сезгіш бейнелер қалпы, концепт бейне сияқты туындайды, бірақ ол дерексіздене отырып, біртіндеп сезгіш

бейнеден өзіндік ойлағыш бейнеге айналады. Мәселен, *суық* бейнесі арқылы біз «қорқыныш», ал *ыстық* бейнесі арқылы «қуаныш» жай-күйлерін түзе аламыз. Мысалы:

*Мылқау келіншек Назгүлді аулаққа апарып әлденені ымдап, қолымен бірге көзі ойнақтап тұр. Бұрынғысындай емес, өңі қашып, сұрланып кетіпті. Байқап тұрмын, ол қолындағы бір жапырақ қағазды қайта-қайта нұқылап ымдаған сайын Назгүлдің түсі де бұзылып барады. Оны көріп мен де сескене бастадым. Тек Назгүлдің мылқау келіншекті бір қолымен құшақтап: «қорықпаңдар, түк те болмайды», – деген сөзін естігенде ғана жаңағы бір сәтте мұздай қалған жүрегім қайтадан жылып сала берді. Бірақ ол қуанышым ұзаққа бара алмады (Ә.Әбішев).* Мұндағы «жүректің мұздауы» қорқыныш жай-күйін, ал жылынуы қуаныш жай-күйін білдіреді.

2. Концепт жеке белгілері бар объективті немесе субъективті болмыстардан құралған компоненттерден (концептуальдық белгілерден) тұрады, оның дифференциаланып бейнеленген мазмұнында не дерексіздіктің сатыларымен ажыратылатын ядролық, нақты бейнеліктен бастап, дерексіздіктің жоғарғы сатысындағы шеткі аймақтардан тұрады. Концептер дара болулары мүмкін, топтық болуы мүмкін (элеуметтік, жастық, жыныстық және т.б. топтарға қатысты) – қуаныш, батыр, интеллигент, қала тұрғыны; концептер жалпы ұлттық болуы мүмкін: жан, тағдыр, әруақ, отан, сағыныш.

3. Концептер ойлау қызметінің нәтижесі сияқты таңбаланады (сөзбен, сөз тіркесімен, мәтіндермен жеткізу) және де ұлттық нышандарды да бейнелейді. Міндетті түрде сөз бен концептіні айыра білу керек. Концепт пен сөздің қатысына екі түрлі көзқарас бар: «Концепт лексикалық мағынаға карағанда кең ауқымды (Карасик, 1996)», бұл концепт–сөз қатынасын, яғни бірінші пікірді жақтаушы – С.А.Аскольдов; екінші көзқарасқа сәйкес концепт

сөздермен оның бір мағынасында қатынаста болады (Лихачев, 1993). Дұрысы – біріншісі.

4. Концепт мазмұнына байланысты схема, түсінік, фрейм, сценарий (скрипт), гештальт деген түрлерге бөлінеді.

5. Концепт тілдік құралдардың семантикасын анықтайды. Құрылым (структура) сияқты концепті модельдеу (лексика-семантикалық, фонологиялық сияқты, грамматикалық құрылымда) мүмкін емес. Когнитивтік-лингвистикалық зерттеудің мақсаты – барлық сөздердің мағынасы мен айтылуын анықтау (семантикалық, лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, семантикалық өріс).

6. Тілді меңгеру арқылы ұлттық санада концептің тарихи динамикалық дамуы мен қалыптасуын анықтауға мүмкіндік туады [7, 52 б.]. Мәселен: адамның жай-күйі *суықпен, ыстықпен салыстырылады*: қорқыныш, ұят, қайғы, қуаныш, мұң; *жиіркеніш, зорлық, тілек түрлерімен*: қорқыныш /қайғы/ қуаныш және т.б.

#### **1.4.1 Психикалық жай-күйдің тілдік бірліктер арқылы берілуі**

Тіліміздегі басқа сөздерге қарағанда психикалық жай-күйлерге байланысты сөздер төмендегідей өзгешеліктермен ерекшеленеді:

1. Психикалық жай-күйлер – басқа сөздерге қарағанда дерексіз (абстрактілі) ұғым. Оларды қолмен ұстап, көзбен көру мүмкін емес. Мысалы: қуаныш, қорқыныш, қайғы, мазасыздық т.б. Осыған байланысты Мағжан Жұмабаевтың мына бір ойларын дәлел ретінде келтіре кеткен жөн: *«Біріншіден, жан көріністері мен дене көріністері арасында көп айырма бар. Сыртқы дүние заттарының*

бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады... Ал енді, жан көріністері белгілі орын тілемейді. Жан көріністері жалғыз уақытпен ғана өлшенеді. Екіншіден, сыртқы дене заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сезіп білеміз. Ал енді, жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды. Мысалы, ұялу деп аталатын жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине жоқ...» – дейді [51, 42 б.]. Сондықтан мұндай жан қуаттары ұғымдарының өмір сүруі тікелей адаммен байланысты, олар тек адам іс-әрекеттері немесе басқа да тілдік амал-тәсілдер арқылы сыртқы ортада көрініс береді. Мысалы:

*Ұрқия отырарда Ақбілекке қарап:*

*– Қарағым, жақын отыр! Бекболаттан несіне ұяласың. Екеуіңнен жақын кісі жоқ. Бұ да бір мереке емес пе? – деп тұртпін еді, Ақбілек әнтек именіп, бетінің ұшы ойып алғандай қызара береді. Бекболаттың бетіне тура қарауға шыдамайды. Оның салалы саусақтарына көзі түскенде «қара мұрттың» саусағы есіне түсіп, өз ойынан өзі ұялып отыр еді (Ж.Аймауытов). Мұндағы Ақбілектің ұялғанын «бетінің ұшы ойып алғандай қызара береді» деген сөйлемнен, яғни адамның физиологиялық сыртқы қалпынан аңғаруымызға болады.*

Субстантивтенген аталмыш жай-күйлердің барлығы синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады. Мысалы: қорқу – қорқыныш, қорқак; ұялу – ұят, ар-ұят; қайғыру – қайғы, қайғы-мұн, қайғы-қасірет; ашулану – ашу, ашу-араз, ашу-кек т.б.

2. Психикалық жай-күйлерді білдіретін сөздер (сын есімнен болған жағдайда) тек қана сапалық қасиетке ие, яғни олар белгілі бір заттың бойындағы сапалық қасиетін білдіреді. Олар сын есімнің жай, салыстырмалы, асырмалы

шырайлары негізінде жасалады. Мысалы: қорқақ, ұятсыз, мазасыздау т.б. Және бұл сөздердің басқа сөздерге қарағанда экспрессивті-эмоционалдық қасиеттері басым. «Сын есімдердің эмоционалды-экспрессивті мағынада көбірек қолданылуына оның синтаксистік қызметі де, семантикалық табиғаты да жағдай жасайды. Себебі салыстыру, субъектив баға беру заттарға ат беруден басқаша қасиеттерге ие. Заттарға ат беруде оның белгісі (анық байқалынатын) негіз етіп алынады да, басқа белгілері сөздің интенционал мағынасы ретінде сақталынады. Ал, салыстыру, баға беру кезінде бір заттың белгілері екінші бір заттың белгілерімен, қатынастарымен теңестіріледі, артық-кемі анықталады» [50, 112 б.]. Демек, адамның психикалық жай-күйіне қатысты туындаған сапалық қасиетке ие сын есім сөздердің (қорқақ, мұңды, қуанышты т.б.) мән-мағынасы екінші бір қарама-қарсылық мәндегі сөздермен салыстыру арқылы ашылады: қорқақ – батыр, қайғылы – қуанышты т.б.

3. Ис-әрекет етістіктерінен жай-күй етістіктерінің бір ерекшелігі жай-күй етістіктерінің орталығында әрқашан субъект (адам) тұрады, яғни субъект болмаса, жай-күй етістіктері де болмайды деген сөз. Салыстырайық:

**1. Әрекет етістіктері:** жай түсті; жер сілкінді; жел соғып, шөптердің басы қозғалды, жер күнді айналады т.б.

**2. Жай-күй етістіктері:** қуанды, жылады, ұялды, ашуланды, қайғырды т.б. Бұлардың барлығы *кім?* деген сұраққа жауап беретін субъектіге (адамға) тікелей қатысты, былайша айтқанда, адамның ғана саналы әрекеті.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, бірінші мысалда субъектісіз-ақ (табиғаттың қозғалыс күштері) әрекет етістіктерін бере беруімізге болады, ал екінші топтағы мысалда жай-күй етістіктерін субъектімен байланыстырмай қолдана алмаймыз, міндетті түрде орталығында «адам» тұрады.

4. Психикалық жай-күйлерді білдіретін сөздердің көбі – көңіл-күй одағайлары: қорыққанда – *ойбай!* қуанғанда – *алақай!*, таңқалғанда – *ойпырым-ай!* т.б. қолданылады. Мысалы:

– *О, немене, жеңеше?*

– *Бұл сондай қымбат нәрсе, өмірдің бар қызығы осында.*

– *Ойпырым-ай! Бұ немене екен?! Мұдуар қылмай айтшы, жеңеше!*

– *Әуелі сенің бағың да осында.*

– *Өй, алақай-ай! Хат екен зой!*

– *Таптың, таптың... Бермеймін деп едім, - деп Ұрқия қалжыңдап, тұмарша бүктелген қағазды алақанына басты (Ж.Аймауытов).*

Б.С.Жонкешов өз жұмысында эмоционалды бірліктердің табиғатын семантика, сөзжасам, фоносемантикалық тұрғыдан талдай отырып, эмоционалды сөздерді таптастыруда эмоция арқылы шыққан сөздер тобын (одағай, еліктеуіш сөздер) эмоционалды сөздер деген жеке топқа бөліп қарастырады. Сонда «сөз таптастыруда толық мағыналы, грамматикалық жағынан түрлене алатын сөздерді атаушы сөздер тобына, лексикалық мағынасы солғындау, тек есімденіп, не етістіктеніп барып қана жасалатындарды грамматикалық тұрғыдан эмоционалды (эмотив-экспрессив) топтағы сөздер тобына, лексикалық мағынасы мүлдем жоқ, грамматикалық мағынасы түрлене алмайтын сөздер көмекші сөздер тобына жатқызылады, яғни:

*Эмоционалды сөздер – 1) атаушы (номинатив) сөздер; 2) көмекші сөздер.*

*1) Атаушы сөздер – одағай сөздер; 2) көмекші сөздер - еліктеуіш сөздер.*

*Одағай сөздер – 1) көңіл-күй;*

*Көңіл-күй – 1) жағымды эмоцияны білдіретіндер; 2) жағымсыз эмоцияны білдіретіндер; 3) жағымды әрі жағымсыз эмоцияны білдіретіндер» [55, 18-б.];*

Тағы айта кететін мәселе, зат есімдерге демеулік шылаулардың жалғануы арқылы да көңіл-күй одағайларын білдіретін психикалық жай-күйлерге қатысты лексика жасалына береді: ұялғанда – *Бетім-ай!*, қорыққанда – *Алла-ай! Құдай-ай! т.б.* Мысалы: *Тұла бойы дір етті.*

– *Ойбай-ай, денесі суып барады, - деп айғай салды Айғаным. –Құлыным-ау, құлыным-ау, шынымен демің біткені ме? (К.Қазыбаев) немесе: Жүгіріп кеп Шеген алдымен бас салды. Көзінің жасын сүрте-мүрте Айша да құшақтай ұмтылды.*

*Ол өз ойынан өзі ұялып, безейін десе, беже алмады. «Япыр-ау, мұным қалай? Ұят-ау! Шынымен бұзылып кеткенім бе?! Қатын болғаным ба?!» деп таңданар еді (Ж.Аймауытов).*

«Сөздік қорымызда кездесетін эмоционалды-экспрессивті сөздер сөз таптарының одағай, сын есімдер мен етістіктерінде көп кездеседі де, зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездеседі, екіншіден, жағымды эмоцияны білдіретін сөздерден жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздер көп» [50, 112 б.]. Яғни бұдан шығатын қорытынды, біріншіден, эмоционалды-экспрессивті сөздер адамның көңіл-күйін білдіреді, екіншіден, жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздердің көп болуы адамдардың күнделікті өмір сүру (әлеуметтік) жағдайына байланысты.

Психикалық жай-күйлерді берудегі тілдік (вербалдық) тәсілдер қатары төмендегідей: 1) лексикалық тәсіл (мазасыздық, толқу, абыржу т.б.; қайғы, мұң, нала т.б.); 2) лексика-фразеологиялық тәсіл (қорқыныш биледі, кеудесін қуаныш кернеді); 3) фразеологиялық тәсіл (тұла бойы алып ұшты; көңілі судай тасыды); 4) синтаксистік тәсіл (мен қуанамын т.б.).

## 1.4.2 Психикалық жай-күйлерді білдіретін фразеологизмдер мен метафоралық қолданыстар

Дыбыстық тіл адамның іс-әрекеті ретінде өзінің құрылымы, сыртқы тұлғасы арқылы ғана қарастырылмайды, ол – қашан да адамның көңіл-күйімен, қалпымен қатар жүріп отыратын әр алуан сезімдерге толы құбылыс. Сол себепті де тіліміздегі адамның психикалық жай-күйін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің табиғаты күрделі, олар үнемі біркелі болып келмей, көбіне екіұштылыққа бейім тұрады. Қазақ тілі фразеологизмдерінің табиғатын жан-жақты зерттеп, қарастырып жүрген ғалымдар қатарына Г.К.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Н.Уәлиев, Г.Смағұлова, Р.А.Авакова т.б. еңбектері жатады.

Психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты тіркестердің саны тілімізде бірдей емес. Зерттеуімізде («Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» бойынша) саны жағынан «қуаныш» психикалық жай-күйіне байланысты тұрақты тіркестердің мөлшері – 30%-ды, қайғыға байланысты тіркестер – 27,2%-ды, ашуға байланысты тіркестер – 26,1%-ды, ұятқа байланысты тіркестер – 16,6%-ды, қорқынышқа байланысты тіркестер – 14,7%-ды, мазасыздыққа байланысты тіркестер – 8,4%-ды құрайды. Бұл тұрақты тіркестер санының әркелкі болып келуі немесе біреуінің көп, біреуінің аз болуы адамдардың тікелей күнделікті өмірдегі көңіл-күйлеріне (қуанышы, қайғысы), екіншіден, тұрмыс-тіршілігіне, жағдайына (бақытты, бақытсыз), үшіншіден, сол көңілдің күйінен туындаған тіліміздегі тұрақты тіркестердің жасалу жолдарының көптігінен болуы мүмкін. Мәселен, а) адамдардың қимыл-әрекетіне байланысты: жер таянды (жерді таяну арқылы) – қайғырды, бөркін аспанға лақтыру (қатты қуанған жағдайдағы іс-әрекет, яғни қуанышының көрінісі) – қуану,

жер бауырлап жатты (жалғыз қалғанда жер құшу, шерін тарқату) – қайғыру; ә) физиологиялық жағдайына байланысты: екі беті шиелей болып қызару (беті қызару) – ұялу, арқасы мұздап қоя берді (денесінен суық тердің шығуы) – қорқу; б) әр түрлі тілдік амал-тәсілдер (салыстыру, теңеу, гипербола т.б.) арқылы берілуі: боз інгендей боздады, ботасы өлген түйедей боздады (түйені ботасынан айырса боздайды) – қайғыру, гүлдей солды (табиғат құбылысына теңеу)- қайғыру, төбесі көкке жетті (дегеніне, көздегеніне қол жеткізді) – қуану, Қорқыт атам қобызындай күңіренді (Қорқыттың қобызы – мұң-зардың белгісі) – қайғыру т.б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін зерттеген Г.Смағұлова қазақ фразеологиясында мағыналас қатар құрайтын семантикалық топтар эмоцияның күрделі түрлерін қамтитындығын, эмоцияның күрделі түрлеріндегі көңілдену, шошу, қорқу, ренжу, қайғыру, қамығу, қуану, жылау, күлу, ашулану сияқты күшті эмоциялық сезімдерді сыртқа шығаруда әр түрлі фразеологизмдердің қолданылатындығын, әр адамның айналасындағы болып жатқан құбылыс, іс-әрекеттерді қабылдау өрісіне қарай түрліше айтылып, жеткізілетіндігін, жан ұшыру, құмарлық, стресс сияқты психологиялық жай-күйлердің қандай қыры мен сыры болсын фразеологизмдерсіз жеріне жеткізе айтылуы күмәнді екендігін дұрыс көрсетеді [3, 23 б.]. Демек, психикалық жай-күйді білдіретін тұрақты тіркестердің берілуінің жай сөздерге қарағанда, біріншіден, ситуацияға байланысты нақтылығы басым. Мәселен «қуаныш» жай-күйіне байланысты сөзбен жай ғана «ол қуанды» деп айта салсақ, тұрақты тіркестер арқылы ол не үшін, қалай, қаншалықты дәрежеде қуанды дегендерді нақты байқаймыз. Мұндай тұрақты тіркестердің жасалуына күнделікті өмірдегі болған жағдайлардың (стереотипті

жағдай) әсер еткенін көруге болады. Мәселен, балалы болса «әйелі ұл тапқандай қуанды», көптен бері көрмеген біреуді көрсе «балаша мәз болу», көптен күтіп, тосқанда «әкесі базардан келгендей қуану», жоғалтқанын тауып алғанда «жерден жеті қоян тапқандай қуану» т.б. Екіншіден, экспрессивті-эмоционалдық жағынан жай сөздерге карағанда тұрақты сөз тіркестердің адамға көркемдік-эстетикалық жағынан әсер етуі басым. Мысалы:

*– Оу, шешелерің ұл тапқандай қуанып, түн ішінде еліріп жүрген кімсіңдер? – деп Ақан бейтаныс аттылының бетіне еңкейе түсіп үңілді. Басына екі құлағын артына қайырып балаған түлкі тымақ, үстіне ақ сеңсең қойдың терісінен әдіп жүргізген шолақ тон киген он бес, он алтылар шамасындағы бала күлгендей болды. Мұрнына дейін түбіт бөкебаймен тартқан баланың екі көзі ғана жылтырайды.*

*– Тауып айттыңыз, ағасы. Шешеміз ұл таппағанымен жеңгеміз ұл тауып, соның қуанышымен жүрміз, – деді бала сыпайы ғана (С.Жүнісов).*

Тілімізде сөз, сөз тіркесі, сөйлем деген бірліктерден басқа өзінің мағына тұтастығымен, бірлігімен, сыртқы құрылымы мен сөйлемде жұмсалып қызметімен ерекшеленетін тілдік бірлік фразеологизмдер, яғни тұрақты сөз тіркесі дейтін ұғым да бар. Бұлар о баста бірнеше сөздің қосылуынан келіп шыққан, бүгінгі күнде біртұтас лексикалық мағынаны ғана білідіріп, ішінара бөлшектеуге келмейтін, сөйлемде даяр қалпында жұмсалып бір ғана ұғымды, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің ғана қызметін атқарады.

Осыдан келіп тұрақты сөз тіркестердің өз алдына дербес тіл білімі саласы ретінде танытатын басты негізгі үш белгісінің бар екендігін атап өткен жөн. Олар: қолданыста даяр қалпында жұмсалып белгісі, мағына тұтастығы және тіркес тиянақтылығы [56, 178 б.]. Мысалы:

– *Ғафу етіңіз, шыдай алмай кеттім, шынында да ұят болды-ау, – деп, күн шапағы бетіне түскен әйел жүзі оттай жанды.*

– *Ұят болған ештеме емес-ау, намаз оқып жатқанда күлген адамның аузы қисайып кетеді, – деп қорқытқанда әйелдің зәресі ұшты (С.Жүнісов).* Яғни бұл сөйлемдердегі «жүзі оттай жанды» немесе «зәресі ұшты» сөз тіркестері даяр қалпында жұмсалып, адамның ұялғандығын немесе қорыққандығын білдіріп тұр.

Тіліміздегі психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты сөз тіркестерін адамның соматикалық қалпына қарай адамның ішкі және сыртқы мүшелері арқылы жасалған тұрақты тіркестер деп бөлуге болады. Адамның ішкі мүшелері арқылы жасалынған тұрақты сөз тіркестері:

*Жүрекке қатысты:* жүрегі алып ұшу, жүрегі дір ету, жүрегі су ету, жүрегі шайлығу, жүрегі күпті болу, жүрегі жарылып кете жаздау, жүрегі қарс айрылу, жүрегі елжіреу, жүрегі тебірену, жүрегі өрекпу, жүрегі сыздау, жүрегіне дақ түсу т.б.

*Бауырға қатысты:* бауыры езілу, іші-бауыры өртену;

*Қабырға:* қабырғасы қарс айрылу, қабырғасы күйреу, қабырғасы сөгілу, қабырғасы қақырау т.б.

*Сүйек:* сай-сүйегі сырқырау.

Ал адамның сыртқы мүшелері арқылы жасалатын психикалық жай-күйді білдіретін тұрақты тіркестер төмендегідей түрде беріледі:

*Бас:* басын қоярға жер таппау, басына бұлт төну, басын тауға да, тасқа да соғу, басына қайғы салу т.б.

*Бет:* екі беті шиедей қызару, бетінің қаны қашу, бетіне шіркеу болу, бетінен оты шығу, бетіне нұр жүгіру т.б.

*Ауыз:* аузын бақадай ашыру, аузынан жалын ату, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу т.б.

*Көз:* екі көзі шарасынан шығу, көзі көл жасқа толу, бір көзінен жас, бір көзінен қан ағу, көзі шатынау т.б.

*Қабақ*: қабағы жабылу, қабағынан қар жауу.

*Құлақ*: құлағының етін жеу, құлағының ұшы қызару.

*Танау*: танауы делдию, танауы қусырылу.

*Аяқ (сан)*: сол аяғынан тұру, санын соғу.

Психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты сөз тіркестер мағыналық жағынан іштей өзара синоним, антоним және көпмағыналы болып жіктеледі.

Синонимдік қатар құрайтын тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздердің мағына жақындығы сақталады, алайда олардың құрамындағы сөздер фразеологиялық варианттағы секілді қайталанып кездеспейді. Мысалы:

Қорқыныш психикалық жай-күйі: *төбе шашы тік тұру, аруағы ұшып кету, іші мұздау, зәре-құты қалмау, жүрегі тас төбесіне шығу т.б.*

Қуаныш психикалық жай-күйі: *әйелі ұл тапқандай қуану, маз-мейрам болу, төбесі көкке жету, тұла бойы алып ұшу, бетіне нұр жүгіру т.б.*

Ұят психикалық жай-күйі: *абыройы айрандай төгілу, екі беті шиідей қызару, бетінен оты шығу, масқара болу, жерге кіріп кете жаздау т.б.* синонимдер арқылы беріледі.

Бұл фразеологиялық синонимдердің қызметі де лексикалық фразеологизмдер сияқты сөйлемде бір максатта жұмсалып отырады. Дегенмен сөйлемде қолданысы жағынан синонимдік фразеологизмдердің лексикалық фразеологизмдерге қарағанда эмоционалды-экспрессивтілік бояуы әлдеқайда күштірек болып келеді.

Антонимдік қатарға қуаныш пен қайғы психикалық жай-күйін білдіретін тұрақты тіркестер жатады. Мысалы:

*төбесі көкке жеткендей болу, әйелі ұл тапқандай қуану, қуанышы қойнына сыймау – көңілі қараңғы тарту, жүрегі қарс айрылу, көкірегі шерге толу т.б.*

Бұған қоса, ішкі құрамындағы компоненттері басқадай сөздермен алмасып келу арқылы да антонимдік

фразеологизмдер жасалына береді. Мәселен: *су жүрек - жүрек жұтқан, бетінің оты шығу – беті бүлк етпеу т.б.*

Көпмағыналы (полисемиялы) болып келетін психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты тіркестер саны тілімізде онша көп емес. Мысалы:

Иманын үйірді:

а) өлер алында «жан» тапсырарда кісіге құран оқытты,  
ә) үрейін ұшырды;

Қабырғасы сөгілді:

а) берекесі кетті, быт-шыт болды, ә) қатты қайғырды, мейлінше, қинала қайғырды.

Жаны шыға жаздады:

а) зәресі ұшты, қорықты, ә) бәйек болды, бар ынты-шынтысымен күтті.

Екі иығынан демін алып отыр:

а) болып, жетісіп отыр, семіріп отыр; деміне нан пісті, мақтанды. Мысалы:

*Дәркембай шықпай бөгелген екен, екі иығынан дем алып алқынған жынды жігіттер: Шық, ойбай, құдайсымай! Болыс пен стражник қысып жатса, сен қу кедей де салмақтанамысың? – деп боқтап ақырып тастайды (М.Әуезов).*

ә) қатты ашуланып отыр. Мысалы: *Профессор Мусин екі иығынан дем алып, ышқына сөйлеп, булығып отыр (З.Қ.).*

б) ауырып, еңтігіп отыр; шаршап отыр. Мысалы: *Ас ішу емес, Абай енді біржолата төсек тартып жататын науқастың күйінде екен. Ысынған демі алқындыра деміктіріп екі иығынан зорға алынады (М.Ә.).*

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі болмайтын, құрылымы-құрылысы жағынан үйлесіп, өзара ұқсас келетін түрін фразеологиялық вариант (мұны кейде жарыспалылық деп те жатамыз – Т.Е.) деп атаймыз. Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев фразеологиялық

варианттың жасалуының екі түрлі жолын атап көрсетеді. Біріншісі – фонетикалық вариант, екіншісі лексикалық вариант болып табылады [56, 197 б.]. Фонетикалық вариантқа сөздердің құрамындағы дыбыстардың жуан не жіңішке болып немесе кейде толық не қысқарып айтылуы жатады. Мысалы: заһарын шашты – зәрін шашты; аруағы ұшып кетті – әруағы ұшып кетті; зәр төкті – зәрін төкті, тұлан түтті – түлен түтті, абиыры айрандай болды – әбүйірі айрандай болды, қаһарын төкті – кәрін төкті, шайтаны ұстады – сайтаны ұстады т.б.

Ал лексикалық вариант деп құрамындағы сөздердің бірінің басқа мағыналас сөздермен алмасуы, я болмаса түрлі сипатта келуін атаймыз. Мысалы: аш өзегін өртеді – аш өзегін қарыды; ашуына тиді – шамына тиді – намысына тиді; әбігер болды - әуре болды; бетіне шіркеу болды – бетіне шіркеу келтірді; әрі-сәрі болды – дел-дал болды т.б.

Жоғарыдағы фонетикалық және лексикалық варианттардан басқа, морфологиялық варианттарды (фразеологиялық варианттың жасалуының үшінші бір жолы) да айта кеткен жөн. Бұларға түбірге жалғанған қосымшалардың әркелкі болып келуі жатады. Мысалы: кірерге жер таппады – кіруге жер таппады; зығыры қайнады – зығырданы қайнады т.б.

Кей жағдайларда тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздерден бірнеше варианттар өрбиді. Мәселен: қабырғасы – сөгілу [қайысу, күйреу, майысу]; жүрегі – қарс айрылды [сыздады, тебіренді]; ығыр етті [болды, қылды]; зәре-құты қалмады [қашты, ұшты]; жүрегі шайлықты [түршікті] т.б.

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерді сөз еткенде, олардың мағына тұтастығы, бірлігі және тізбегі деген үш ұғымын айтпасқа болмайды.

Фразеологиялық тұтастыққа тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің мағынасы өзара бір-бірімен жымдасып, бірігіп кеткен, мағыналық жіктерін ажыратуға

келмейтін тіркестер жатқызылады: жүрегі тас төбесіне шықты (қорықты), төбесіне құй қазды (мазасын алды), аузынан жалын атты (ашуланды) т.б. Фразеологиялық бірлікке мағынасы алғашқыда еркін тіркестен келіп шыққан, уақыт өте келе ауыс мағынада қолданыс тапқан тіркестер жатады: басы ауырып, балтыры сыздады (қайғыру), тұла бойы қалтырап кетті (қорқу), әйелі ұл тапқандай қуанды (қуану), арқасы мұздап қоя берді (қорқу), ат үстіне ұйықтады (мазасыздану), бөркін аспанға лақтырды (қуану) т.б. Фразеологиялық тізбекке компоненттер құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағынасы толығымен жойылмаған, жойылуға жақын қалған, күңгірттене бастаған тіркестер жатады: қоян жүрек (қорқақ), ащы зар (қайғы) т.б.

Психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты тіркестер құрылымы-құрылысы жағынан тіркес және сөйлемше ретінде келетін фразеологизмдер болып екіге бөлінеді. Біріншісіне *жаны иненің ұшында, қоян жүрек, су жүрек, езуі жиылмады, ашуы мұрнының ұшында, ашуы жауған қардай, шөккен нардай* т.б. жатса, екіншісіне *мысық боп тыңдады; сөз етінен өтіп, етіне жетті; әкесі базардан келгендей қуанды; балаша мәз болды; басы ауырып, балтыры сыздады; жанын қоярға жер таппады* т.б.

Адам өзін қоршаған ортаны таным үдерісі арқылы қабылдап, оны сыртқа тіл арқылы шығарады. Тіл – ойдың жемісі. Ой – сана. Сана – психологиялық құбылыс. Кез келген адам ішкі жан дүниесі арқылы қабылдаған сыртқы дүниелерге өз бағасын, көзқарасын немесе қарсылығын білдіруі мүмкін. Мысалы, ұнамаған затына ашулануы немесе ұялуы мүмкін. Керісінше, қуанышты жағдайда жүзі жадырап, небір дүниелерді тудыру не тындыруы мүмкін. Осындай жағдайдан кейін біз адамдардың психикалық құбылыстарының да (ойлау, қабылдау, сөйлеу) бірдей емес

екендігін аңғарамыз. Таным үдерісінде адамдар қабылдаған ұғымдар ауыспалы мағыналарға ие болып жатады, яғни семантикалық өрісті қайта құрушы үдеріс ретінде тіл адамдарды жаңа ақпарат ағынын қабылдауға қажетті ауыстырулармен қамтамасыз етеді. Ғылымда мұны метафора (грек сөзі – ауыстыру) дейді.

«Метафора – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің жасалуына ықпал ететін фактор, тұжырымдау мен танымның үлгісі» [57, 428 б.]. Сонымен қоса метафора адамның эмоционалды реакциясын білдірудің маңызды құралдарының бірі болып есептеледі. Мәселен: *Жүрегім менің жүйіткіп жүзген, долы мұхит кемесі* (М.Мақатаев).

«Метафора – сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отыратын тілдік құбылыс» [56, 88 б.].

Тілімізде адамның психикалық жай-күйлерін білдіретін метафоралар саны жеткілікті. Оларды қолдану белгілі бір жағдайларға, оқиғаларға байланысты болуы мүмкін. Көп жағдайда біз мұндай қолданыстарды ақын-жазушылар шығармаларынан көптеп кездестіреміз. Бұл туралы ғалым А. Сыбанбаева былай дейді: *«Әлемдегі салыстырылатын заттар мен құбылыстар, іс-әрекеттер, қалып-жағдайлар арасында ұқсастық табу мүмкіндігі қандай шексіз болса, метафоралардың, әсіресе индивидуалды-авторлық метафоралардың тілде жасалу мүмкіндігі де сондай шексіз»* [58, 11 б.]. Мысалы, ақын Мұқағали «Бұлт» деген өлеңінде табиғат құбылыстары арқылы адамның ішкі жан дүниесін, ішкі психикалық жай-күйлерін тілдік тұрғыдан тамаша, әсерлі етіп суреттейді:

*Бұлтты кенет буды ашу,  
Долдана дауыл сыпырды.  
Көк беті болды уда-шу,  
Найзағай оғы атылды.  
Тақаппар, долы тынды жел,*

*Бұлт өксіді еңіреп,  
Қарық болды қара жер,  
Қайғылы жасын төгіп ед.  
Кенет дауыл сап етті,  
Қайтадан мініп қалпына.  
Бұлтты айдап әкетті  
Бұрылттырмай артына!*

«Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт ментальдылығы ретінде көрсетуі, қала берді, табиғат аясындағы көшпелі өмір салты – бәрі «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» дегеніндей қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады» [59, 57 б.]. Демек, әрбір ұлттың психикалық жай-күйлері, олардың көркем шығармадағы көрінісі немесе суреттелуі сол халық өмір сүріп отырған орта жағдайымен тығыз байланысты.

### **1.5 Психикалық жай-күйлерді берудегі тілдік емес амалдардың қызметі**

Тілімізде психикалық жай-күйлер лексикасын берудің тілдік амал-тәсілдерінен басқа тілдік емес немесе бейвербалды деп аталатын жолдары бар және олардың маңызы өте зор. Мұндай белгілер көбіне адамның сыртқы қимыл-әрекеттері арқылы көрінеді және олардың бір түрі бір немесе одан да көп психикалық жай-күйлерді білдіруі мүмкін немесе қарама-қарсылық қызмет те атқара береді. Мәселен, *жылау* қуаныштан да, қайғыдан да бола беруі мүмкін. Негізінен, *жылау* «қайғы» психикалық жай-күйінің доминанты да, ал «қуаныш» психикалық жай-күйінің доминанты – *қулу*.

К.Г.Юнгтің тұжырымы бойынша, адамның психикалық аппараты басқа да аппараттық жүйелер сияқты төрт сатылы ритмдерден тұрады. Біріншісі - ақпаратты қабылдау, екіншісі – түскен ақпаратты сақтау блогы (жады), үшіншісі – ақпараттың аналитикалық өңделу блогы, төртіншісі – ақпараттың жарыққа шығуы [60]. Осыларды төмендегідей етіп көрсетуге болады:

**қабылдау > жады > өңделу > шығу**

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, адамның белгілі бір ақпаратты қабылдап-шығару жүйесі төрт кезеңнен өтеді. Осы жерде айта кететін бір жайт, кей-кездерде психикалық жай-күйлерден туындаған ақпарат аталған төрт кезеңнің бәрінен бірдей (сөйлем ретінде) өте бермейді. Мысалға адам кенеттен (аяқ асты) болған қайғылы жайтты естіп, оны қабылдағаннан кейін есінен танып қалуы салдарынан қабылдаған ақпаратты сыртқа шығарып үлгермеуі мүмкін не болмаса қатты ашуланған адам өңдеу үдерісі барысында не айтып, не қойғанын білмеуі немесе сөйлей алмай булығыуы мүмкін т.с.с. Мұндай жағдайда ақпараттың жарыққа шығуы адамның сыртқы физиологиялық белгілері арқылы көрініс беріп, яғни ақпарат тілдік емес белгілер арқылы жүзеге асады. Мысалы:

*Бұрын әрі-сәрі болып жүргенде - әйтеуір бір үміт бар еді. Онда бір жола қол үзуге Шәрипаны қизан жоқ-ты. Енді өмірде тұңғыш көрген ең үлкен қызығынан айырылып құлазып қалғалы тұр. «Жоқ, жоқ! Көнбеймін, бермеймін!» деп айқайлап жібергісі келді. Бірақ бетіне қан теуіп, булығып үндемеді. Өзінің үндей алмағанына ыза болып, одан сайын булығыады (Т.Ахтанов).*

Мұндағы кейіпкер ішіндегі «Жоқ, жоқ! Көнбеймін, бермеймін!» деген сөйлемді жауап ретінде сыртқа

шығарып айту керек еді, бірақ ашу үстінде (ашуланғанда қыстығып сөйлей алмаудың салдарынан) айта алмай, сыртқы физикалық көріністері (тілдік емес амал-тәсілдер) арқылы (бетіне қанның жүгіруі) қарсы екендігін танытып тұр.

Адам психикалық жай-күйін білдіретін тіліміздегі амалдардың бірі – тілдік емес белгілер, яғни мұны кейде бейвербалды амалдар деп те атайды. Егер сөйлеу іс-әрекетінде, айтылған сөйлемімізде бейвербалды амалдар болмаған болса, жеткізілер ойымыз бірізді, сөзіміз «құрғақ» болар еді. Ғалым Б.Момынова мен С.Бейсембаевалар бұл амалдар (тілдік емес) туралы: *«Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза, орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдалануға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді»* – деген анықтама бере отырып, бұлар да вербалды амалдар сияқты сөйлемде қарым-қатынас қызметін атқарады: а) коммуникативтік қатынаста қосымша ақпарат жеткізушілік; ә) коммуникацияның вербалды компоненті айтылмай түсіріліп қалған жағдайда ақпараттың бейвербалды амалдардың мәтін ішінде қызметке кірісуімен жеткізілуі; б) вербалды амалдармен тең дәрежеде әрі қатар қолданылуы барысында белгілі мағынаны нақтылаушылық қызметі болуы» – дейді [61, 7 б.].

Қарым-қатынас кезіндегі бейвербалды амалдар барлық халықта бірдей болмайды. Олардың қолданылуы белгілі бір ұлттың, халықтың дүниетанымына, мәдениетіне сәйкес

келеді. Бұл туралы Г.Ж.Снасапова былай дейді: «Әрине, кей жағдайда кинемалық кодтарды шешу ұлттық білім аясының негізінде мүмкін болады, себебі түрлі мәдениеттер мен интеллектуалдық дәстүрлер кинемалар төңірегінде де «өз» әлемін, «өз» тәжірибесін бейнелейді және оны түсіндіре алады» [62, 82 б.].

«Бейвербалды амалдарды зерттеу алғаш Г.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин еңбектерінен бастау алып, көптеген басқа да ғалымдардың зерттеу нысандарына айналып келеді. Мәселен, француз психологы А.Мейербиан бұл туралы қарым-қатынас кезінде вербалды амалдар (тек сөз) жеті пайыз, дыбыс, интонация отыз сегіз пайыз, ал бейвербалды амалдар елу бес пайыз қолданылады деген пікір айтқан» [63, 84 б.].

Шетел тіл білімінде бұл мәселені зерттеу ХХ ғасырдың 50-жылдары қолға алына бастады. Орыс тіл білімінде кинема мәселесін зерттеген ғалымдар қатарына Е.М.Верещагин, Г.В.Колшанский, Р.О.Якобсон, Т.М.Николаева, В.Г.Костомаров, А.И.Галичев, Ф.Шаляпин, А.В.Дементьев, Е.Я.Кедрова, Н.И.Формановская т.б. жатқызуға болады.

Психологиялық сөздікте тілдік емес белгілердің (соның ішінде мимика) үш түрін атап көрсетеді. Олар, біріншісі, бет терісінің қозғалысы (выразительные движения мышц лица); екіншісі, пантомимика, яғни, барлық дене қозғалысы; үшіншісі, вокалды мимика, бұған дауыс ырғағы, интонация т.б. жатады [64, 71 б.].

Қазақ топырағында бұл терминге ең алғаш көңіл аударғандардың бірі Ж.Аймауытов, одан кейін М.Жұмабаев болды. Ж.Аймауытов беттің ымын – мимика, ал ымдасуды – пантомимо деп атап, олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Ол көз, қас, қабақ, мұрын, ауыз, бас пен кеуде, қол, аяқ қимылдарының негізінде тілдік емес амалдардың берілуін өзіндік мысалдарымен

нақтылап дәлелдейді. Соның ішінде психикалық жай-күйлерге қатыстысын қарастырамыз. Мысалы:

*1. Беттің ымы (мимика):*

**а) қас-қабак:** қастың салбырауы, қабақты түйю, маңдайдың тік сызықтармен қатпарлануы – бұл көңілсіздіктің, жабығудың, қала берсе, ашудың белгісі.

**ә) кірпік:** кірпіктің қимылы көз не үлкейіп, не кішірейгенде болады. Жоғарғы кірпігін төмен түсіру – қорыққанның, қысылғанның, ұялғанның белгісі.

**б) көзді мүлдем қысу – күлкісіз әсердің (мәселен, жылаудың) белгісі. Көз ойнақшығанда (жіті, тез қарас найзағай сықылды) адамды ашу ыза кернейді.**

**в) мұрын:** демді қатты алу, мұрынның түбін жиыру – ашу, ыза құбылысы.

**г) ауыз:** екі езу төмен салбырап, жоғарғы еріннің көтерілуі – жағымсыз шіміркеністің, жылаудың құбылысы; жоғарғы ит азу көрінсе – ашудың, ызаның белгісі; төменгі ерінді салптитып бұртию – үрейленудің белгісі.

*2. Ымдасу (пантомимо):*

**а) иық:** иығын төмен түсіру – қысылғандықтың белгісі.

**ә) қол:** қол бастың таянышы болса – мұңайғанның белгісі. Қолдар бастың, беттің түрлі бөлімдеріне, бетке не ауызға тірелсе – бұл ұялғанның белгісі. Босаң, қатты жұмылған әр түрлі жұмырық (жұдырық) түйю – ашудың белгісі. Сонымен осыларды қорыта келгенде:

*Қайғы басса – бас, кеуде, иық, кірпік салбырайды, танау қусырылады, ерін үстіндегі қатпар төмен түседі. Көз азырақ қысылып, ерін тиісіп, танау тартылады, жүріс баяулайды, адам отырады не жатады. Одан күшейсе төменгі ерін қайшыланып, тіс көрінеді. Қол тырналған қалыпқа түсіп, тұншығудың кейде тартысуға оңтайланудың белгісі екені ап-анық.*

*Көңілі өте көтеріңкі болса (қуаныш)* – көз үлкейеді, кейде қысылады. Танау желбіреді, екі езу көтеріледі, ауыз ашылады, тіс ақсып күледі, бас, кеуде, иық кейін шалқаяды.

*Ашуланудың құбылысы* – бас, кеуде, иық көтеріліп, танау делдиеді, қолдар иыққа жақындап, жұдырық түйіледі, аяғымен жер тебінеді, қайта-қайта түкірігін жұтады, ақырады, тісін қайрайды, шашын тікірейтеді т.б.

*Қорқыныш* – қорқыныш күшейсе үрейге айналады [65, 107 б.].

М.Жұмабаев та өз еңбегінде («Ішкі сезім яки көңіл көріністері» атты тақырып) ым-ишаралар қызметіне көңіл бөлген. Мысалы, ұялғанда бет қызарады, қорыққанда дауыс, дене дірілдейді... жүрек қуаныш уақытында жұмысын жылдам атқарады, «ойнайды». Ал, реніш уақытында жұмысын шабан атқарады, «қысылады», үрей ұшқанда адам қозғала алмай, сөйлей алмай қалады. Есінен айырылады, кенет кейде шашы да ағарып кетеді – дейді [51, 120 б.].

Бұлардан басқа әдебиеттануда бұл мәселеге тоқталғандардың қатарына А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ш.Ыбыраев, Г.Пірәлиева т.б көптеген ғалымдарды жатқызуға болады.

Ал тіл білімінде мұны қарастырып жүрген қазақ зерттеушілерінің қатарынан М.Мұқанов, Б.Момынова, С.Татубаев, С.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанқызы, М.Ешимов, Қ.Қажығалиева, Ж.Өмірәлиева, С.Мағжан т.б. ғалымдарды атап айтуға болады. Бұл салада қызмет етіп жүрген осы және басқа да ғалымдардың бейвербалды амалдардың түрлерін жіктеп топтастыруында әр түрлі пікірдің бар екендігін айта кеткеніміз де жөн.

Бұл аталмыш «бейвербалды амалдарды қарастыратын паралингвистика (грек. *para* – маңы және лингвистика, *gnos*, әр алуан хабарды вербалды тәсілмен қоса, вербалды

емес амалдармен жеткізетін тіл білімінің бір саласы) пәні болып табылады» [66, 317 б.]. Осы туралы С.Мағжан былай дейді: «Паралингвистика сөйленіс кезіндегі, оның ішінде ауызша қатынас кезінде қатарласа жүретін дыбыстық кодтармен шұғылданады. Бұл дыбыстық кодтар информацияның белгілі бір мән-мағынамен баюын, бағалауыштық және мағыналық түрлі реңктерінің болуын, сонымен бірге олардың тілдік қатынас кезінде өмір сүруін қамтамасыз ететін мағыналық дыбыстық кодтар. Аталмыш паралингвистикалық құбылыстарға сөйлеу қарқыны (темп), дауыс түрлері (қатты, ақырын, жай, екпінмен сөйлеу), интонация, еліктеуіш сөздер (олардың түрлі дауыс түрлерімен айтылуы), күлкі (сыңғырлап күлу, сықылықтап күлу т.б.), жылау (еңкілдеп жылау, сұңқылдап жылау, еңіреп жылау), сыбырлау т.б. жатады. Ал дене қимылдары, мимика, кейіп (поза) сияқты коммуникацияның көмекші құралдары кинесиканы құрайды» [67, 9 б.].

Ғалым К.М.Абишева қарым-қатынас үдерісіндегі бейвербалды амалдардың уәжді және уәжсіз түрлеріне сипаттама береді. Ол тілдік емес қатынастың үш басты типін ажыратады: «1) адамның физиологиялық реакциясынан болатын белгілері, мәселен, суықтан тоңу, ыстықтан терлеу т.б. 2) адамның қалыпты уәжсіз белгілері, мәселен, көзін жыпылықтату, мұрнын қасу т.б. 3) қарым-қатынас белгілері – сигналдар, яғни олар белгілі бір нысан туралы, оқиғалар немесе жай-күйлер жайында ақпарат береді» [68, 191 б.].

Ж.Нұрсұлтанқызы «О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар» атты кандидаттық диссертациясында бейвербалды амалдарды төмендегідей етіп топтастырады:


1. Кинесика, яғни мимика, ишара, дене қалыбы, жүріс.
2. Просодика – тембр, интонация, дауыс қаттылығы, екпін, ырғақ т.б. (фонациялық амалдар арқылы

коммуниканттардың ішкі сезімдері мен көңіл-күйлерін, психологиялық сипатын беру).

3. Проксемика (жақындық) – коммуникативтік актіде адамдардың кеңістікте орналасуы және олардың арасындағы ара қашықтықты зерттеу [69, 86 б.].

М.П.Ешимов: «Эмоцияға байланысты бейвербалды амалдарды екі топқа бөліп қарастыруға болады» – дейді. Ол біріншісіне көңіл-күйді білдіретін кинесикалық амалдарды жатқызса, екіншісіне адамның көңіл-күйін білдіретін просодикалық амалдарды атайды [70, 15 б.].

*Кесте 1* – Вербалды қарым-қатынаста қолданылатын эмоциялар



Ал Мағжан Сәуле коммуникативтік акт кезіндегі бейвербалды амалдарды былай бөліп көрсетеді:

- 1 Кинесикалық.
- 2 Просодикалық.
- 3 Такесикалық.

Бұларға төмендегідей бейвербалды амалдарды жатқызады [67]:

## Кесте 2 – Бейвербалды амалдардың жіктемесі

Кинесикалық	Просодикалық	Такесикалық
<p>Қабак шыту, қабағын түю, қабағын түкситіп жіберу, қабағын қарс түюі, қолын сермеу, қол қусыру, екі қолын жаю, қол жаю, қол соғу, алақанын жаю, қолын сілтеу, қолын көтеру, қолын шығару, қолын көкке көтеру, екі қолын кеудесіне қою, жағын таяну, бармағын тістеу, бетін басу, басын изеу, басын шайқау, бас ию т.б.</p>	<p>Дауысы дірілдеу, дауысын ақырын // қатты шығару, мінгірлеу, күлу, жылау, қырылдау, қырылдай сөйлеу, сыбырлай сөйлеу, күрсінү, ышқыну, уһілеу, демін ішіне тарту, демі дірілдеу, т.б.</p>	<p>Иығымен сүйкеп өту, алақанын құшырлана ысқылау, құшақтау, белінен ұстау, арқасынан сипау, қол ұстасу, жанасып кету, тізесіне отырғызу, итеріп жіберу, аяқтан шалып жіберу, қол беріп амандасу, бетіне ернін тигізу (сүю), шашынан иіскеу, құшырлана иіскеу, қолын сүю, т.б.</p>

Зерттеуші А.Құдиярова: «Сөз деңгейінде ақпарат алысудың негізгі құралы – сөз, тіл, бейсөздік деңгейде сөзден басқа коммуникация белгілері қызмет көрсетеді» – дей келе, кинесика, акустикалық жүйе және проксемикаға тоқталып, арнайы зерттеулер нәтижесінде беттің 20000 қимылының анықталғанын сөз етеді. Сонда адам бетін үш салаға бөліп: қас пен көз, мұрын, ауыз және ерін, олардың қимылына байланысты адамның негізгі алты (қуаныш, ыза, танқалу, жиіркену, қорқыныш, уайым) сезімін білдіруге болатынын анықтаған [71, 18 б.].

Акустикалық жүйеге паралингвистика (коммуникатор дауысының сапасы: тембрі, ырғағы, қаттылығы, интонациясы т.б.) мен экстралингвистиканы (даусының өзі емес, айналасындағы құбылыстар: сөйлеудегі жөтел, күлкі, пауза, жылау т.с.с.) жатқызады.

Проксемика – коммуникацияның кеңістігі мен уақытын ұйымдастыру.

Ал Г.Пірәлиева бейвербалды амалдар туралы былай дейді: «Бейвербалды ишараттың екі үлкен көркемдік элементі бар. Оның бірі – мимика (ым, беттің ымы, ымдау), ол тек кескін-келбеттегі қимыл қозғалысты, сезімдік құбылыстарды қамтиды. Екіншісі – жест (ишара, емеурін) болса, ол бүкіл денедегі қимыл-қозғалысты, іс-әрекеттерді зерттейді» [72, 177 б.].

Осыған орай біз жоғарыдағы ғалымдардың бейвербалды амалдар жайында айтқан ойлары мен олардың берілу амалдарын жүйелей келе, қазақ тіліндегі психикалық жай-күйлердің тілдік емес берілу жолдарын келесідегідей топтарға бөліп жіктедік:

*1 Соматикалық белгілер арқылы.* Бұл іштей мимика және пантомимика деп екіге бөлінеді: бет, көз, қас-қабақ, қол, дене қимылдары арқылы жүзеге асады.

а) Мимика:

**1 Бет.** Мысалы: бетін теріс бұру, бетін тырнау, бетін басу, беті (жүзі) өрттей қызарды (жанды) т.б. *Ақбала ду етті. Шоқ қарығандай беті өртеніп бара жатқасын алақанымен дереу баса қалды да, тез тартып алды. Қорыққаны ма, әлде кінәлағаны ма, әйтеуір, Судыр Ахметке жас ішінде жанары дірілдеген көзі үрейлене қарады (Ә.Нұрпейісов).*

**2 Көз.** Мысалы: көзін алақтату, көзімен адырая қарау, көзін төмен салу, көзі шарасынан шықты т.б.

*Көзі шекесіне шыға шадырайып, адам шошитындай қаңталап кетіпті. Ағасының долы ашуға мінгенін Қаби түсінді. «Бұл үйге ендігәрі Ботаиш екеуің бас сұқпа!» - дегенім қайда? Көзіме көрінбе! – Орнынан қарғып тұрып, Мәмет қолымен есікті нұсқады (Б.Нұржекеев).*

**3 Қас.** Мысалы: қасын керу, қас-қабағын беру т.б. Қарақатынның түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйітілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып:

-*Не дейді? Мазанды алатындай мен не қылыппын, - деп екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді* (Ә.Нұрпейісов).

**4 Қабақ.** Мысалы (қабағын түю, қабағын шыту т.б.):

*Бұл қабақты бұрыннан күтсе де, кеше асыға келгеннен бері ұлық біржолата сезген, ел қабағы қарыс жабылған, суық, қырын қарайды. Қапқалы тұрған кескекті жайындай жылымайды, жылтырамайды* (М.Әуезов).

**5 Кірпік.** Мысалы:

- *Ақан аға, сіз құран оқып отырған жоқсыз ба?*

- *Жоқ, дұға оқып отырмын, - деп Ақан да қып-қызыл ернінің аппақ тістері түгел көрініп күлді. Екі сұлу көз бір-біріне алғаш қадалғанда, Ақтоты кірпігін төмен түсірді. Жігіт көзіндегі оттан жүрегі дір ете қалғандай болды* (С.Жүнісов) немесе: *Соны ішіне түйген Сүйеу қарт та қайымы қашан келеді деп бағып отырған-ды. Әдетте оның жағына пышақ жанығандай құп-қу, боп-боз бетінде атжалданып тұрған қыр мұрнының танауы қусырылып, ақ кірпікті ашумен қағып-қағып қалды* (Ә.Нұрпейісов).

**6 Ауыз.** Мысалы:

*Осы сары майдай кейінге сақтаған қуанышы көкірегін жылытып, Қаламүштің кішілеу аққұба жүзіне нұр жүгіртіп келеді. Оның эшиінде де үстіңгі ерні түрік, қайқы тұмсық аңқау кескіні қазір бұл дүниеде қуаныштың көптігіне таңырқағандай аузы ашылып, уылжи күлімсірейді* (Т. Ахтанов).

**7 Мұрын (танау).** Мысалы: (Т. Ахтанов).

*Бұл уақытта ұлық көзі қызарып, шарасынан шығып, тасырайып, мұрты жыбырлап, танауы желбіреп, ашуланып:*

– Сен ит, мал жеріңе түссе, маған келіп неге айтпайсың... Мен саған көрсетемін қалай сабайтынды... абақтыда танытамын мен саған кісі ұратынды! – деп, жұдырығымен үстелді қойып қалып, ауыз үйдегі екі солдатты шақырып алды (М.Әуезов).

**8 Мұрт.** Мысалы:

– Оттама!.. Сөйлеме! Үшеуіңе бір айдан абақты кесемін қазір, - деп, отыра қағазына қаламын сүйкектетіп жаза бастады. Қолдан жасаған ашулы пішін, түксиген суық мұртының арқасында шын түйілген ыза сияқтанып, айдын беріп тұрды (М.Әуезов).

**9 Ерін.** Мысалы (ернін тістеу, ернін шығару, ернін дүрдиту):

Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды. Тыста мұның қолын артына байлап, бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып шапқылап жөнелді (М.Әуезов).

**10 Құлак.** Мысалы: Қаратай күлкі арасында Сәргелге қарап еді, оның құлағы қызарып, кеңірдегінен әлдененің ары-бері қимылдай бастағанын көріп, күлкісін баяулатып барды да, тоқтата қойды. Інісінің алдында ұялып, намыстанып отырғанын сезді (Д.Исабеков).

**11 Тіл.** Мысалы: тілін шығару т.б.

**12 Тіс.** Мысалы (тісін қайрау, тістену т.б.):

Ішкі бөлмеден офицер киімді Әбіш шыға келгенде, Оразбай жыландай жиырыла қалды. Әбішке жалғыз көзін оқтай шаншылтты. Әбіш те бұның көзіне қабақ түйе, қадала қарап, сескенбестен өте беріп еді. Оразбай тістене тұрып зіл тастады:

– Болмай жатып бәле қуғызды ма әкең саған? Тек, тұрысып көріңдер әкең екеуің!.. Өлісер жерге жетіпсің, өкінбе тек! (М.Әуезов).

**13 Таңдай.** Мысалы: таңдайын қағу.

ә) Пантомимика:

**1 Бас.** Мысалы:

*Ұлық ақырып, әзірейілдей қадалып:*

*– Жап, аштан қама! Жоғалт көзін, – деп тақтай теуіп, көк көзі шанышыла қадалып, жазалыларды есіктен шығарып, әкеткенше зәрленіп тұрды да, олардың қарасы өшкен соң тілмәшқа бұрылып қарап:*

*– Қарашы иттерді, - деп басын бұлғап, есік жаққа көрсетіп... (М.Әуезов).*

**2 Иық.** Мысалы: иығын қоқаңдату, екі иығынан дем алу.

**3 Кеуде.** Мысалы: кеудесін соғу, кеудесін ұру.

**4 Қол (алақан, жұдырық, саусақ).** Мысалы: *Қалың қабағы түйілген жалпақ бет Әліпқалидың өңінде бір қасық қан жоқ... Екі қолын жайып, уықтай саусақтарын бүркіттің тұяғынша бүрістіріп:*

*– Буындырып, өлтірейін! – деп екі қолын екі жаққа серпіп жіберіп атылған Әліпқали киіз аяғымен жер соққанда, жан даусымен айғай салып, етпетінен түсті (С.Жүнісов).*

**5 Аяқ (сан).** Мысалы (санын соғу, санын шапалақтау):

*«Оспанды сайлаған ақ шар отыз болмаса да, соны алқымдар!» деген үміт күл-талқан болды. Тілмаш: «Бір! Екі! Бес! Тоғыз!» деп барды да, құдай ұрғандай тоқтап қалды.*

*«Тағы! Тағы!» дегендей Құнанбай балалары ентелеп тұр.*

*– Тамағына тас тығылды ма, мына иттің? – деген күбір, зіл де шығып жатыр. Бірақ тілмаш, ақ шардың санын сонымен біржолата тоқтатты.*

*Осы кезде бұлқынып бұрылып қалған Казанцев санын бір соқты да әйеліне бұрыла беріп: «Провалили!» деді. Көзі шарасынан шыққандай шанышыла қарап, оқыстан шаңқ*

етіп айқайлап: «Как так!» деп қалды. Тұтанғандай боп, орнынан атып тұрды (М.Әуезов).

**6 Тізе.** Мысалы: *Офицер не істерін білмей әлі аласұруда. Біресе жылан шағып алғандай ыршып тұрады да, қайтадан сылқ етіп отыра кетеді, сөйлеуге тіл жоқ, тулайтын жаны ғана бар секілді.*

*Әлденені айтқысы келіп, Мәдиге қарай ұмтыла беріп тоқтап, кейін шегінді, жаңағы тасына қайтадан отыра кетті.*

*– Масқара, масқара, – деді ол бір кезде тізесін ұрғылап. Текеш пен Атамановты тірідей жегісі келгендей тісін қарш-қарш қайрап, қаршылдаған тістерінің арасынан даусы жөнді шықпай ыр-ыр етеді (Ә.Әбішев).*

*2 Бет-әлпеттің түр-түсі арқылы: сұрлануы, қызаруы, көгеруі т.б.*

Осы түр-түстерге байланысты батыстың шетелдік ғалымдары тәжірибелер жүргізген. Нәтижесінде А.М.Эскинд алты психикалық жай-күйге төмендегідей түр-түстердің тән екендігін анықтап шығарды [73, 114 б.].

### Кесте 3 – Түстердің психикалық жай-күйге қатысы

<b>Қызығушылық</b>	көк, жасыл, сары
<b>Қуаныш</b>	қызыл, сары, жасыл
<b>Ашу</b>	қызыл, қара
<b>Жиіркену</b>	қоңыр, күлгін
<b>Қайғы</b>	сұр, көк
<b>Қорқыныш</b>	қара

Осыған орай біз тіліміздегі (ұлтымызға тән) психикалық күйлерді берудегі түр-түстердің ретін келесідегідей етіп көрсетуімізге болады:

**Көк** (ашуланғанда). Мысалы: *Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды.*

Тыста мұның қолын артына байлап, бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып шапқылап жөнелді (М.Әуезов).

**Қызыл** (ұялғанда, ашуланғанда). Мысалы ашуланғанда: –Аға сұлтан! Орныңызды ұмытпаңыз!.. Біз екеумізді де корпус сайлаған, – деп Майыр трубкасын тұтатып алып, түрегеліп, үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Ашумен қатты қызарып алған еді (М.Әуезов), немесе ұялғанда: «Түсінікті, ол кестелі орамалды, сірә, саған тартады ғой» дегендей Дәурен Бекайдарға күле қарап:

– Қане берші, көрейін, – деді.

Жігіт сасып қалды.

– Жоқ, жоқ, Дәмелі орамалын маған бермейді. Оны тек Хасенге арнап кестелейді. Енді қыз қызарып кетті (І.Есенберлин).

**Боз** (ашуланғанда, қайғырғанда). Мысалы: Сұрғылт жүзі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде тұқ атаулысы бозғылданып біліне бастады. Осыдан басқа не бір дыбыс, не бір қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ (М.Әуезов).

**Ала** (ашуланғанда). Мысалы: көзі алару. Тілімізде адам қатты ашуланған кезде «көзі аларып кетті» деп жатамыз. Мұндағы «алару» сөзі тек қана көзге (бет-жүзге емес, көздің ақ, қарасына) байланысты қолданылады.

**Сұр** (ашуланғанда, мазасызданғанда). Мысалы: Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ (М.Әуезов) немесе:

– Еркек мыналар екен ғой. Енді бөгелетін не қалды? – деп, Баймағамбет сабыры кетіп сұрланып, біресе жүгініп, біресе ырғалып, малдасына отырып тыпыршығандай болды (М.Әуезов).

**Күрең, қарақошқыл** (ашуланғанда). Мысалы: *Ақан ашынғанда сіз деп отырып жұмсақ бауыздамай, сен деп мiрдiң оғындай ататын мiнезiне басты. Батыраштың өңi күреңiтiп, қабарып кеттi. Күн батып барады. Алаулаған беттiң қызылы батқан күнмен бiрге сөнiп, күн ұясына кiргенде қара бұжыр бет оттан алып тастаған майысқан ескi кәкпiрдей қарақошқылдана қалды* (С.Жүнiсов).

**Сары** (қайғырғанда, уайымдағанда: сары уайымға салыну, сары майдай сарғаю). Бұл жерде ескеретiн мәселе, адам қызарады, сұрланады, бiрақ сарғаймайды. Бұл жердегi «сары» сөзi ауыс мағынада қолданылып тұр, ұзақтықты (күту, тосу, қамығу) бiлдiредi. Мысалы: *Сар далада сары уайым жамылып, Ақбiлек келедi толарсағы бұлтылдап. Тышқан аулап күйкентай жүр қыранымсып шыңқылдап.* (Ж.Аймауытов) немесе:

*Диссертациясын қорғап болған соң-ақ Алматыдағы галым бiткен бар жұмысты тастап, тек бiр мәселемен – Сәргелдiң докторлығын қалайда бекiттiрмеу мәселесiмен айналысып жатқандай, Қаратайға сары уайымын хатпен де, телефонмен де зар илеп айтумен болды* (Д.Исабеков).

**3 Дене температурасы арқылы:** жылы, ызғарлы, суық т.б.

Мысалы: *Құлагер қараған жаққа көзi түскен Ақанның да бойы мұздап қоя бердi. Зират сыртындағы мал өрiстен қайтатын жалғыз аяқ жолмен ақ кебiнiн сүйреткен бiреу жаяу жортып барады... Ақан серiнiң құйқа тамыры шымырлап кеттi. Алдында жатқан ескi, жас қабырлар түгел дөңбекшiп, өлiктен бiр аунап түскендей бүкiл зират теңселiп барады* (С.Жүнiсов). Бұл жердегi «бойының мұздап қоя беруi» қорқыныштан болып тұр. Немесе:

*Мейрам бiр ысып, бiр суыды* (Қ.Найманбаев). Мұндағы дененiң бiр ысып, бiр суынуы, бiрiншiден, адамның көңiл-күйiнiң тұрақсыздығын, екiншiден, «ашу» психикалық жай-күйiн жеткiзiп тұрған тiлдiк амал.

4 Секреторлық бездердің қызметі арқылы:

а) қуаныштан, қайғырғаннан, қорыққаннан жылау. Мысалы: *Кемпірдің көзінен жас тағы да моншақтап домалап, алдына түседі.*

–*Құдайдың менің өз басымнан, менің ұрпағымнан аяған қазасы бар ма? Жасымда шешем өліп, өгей шешемнің қолында қалып, жетімдіктің зарын өзім тарттым. Содан өмірім жылаудан, күйіктен арылған емес... – деп, көзінен бетіне аққан жасын жеңімен сүртіп, мұрнын сіңбіріп:*

– *тілеуі құрыған сорлы мен күйік, бұл дертті көргенше, шірісем едім! – деп, сөзін тоқтатты (М.Әуезов).*

ә) тердің шығуы (қорқыныштан суық тердің шығуы).

5 Дауыс ырғағы арқылы (интонация, тембр, екпін, сөйлеу қарқыны): айғайлау, ақырын сөйлеу т.б.

Сөйлеу әрекеті барысында екпін (тон), ырғақ т.б. паратілдік амалдар сөйлеуші мен тыңдаушының көңіл-күйінің ерекшеліктерін сипаттаушы амал-тәсілдер болып табылады. Қатынастың кез келген түрінде екпін, әуен, дауыстың құбылуы қарым-қатынастың эмоционалдық жағына әсер етеді [65; 17].

Мысалы: *Түсіп бұл араға қатты ашуланып еді, даусы да қатаң шығып кетті (М.Әуезов).*

6 Тыныс алу арқылы: демнің артуы немесе тарылуы. Мысалы: *тынысы тарылды, демі жетпеді т.б.*

– *Құлагер құлыныңнан керім едің, нағашым сұрағанда беріп едің, – деп Ақан баяу ыңылдап жоқтау айтқан шерменде бір үнмен ескен желдей гүілдеп, зарлап отыр. – Шыныменен өлгенің бе, Құлагерім, салбырап саптыаяқтай төменгі ернің.*

*Қайғылы серіге ешкім басу айта алған жоқ. Ара-арасында аһ ұрып, уһлеп, теңселе түсіп ұзақ зарлағанда,*

*жұрт көзінен жас тамшылап, үнсіз тыңдай берді* (С.Жүнісов).

7 *Жүрек қызметі немесе қан қысымы*: жүрек соғысының бәсеңдеуі немесе жиілеуі; қан қысымының жоғарлауы не төмендеуі. Мысалы: *Қаны басына шабу, көз алды қарауыту, ашудан қаны көтерілу т.б.* Мысалы: *Көзсіз ашудан қаным көтеріліп, дастарқанда жатқан қара пышаққа жармастым* (Б.Нұржекеев).

Тағы бір айта кететін мәселе, «дыбыс символикалық жүйесінің эмоционалды сөздерге қатысында кинеманың рөлі зор екендігін С.В.Воронин атап көрсетеді.

«Кинема әр түрлі қимылдардың адам санасы өрісіндегі ішкі (ішкі сезіммен байланысты, эмотивті, валютативті, менталді) процестермен бірге пайда болған «мәнді» (шартты) және мимикалық қозғалысы. Осының негізінде дыбыссыз құбылысқа (оның формасына, өлшеміне, қозғалысына) мимикалық еліктеу арқылы шығарған дыбыстар мен қозғалыстар жатқызылады. Олар:

*Сенсоинтракинема* – сезім жүйесінің эмоциялықпен бірге бір мезетте пайда болған рефлекторлы қозғалысы. Оларға дем алу, көз жыпылықтату т.б. жатады. Мысалы: *Үріктім бе, ұялдым ба, бүкіл денем дүр сілкінді* (Б.Нұржекеев).

*Эмоинтракинема* – адамның қоршаған ортадан алған әсерінің қандай да бір бет қимылы, дене қимылы, сондай-ақ интонация, тембр арқылы көрініс беруі. Мысалы: *Жалт қарап шыңғырып жібердім: босағада Нұржан тұр* (Б.Нұржекеев).

*Волеинтракинема* адамның қырсығуы кезінде ерін тістеуі, еріннің төменгі жағын алға шығаруы сияқты құбылыстар жатады.

*Мимеоинтракинема* ой үстінде отырған адамның қабағының түйілуі, еріннің қозғалуы сияқты құбылыстар

жатады. Мысалы: *Қолын берер деп күтпесе керек, қабағын сәл қағып қалды* (Б.Нұржекеев).

*Мимеоинтракинема* - рефлекторлы немесе шартты қозғалыстардың таза, яғни ешқандай да фонетикалық дыбыстардың қатысуынсыз берілетін мимемалар. Бұларға қабағын түю, бұртию, жымию, ымдау т.б. жатады» [55; 20]. Мысалы:

*Иштей толқыған Жақай әйелдің қолтығынан демеп тұрғызуға оқтала беріп, бойын тартып алды. Көңілі бұзылып, жүрегі алып-ұшып қозғалып тұрғанын қанша сездірмейін десе де, үні өз-өзінен бұзылып, дірілдеп, жарықшақтанып шықты:*

*– Көтеріңіз... басыңызды...*

*Келіншек селк етіп, бірақ басын көтермей, ойланғандай отыра берді* (С.Жүнісов).

Немесе:

*Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды. Тыста мұның қолын артына байлап, бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып шапқылап жөнелді* (М.Әуезов).

Сонымен, біз, жоғарыда көңіл-күйді білдіретін бейвербалды қимыл-қозғалыстардың жүйесі басты сегіз түрді құрайтынын айтып өттік: 1) Мимика, 2) Пантомимика, 3) Түр-түс, 4) Дауыс, 5) Тыныс алу, 6) Дене температурасы, 7) Жүрек қызметі, 8) Секреторлық бездер қызметі. Бұған қоса, мына жағдайды да ескере кеткен дұрыс. Психикалық жай-күйлерді берудің біз айтып өткен тілдік емес амалдарынан басқа, шетел ғалымдарының психикалық жай-күйлерді әр түрлі суреттер, сызықшалар, кескіндер арқылы көрсетіп жасаған тәжірибелері де кездеседі. Олар: А.И.Берзницкас, М.В.Осарин, А.М.Эскинд, Ф.Н.Вексельман т.б. [73, 113 б.].

Сондықтан келешекте ұлттық танымды танытатын психикалық жай-күйлерді осы тәжірибені қолдана отырып зерттеуге болады.

Репозиторий қарғу

## **2 ПСИХИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙГЕ ҚАТЫСТЫ ҰҒЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАСЫ**

### **2.1 Психикалық жай-күйдің лексикалық табиғаты**

Бірқатар ғылымдардың зерттейтін саласының бірі – адамның психологиялық ерекшелігі. Олар: философия, психология (оның ішінде әлеуметтік, спорттық, ғарыштық, медициналық т.б.), физиология, этика, эстетика, психоллингвистика. Бұл ғылымдар біріге келіп, өзіндік гносеологиялық және психологиялық ерекшеліктерін сақтай отырып, жан-жақты және мақсатты түрде психологиялық форманы зерттейді. «Психика органикалық материяның барлығында бірдей бола беретін қасиет емес. Ол өсімдіктер дүниесінде жоқ. Тіпті тірі организмдердің төменгі формаларынан да оны табу қиын. Психика – материяның жоғары формаларының, жанды материяның ғана қасиеті» [49, 39 б.].

Тіл қарым-қатынас құралы ретінде адам санасы мен ішкі жандүниесіндегі болатын психологиялық ерекшеліктерді сыртқа шығарады.

Лингвистердің негізгі мақсаты адамның психикалық жай-күйіне қатысты тілдік белгілерін анықтап, оларды бір жүйелік дәрежеге жеткізе отырып, лингвистикалық талаптарға, мүмкіндіктерге жауап беруге дайын болу. Бірқатар зерттеушілердің ойы бойынша, көптеген теориялық қорытындыны тек ғылымға ғана сүйену арқылы алуға болады. Алайда, адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексиканы жіктеу немесе оның берілу жолдарын анықтау мақсатындағы біздің зерттеуіміз лингвистика жетістігіне ғана сүйене алмайды. Біз әр саладағы, атап айтқанда, логиктер, психологтар, философтар, физиологтар т.б. әр түрлі ғылым салаларындағы ғалымдар еңбегіне сүйенуіміз керек.

Сөз мағынасының құрылымдық бөлшектерін талдау үшін сөздердің сөйлемде (контексте) қолданылуына назар аударған қажет. Яғни сөз мағынасын тілдің бөлшегі ретінде де қарастыруға, сөйлеудің де бөлшегі ретінде де талдауға да болады. Сөздің мағынасында әрі танымдық, әрі коммуникативтік элементтер бірігеді де, сөздің екі жағы ретінде қалыптасады; сөз ұғымды білдіреді және пікір алысу кезінде заттарды да білдіреді.

Ғалым М.Оразов В.Н.Комиссаровтың сөз мағынасын анықтауда сөйлеу үдерісі кезінде қолданылуы мен тіркестегі білдіретін мағынасын негізге ала отырып, сөздердің білдіретін он түрлі ақпаратын (информациясын) «Қазақ тілінің семантикасы» (Алматы, 1991) деген еңбегінде атап көрсетеді: «Әрине, В.Н.Комиссаровтың көрсеткен он түрлі ақпаратының барлығы бірдей сөз бойынан табыла бермегенімен, тілдік элементтерде (барлық тілдерде де) толық кездеседі. Олардың берілу жолдары басқалай болуы мүмкін. Мысалы, сөздердің білдіретін бірінші ақпараты заттық мағынаны білдіру, автордың тілімен айтқанда, денотатты теңестіруші информация. Бұндай ақпарат денотаттың барлығын білдіріп, оның атауы ретінде қолданылады. Екінші ақпарат денотаттардың жеке белгісін көрсетеді. Үшінші ақпарат денотаттың белгілі бір жалпы категорияға кіретіндігін көрсетеді. Бұндай категориялар үшеу: лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық. Төртінші ақпарат тілдік таңбаның белгілі бір қатынас үдерісінде қолданылатындығын көрсетеді. Бесінші ақпарат эмоцияны білдіреді. Алтыншы ақпарат бір сөздің басқа бір денотатты білдіру мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, синоним, көп мағыналылық т.б. Жетіншісі – сөз мағынасында бейнелік не басқа бір шартты байланыстың барлығын білдіреді. Мысалы, метафора, метонимия т.б. Сегізінші ақпарат басқа сөздің морфемалық элементтерінің

мағынасын білдіреді. Тоғызыншы ақпарат сөйлесу кезінде белгілі бір сөздің басқа бір сөздермен тіркесіп келу мүмкіндігін керсетеді. Ал, оныншы ақпарат болса, бір сөздің информациясына (мағынасына) қарсы екінші бір мағыналы сөздің барлығын керсетеді. Демек, В.Н.Комиссаров жеке тұрған сөздің өзін ғана алмай, оның сөйлем құрамындағы байланысын, тілдік жүйедегі орнын да қарастырған.

Парадигмалық, синтагмалық мағыналар тілдің ішкі заңдылықтарымен байланысты туатындығы, сөйлеу үдерісінде анықталатындығы анық. Ал грамматикалық, лексикалық мағыналар сөздің мағына құрамына енбейді, керісінше, мағына бөлшектерінің (семалардың) жиынтығынан құралатын, бір бүтін категория ретінде қалыптасқан көрінісі. Сондықтан да мағынаны біз екі түрге ажыратамыз: 1) лексикалық, 2) грамматикалық.

Сөз мағынасының құрылымдық элементтері туралы сөз болғанда, негізінен, төрт мағына элементтеріне тоқталған жөн. Олар: денотаттық мағына бөлшегі, сигнификаттық мағына бөлшегі, эмоциялық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысты мағына бөлшегі. Себебі сөз объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланысып қана қоймастан, адамдардың түрлі қызметімен, көп қырлы тұрмыс жағдайларымен, ынтасымен адамзаттың барлық өмірін қамтуы керек. Сондықтан да сөз мағынасында, кей ғалымдар көрсеткеніндей, сөйлеушінің жасына, өмір тәжірибесіне, тіпті ұлттық ерекшеліктеріне байланысты мағыналық элементтердің болуы мүмкін. Біздіңше, бұлар сөз мағынасында шешуші қызмет атқармайды, атқарса да эмоциялық мағына аясында қалып қояды. Сөздің метафоралы, метонимиялы және синонимдік, антонимдік қасиеттері де мағынамен тікелей байланысты» – дейді [50, 71 б.].

Біз психикалық жай-күйлердің пайда болуы туралы емес, бір психикалық жай-күйден екінші жай-күйге ауысуы немесе олардың әр түрлілігінің тілімізде берілу амалдарын (лексика аспектісінде) қарастыруды көздеп отырмыз. Бұған қоса, адамның психикалық жай-күйлеріне қатысты сөздердің мағыналарын анықтау – еңбегіміздің басты мақсаты. «Сөз мағынасын анықтауда екі түрлі жол бар. Оның біріншісі ономазиологиялық, екіншісі семасиологиялық жол болып саналады. Сөз мағынасын ономазиологиялық жолмен талдағанда сөздердің мағынасының объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен ара қатынасын, сол заттарға берілген аттың (сөздің) берілу принциптерін анықтаса, семасиологиялық жол сол мағынаның қалыптасуын және сөз не сөз тіркестерінің ішкі элементтерінде қалыптасқан (таным үдерісі негізінде) ұғымның қалыптасу механизмін анықтайды» [50, 66 б.].

Адамның әр психикалық жай-күйіне белгілі бір ағзаның физиологиялық күйі сәйкес келеді. Барлық психикалық жай-күйлер тілімізде әр түрлі аталады. Мысалы: қорқыныш, ашу, қуаныш, мазасыздық т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын болсақ, психикалық жай-күйлердің зерттеу нысанымыз ретінде алып отырған төмендегідей алты түрінің берілу амал-тәсілдерін, жолдарын анықтауды нысан еттік. Олар: «қорқыныш», «мазасыздық», «ашу», «қайғы», «қуаныш», «ұят». Осылардың ішіндегі «қорқыныш» пен «мазасыздық» психикалық жай-күйлері барлық жай-күйлерге ортақ, яғни түгелінде кездеседі. Сонымен аталған алты жай-күй тіліміздегі психикалық жай-күйлердің ең негізгі өзегі болып табылады. Ал қалған психикалық жай-күйлер осы алтауының ішіне енеді.

1 Қорқыныш – субъектіде өз тіршілігіне шын немесе болуы мүмкін қатер жөнінде ақпарат алумен бірге пайда болатын сезімдік құбылыс. Мысалы:

...Үйдегі жұрт тегіс тына қалып, «бұ не?» десіп елеңдеп, кейбіреуі жүгірісіп тысқа шыққанда: түн ортасында айқын шыққан «Аттан ! Аттан!» - деген көптен күткен суық сөз саңқ-саңқ етіп естіліп қалды. Үйдегі жұрттың бәрі алай-түлей боп тысқа қарай ақтарылды. Бұл кезде жылқы жақтан да түн тыныштығын қақ жарып шыққан шошынған шулар естіліп жатыр еді.

...Көп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың кәрілерінің: «А, құдай, сақтай гөр!.. А, құдай жаманшылығыңнан сақта!» деген шын жалбарынып, шын тіленген зарлары естіледі... Үлкендердің араларында бала-шаға, қыз-келіншек бір жағынан жүрегі қалтырап, тоңазып қорыққандай болса да, сонымен бірге дірілдеп қызық күтіп, біріне-бірі тығылып топтанып жүр (М.Әуезов).

Мұндағы:

- 1) Елеңдеу – қорқыныштың жай түрі, секем алу;
- 2) Аттан! Аттан! – жағымсыз суық хабар;
- 3) суық сөз – ұнамсыз жайт, хабар;
- 4) саңқ-саңқ ету – жағымсыз (дауыс) әрекет;
- 5) алай-түлей болу – жайсыз күйде болу;
- 6) шошынған шулар – қатты қорыққаннан кейінгі дауыс;
- 7) а, құдай, сақтай гөр!.. а, құдай жаманшылығыңнан сақта! – адамның қатты қорыққан уақытындағы жалбарынуы, құдайдан медет тілеуі;
- 8) жүрегі қалтырау, тоңазып қорыққандай болу, дірілдеу – қорқыныштың көріністері.

2 Ашу (қаһар) – субъектіде өте маңызды қажеттіліктің күшті кедергіге ұшырап, орындалу мүмкіндігінің кенеттен

жойылуына байланысты пайда болып, дүлей көрініс беретін ұнамсыз эмоциялық қалып. Мысалы:

*Қамшысы мен пышағын қысып ұстады да, жылан көзі жалт етіп Қаратауға қарады. Кеждікке гана біткендей кішкентай құлағының ұшы дуылдап қызарып бара жатты (О.Бөкеев).*

Мұндағы 1) *Қамшысы мен пышағын қысып ұстады* – қорқыту, *қамшы* – ертеде қазақта дәстүр бойынша жаман әрекет істеген адамдарға (ашу үстінде) шара қылу үшін қолданатын киелі құрал (қамшымен қырық дүре соғу, қамшымен осып жіберу т.б.); *пышақ* – суық қару; 2) *жылан көзі жалт ету* – көзінде ашу тұну; 3) *құлағының ұшы дуылдап қызару* – ашуланудың алғашқы көрінісі.

3 Ұят – субъектінің өз қылық әрекеттері, ниеттері және сырт келбетінің басқалар күткендей не өз принциптеріне орайлас болмағанын түсіндіруден келіп шығатын ұнамсыз сезім түрі. Мысалы:

*– Қош келдіңіздер, қос аққу, – деп алтыбақанға қарай сүйреледі. Ептеп именіп, ұяла шегіншектеп еді, қоярда-қоймай жәпелдетіп қолтықтай жәнелді (О.Бөкеев).*

Мұндағы 1) *қос аққу* – адам ұялғанда именіп, төмен қарайды. Автор образды ашу мақсатында екі ғашықты аққуға теңеп отыр (бұл жерде аққу – ассоциация); 2) *имену* – жағымсыз қылықтардан бас тарту. **Ескерту:** имену ұялудан ғана емес, қорқыныштан да болады. Бұл жердегі мағынасы – ұялу.

4 Қайғы (мұң) – алғашында аз да болса сенім күттірген маңызды өмір қажеттілігінің орындалмауы не оның орындалмайтыны жөнінде ақпарат алудан болатын ұнамсыз сезім түрі. Мысалы:

*Тегінде Әбіштің денсаулығы нашар екендігі бұл отырған дос-жаранға ертеден мәлім... Осы жайды өз іштерінде Абай, Мағаш, Дәрмендер ойлай сала үнсіз жас төгісті. Қатты жылаған әйелдерді Баймағамбет пен*

*Мұқа бөлек үйге алып кетті. Қанша отырғаны белгісіз, Абай енді үлкен жүзінен айғыз-айғыз боп аққан жасын тыймастан отырып, бір сәтте ес жиды. Өзіне-өзі келе бере ендігі айтқаны, асыға байлаған тығыз байлау (М.Әуезов).*

Мұндағы Әбіш денсаулығының нашарлығы, жазылып кетуге үміттің жоқтығы сияқты құбылыстар «қайғы» психикалық жай-күйін тудыруға негіз болып тұр.

5 Қуаныш – орындалуы күмәнді болып тұрған қажеттіліктің толық қанағаттандырылуына байланысты туындайтын ұнамды эмоционалды күй. Мысалы:

*Әлден уақытта барып, білегін түрінген, белінде алжапқышы бар Ұрқия асыға кіріп:*

*– Сүйінші, Ақан аға! Алыстан жолаушы келіп тұр! – деді.*

*– Ал, ал! Кім ол? Ойпырмай, Сұлтaмұрат емес пе? – дегенде Ақанның жүрегі атып тулап кетті.*

*Аузын жиган жоқ, қап-қара көмірдей бетінде аппақ тістері ақсиып, Сұлтaмұрат кіріп келді. Жастар аяғынан тік тұрды. Ақан екеуі бас салып құшақтасып, көріскен адамша ұзақ аймаласты.*

*– Апырмай, сен үйге бағана кірген сияқты едің, неғып бөгелдің,- болды қуаныштан аузына түспеген серінің алғашқы сөзі (С.Жүнісов).*

Мұндағы 1) *Сүйінші!* – қуанышты хабарды жеткізудегі белгі; 2) *жүрегі атып тулау* – қатты толқып қуану; 3) *бас салып құшақтасу* – көптен бері көріспей, сағынған қуанышты кездесу; 4) *аузына сөз түспеу* – қатты қуаныштан сөйлей алмау.

6 Мазасыздық – субъектінің белгілі бір жағдайлардан туындайтын іштей қобалжыған тебіренісі, толқынысы сияқты эмоциялық күйі.

*Әлден уақытта көк өзектің бергі қырқасынан қос түлкінің құлағындай шошаң етіп әлгі төрт ат қайта*

шықты. Қатар ұстаған қос домбыраның төрт шегіндегі қатар сорғалап, Ерейменнің бөктерін күйге бөлеп келеді.

- Әй, алгі жалғыз қара қайда?
- Үздік еді ғой, қайда көрінбей кетті?
- Не болды?
- Не болды?
- Сүрінбесе игі етті!
- Құламаса игі етті!
- Қалып қойды.
- Әне көрінді.
- Ол емес.
- Мына төртеудің ішінде.
- Жоқ, мұнда жоқ.
- Кәдік болды.
- Кәдік!
- Кәдік!

Көсіле салған төрт атты көргенде Ақанның арқасынан мұздай тер шып-шып шықты. Кең, жазық маңдайында бөрткен тер маржандай мөлдіреп, тынысы тарылып, кешкі таза ауа жетпей барады. «Апыр-ай, не болды, не болды. Мыналардың ішінде болса игі етті. Жоқ. Жоқ, бірі де ұқсамайды. Қайда, қайда? Тағы не сұмдық болды. Апырай, жүрегі құрғыр алып ұшып, неге дүрсілдеп кетті. Тулап барады ғой. Сап-сап. Шыда, шыда. Бұл не? Дүние төңкеріліп барады. Аспанның қарайып бара жатқаны несі. Мынау жер ме, аспан ба? Жұрт не деп шулайды. Құлагер дей ме? Пырағым, қанатым!» Сары аттың үстіндегі Ақан көзі қарауытып, теңселіп кетті. Түк көрмей, түк естімей, көзінің алды бұлдырап, тұнып барады (С.Жүнісов).


Мұндағы жауапсыз сұраулы сөйлемдердің барлығы мазасыздықты білдіреді, оған қоса тынысы тарылу, ауа жетпеу, жүрегі алып ұшу сияқты тіркестер мазасыздық күйінің тікелей көріністері болып табылады.

Жалпы психологияда, ғалымдардың пайымдауынша, адамға тән сезімдердің бес жүзден астам түрі бар. Олардың көріністерін тілдік тұрғыдан жеткізу кей жағдайларда оңайға түспейді. Олар адам санасында бейнеленуімен шектеліп қалады. Осыған орай тіліміздегі микропсихикалық жай-күйлерді шартты түрде алты басты жай-күйдің құрамына енгізіп, төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:

Кесте 4 – Микропсихикалық жай-күйлерді топтастыру

<b>Қорқыныш</b>	үрей
<b>Ашу</b>	жеккөрушілік, өкпелеу
<b>Ұят</b>	қысылу
<b>Қайғы</b>	өкініш, қасірет, күйініш, торығу
<b>Қуаныш</b>	махаббат, күштарлық, рахаттану, сүйсіну
<b>Мазасыздық</b>	толқу, сағыныш

Мысалы: «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы төмендегі суреттен көруімізге болады:



Сурет 1. Мазасыздық психикалық жай-күйіне қатысты лексика

Адам – күрделі психикалық жаратылыс. Онда эмоциялық толғаныстар біртекті болмайды. Бір объектінің өзі біріне-бірі қайшы келген әрқилы сезімдік күйді пайда етеді. Бұл құбылыс амбивалентті (екіұшты) деп аталады. **Амбивалентті жағдай адамдағы тұрақты қалып пен нақты оқиғаға байланысты оның сезімі арасындағы қайшылықтан туындайды.** Мұндай бір-біріне қайшы немесе бір психикалық жай-күйден екінші жай-күйге өту уақытын төмендегі мысалмен дәлелдеп көрейік:

– *Ондай жігіт бұл өлкеде жоқ қой, ана. Тұр, сымбат, аң айтқандағы даусы, сөйлеген сөзі ешкімге ұқсамайды...*

– *Солай еді де. Ендеше мына Қорамса мен Жаңылдың неге келгенін білдің бе?*

*Гүлшахра әлдебір алыстағы үміт шырағы жылт етіп жанғандай көзі жыпылық атты:*

– *Қайдан білейін?!*

– *Құдалыққа түсе келіпті, – деді Наушарбан төтесінен.*

– *Кімге, қай баласына, - деп үрейленгендей көкішіл көзін кең ашып, шешесіне сенімсіз қараған Гүлшахраның беті оттай күйіп, қызарып кетті.*

– *Кімге болушы еді, Ақан серіге... Немене үлкенсіп тұрсың ба?*

*Көзі жасаурап, көмейіне бірдеме тірелгендей жұтына алмай тығылып қалған Гүлшахра шешесіне көзінің жасын көрсетпей, құшақтап алды:*

– *Ол не дегенің, ана, Ақанды кім үлкенсуші еді. Бірақ рас па, рас па осы айтқаның, – деп қуаныштан ықылық атты.*

– *Расы рас-ау. Бірақ, ана әкең келіссе жарайды әлі.*

*Жаңа тапқан асыл тасты жүзікті саусағына кие бергенде біреу тартып алғандай, Гүлшахра түсі бұзылып, басын көтеріп алды.*

– *Келіспегенде мені сиырдай ғып үйде ұстап отырайын деп пе еді, - деп даусы ашулы шықты.*

– *Түменнің бір байына берем деп жүрген.*

– *Егер Ақанға бермей көрсін осыдан, тура асылып өлейін, - дегенде иегі дірілдеп кетті (С.Жүнісов).*

Жоғарыдағы мысалдан бір адам бойындағы, оның сөйлеу әрекеті барысындағы бір мезеттегі (жағдайдағы) әр түрлі психикалық жай күйлердің ретін келесідегідей етіп көрсетуімізге болады:

**Қуаныш** – (аз да болса) – **қорқыныш** (сенімсіздіктен үрейлену) – **қуаныш** – **ашу**

Кез-келген психикалық жай-күйлердің табиғатын толық түрде түсіну үшін оны контекстік мағынасында алып қараған дұрыс. Мысалы:

*Бәрі де күн қабағынан байқаған қорқыныштарын айта бастады:*

– *Сөз жоқ дауыл болады.*

– *Өшір үніңді. Аузыңнан жақсы сөз шықсайшы.*

– *Өй, Құдай-ай, сөзбен жарылқауға болса, жақсылықты төбеңнен үйіп тастар едім.*

– *Иә, мұз әлсіз. Жел арқадан шықса, аяқтай мұзды алады да кетеді.*

– *Тентек Шодырмен тілдесіп көрсек қайтер еді?*

– *Ештеңе шықпайды.*

– *Апыр-ай, бұл не деген безбүйрек ит (Ә.Нұрпейісов).*

Бұл мысалдағы «Сөз жоқ дауыл болады», «Иә, мұз әлсіз», «Тентек Шодырмен тілдесіп көрсек қайтер еді? – Ештеңе шықпайды» сияқты сөйлемдердің семантикасынан балықшыларға қауіп төндіріп, олардың ішкі жандүниесіндегі қорқынышына себеп болып тұрған жайтты байқауымызға болады. Бұл сөйлемдерді контекстік мағынасынан жеке-жеке алып, бір-бірінен байланыссыз

қарайтын болсақ, онда оларда қорқыныш жай-күйін білдіретін мағына бірлігі (Дауыл. Әлсіз мұз. Шодырмен тілдеспеу (қорқыныштан)) болмай, түсініксіз болып қалар еді.

Енді тілімізде басты алты психикалық жай-күйге қатысты лексиканың түрлері мен берілу жолдарына жеке-жеке тоқталайық.

### **2.1.1 «Қорқыныш» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы**

Тілімізде психикалық жай-күйді білдіретін лексиканың берілу жолдары әр түрлі. Олар сөз табының етістік, зат есім, сын есім, одағай, еліктеуіш сияқты түрлері арқылы жасалып, адамның әр түрлі жағдайдағы психикалық жай-күйін тудырады. Мұндай психикалық ерекшеліктерді психологияда сезім деп атайды. «Сезім – бұл адамды қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан туындаған әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелістері» [74, 207 б.].

Мысалы: қорқу, қуану, мазасыздану, ұялу, ашулану т.б. Осындай сезімдерге байланысты психолог ғалым У.Джемс: «Біздің қайғыруымыз – жылағанымыздан; қорқуымыз – қалтырауымыздан; қуанғанымыз – күлгенімізден» – дейді [12, 208 б.].

Жоғарыда аталған жай-күйлердің ішінен «қорқыныш» психикалық жай-күйін білдіретін лексиканы сөз етпес бұрын алдымен бұл психикалық жай-күйге анықтама бере кетейік. «Қазақ тілінің сөздігі» атты еңбекте:

*«Қорқыныш – бір нәрседен қорыққанда болатын сезім, үрей», – делінген [75, 409 б.]. Мысалы: Сары шал әлден уақытта өзін өзі зорлап сабырға шақырды. «Не істеймін? Қанын қалай тоқтатам? Ойбай-ау, бүйтіп*

*жата берсе, қансырап өледі зой!» «Өледі зой» деген сөз миына тастай суық тиді. Қорқынышты қорқыныш жеңгендей сыйқы бар. «А, құдай, - деді жалбарынып, - енді көзіме Сәтімді көрсетпесең де одан қалған жалғызымды аман қыл! Басқа тілегімді бермесең де, осы тілегімді бер жаратқан!» (Б.Нұржекеев).*

Ал орыс тілінің 2000 жылы шыққан түсіндірме сөздігінде:

**«Страх – очень сильный испуг, сильная боязнь; 2.мн. События, предметы, вызывающие чувство боязни, ужаса (раз); 3. в знач. Сказ инореч. Очень, в высшей степени, очень много, в ужас»** – деген түсініктеме берілген [76, 572 б.].

Сонымен қатар жоғары оқу орындарына арналған «Жалпы психология» атты оқулықта:

**«Қорқыныш – субъектіде өз тіршілігіне шын немесе болуы мүмкін қатер жөнінде ақпарат алумен бірге пайда болатын сезімдік құбылыс»** – деп түсіндіріледі [49, 218-б.].

Аристотель болса адамның сезімдері мен қылықтарын бөлуде қорқыныш психикалық күйін және оның артықшылықтары мен кемшіліктерін былай деп көрсетеді: *Чувство – (страх), добродатель – (мужество), недостаток - (бесстрашие), избыток – (трусость)* [24, 31 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, қалай болғанда да, қорқыныш – жағымсыз эмоция. Осыған байланысты психолог ғалымдар осындай эмоциялық жағдайлар адамның дем алу, қан айналу органдарына өзгерістер түсіретінін, бет әлпеті мен (мимика) бүкіл дене қимылдарына (пантомимика), сөздің интонациясы мен тембріне, дикциясы мен паузасына да өзгерістер енгізетіндігін дәлелдейді [49, 195 б.].

«Өмірдегі кейбір ақиқат заттар мен құбылыстар адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы, ішкі сезімі арқылы танылады» [77, 10 б.].

Демек осыған орай «қорқыныш» психикалық жай-күйінің мағынасы танымымызда «қорқақ» сапалық қасиетімен тығыз байланысты, яғни қорқыныштың көрінісі болып табылатын қалтырау, дірілдеу жалпы бейнеде «суық»-ты береді. Ал орыс тілінде қорқыныштың концептуалдық өрісін Ю.С.Степанов былай көрсетеді: «*Страх – Страдание – Страсть. Страх* содержит тот же корень, что и *страдать, страсть*, и, значит, представляет в концептуальном плане по происхождению единство двух концептов – «страх» и «страдание» [78, 672 б.].

Тілімізде *қорқыныш, қауіп* деген сөздер кездеседі. Бірақ екеуі бір ұғымды (контексте болмаса) бермейді. Қорқыныш сезім-күй болса, қауіп сол сезім-күйді тудырушы түрткі. Яғни қорқыныш – қауіптің көрінісі. Мысалы: *Ақыры сыртқа шығармақ түгілі іштей ойлауға қорыққан көңіл түкпіріндегі қауіп шындыққа айналды* (Ж.Жағыпарұлы).

«Қорқыныш»-тың жай түрі *секем алу* да, ал қатты түрі *стресс* болып табылады. Қорқа берген адам кейде именшек те болып кетеді. «Қорқыныш» психикалық жай-күйі төмендегідей үдерістерден өтеді:

### **Секем – шошу – қорқыныш – үрей - стресс**

«Қорқыныш» психикалық жай-күйіне байланысты туындаған я болмаса жұмсалған сөздердің көбіне мән-мағынасы контексте ашылады. Мысалы:

1) – *Қайтып келесің бе?*

-*Бір сағаттан соң.*

*Жасынмен кездесуге ме?*

*Бағила дір ете қалды.*

– Қорықпа, онда тұрған ештеңе жоқ. Менен сәлем айт! Саған туыс емес екенін оңай уәде бергеніңнен біліп ем. Ал, жолың болсын!

Бағила коридордың алыс түкпіріне қарай бұрылып кетті (Д.Исабеков).

2) – Бүгін қонаққа барамысың?

– Ойланып тұрғаным?!

– Әй, қорықпай-ақ қой, оған қазір өзім звондап ескертіп айта саламын. Одан да футболға барайық.

– Қорқып тұрған жоқпын, ұят бола ма деп тұрмын...

3) – Қалай, Иманым, үнің шықпай қалды, тілің ақ тоқалдың тіліне жабысып келе ме?

– Тоқалдардың жарасы жеңіл-ау, менің ойымды улап, тілімді буып келе жатқан – түнеугі Келбет дейтін қыз. Сіздің бүкіл елден таңдап сүйген Самалыңыз сол Келбеттің кебісін салуға да жарамай ма деп қорқамын (Ә.Әбішев).

Мұндағы бірінші мысалдағы «қорықпа» сөзі адамның белгілі бір психикалық жай-күйіне (Бағила дір ете қалды) байланысты айтылған (жұмсалған) болса, екінші мысалдағы «қорықпа» сөзі адамды қорқыныш жай-күйінен алдын-алу мақсатында жұмсалып тұр (ол мүлдем қорықпай тұруы да мүмкін). Үшінші мысалдағы «қорқамын» сөзі «қорку» психикалық жай-күйін емес, «күдіктенемін» деген ойды білдіріп тұр.

**Зат есімдерден** жасалған «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика төмендегідей:

*Құрылымы:* етістік пен зат есім жасаушы тұлға.

*Мағынасы:* субъект бойындағы қауіптен туған үрей, жүрексіздік.

Тілімізде зат есім түріндегі «қорқыныш» психикалық жай-күйіне байланысты сөздердің мынандай синонимдік қатарлары кездеседі: үрей, қауіп, құт, зәре, жүрексіздік, батылсыздық, қоян жүректік, қоқан-лоқылық т.б. Зат есім

түрінде келетін «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың реті төмендегідей:

**Қорқыныш.** Мысалы: *Ал Аспанның бойындағы қорқынышты кеше көшкін ағызып әкеткен (О.Бөкеев).*

**Қорқыныштылық** (үрейін, зәре-құтын кетіргендік) – қимыл атауы.

**Қорқыту** – қимыл атауы.

**Қорқақтау** – қимыл атауы.

**Қорқақтық** (жүрексіздік, батылсыздық, қоян жүректі), мысалы: *«Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы» деп, мырс етіп, мұрт астынан күліп қойды (М.Әуезов).*

Бұл жай-күйді жасаушы жоғарыдағы сөздер – «қорық, яғни қорқу» етістігінің негізінде пайда болған синтетикалық тұлға. Қорқыныш бұл қауіп-қатердің көрінісі болса, ал ал қорқу – субъектінің сапалық қасиеті. Демек қорқыныш «қорық» етістігінің негізінде жасалған болса, осыған байланысты тілімізде төмендегідей сөздер пайда болған: 1) *қорық* – малдың жайылуына уақытша тыйым салынған шалғынды, шүйгін шөпті жер; 2) *қорық* – сирек кездесетін аңдар мен жануарларды, әр алуан құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін аймақ; 3) *қорық* – дуал (үй іргесіндегі қоршау); 4) *қорық* – күзет.

Қалай болғанда да бұл сөздер құрамынан қорқыныш жай-күйінің солғын да болса сезіліп тұратынын, байланысы бар екендігін аңғару қиынға соқпайды. Түбірі – қор(ы, у). Бүгінгі күнде бұл сөздер омоним болып кеткен.

**Сын есімдерден** жасалған «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

**Құрылымы:** «қорық» етістігінің негізінде адъективтенген тұлға.

**Мағынасы:** субъект бойындағы қауіп-қатердің сапалық көрінісі.

Бұл есім тобына жататын «қорқыныш»-қа байланысты сөздер сын есімнің жай, салыстырмалы, күшейтпелі шырайлары арқылы жасалынады:

**Қорқынышсыз** (қорқынышы, қауіп-қатері жоқ; үрейсіз).

**Қорқынышты**, мысалы: *Бірақ албастыдай басқан қорқынышты түстен құтқарған ұлына рақмет айтқысы келмеді* (О.Бөкеев).

**Қорқыныштылау**, мысалы: *Жалғыз болса да өте үлкен, ұялы жанары жарқырап обаның басына жанған шырақтай, қорқыныштылау сәуле шашады* (О.Бөкеев. Өз отыңды өшірме, 30-б.).

**Қорқыныштырақ** (үрейлірек, қауіптірек), мысалы: *Кеш жамылып келе жатқан әскер манағы қосыннан гөрі қорқыныштырақ көрініп тұр.*

**Қорыққын** (жөктан өзгеге қорқа беретін, үрейленгіш адам).

**Қорқақ** (жүрексіз, су жүрек), мысалы, *Көз қорқақ, қол батыр* (қазақ мақалы). Бұл сөз көбінесе адам бойындағы сапалық қасиетке (адамның батыр не қорқақ екендігін анықтауда) байланысты қолданылады. Мысалы: *Оспан оған да сақылдап күліп:*

– *О, қорқақ, қорқақ, – деп мазақ еткен* (М.Әуезов).

**Қорқақтау** (жүрексіздеу, су жүректеу), мысалы: *Қалжыңға келер шорқақтау, Жауға келер қорқақтау* (Абай).

Жоғарыдағы **қорқынышты**, **қорқынышсыз** сөздері қарама-қарсылықты білдіретін зат немесе құбылыстың сапалық қасиетін анықтайды және бұл үлгідегі жай-күйдің антонимдік қатары тіліміздегі **батыр** сөзі болып табылады. Ал синонимдік қатарларын үрейлі, жүрексіз, үрейшіл т.б. сөздер толықтырады.

**Етістіктен** жасалған «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* «қорық» етістігінің негізінде жасалған әр түрлі етістік тұлғалары.

*Мағынасы:* субъект бойындағы қауіп-қатердің әр түрлі жағдайдағы көрінісі.

Бұл сөз табына жататын сөздер етістіктің есімше, көсемше, болымды, болымсыз, етіс, шақ, рай категориялары арқылы жасалып, тілімізде мынандай синонимдік қатарларды құрайды: үрейлену, шошу, зәре-құты қалмау, қауіптену, үрку, үрпиісу, қашу (бұл жерде: қорқынышты сезінген жағдайда) т.б.

Есімше тұлғасында келетін «қорқыныш» психикалық жай-күйі қорқатын, қорыққан (мысалы: *Ажалды шабуылдан қорыққан басқа жылқы, өздері бастап келе жатқан жирен айғыр ыршығанда, жанағы жардан тегіс ытқып, құлай-құлай берісті.* М.Әуезов), көсемше *қорқа, қорқып, қорқайын* (мысалы: *Күні бойы екеуіміз келіскен жоқпыз ба? Несіне қорқып тұрсың.* Д.Исабеков.), болымды *қорқу*, болымсыз *қорықпау* (мысалы: - *Қорықпаңыз, еркін айта беріңіз.* Д.Исабеков), бұған қоса жоқ модаль сөзі арқылы (мысалы: *Егер бұлардың патшалығындағылар мына кемпірдің айтқанындай болатын болса қорқатын түгі жоқ.* Д.Исабеков), етіс *қорқыту, қорқытқызу*, мысалы: *Қатты қорқытып қойған болу керек, дауыстарын шығара алмай жаншылып, егіліп жылайды* (М.Әуезов), шақ, мысалы: *«Сайтан көпірден» өтсе, аман оралар еді* (О.Бөкеев), рай, мысалы: *Байтас қорықса, қорықпаса да сыр алдырған жоқ* (М.Әуезов) т.б.

Бұл үлгіге жататын «қорқыныш» психикалық жай-күйіне байланысты сөздер етістіктің дара немесе күрделі тұлғаларында да келе береді. Мысалы күрделі түрі: *қорқынышты еді, қорқыныш қысты, қорқыныш бар, қорқыныш жоқ, қорқу-қорықпау* т.б. (*Алтайдың аш қасқыры... атылайын деп тұрғандай аса қорқынышты еді.* О.Бөкеев, немесе: *Оның үстіне, қорық-қорықпа бәрібір*

шегінер мүмкіндік жоқ еді. Д.Исабеков). Оған қоса етістіктің есімді тұлғаларында да кездесіп, тікелей іс-әрекетті білдіреді: *Жер-көкте нәсерден өзге тырс еткен тіршілік белгісі жоқ, бәрі-бәрі қырылып қалғандай қорқынышты* (О.Бөкеев). т.б.

Төмендегідей парадигмалық қатарды құрайды:

*Мен қорқамын – мен қорқа бастадым – мен қорықсам – мен қорықпасам – мен қорқатын едім – мен қорқақтаймын.*

«Қорқыныш» психикалық жай-күйіне байланысты қорыққанда, шошығанда айтылатын сөздердің қатарына төмендегідей **одағайларды** жатқызуға болады:

*А-А?;! Астапыралла!; Алла-ай!; Алла сақтасын!; Айтпа! Айтпа!; Жасаған-ай!; Көтек!; Тек! т.с.с.; Құдай-ай!; Сақтай гөр!; Сұмдық-ай!; Не дейді?!; Ойбай-ай!; О, тоба! Мал құлағы саңырау! А, құдай, ақсарбас!.* т.б.

Мысалы:

*Көп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың кәрілерінің: «А, құдай сақтай гөр!.. А, құдай, жаманшылығыңнан сақта!» деген шын жалбарынып, шын тіленген зарлары естіледі... немесе: Ол жүрегі белгісіз қауіптен қорыққандай болып: «А, құдай, ақсарбас!.. Кеселдердің отына күйгізе көрме, қарағымды! Жалғыздың жары құдай!» деп тілеу тілеп жүрді... (М.Әуезов).*

Жоғарыдағы мұндай сөздердің тосын жағдайда шошынғанда қазақтардың жағасын ұстап тұрып айтатыны жайында айта келіп, этнограф ғалым С.Кенжеахметұлы: *«Жағасын ұстады» деген осындай шошынудан шыққан әдет* – дейді [79, 86 б.]. Мәселен:

*– Кімді екенін білмеймін, әйтеуір, біреудің қанын төкпей тынатын түрі жоқ, менің түсінгенім сол.*

*Мәдидің бұл сөзі Текештің шымбайына батып кетті, бірақ ол сыр білдірмей жағасын ұстай алып:*

– Астағралла, – дегеннен басқа сөз айта алған жоқ (Ә.Әбішев) немесе: ...оның орыс тілінде жазылғанын қайтарып берді де, екіншісін оқып шығып жағасын ұстады:

– Астағыпыралла, мынау ел құлағы естімеген сұмдық екен. Ақырзаман боларда «дүниеге түрлі-түрлі бәле толғай» дегеніміз осы болар (Ә.Әбішев).

Бұл жай-күйді беруде төмендегідей **еліктеуіш сөздер** де кездеседі. Мәселен:

*Жүрегі бұлк етті, селк етті, дір етті, денесі қали-қали етті т.б.*

Мысалы: *Шаңдатып келе жатқан жалғыздың суық сүреңді айғайы шықты.*

– *Жаназа... жаназа...*

*Жұрт тіксініп дір ете қалды.*

– *Сер аға... жаназа, ойбай қымыз, – деді құлап бара жатып.*

*Бірнеше жігіт аттарынан жарыса түсіп, бірі оның басын сүйесе, біреулері арбадағы қымызға жүгірді (Ә.Әбішев).* Немесе:

– *Әлденені сезгендей жүрегім дір-дір етеді, мұндай әдет бұрын жоқ еді.*

*Байлардың сыры мәлім, олар менің кім екенімді білген күнде ашық айқасқа шықпайды, не қапылыста бас салады, не жолымызды тосады, мұның екеуіне де жол бермес үшін мұнан былай ел ішінде түнмейміз, жол тосушылар болса онан қорықпаңдар (Ә.Әбішев)* немесе: *Бәрінде де зәре жоқ, қали-қали етеді. Тіпті қайсы бірі осы көргендерін өңі екендігін, түсі екенін айыра алмай өзіне-өзі ойлана қарайды (Ә.Әбішев).*

«Қорқыныш» психикалық жай-күйінің **метафоралық** қолданысы:

*Құрылысы:* «қорқыныш» психикалық жай-күйін білдіретін ауыспалы мағыналы сөздер.

*Мағынасы:* субъект бойындағы үрей, қауіп-қатерді білдіреді.

Мысалы: *Алып қара бұлт көк жиекті тағы да торлады. Иман оны аңғара қойған жоқ еді, қап-қара бұлттың бетінде ойнаған найзағай алыстан оқ жыландай зәрлі көрінеді екен.*

*Иманның көзі соны шалып еді, манағы жыланмен тағы кездескендей жаны ыршып ширығып алды. Оның қорқынышын қоюландыра түскісі келгендей күннің көзін көк жиектің бұлтты жалмап еді, дүние түнеріп сала берді (Ө.Әбішев Найзағай, 21 б.).*

«Қорқыныш» психикалық жай-күйін тілімізде алуан түрлі **тұрақты тіркестермен** де беруге болады. Көркем шығармаларда «қорқыныш» психикалық жай-күйін бейнелеуде жазушылар дара сөздерді де, тұрақты сөз тіркестерін де пайдаланатынын байқауға болады. «Қорқыныш» психикалық жай-күйіне байланысты тұрақты тіркестердің мөлшері (фразеологиялық сөздік бойынша) 14,7%-ды құрайды. Мысалы:

*аузын бақадай ашырды, аруағы ұшып кетті, аяғының ұшынан басу, арқасы мұздап қоя берді, бетінің қаны қапты, батылы бармады, бұтына с... жібере жаздады, дедек қақты, екі көзі шарасынан шықты, есі кетті, есінен адасты, жаны түршігу, жанын жағасына келтірді, жаны иненің ұшында, жаны зәр түбіне кетті, жүрегі алып ұшты, жүрегі күпті болды, жүрегі су етті, жүрегі суып қоя берді, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі шайлықты, зәрезап болды, зәре-құты қалмады, иманы қасым болды, ит көрген ешкі көзденді, көлеңкеден қорықты, көңілі мұздады, қаны қапты, қос үрей болды, мысық боп тыңдады, ор текедей пысқырды, өзінен қуыстанды, өлердей қорқу, селк етті, сес алды, суқыны қапты, тазы құған қояндай, төбесінен су құйып жібергендей болды, төбе құйқасы шымырлап кетті; тұла*

бойы қалтырап кетті, шыбыны ұшты, іші мұздады (диал. Бараны қапты, опыны қапты) т.б.

Көркем әдебиетте «қорқыныш» психикалық жай-күйін жазушылар төмендегідей етіп береді:

– Бұл Ақанның Ақтоқтыға жеткізген сәлемі еді. Ақтоқты зәресі ұшты. Ақан жазым болар деп үрейленді. Ол үшін ешкімді де жазғыра алмады (С.Жүнісов) немесе: Жүрегі мұздап, түбі келер бір жаманатты сезгендей іші сыздап сала берген, шүйкедей гана қаңғыбас Құлашаның айналып соғар киесінен қатты қорыққан (О.Бөкеев).


Адамның психикалық жай-күйін танытатын лексика адамзаттық танымда бірдей ұғынылады. Мысалы, салыстырып көрейік:

**Қазақ т.:** Қасқырдан қорыққан орманға бармас.

**Орыс т.:** Волков бояться в лес не ходить.

**Француз т.:** Qui a peur des feuilles ne vas point au bois.


(тура мағынасы: жапырақтан қорыққан орманға бармас).



**Турақты тіркестер:**

**Орыс т:** Волосы становятся дыбом.

**Қазақ т:** Төбе шашы тік тұрды.



**Орыс т:** Душа в пятках.

**Қазақ т:** Жүрегі ауызына тығылды.


*ор. т.*

*қаз. т.*

Сөз:

Түсінік:

*Зат:*



Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, әр топтағы халықтың сөздік қолданысы әр түрлі болғанымен, түсінігі – біреу-ақ. Ал түсінікті жеткізудегі алынып отырған затының бірдей немесе әркелкі болып келуі – сол халықтың географиялық-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты. Қалай болғанда да, психологиялық таным тұрғысынан «адами» түсінік біреу ғана болып табылады. Осыдан келіп адамзат әрекетінен туындайтын эмоциялардың әмбебаптылығы деген түсінік пайда болады. Бұл туралы Б.И.Додонов былай дейді: «Некоторые отдельные эмоции являются универсальными, общекультурными феноменами. И кодирование, и декодирование ряда эмоциональных выражений одинаковы для людей всего мира, безотносительно к их культуре, полу, языку или образовательному уровню» [13, 72 б.]. Бұдан біз тіл мен мәдениеттің байланыстылығын аңғарамыз. Тіл мен мәдениет, дүниенің тілдік бейнесі, бұған қатысты мәселені ғалым А.Ислам өз еңбегінде жан-жақты баяндайды [80, 9 б.].

Ұлттық таным тұрғысынан мына жағдайды да ескере кеткен жөн. Халқымыз ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, яки сиынғанда құдайға, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп, жолына мал,

зат, ақша атап отырған. Оның саны жетеу болуы шарт болған. Міне, бұл жағдай ұлтымыздың бір нәрседен қатты қорыққандағы типтік көрінісін жалпы байқатады. Мұндай жағдайда көбінесе адамның қатты қорыққан кездегі айтатын сөздері (көп жағдайда іштей сөйлеуде, ал сырттай бет-әлпетінің өзгеруі) тіліміздегі «құдай, аруақ» сөздерімен тығыз байланысты. Мысалы: *Ол жүрегі белгісіз қауіптен қорыққандай болып: «А, құдай, ақсарбас!... Кеселдердің отына күйгізе көрме, қарағымды! Жалғыздың жары құдай!» деп тілеу тілеп жүрді...* (М.Әуезов). Немесе: *Қас-қағымда найзағай сөнді, бірақ жаңағы жалғыз қабірге жабысқан елес Сапардың көзінен өшер емес. Найзағай оты өшісімен басын көтеріп, қараңғыны қармай еңбектеп келе жатқанға ұқсайды.*

*– Лә хаулә, ла хаула, - деді Сапар бір сөздің өзін екі түрлі күбірлеп. Мұниша неден қорыққанын айтуға дәрмені жоқ, әрі намысы да жібермей тұр.*

*– Осы бо-са-ға да же-тер, - деп қабырғаны сүйкей отыра бере Иманның етегінен тартып (Ә.Әбішев) немесе: Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: «Құдай тағзы төбемнен ұрайын деген екенсің зой! Қарағым адасты зой! Ұшып өлді зой. Аруақтарым, қолдай гөр! Ақсарбас!» - деп, баласын шақырып айғайлай бастады. Келіні де сүйенгені тілеуі, зары болып, қорқып тұрды (М.Әуезов).*

Қазақ тілінде «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты **мақал-мәтелдер** де көптеп кездеседі:

*Дау шешеннен қорқады, шешен мылжыңнан қорқады; қорыққанға қос көрінер; көп қорқытады, терең батырады; қорықпас келін, қой басынан қорқады; көз қорқақ, қол батыр; жаман қорыққаннан сыйлайды; сыпайы сүйгенін сыйлайды, жаман қорыққанын сыйлайды; жоғарыдан туған жортақ бар, батырдан туған қорқақ бар; қуанған мен қорыққан бірдей; барымтадан қорыққан*

мал жимас; сыртқы жау екі ұшты, ішкі жау қорқынышты; шегірткеден қорыққан егін екпес, бейнеттен қорыққан мал жимас; бөріден қорыққан орманға бармайды; арсыз адам қорқақ келеді, барлауға шорқақ келеді; бір қорқақтың кесірі мыңға тиер, жолдас болсаң қорқақпен – жаның күйер; батырдың көзі өмірге түседі, қорқақтың көзі өлімге түседі; ер бір өледі, қорқақ күнде өледі; айға шапқан арыстан, ашуына болайын, жауға шапқан батырдың, тасуына болайын, үйде қалған қорқақтың, сасуына болайын; жаз жыланнан қорыққан, қыс ала жіпті аттамайды; қорқақ көлеңкесінен қорқады; қорқақ қол бастай алмайды; қорқақтың қолы қысқа; қорқақты көп қусаң батыр болады; қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен; қорқақтың сылтауы қойнында, басын сақтау ойында; қорыққан бұрын жұдырықтайды; қорықсаң құның болмайды, жауды жеңбей тыным болмайды; қылышты қорқақты, сойылды батыр соғыпты; өлі бураның басынан тірі атан қорқады; тамырыңнан түйе сұрасаң, қорыққаннан бие берер; жорғадан туған жортақ бар, батырдан туған қорқақ бар; аулы жақын ит, қасқырдан қорықпас; қорқақ ит үреген; аюдан қорыққан тоғайға бармас; қоян көлеңкесінен қорқады; бас ауырса жан қорқады; иттен қорыққан дуаналық қылмас; құдайдан қорықпағаннан қорық, адамнан ұялмағаннан ұял; өлі бураның басымен тірі атанды қорқытпа.

Жалбарыну сөздері: Алла жаманшылығыңнан сақта!  
Құдай өзі сақтай көрсін! Астапыралла, астапыралла!  
Біссіміллә, сақтай гәр!

«Қорқыныш» психикалық жай-күйі төмендегідей тілдік емес белгілер арқылы беріледі:

**Мимика** (бет қимылы, соның ішінде көздің айқын көрінісі: екі көзі шарасынан шықты): көздің бадыраюы, аларуы. Мысалы:

*Мәдидің қазіргі түрінен кім болса да қалтырарлықтай еді. «Атса атсын» дегендей ой келді ме, жоқ әлде жігіттің қауқары қандай екенін байқап қалды ма, әлде Келбеттің оны «күйеуім» деген сөз намысына тиіп кетті ме, әйтеуір, ол жолбарысша атылғалы барады. Жігітте жаңағы дәрмен жоқ, қали-қали етіп алты атарын кезенген күйі атын шегіндіріп барады. Мәдидің көзі бір тайса, Келбетті тастай қашатын түрі бар (Ә.Әбішев).*

**Пантомимика** (бүкіл дене қимылы, соның ішінде қол бұлғап сөйлеу, дене қалпы; қорқыныштан дененің қалтырауы). Мысалы:

*– Менмін Мәди, мен мен! – деп Келдек екілене айғай салды. Ол ақсаңдай басып, сойылын сүйреткен күйі алға шықты.*

*– Мұнда Мәди екеу еді ғой, сен қайсысың?*

*– Мен нағыз Мәди, мен, – деп Келдек екілене айғайлап Мәдиге қарай жүре бастады. Ойы қолындағы ақ табан қара сойылды қайқайып тұрып бір сілтемек.*

*– Нық Мәди сен болсаң үкімің әлдеқашан айтылған, енді иманыңды айта бер, – деп Мәди алты алтарын суырып алып еді, жаңа батырсып тұрған Келдектің екі тізесі бірдей селкілеп, арқасын аяз қысқандай тісі-тісіне тиместен сақылдап кетті. Не ілгері, не кейін кетуге хал жоқ, қолындағы сойылы кескіленген кесірткенің құйрығындай оришды.*

*– Мен... мен... Мә-ди емеспін, ағатай.*

*– Өтірік айтасың, нақұрыс, – деп Мәди алты атарын кезей түсіп еді, Келдек ырышып барып шалқасынан түсті.*

*– Ол-ла-һи, м-ен... Мәди емеспін (Ә.Әбішев).*

**Бет әлпеттің түр-түсі** (қорқыныштан бет-әлпеттің түсінің өзгеруі: бозаруы, сұрлануы, аппақ қудай болуы. т.б.): бетінің қаны қашты. Мысалы: *Қорқыныштан қолы дір-дір етіп, өңі бозарып кеткен* (О.Бөкеев).

**Дауыс ырғағы** (дауыс тембрі мен интонациясында сезімдердің көрінуі, тілдің күрмелуі, қорқыныштан айғайлап жіберуі): *Қатты үрейден Ұлжанның үні шықпай тілі байланып қалды* (Ж.Жағыпарұлы).

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** (қорқыныштан жүректің дүрс-дүрс соғуы, қан қысымының жоғарылауы: жүрегі алып ұшты, жүрегі су етті, жүрегі суып қоя берді, жүрегі шайлықты): *Шошынып өне бойы мұздап, жүрегі лүпілдеп соғып кетті* (М.Әуезов). Немесе:

*Соны айтқан кезде Мәдидің тісінен шыққан шықыр Текешті дір еткізді. Әлденеден үрейленіп, жан-жағына құлақ тігеді, тырс еткен дыбыс жоқ, тек өзінің жүрегі гана дүрсілдейді* (Ә.Әбішев)) немесе:

– *Текеш қажы дейтін дуалы ауызды қажы бар деген даңқыңызды өз елімнің Есімтай дейтін қажысынан естіген едім.*

*Шындық кімді болса да шыңғыртады ғой, Мәди соны айтқан кезде Текештің жаны шыр етіп, қаны қаша қалды.*

– *Есімтай?* – *деген дауысы да зорға шықты* (Ә.Әбішев).

**Секрециялық бездердің функциясы:** қорыққаннан жылап жіберу.

**Тыныс алу қызметі:** дем алу қарқыны жиілейді, тыныс тарылады. Мысалы: тіліміздегі *ентігу, демін әзер алу* сөздері қорқуды білдіреді.

**Дене температурасы** (дененің мұздауы, маңдайдан суық тер шығуы: тұла бойы қалтырап кетті, көңілі мұздады, іші мұздады, арқасы мұздап қоя берді): *Қыпқызыл боп шатынаған жанарлардан шексіз өшпенділік уытын көріп, қорқыныштан оның өне бойы мұздағандай денесі қалтырап кетті* (Ж.Жағыпарұлы).

Жоғарыдағы «қорқыныш» психикалық жай-күйін көрсетудің тілдік емес амалдарынан басқа тілімізде бұтына жіберіп қойды, т...п қоя жаздады, бұтына с...п

*жіберді т.б.* осы сияқты сөз тіркестері кездеседі. Бұлардың фразеологизмдерге дейінгі алғашқы мағынасы тікелей мағынасымен байланысты, яғни қатты қорыққан адамның бұтына жіберіп қою сияқты әрекеттері болып табылғаны даусыз».

«Көбіне адам қорыққанда жүрек ауруларына шалдығады (жүрегі түршікті, жүрегі шайлықты, жүрегі тас төбесіне шықты т.б.), яғни шектен тыс ұзақ уақыт және қарқынды болған көңіл-күй толғаныстары ағзаны сырқатқа шалдықтырады (М.И.Аствацатуров)» [74, 211 б.].

Әйел адам кенеттен қатты қорыққанда айғайлап немесе шыңғырып жібереді. Мысалы: *Құндақты бауырына қысып алған Ақбала тас қараңғы үйдің бұрышына тығылып, дыбыс шығаруға қорқып, дір-дір етіп отырғанда есік сықыр етті. Әлдекім аржағынан сып беріп ішке кірді. Ақбала шыңғырып жіберді.*

*– Қорықпа. Бұл мен... Мен зой.*

*Сүйдеді де, әлгі кісі аяғын ілгері басып, сырттан әзірлеп келген оттықты шағып жарығын алдына туралады.*

*– О, Тәң-ір... Тәңірім! (Ә.Нұрпейісов).*

Мұндай жағдайда адамның тілі күрмеліп, сөйлей алмай тұтығады, қасы тартылып, түсі бозарады, қозғалыстары баяулап не мүлдем тоқтайды, денесі дірілдеп-қалшылдайды, шашы үрпиіп, аузы кебірісіп, тынысы өзгереді. Бұл туралы Қ.С.Сарышова былай дейді: «Қорқу – күрделі психологиялық құбылыс. Қорқыныш сезімі әр алуан формада көрінеді. Қорыққанынан адам айғайлайды, бет-әлпеті өзгереді, кейде қол-аяғын ебдейсіз қозғалысқа түсірсе, кейде демі бітіп, тапжылмай қалады» [81, 148 б.]. Бұл құбылыстар ерлер мен әйел затына бірдей ортақ болып келе береді. Қорқыныштың жеңіл түрі – тынышсыздану да, ал ауыры – үрейі ұшу.

«Қорқыныш» психикалық жай-күйі де басқа күйлер тәрізді көпұшты болып келеді. Көбіне адам қорыққанда мазасыздыққа, ашулануға, ұялуға немесе қуануға бейім тұрады. Мысалы: *Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да ыза болды* (М.Әуезов) немесе: *Жерді бір жайпап, жетімектерді бір бұқтырғанына мәз болғандай найзағай тына қалды. Балалар көздерін ашпастан бір-біріне әлі жабысып тұр.*

– *Сапаржан, тірімісің?*

– *Өзің ше?*

– *Қажының моласы көрінер ме екен қарашы.*

– *Мен көзімді аша алмай тұрмын, өзің қара.*

– *Сұмдық-ай, не дейсің? Менің де көзім... – дей бере қуанып кетті* (Ә.Әбішев).

Психолог Р.М.Фрумкина қорқыныштың басқа бір түрін атап көрсетеді [82, 291 б.]. Зерттеуші оны біздің алдағы өмірімізбен тығыз байланыста қарастырады. Әрбір алға жасалған жаңа қадам (мамандық таңдау, басқа жерге көшу, жаңа отбасын құру т.б.) – біз үшін тәуекел; жасалған әрбір жаңалықтың тыныш, әрі жан дүниемізге жайлы болуын қалаймыз. Психологияда мұны экзистенциалдық қорқыныш деп атайды. Экзистенциалдық (existence фр т: тіршілік) қорқыныш – бұл алдағы өмір мен өлімнің арасындағы қорқыныш. Бұған Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы өмір мен өлім арасында жатқан Меңтайдың Ерболға жазған мына бір хаты дәлел бола алады:

*Ерболым, менің!*

*Мен тағы да қорқынышты ойлар ойладым. Адамдар бірін-бірі сүйеді. Содан соң біреуі өліп, саудыраған сүйек болып, жер астында қалады. Ол ештеңені де білмейді, сезбейді. Ештеңеге қиналмайды, ойламайды. Бірақ бар салмақ, бар ауыртпалық тірі қалғанға түседі ғой. Жаман, арсыз жар есепті тіршілігін жасай жатар. Адал жарға*

*ауыр тиеді-ау жалғыздық. Шіркін, шын сүйіспеншілікпен қосылған жандар өлмейтін болсайшы! Жоқ, мұным табиғат заңына қайшы болар. Онда, ондай адамдар ұзақ жасайтын болсашы ең болмаса!*

*Бірақ мен өлсем де өлмейтін шығармын деп ойлаймын тағы да. Өйткені мен ішімнен шығатын балада және сенің жүрегіңде өмір сүремін зой. Сонда ол менің өлмегенім емес пе? Солай емес пе, Ербол? Солай деді, жаным, көкетайым!.. (Ә.Нұршайықов).*

Экзистенциалдық қорқыныш – адамдардың қоғам алдындағы әлсіздігі немесе санасынан адасуы. Бұл көптеген жазушылардың басты тақырыптары болды. Мысалы: М.Әуезов «Жетім», Ф.Кафка романдары, А.Камю «Чума» (эпидемиялық оба ауруының қаланы басып алуы адамдардың экзистенциалдық қорқынышын арттырады. Чума – бұл жерде фашизмнің аллегориясы) [83, 87].

*«Адамдар мұндай экзистенциалдық қорқынышты жеңе білу үшін бір-біріне деген сүйіспеншілікті арттыру керек», –* дейді психолінгвист ғалым Р.М.Фрумкина [82, 292 б.].

Айта кететін тағы бір жайт, «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты сөздерді контекстік мағынада да беруге болады. Мысалға М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесінен үзінді келтіріп көрейік:

*Қасым жүгіре бастады. Шошынған қабақпен алды-артына қарай береді. Жетім көзі белгісіз бірдемені күткендей болады. Пайдасыз күту. Ішінен қатты қорқып келе жатса да, көзіне көрінер тірі жан жоқ. Қап-қараңғы түн болды... Кәзіргі уақытта қараңғы түннің қара желі қатайып, түн суи бастаған сайын, Қасымның жүрегі қалтырап, шошынып, елеңдеп келе жатты... Түн қараңғылығы жалт еткен жарықты тездетіп, жалмауыздай басып қалады. Таудың қараңғы сырлы сайлары жартастың қалың көлеңке басқан қара күйедей*

*тұңғиық қап-қара беттері түндегі таудың қараңғы пәлелерін ішіне бүгіп жиып тұрғандай көрінеді... Тоғайда да қалың жапырақтың арасында қара бірдеме жасырынып, әлденені күтіп тұрғандай: Әрбір түптің астында қара түннің тұңғиық, суық терең, қара көздері мың сан болып қадалып қарап тұрғандай... Биік тау, мықты қара жартас, бұралған тоғай мен майысқан шалғын – барлығы да түн мезгілінде Қасымның көзіне жат болып кеткендей көрінеді (М.Әуезов).*

Жоғарыдағы келтірілген үзіндідегі түн, қара сөздері – қорқыныштың контекстік мағынасы, көрінісі. Автор «қорқынышты» басқа сөздер арқылы ауыспалы мағынада шеберлікпен қолданып, Қасымның сол мезеттегі психикалық жан дүниесін оқырман қауымға шынайы дәлдікпен жеткізе алған.

Қарым-қатынас барысында (өмірдегі адамдар болмасын, кейіпкерлер болмасын) байқалатын бір ерекше құбылыс адамдар қатты қорыққан жағдайда сенімнен айырылады немесе не айтып, не қойғанын білмеуі де мүмкін. Мәселен:

*Осыған жеткенде, жаман шошыған Далбай мен Дүйсен Базаралыға жалынып безек қақты. Базаралы Әбділерге көз қысып, әлі ұрғызбай тұрған-ды. Аналардың жалынған сөзін біраз естіп алды да, енді екеуіне төніп отырып:*

*– Неғылсам рауа екі ит!! Ә-ә! Өлтірсем қолымнан кім алады!?*

*– Жаздық, жаңылдық, әке-тай!*

*– Кеше гөр, аға-тай!..*

*– Келесің бе енді бұл ауылға, аласың ба ешкі-лақты?..*

*– Жоқ, жоқ, оңбай кетейін!*

*– Кәпір боп өтейін келсем!*

*– Ал осы көргеніңді ұлыққа барып шағым етесің бе, жоқ па?*

– Етпейік, айтпайық!..

– Көрдiк, бiлдiк демейiк, тек жанымызды қалдыр, оңбайық айтсақ!

– Сабатсам зой, өлетiндерiңдi бiлесiң. Ал босатсам шағым айтпасқа серт бересiңдер ме? Ант iшiп, уәде қыласың ба екеуiң?

– Ойбай, керек десең кеудеме құран ұрайын, – деп Дүйсен қандай сертке болса да әзiр екенiн айтты. Далбай да соның сөзiн айтып жалынып жатыр.

Базаралы асықпай көзiн қысып отыр.

– Егер бұл жерде ант iшiп, онда барып шағым етiп, ертең осы араға ұлықтың кәрiн әкелсеңдер неғылайын?

– Жүзiқара болайық!

– Оңбай кетейiк.

– Онда екеуiңдi бүрсiгүни түнде үйлерiңде бауыздап өлтiрейiн бе?!

– Үйтiп ит болсақ, өлтiре бер!

– Ендеше қазiр кеуделерiңе құран ұрып сөз берiңдер, бересiңдер ме?!


– Берейiк, ойбай!

– Дегенiңдi қылайық! (М.Әуезов). Мұндағы Далбай мен Дүйсеннiң кеудеге құран ұрып, серт беруi, олардың жалыныш сөздерiнiң шығуы екiншi (Базаралы) адамның қорқытуы нәтижесiнде жүзеге асып тұр. Мұндай құбылыстар бүгiнгi күнделiктi тұрмыста та жиi қолданылады: «құран атсын, нан атсын», «оллаһи-билләһи» т.б. дiни сөздердi айту ұлттық танымдық ерекшелiгiмiздi танытады. Қорыққан адамның сөздерi көбiне көнгiштiк сипатқа ие.

Кенеттен болған жағдайлардан туындайтын қорқыныш адамның ойлау, сөйлеу (синтаксистiк заңдылықтардың бұзылуы) үдерiстерiне қатты әсер етедi. Бұл туралы Л.С.Выготскийдiң шәкiртi А.Р.Лурия ми қабатындағы қандай да бiр функцияларды атқаратын бөлiгiне зақым

келген жағдайда адамның сөйлеу әрекетінде ауытқулар пайда болатындығы жайлы тұжырым жасайды [84, 411-б.].

Қорытындылай келе, «қорқыныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:



Сурет 2. Қорқыныш психикалық жай-күйіне қатысты лексика

Демек, бұл келтірілген кестеден бір ғана «қорқыныш» ұғымын бірнеше синонимдік қатарлар мен метафоралық, фразеологиялық тіркестер арқылы беруге болатынын көреміз.

### 2.1.2 «Ұят» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы

«Ұят» психикалық жай-күйі – саналы психикалық құбылыс. Себебі психологияда адам психикасының саналы

және санасыз деген түрлері өмір сүреді. Бұған мысал ретінде З.Фрейдтің «МЕН» және «ОЛ» теориясын жатқызуға болады. Санасыз «ОЛ» түріне З.Фрейд маңыздысы ретінде жыныстық құштарлық «либидо» мен өлімге ұмтылыс «танатос» ұғымдарын енгізеді. Ал «МЕН»-ге психикалық жоғары сезімдер ұят, ішкі өзін-өзі бақылау т.б. жатқызады. Фрейд бойынша «МЕН» «ОЛ»-ға қарама-қарсы психикалық құбылыс. «МЕН» деген сыртқы дүниенің әсерінен өзгерген «ОЛ»-дың бір бөлігі ... [85, 163 б.].

Демек «ОЛ» табиғи құбылыс та, «МЕН»-ге тән «ұят» психикалық жай-күйі – жоғары интеллектуалды адамдарға тән психикалық құбылыс. Бұл туралы Вебер былай дейді: «Саналы емес іс-әрекеттің салдары әруақытта қалыптасқан нормадан ауытқуға әкеледі» [86, 88 б.]. Демек, әлеуметтік тұрғыдан ұят дегеніміз – белгілі бір нормаға бағынышты құбылыс.

Беріліп отырған семантиканың құрылымы – қобалжыған жай-күй. Бұл жай-күймен өз-өзіне деген мазасыздық, сенімсіздік, ыңғайсыздық, қолайсыздық, именшектік, ұяндық т.б. сезімдер тығыз байланысты болып келеді.

Тілімізде ұятқа қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген:

«**Ұят** – адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс [87, 513 б.].» Мысалы:

– *Төменге құлдырамай сөйлесеңізіші. Жазушы деген атыңызға ұят емес пе? – деді Жасынның әйелі сәл қабақ шытып ( Д.Исабеков).*

Ал «Жалпы психология» оқулығында былай делінген:

«**Ұят** – субъектінің өз қылық әрекеттері, ниеттері және сырт келбетінің басқалар күткендей не өз принциптеріне орайлас болмағанын түсінуден келіп шығатын ұнамсыз сезім түрі» [74; 218 б.].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде төмендегідей етіп көрсетілген:

«**Стыд.** 1. *Чувство сильного смущения от сознания предосудительности поступка, вины.* 2. *Позор, бесчестье*» [74, 776 б.].

Ал Аристотель болса адамның сезімдері мен қылықтарын бөлуде ұят психикалық күйін және оның артықшылықтары мен кемшіліктерін былай деп көрсетеді: *Чувство – (стыд), добродетель – (скромность), недостаток – (застенчивость, робость), избыток – (бесстыдство, наглость).*

Ол: «... қылмыстық немесе барлық жағымсыз әрекеттер мен сезімдер табиғатынан ұнамсыз; сондықтан да жақсы ұятсыздықтың (сол сияқты ұрлықтың) болуы мүмкін емес» – дейді [24, 31 б.].

Қалай болғанда да ұят – адам іс-әрекетінің саналы көрінісі, жай-күйі.

Танымдық тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі *ұя*, *ұяң*, *ұят* сөздері о баста «жылы» деген сөз мағынасымен төркіндес болғанға ұқсайды. *Ұят*, *ұялу* бұл адам іс-әрекетіне байланысты психикалық күйі болса, ал *ұяң* сөзі адамның тікелей бойындағы мінезі, «ұят» психикалық жай-күйінің көрінісі. Мысалы:

*Қандым, Гүлия, сүтсіз қара шай кісінің ішін кептіреді екен, сиыр сатып алмасақ болмас. Сүт ішетін адамның басы көбейейін деп тұр ғой. Гүлия ұяла жымылып төмен қарады. Ұяңдығы әлі қалмаған (О.Бөкеев) немесе: -Рас-ау, мен күн райын көп сұраппын-ау! Оны сұрағанша, сенің жүзіңе қарасам етті. Тыс қанша көріксіз болса да, қоңыр үйдің өз күні балқып тұр екен ғой!.. – деді. Әйгерімнің өңі бұрынғысынан да қысыла қызарды. Сыпайы, ұяң үнді күлкісі естілді (М.Әуезов), немесе: Ұяты бар, инабатты. Қыз көзіне әлдеқалай көзі түссе де ұяң жігіт ұялып,*

жұқалаң өңіне лып етіп қан жүгіреді де, төмен қарап кетеді (Ә.Нұрпейісов).

Жоғарыдағы мысалдан біз «қой аузынан шөп алмас» ұлтымыздың дәстүрлі мінез-құлқын айқын да анық аңғара аламыз. Ал орыс тіліндегі «стыд» сөзі туралы М.И.Лазариди былай дейді: *«В основе «стыд» лежит метафорический образ холода; более того, само слово стыдъ (студъ) на определенном этапе означало и холод (физиологическое ощущение) [студа –холод, архан.; ц.-слав. Студъ – холод; чеш. – стыд; польск. Ostuda – простуда; студить греч. Мн. – ледяной холод; – ужас, отвращение (ср. Источник в Аркадии; адская река) ЭСРЯ Фасмер 1986, III: 786], и стыд (как психическое состояние). Позже значения слова разошлись, а слово стыд в результате переосмысления данного понятия стало только обозначением эмоции; таким образом, обозначения состояния стыд – результат вторичной номинации»* [5, 65 б.].

Яғни орыс тілінде «ұят» сөзінің астарында *суық* сөзі жатыр. «Ұят» сөзі о баста бір мезгілде орыс тілінде *суықты* (физиологиялық тұрғыдан) білдірсе, екіншіден ол *ұятты* (психикалық күй) білдірген. Уақыт өте келе екеуінің де мағыналары ажыраған. Осы тұрғыдан келгенде қазақ және орыс тілдеріндегі «ұят» сөзі қарама-қайшылықты білдіреді, яғни бұлар екі ұлттың өзгеше дүниетанымынан туындаған қарама-қарсы құбылыстар болып табылады.

Ал Н.Н.Аитова тіліміздегі концепт құруда түр-түстердің ерекше мазмұнға ие екендігін айта келіп, түр-түс атаулары (қызыл) алдымен **от** тарихи болмысының түрлі қасиеттері негізінде пайда болған концепт жасауға қатысатындығын айтады. «От жылу береді, қыздырады, соңғы шегінде күлге айналып суиды. Осымен байланысты **жылу** (қызу) – **суық** (салқындау) концепті өріс құрады. 1. «От-су» концептілік өрісіндегі **«жылы»** мағынасы: *қып-*

қызыл болу, беті қызару, құлағының ұшына дейін қызару т.б. яғни ұялу болса, 2. «От-су» концептісінің «суық» мағынасы: қара суық, қақаған қара суық, қара дауыл, қара боран т.б., яғни ашу-ыза болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды «от» пен «су» бірін-бірі қолдамайды. От суды кептірсе, су отты өшіреді» [88, 14 б.]. Мысалы: *Ақтотының екі беті алаулап, тағы да күліп жіберді. Қызғалдақтай үлбіреген ерні дір-дір етіп:*

– *Ақан аға, бұл қай қызға шығарған өлеңіңіз? Жамалға ма, Зағипаға ма, Ақшабаққа ма, Мақпалға ма, әлде Шамишқамарға ма?* – деді.

*Ақанның да екі беті оттай күйіп, Ақтотының қаздың қауырсынындай ұзын саусағына тесіле қарап: –Қалай дедің, қайталап айтшы, – деп көзін алмай отырып қалды (С.Жүнісов).*

Осыған байланысты әлемнің тілдік бейнесін концепт мәселесі тұрғысынан салыстыруда А.А.Залевская былай дейді: *«Если мы исследуем языковую картину мира, ради бога, это прекрасно. Особенно когда мы уже выходим на уровень межкультурных межъязыковых сопоставлений. Есть очень многое из того, что невозможно увидеть в рамках одной культуры. Межкультурные сопоставления дают прекрасные возможности для того, чтобы свою собственную культуру лучше понять»* [89, 33].

Тіліміздегі **намыс** сөзі «ұят» психикалық жай-күйінің көрінісі, яғни ұяттан келіп шығатын тілдік белгі. Ауыс мағынада ұят сөзінің синонимі болып табылады. Мысалы: *ұят көрді – намыстанды.*

Ұлттық танымдық тұрғыдан «ұят» сөзін тіліміздегі *қызыл, қара* сөздері (түстері) арқылы да беруге болады. Мәселен, *екі беті шидей қызарды, қарабет болды, жүзі қара т.б.*

«Ұят» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы, яғни зат есім, сын есім, етістік сөз таптарынан болған сөздермен толықтырып көрсетуге болады:

*Ұят (ар, намыс, ұждан, абырой)* – адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс. Осыдан ұят сөзінің екінші аталымды туынды мағынасы келіп шығады: *ұяттық* – ұяттығы жоқ; *ұятсыну* – қимыл атауы; *ұялшақтық* – ұялғыштық, ұяндық; *ұялыс* – ұялуға тән қылық;

*Ұятсыз, (арсыз, намыссыз, әдепсіз, имансыз т.б.)* – ардан безген, көргенсіз, үлгісіз; *ұятсыздау* – арсыздау, ұятты білмейтіндеу; *ұяттау* – сиықсыздау, қолайсыздау, ыңғайсыздау; *ұяттылау* – ұятты; *ұятшыл* – намысқор, аршыл; *ұяттырақ* – сәл ұяттау; *ұятты* – ұялып қолайсыз жағдайда қалу; *ұялшақ* – ұялғыш, ұяң; *ұялшақтау* – ұяң, ұяндау; *ұяңдық* – бұйығылау, ұялшақтау;

*Ұялу (қызару, қысылу, имену, қымсыну, т.б.)* – бетінен оты шығып қызару; *ұялғансу* – ұялғандай болу; *ұялту* – біреуді ұялту; *ұялшақтау* – именіп қысылу, біреуге батып, ойындағысын айта алмау; *ұялыңқырау* – ұялған қалыпта болу, қысылу, қызарактау;

*Ұялмай-қызармай* – ешбір шімірікпестен, ұялмастан.

Осылай біз жоғарыдағы келтірілген сөздер арқылы «ұят» психикалық жай-күйін білдіретін ұғымдардың синонимикалық қатарын құрап көрсете аламыз.

Бірақ тіліміздегі **масқара болу, әжуа болу, мазақ болу** деген сөздерді синонимдік қатарға жатқыза алмаймыз. Себебі бұл сөздер ұяттың жалпы көрінісі болып табылады. Ол ешқандай әсерлі (эмоционалды) жай-күйді білдірмейді. Мысалы:

*1 Ә, бәрін қайтадан елге алып келген екен ғой. Ұят-ай, көкем не күйде екен? Ел алдында да, өкімет алдында да масқара болды-ау. Енді Атымтайдың бетіне қалай қарайды?... (С.Жүнісов).*

2 Назгүл дейді, ә? Мен білетін Назгүл ме «құрдас әже» дегені? «Әже» дегені өзіндей жиырма жетіге жаңа жеткен жас әйел. О, сорлы Назгүл, жастай көрген қызығын «әже» атанып әжуа болу ма? (Ә.Әбішев)

3 – Жүдеп қалыпсыз, Гүлия, – деді үнін мейілінше жұмсартып. – Сізді сағынғаным шығар, аға... – деді қыз көзін жерден көтермеген қалпы. Бұл сөзді мазақ деп ұқпаған Оспан кәдімгідей қутың қаға қуанып, жымыды (О.Бөкеев).

«Ұят» сөзі сөйлемде әр түрлі мәнде жұмсалады. Ол, біріншіден, адамның белгілі бір жай-күйін білдіретін болса, екіншіден, адамгершілік қасиеттерді (сыпайылық, аяныш сезімі т.б.) таныту мақсатында да жұмсалады. Мысалы:

– Әже? Үйге қонақ кеп қалды.

– Атамнан әрмен! Кетсін әрі. Қондырмаймын!

– Қой, әже! Ұят болар. Бірі – оқыған жігіт. Теңіз жағасынан қыстайтын жалпақ ел – Жақайым руынан (Ә.Нұрпейісов).

Бұл сөйлемдегі «ұят болар» тіркесі келген қонақтардан ұялу емес, керісінше сыпайылық, кішіпейілділік таныту мақсатында жұмсалып тұр.

Немесе:

– Ағалар-ау, бұларың қалай... Мына суықта... мал қораға қамап... Ұят қайда?..

– Жасанжан-ау, олар қылмысты кісі емес пе? – деді қаба сақал.

– Солайы... солай шығар. Бірақ, ағалар-ау, олар да адам... адам баласы ғой...

– Түсінсем не дейсің. Кісі өлтірген кісіге аяныш бола ма?

– Осы арада жас жігіт бұған қарсы айтатын ұтымды сөз аузына түспей, өзіне, әлде айтқанын

құлағына ілмей қойған аналарға ызаланды ма, әйтеуір қараптан қарап қызарақтап күйіп-пісті (Ә.Нұрпейісов).

Жоғарыдағы «Ұят қайда?» деген сұраудан біз адам бойындағы ұяттың емес, қаншалықты оның бойында аяныш сезімінің бар екендігін білгісі келгендігін аңғарамыз.

Енді біз «ұят» психикалық жай-күйіне қатысты ұғымдардың әр түрлі сөз табынан болған тілдік белгілеріне көңіл аударалық. Бұл жай-күй зат есім, сын есім, етістік және одағай сияқты сөз таптарының үлгісінде келе береді.

**Зат есімдерден** жасалған «ұят» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* атау тұлғадағы психикалық жай-күй.

*Мағынасы:* субъектінің істеген жағымды не жағымсыз іс-әрекетінің жалпы атауы.

Бұл сөз табына жататын сөздер синтетикалық та, аналитикалық та тәсілдер арқылы жасалына береді.

**Ұят.** Мысалы: *Және ол жігіттің басқа біреу емес, аты шулы Жасын боп кездесуі оның ар алдындағы ұятын қоюлата түсті* (Д.Исабеков).

**Ар-ұят.** Мысалы: *Сүйген адамының осыншама қиын халде жүргенін бұрыннан да жақсы білетін Дәмелі, бұл жолы Бекайдар секілді ар-ұятын таза ұстайтын жанға әке күнәсінің қаншалық ауыр азап болғанын әбден анық түсінді* (І.Есенберлин).

**Ұятсыздық.** Мысалы: *-Азамат, милиция шақырсын демесеңіз, орныңызға отырыңыз, - деді олардың жанына жеткен Сәргел. – Бұл неткен ұятсыздық!* (Д.Исабеков).

**Ұялыс.** Мысалы: *Дүрия бозбаланың осы қалтықсыз ұялысын, сұлулыққа деген құштар көңілін ермек қылып мазақтай беруші еді* (О.Бөкеев).

**Ұялшақтық.** Мысалы: *Асылханның қызға көңілдегі сөзін айтудың орнына, ұялшақтығына салып, Алтынайдың жұмысқа күнде бір уақытта шығатынын*

біле тұрса да «қашан шығасың?» деп сұрайтынына сенетінбіз (І.Есенберлин).

**Ұялмағыр** (тікелей адамға қатысты айтылады).  
Мысалы: *Ұялмағырлар ұялмастан бізді жегісі келіп тұрады* (М.Әуезов).

Бұл сөз табына жататын «ұят» психикалық жай-күйі синонимдік (ар, абырой, ұждан т.б.), қарама-қарсылық болымды-болымсыз мән (ұят – ұятсыз) және контекстік омонимдер (ұятты – ұятты) құрай алады. Мысалы:

1) – *Ұятты жеңіп алдарыңыздан көлденең шықпасам, сіздерді басқаша қалай аялдаппақпын* (Д.Исабеков).

2) – *Иә, иә, кешірмейді, қазіргі балалар кешірмейді, - деп, Сәлімгерей басы салбырап, өзінің өткендегі қылмысын мойындағандай, қызының алдында ұятты жүзін бүркегендей төмен қарап отырып қалды* (С.Жүнісов).

**Сын есімдерден** жасалған «ұят» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

**Құрылымы:** атау тұлға мен сын есім қосымшалары арқылы жасалған психикалық жай-күй.

**Мағынасы:** субъектінің бойындағы саналылық-сапалылық қасиеті.

Бұл сөз табына жататын сөздер синтетикалық тәсіл арқылы, яғни *-сыз, -ты, -шақ, -лық, -шыл* сияқты қосымшаларымен жасалады.

**Ұятсыз.** Мысалы:

– *Ұятсыз, - деді Бағила.*

– *Мұнымен не ұтпақ?* (Д.Исабеков).

**Ұятты.** Мысалы:

– *Иә, иә, кешірмейді, қазіргі балалар кешірмейді, - деп, Сәлімгерей басы салбырап, өзінің өткендегі қылмысын мойындағандай, қызының алдында ұятты жүзін бүркегендей төмен қарап отырып қалды* (С.Жүнісов).

**Ұятсыздау.**

**Ұяттылау** – сыықсыздау, қолайсыздау, сәл ұятты.

**Ұялшақ.** Мысалы: *Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?* (Абай).

**Ұялшақтау.** Мысалы: *Аяужан өзге балалардан кішірек және ұялшақтау Еркежанды өзіне шақырды* (І.Есенберлин).

**Ұяларлық.** Мысалы: *Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұңғыла қыз бұларға бір ұяларлық ұпай салып кетті емес пе!* (Ғ.Мүсірепов).

**Ұятшыл.** Мысалы:

– *Туу, тәте, қойшы. Екеуіміздің кергілесіп отырғанымыз Зейнелден ұят емес пе?*

– *Әй, ұятты сен маған үйретпе! Мықты екенсің, ана шешеңе барып үйрет. Ұятшылын мұның. Ұяла-ұяла болғанмын, енді ұялмаймын* (Б.Нұржекеев).

«Ұят» келесі синонимдік қатарларды құрай алады: *ұяң, бұйығы, именшек, көргенсіз, әдепсіз, имансыз, саппас, дұзқара, бетсіз, тәртіпсіз, арсыз, бетбақ, ұждансыз, намыссыз т.б.*

Парадигмалық қатары төмендегідей:

*Ол ұятсыз – ол ұятсыз еді*

**Етістіктен** жасалған «ұят» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

**Құрылымы:** атау тұлға мен тұйық етістік жұрнағы арқылы жасалған психикалық жай-күй.

**Мағынасы:** субъектінің келеңсіз іс-әрекет барысындағы жай-күйі.

Бұл сөз табы қатарын мынандай сөздер (ұятқа қатысты) толықтырады: қызару, қысылу, қымсыну, имену, ұяла-қызару, қызара-қысылу, бетінен оты шығу т.б. Мысалы:

*1 Қыз өзінің жасырын сыры ашылып қалғандай, селк етіп, сәл қызарып барып қайта нұрланды* (Ә.Әбішев).

2 «Ұлдың шілдеханасына» деп айтарын айтып қалса да, Балзия қатты қысылды. Ұл болмай, қыз туса өтірікші боп шығатындай, өз сөзінен өзі ұялды (С.Жүнісов).

3 ...менің ақылымнан әбден мезі болған қарындасым, бір күні ұяла-қызара отырып, келесі аптада Әбілқас екеуінің үйлену тойы болатынын айтты (І.Есенберлин).

Көркем шығарма мен күнделікті тілдік қолданысымыздағы аталып отырған бұл жай-күй етістіктің есімше, көсемше тұлғасында кездесе береді. Мысалы:

– Жас кезіңізде не істегеніңізді өзіңіз білесіз... Ал мен әзірге ұялатын еш күнә істеген жоқпын!

– Қатты айтқан сөзінен өзі ұялып қалды ма, жігіт сөзінің аяғын енді бөтен жаққа бұрып кетті (І.Есенберлин); болымды, болымсыз етістік тұлғаларында, мысалы: Мен көзімнен тамып кеткен жасты ешкімнен ұялмай қолымның сыртымен сұрттім (І.Есенберлин); шақ, мысалы: -Жоқ, мен осында бола тұрайын. Сәргел ағадан ұяламын (Д.Исабеков); рай, мысалы, Текеш қанша ұялса да өтірік айта алған жоқ (Ә.Әбішов); етіс, мысалы: ұялту, ұялысу, ұялшақтану, ұялшақтандыру т.б.

Бұл сөз табына жататын сөздер қосымшалар немесе күрделену жолдары арқылы жасалына береді.

Парадигмалық қатары төмендегідей:

Ол ұялды – ол ұялады – ол ұялған еді – ол ұялып еді – ол ұялса – ол ұялды.

«Ұят» психикалық жай-күйіне байланысты тілімізде мынандай **одағай сөздер кездеседі**: *Масқара-ай! Бетім-ай! Ұят-ай! Қарабет(әйелге)! Қойшы әрі! Құрсын ... әрі..., Тек, ойбай! Апыр-ай ә... т.б.* Мысалы:

– Ене-ау, не есіткенің бар? Әлгі Қаратаздың... қойлы таздың інісі бар емес пе? Тәңірберген деген сері інісі бар еді ғой, – деп, Қарақатын енесіне қарай тағы бір ысырылып отырды... Ал екеуінің қалай көріскенін көрсең...

*Масқара-ай!.. Бетім-ай! О, жүзіқара! О, қарабет!...*  
(Ә.Нұрпейісов).

*Ескерту:* жергілікті сөйлеу тіл ерекшелігінде (Атырау, Маңғыстау) «ұяттау» формасындағы етістік кездеседі. *Ұяттау* – «ұялту». Мысалы: *Өзін әбден ұятта* [90, 114 б.].

«Ұят» психикалық жай-күйіне байланысты тіліміздегі **тұрақты сөз тіркестері:**

«Ұят» психикалық жай-күйіне байланысты тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің сөйлеу тілін немесе көркем шығарма тілін экспрессивті-эмоционалды етудегі маңызы өте зор. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің қатары (16,6%) төмендегідей: *абиыры айрандай болды, арын аяққа басты, ар-ұятын төкті, арты ашылды, ар қалмады, ақ жерден қара болды, бетке салық болды, беті аймандай болды, адамышлық арын сатты, бетіне шіркеу болды, бет моншағы түсті, беті күйді, ет жемесе де, сорпа ішкендей болды, етегі ашылды, ері мойнына кетті, ел бетіне қарай алмады, жер қылды, жерге кіріп кете жаздады, жүзі солды, иманын сатты, көп ішінде өлтіреді, кір келтірді, қадірдің жүзі шашылды, қасиетін төкті, қысқа күнде қырық өлді, масқара болды, намыс қысты, орнынан тұрғысыз етті, осырған сиырдай қылды, өлім болды, сақалды қолдан берді, таңба салды, тірідей жерге кірді, ұятқа қалды, шоққа отырғызды, шіркеу келтірді, бетінен оты шығу, жерге кіре жаздады, жер қылды, жер болды, екі беті шиедей болып қызару (диал. Мат болып қалды, жүзі жапырылды) т.б.*

Антонимдік қатарлары: *ұятты шүберекке түйді т.б.* Мысалы: *Түнде ғана өзімен алтыбақан теуіп, екеуі бірігіп ұшқан жігіт – баяғыдай мойнына асылып еркелеп, «бас білмес асауды ұстап бер, үйретіп мінгіз» деп шиңкілдеп зерезеп қылып, соңынан томпаңдап еріп қалмайтын боз баладан жерге кіре жаздағандай қысылғанына өзі де қайран қалды* (О.Бөкеев) немесе *Бір сәтке өзін қорсынып,*

*кісі көңіліне қарамайтын әйел заты екен деп аямайтын мына жігіттің алдында намысы жер болғандай сезінді (Д.Исабеков).*

Ескере кететін бір мәселе, тарихи тұрғыдан жоғарыдағы «жер болды, жер қылды» тіркестерінің «жер» сөзімен ешқандай мағыналық жақындығы жоқ. Бұл жайында академик Р.Сыздық: «*Жер болды* тіркесін «ұятқа қалды, абыройы түсті, беті күйді» деген мағыналарда жұмсаймыз. Мұндағы *жер* сөзі жеке алғанда түсінікті сияқты. Бірақ дәл осы тіркесте «кара жер, жер шары» мағынасындағы *жер* сөзінің «ұят» дегенге қатысты тұрақты тіркес жасауында көңілге қонбайтын қисынсыздық бар. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде *ир* сөзі «ұялған, қысылған» деген мағынаны білдірген. *Ер ир болды* дегенді білдіргенін ХІ ғасыр лексикографы Махмұт Қашқари көрсетеді (ДС, 211). Демек, ұялғанда, ұялтқанда айтылатын *жер болды, жер қылды* дегендердегі *жер* сөзінің «кара жер» мағынасындағы жерге тікелей қатысы болып шығады. Қазақ тілінде *ир* (жир – жер) сөзінің ұятқа қатысты ұғымы ұмыт болғандықтан, жоғарғы тіркестердегі бұл сөзді кәдімгі «жер» ұғымымен ұштастырып, ұятқа қалдыру мәнінде *жерге қарату* деген тіркес те жасалған. Бірақ бұл қолданыстағы *жер* сөзін кәдімгі жер деп те тануға болады, өйткені ұялған адам төмен қарайды, бұл тіркес осыдан барып жасалған дегенге сая аламыз» – дейді [91, 80 б.]. Мысалы:

*Ақан сәл ғана езу тартып күліп, жат қонақтың алдында сездірмейін дегендей, әлгі келіншекті шақырып алып, бір ауыз өлеңмен жуып-шайғандай болды, бірақ оңдырмай айтты, басқаларына үлгі болсын дегендей етіп, мінеп айтты:*

*Құдаша мұның несін әкелдің жарымдай ғып,  
Көкпарға тартатұғын ырымдай ғып,*

*Бұл жақта сабын менен су жоқ па еді,  
Жеті жыл ыстан шыққан құрымдай ғып, –*  
дегенде, неге шақырғанына түсінбей қалған келіншек  
жерге кіріп кетердей, қатты ұялды (С.Жүнісов).

«Ұят» психикалық жай-күйіне қатысты **мақал-мәтелдер:**

*Ұяң адам ұялшақ келеді, ұятсыз адам сұраншақ келеді; өлімнен ұят күшті; адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде; әдептілік ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі; ұялған – қыздан құр қалар; ұят келсе кәріге келеді, жастың несі кетеді? жақсыға ерсең жетерсің мұратқа, жаманға ерсең қаларсың ұятқа; жаман жігіт жолдасын жауға алдырар, өзін ұятқа қалдырар; байлық мұрат емес, жоқтық мұрат емес; баланың ұяты - әкеге, қыздың ұяты – шешеге; кіші баланың ұятын үлкен бала көтереді; ұяты жоқ ұл жаман, қылығы жоқ қыз жаман; еркек дауысты әйелде ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас; ұялмас бетке талмас жақ береді; бетіне келер ұятын, өзі біліп жуса игі; ынсап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой; озған мұрат, қалған ұят; өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді; сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа; ұят кімде болса, иман сонда; ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар; ұялған тек тұрмайды; ұялған сыбағасынан құр қалар; ұялмаған ұялтады; ұяттан адам өлмейді, сағы сынады; ұятсыз әйел – тұзсыз ас, ұятсыз жігіт – жүгенсіз ат; ұқыпты етегін жабады, ұқыпсыз ұятын табады; ұялмаған бұйырмағаннан жейді; келгенше қонақ ұялар, келген соң үй иесі ұялар; қораңда қой болмаса, қасқырдан ұят, үйіңде тамақ болмаса, қонақтан ұят; ұрыспай айырылған, ұялмай қосылады; алған мұрат емес, алмаған ұят емес; бермегенді беріп ұялт; ұрымен жақын болсаң ұятқа қаларсың, қораға шабарсың; ерінбеген етікші болар,*

ұялмаған әнші болар; аспандағы құсты жердегі жем ұятқа қалдырады; қара иттің ұяты ақ итке тиер; құдайдан қорықпағаннан қорық, адамнан ұялмағаннан ұял; өлейін деп өліп бара жатқаным жоқ, молдадан ұялғанымнан өліп бара жатырмын; өтірік – ұят, шын – мият; ерден безсең де елден безбе; аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар.

Қарғыс сөздері: *Бетің тіліңгір! Қара бет болғыр! Ұятың төгілгір!*

«Ұят» психикалық жай-күйінің **тілдік емес** белгілері:

**Мимика** – бет қимылының айқын көрінісі, соның ішінде көздің қимылы арқылы беріледі. Мысалы: *Сол сырлы есіктен көзі ұялғандай Келдібек серігінің жеңінен тарта кейін шегінді* (Ә.Әбішов) немесе: *Алдымда Үміт отыр. Ұялғаннан екі көзі жасаурап тұманданып кеткен, қызыл еріндері сәл ашылып, дір-дір етеді* (І.Есенберлин).

**Пантомимика** – бүкіл дене қимылының айқын көрінісі арқылы. Мысалы: *Қаратай күлкі арасында Сәргелге қарап еді, оның құлағы қызарып, кеңірдегінен әлдененің ары-бері қимылдай бастағанын көріп, күлкісін баяулатып барды да, тоқтата қойды. Інісінің алдында ұялып, намыстанып отырғанын сезді* (Д.Исабеков). Немесе: *Екеуі де оқыс күліп жіберді.*

– *Ей, Қалқа бала, Қалқа бала-ай!* – деп өзінің жолдағы жігіттік сөздерінен қысылған, жас қыздың алдауына түскеніне ұялған *Ақан басын шайқай берді* (С.Жүнісов).

**Бет-әлпет түр-түсінің** өзгеруі арқылы сезімдердің білінуі арқылы: екі беті шиедей қызару. Мысалы: *Қайта балалардың мазақ еткен сөздерінен кейін мені көрсе өзінен-өзі ұялып, екі беті шиедей болып қызарып, сызылатын да қалатын* (І.Есенберлин).

**Дауыс ырғағы** – дауыс тембрі мен интонациясындағы сезімдер көрінісі. Мысалы:

– Ойымдағы бір-екі ауыз сөзді айтуға мұрсат бер, - деді кенет Үміт екі беті дуылдай қызарып, дауысы шығаршықпас ақырын сөйлеп (І.Есенберлин).

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** жүрек соғысының үдеуі. Мысалы: *Көрмегеніне бір-ақ жыл шамасы өткен Әзімханның енді алғаш келген сәтте жүрегі лүпілдеп соғып, көз алдында сәулелі сұлу жарды көріп қалғандай болған. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан бір ауыз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімханның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қарагөзге де сол секөнтте білінгендей. Әзімхан апасына амандасып, енді Қарагөзге қарап:*

– Есен-саумысың, қалқам? – дегенде, ұялып қараған Қарагөздің жүзінде ыстық қан ойнады.

Бұл күнге дейін жүріс көрмеген бала жүзі өмірінде алғаш рет әлдеқандай көмескі түс сияқты оймен қызарып, төменшіктеп қысылғандай болды.

Екі жас үнсіз белгі беріскендей. Екі көңіл бір-біріне ұялып бұғып тұрып, ым қақты (М.Әуезов).

**Секреторлы бездер функциясы.** Мысалы, ұялғаннан жылау. *Үйіне қадірлі қонақтар келген күні ұятқа ұшырап қалдым-ау деп ұялғанынан жылады (Ғ.Мүсірепов).*

**Тыныс алу қызметі:** тыныстың тарылуы.

**Дене температурасы:** дененің қызуы, сууы. Мысалы: *Бойы еңгезердей, толық қара бұжыр, ала көз Батыраш құлагердің басын көргенде-ақ тани кетіп, маңдайынан суық тер шықты:*

– «Аһ, келген екен зой!» Сырттан бақылап, дуылдасқан жұрттың сөзін естіп, үнсіз тосылған өркөкірек, менмен жігіт өз атын естігенде шыдай алмай кетті... (С.Жүнісов).

Жоғарыда біз «ұят» психикалық жай-күйіне қатысты ұғымдардың тілдік жағын қарастырсақ, ендігі ретте тілдік емес кинематикалық тұрғысына көңіл аударып көрейік.

Қарым-қатынас үдерісінде ер адам мен әйел адамдар арасындағы гендерлік ерекшеліктер байқалатыны белгілі. «Ер мен әйелдің ерекшелігін тек табиғи жаратылысынан ғана емес сөйлеу тілі арқылы да ажыратуға болады» [92, 22 б.]. «Осыған байланысты биологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай тек әйел адамдарға және тек ер адамдарға тән мимика, ишаралар, дене қалыбы кездеседі Мұндай бейвербалды амалдарды коммуниканттардың гендерлік ерекшеліктеріне қарай біз ер адамдарға тән ишара, әйел адамдарға тән ишара және ортақ ишаралар деп топтаймыз. Осыған байланысты бізде де ер адам мен әйел адамның ұялуында біршама ерекшеліктер байқалады. Сондай өзгешеліктің бірі тек әйел затына ғана тән – «бет шымшу», «бетін басу» [69, 11 б.]. Осыған байланысты тілімізде мынандай одағайлар кездеседі: **бетім-ай, бетім құрысын, енді не бетімді айтайын..., қарабет!** т.б. Мысалы:

– «Иә», дейді, ей, ұялмай. *Бетім-ай, енді кәйтейін. Сенімен ойнап тұрған мен де жындымын зой* (Б.Нұржекеев) немесе: *Бір кезде шашын он күн тарап, бес күн өрген кербез қыз болғанымды ел қайдан білсін... Сонда қыр қызғалдағына араласып, бір отырып, бір тұрып гүл теріп жүрген маған сіз де, Мұрат та, тіпті ақсақ құлын да таңырқай қарап қалыпсыздар, ұялғанымнан бетімді басып, шөкелеп қызғалдақ арасына жасырына қалдым* (О.Бөкеев).

Осы бетке байланысты тілімізде «Бетің тіліңгір!» деген ұят психикалық жай-күйіне байланысты қарғыс сөзі де кездеседі, яғни бұл «ар-ұяттан айрылып, қарабет бол, ұятың төгілгір» деген мағынада жұмсалады.

«Біреулер өзіне жағымсыз, ұятты қылық жасаса, әйелдер еріндерін шығарып күлген, кей жағдайда ернін тістеу арқылы өз қылығына өзі ұялған. Бұл ым-ишараны

жасауда әйел біреуді келемеждеу мағынасымен бірге өзінің де ұялғанын білдіріп отырған» [93, 128 б.].

Ал ер адам көбінесе ұялғанда басын сипайды немесе басы салбырап, төмен қарайды, әсіресе ер балалар бір нәрсені (қолында бар затты) шұқылап, істеген қылығына қысылып, тыным таппайды. Мысалы: *Қысылғаннан, біраз жер шұқып тұрып, қонақ үйге қарай қайта бұрылды* (М.Әуезов, Абай жолы, 45 б.) немесе: *Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады* (М.Әуезов). Немесе:

*Сәлімгерей басы салбырап... қызының алдында ұятты жүзін бүркегендей төмен қарап отырып қалды* (С.Жүнісов). Мұндай төмен қарау кейде әйел затына да ортақ болып келе береді. Мысалы: *Күйеуі үшін Гүлия ұялды білем, келін атаулының қайын ата алдында сүйреңдемейтін сыпайы әдетімен жанарын төмен салған күйі* (О.Бөкеев).

Қыз балалардың, келіндердің, көбіне, мұндай ұялып, төмен қарауын ұлттық дәстүрге байланысты сыпайы мәдениеттілігі деп түсінгеніміз жөн. «Европалық әйелдерге қарағанда қазақ әйелдеріне тән қасиет – сыпайылық, ибалық, имену, ұялшақтық, ұяндық. Олар үлкен кісілер мен ер адамдарды қадірлеп, сыйлап, өзінен жоғары сатыға қояды» [93, 23 б.].

«Ұят» психикалық жай-күйі де амбивалентті сезімдер қатарына жатады. Көбіне адам ұялудан ашуға немесе мазасыздануға бейім тұрады. Мысалы: *Бекайдар осы хабарды естіген күні қоярға жанын жер таппады. Әке қылығынан ұялып, бір қызарды, бір сұрланды. «Дәмеліге не бетіммен қараймын? Жұртқа не деймін?» – деп өзінен-өзі қысылды...* Немесе: *Дәл осы сәтте Бекайдар әкесінің бетіне қарауға ұялып, теріс айнала берді* (І.Есенберлин).

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей «ұят» психикалық жай-күйінің мазасыздыққа бейім тұруын көне түркі

тіліндегі *mazalim* (притеснение) сөзімен тікелей байланыстыруға болады [94, 340 б.]. Бұл екі сөз о баста синоним болғанға ұқсайды. Яғни, ұялу – мазасыздану (мазасы кету, мазасы қашу).

Кейде адамдарды ұялту мақсатында автор *ұят* сөзін қолданбай-ақ (көбінесе диалогтарда кейіпкерлердің кекету – әзілдесуі) орын тәртібі, интонация арқылы да «ұят» психикалық жай-күйін шеберлікпен көрсете білген. Мысалы:

– *Фатима жеңгеміз қалада қалды ма, бір айлық курста болғанда қолынан дәм татып едім.*

– *Осеке, Фатима жеңгеміз сізге сәлем айтты, - деп кекете жауап берді Еркін. Осыдан бір ай бұрын айрылысып кеткенін саққұлақ Оспан білетін де шығар деген оймен әдейі айтты (О.Бөкеев).*

Жоғарыдағы мысалдағы кекете-мысқылдап жауап берудегі авторлық қолданыстардан біреудің ар-намысын ояту, ұялту сияқты жай-күйге итермелейтін түрткі екендігін көреміз.

Мынандай мәселені де ескере кеткен жөн, «ұят» психикалық жай-күйінің тағы бір берілу жолын ішкі ойдың жарыққа шықпауы, яғни субъектінің объективті шындықты жасыруы арқылы да көрсетуге болады. Мұндай үдеріске тікелей намыс себепші болады. Мысалы, мынандай жағдайға көз салайық:

*Ерінен соққы алған әйелі таңертең жұмысқа көзі көгеріп барды. Жұмыстағы әріптестері:*

– *Көзіңе не болған? – деп сұрай жөнелісті. Ол:*

– *Кеше кешкілік есікке соғып алдым – деп жауап берді.*

Осындағы «кеше кешкілік есікке соғып алдым» деген сөйлемдегі субъекті іс-әрекетінің шындыққа жанаспауы, мұның ар жағында ұяттың жатқандығын оңай аңғаруға болады. Немесе:

*Дуана Ақбілекке жетіп келіп:*

*– Дуана-еке, мен... мен... Мамырбай ақсақалдың... – дей беріп еді. Орыстардың алып кетуін ұят көрді, үндемеудің тағы жөні жоқ, қалайда бірдеңе айту керек болды. Маңдайын сипап, көзін жыпылықтатып, төмен қарап:*

*– Мен Мамырбай ақсақадың баласы едім... ауылымнан адасып... ауылымды таба алмай жүрмін... – деді (Ж.Аймауытов).*

Мұндағы Ақбілектің намыстан аузына сөз түспеуі, іштегі объективті ой, хабардың жарыққа шықпауын тек мысалда берілген ықшамдау, үнемдеу құбылыстары арқылы көріп байқаймыз.

Кей кездерде қарым-қатынас үдерісінде адамдар ұяттан тілдері күрмеліп, сөйлей алмауы да мүмкін. Бұл – ұлттық ерекшелігімізге тән қылық, кішінің үлкенге көрсеткен ілтипаты. Мәселен:

*Ділдә тағы сөйледі:*

*– Зорлық жоқ, жаным! Бүгін үйленіп кет деп те айтпаймын. Жалғыз-ақ маған келінің құдай қосса, мынау болады деп ұнатқан жаныңды атап кет. Биыл айттырып қой да, жолыңа жүре бер. Соның бары да жұбаныш. Өзіңнен соңғы қуанышым, үмітім болады да отыра береді! – деді.*

*Әбіш әлі де байлау айта алмады. Бұлқынып «керексіз» деп шоршыған да жоқ. Енді Ділдә соңғы сөзін де айтып қалды:*

*– Өзің көресің. Көңілің ұнатса ғана құп дерсің. Менің өздігімнен саған айтатын кісім де бар. Мынау ноғай Махмұттың үйінде, Мағрипа деген, сондай асыл зат, жақсы бойжеткен бар. Соны бір көрші, сәулем! Көріп тұрып маған жауап айтшы. Мен сенен әзір басқа серт сұрамаймын. Осыныма уәде бересің бе? – деді.*

*Әбіш ұялып күрмеліп қалды. Бірақ сонда да қызара, қысыла отырып, шешесіне ақырын ғана бас изеді* (М.Әуезов). Мұндай жағдайларда тілдік емес амал-тәсілдердің атқарар қызметі зор. Мұндағы Әбіштің бас изеуі арқылы «иә» деген келісім сөздің берілгендігін аңғарамыз.

### **2.1.3 «Ашу» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы**

Тілімізде адамның көңіл-күйін білдіретін психикалық жай-күйлер әр алуан болып келеді. Осы тұрғыдан олар психологияда стеникалық және астеникалық деп бөлінеді. Стеникалық сезімдер адамға, оның іс-әрекетіне қуат беріп, ынталандырса, ал астеникалық эмоциялар, керісінше, фрустрациялық жағдайларға әкеліп соқтырады. Фрустрациялық жағдайда адам көбіне алға қойған мақсатына жете алмай, әр түрлі кедергілерге ұшырап, жан дүниесі қиналады, күйзеледі, бойында өшпенділік, кейіс пайда болып, ашуға булығыады. Ашулануға байланысты Аристотель: *«Когда гнев или податного рода аффект овладеет индивидом, решение его становится негодным»* десе, неміс жазушысы Гауга: *«Ничего не начинай в гневе. Глуп тот, кто во время бури садится на корабль»* – дейді. Қазақтар мұны *«Ақыл – дос, ашу – дұшпан»* дейді.

Тіліміздегі осындай психологиялық құбылыстан пайда болатын, жұмысымызға арқау болып отырған психикалық ерекшеліктің бірі – ашу.

Психологияда ашуға мынандай анықтама беріледі: *«Ашу (қаһар) – субъектіде өте маңызды қажеттіліктің күшті кедергіге ұшырап, орындалу мүмкіндігінің кенеттен жойылуына байланысты пайда болып, дүлей көрініс беретін ұнамсыз эмоциялық күй»* [74, 217 б.].

Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай делінген: «*Ашу – Ыза, реніш, кейіс; бұлқан-талқан күй*» [87]. Мысалы:

– *Е, «Ергенектің қыздары ергіш келеді, керегенің көзінен көргіш келеді» деген ел сіздің ел екен зой, – деп енді сауысқаниша шықылықтай бастап еді, шал ашумен оған жалт қарады. Бірақ ешкімге есесін жібергісі келмейтін Мәди шалдың ашулы сөзін үлгірткен жоқ* (Ә.Әбішев).

Эмоциялық жай-күй мен қам жеу мағынасындағы етістіктердің синтаксистік құрылысын ызалану, ашулану, біреуге қастық ойлау не жасау, жиіркеніштік, жеккөрушілік, бір нәрсеге деген түсінбеушілік, өкіну сияқты етістіктер құрайды. «Ашу» психикалық жай-күйінің лексикалық тұрғыдан қарастырғандағы арсеналына мысал келтірер болсақ:

*Ашу* – жиіркеніштің, түсінбеушіліктің, қатты ызаның психикалық жай-күйін білдіретін сезім.

*Жиіркеніштік* – адамның басынан түсінбеушілікті өткеруі.

*Өзін-өзіне есеп бермеушілік* – шыдамдылықтың, төзімділіктің ең жоғарғы шегіне жетуі, шексіз ашу.

*Ыза* – біреуге ызалану, біреуге қастықпен, жаушылықпен қарау.

*Түсінбеушілік* – жиіркеніштің, түсінбеушіліктің белгісі.

«Орыс тіліндегі синонимдердің жаңа түсіндірме сөздігі» деген еңбекте ашулану, ашуға булығу, өз-өзіне есеп бермеу, ызалану, жиіркену, түсінбеу тәрізді етістік предикаттарына тән ортақ қасиетті анықтайды [95]. Яғни, олар біреуге не бір нәрсеге деген жағымсыз сезімнің пайда болуы, демек субъектінің біреуге не бір нәрсеге мәз емес жағдайда болуын көрсетеді.

Бұл берілген семантикадағы ашуға қатысты сөздер ашу шақырушының не шақырған нәрселердің себебін түсіндіруші формалар түрінде қолданылады; оның ішінде

тек кейбіреулері *кімге? кімге қарсы?* деген септік формаларының сұрақтарына жауап береді.

В.В.Колесов ашу психикалық жай-күйінің қауіп, қатер төндіретінін дәл айта келіп, оны істің емес, сөздің нәтижесінен пайда болады және ол табиғи сезім-инстинкт емес, мәдениетті түрдегі эмоция деген тұжырым жасайды [96, 138-б.]. Яғни мәдениет иесі «адам» ғана ашуды шын мәнінде саналы түрде сезінеді, түйсінеді. Осындай саналы әрекет бізді жан-жануарлардан ерекшелейді.

«Түсінігімізше танымдық тұрғыдан «ашу» *суықты* білдіреді. Бұл концепт «сабырлыққа» қарсы қойылып, «от» (қызу – сөну; қызыл – көк – қара) қасиетімен уәжделеді. Мысалы: *бір қызарып, бір көгеру, көзі қызару, қызды қыздымен біраз жерге бару, қара аспанды төндіру, қаны қараю, көк бет, көк долы т.б.* «От-су» концептісінің «суық» мағынасы: *қара суық, қақаған қара суық, қара дауыл, қара боран т.б., яғни ашу-ыза болып табылады»* [88, 14 б.].

*Қара, сұр, көк, қызыл* түстері арқылы да «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы беруге болады. Мысалы: *сұрлану, көкбеттену, көк айыл, қызыл кеңірдек болу т.б.*

**Зат есімдерден** жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылысы:* «ашу» психикалық жай-күйінің барлық формадағы атауы.

*Мағынасы:* ашулы, қаһарлы т.б жаушылық көңіл-күйде болу.

Мысалы: *Денесі талдырмаштау болғанмен, Кенжетайдың бір кісіден таяқ жемейтін күші бар еді. Шанадан құлаған кезде, «өлім біреу-ақ, алқымынан сығайын ба, бәлемді?» – деген ой түсіп кетті оған. Бірақ ашуын ақыл жеңіп, ол қол қатпады* (С.М. Ботагөз).

Бұл психикалық жай-күйдің тілімізде жасалуының екі

түрлі жолы бар: аналитикалық және синтетикалық.

1) аналитикалық жолы *ашу* сөзіне басқа да синонимдік қатарлардың тіркесіп не бірігіп келуі арқылы жасалады. Мысалы:

**Ашу-араз** – Ыза, кек, наразылық: *Ашу-аразы жоқ, сыбайлас отырған Мұрын мен Матай тойды жалғастырып жатыр* (Ж.Тілеков).

**Ашу-араздық** – Ызалық, наразылық. *Тұңғыш баланың адамға ыстықтығы қандай, Күлүмза тугалы Зейнеп таяққа да үйреніп, ашу-араздықты да жаба тоқып жүре берген* (Б.Майлин).

**Ашу-зіл** – Ыза, кейіс, зіркіл. *Жандарал ашу-зілін шашып шаң зып, Келеді алып бізге тосын жарлық. Бай-болыс кілем төсеп жүр жолына, Сескеніп әлпетінен шошынарлық* (Д.Әбілов).

**Ашу-кек** – Ыза, кек, кейіс. *Ескі ашу-кек – бәрі серпіліп, әлде қайда, ойға келмес бір түкпірге қашып тығылған секілді болды* (Б.Майлин).

**Ашу-намыс** – ыза, кек. *Арттағы, көштегі еркек-әйелдердің – бәрінің де наразылығын, қарғысын, ашу-намысын ала келген сияқты* (М.Әуезов).

**Ашу-жанжал** – бүлік салу, шатақ жасау.

**Ашу-шағым** – ашу, шағымы бар. *Жігіттің енді сұрқыл тартқан жүзі мен қанталай түскен көзінен Абай ашу-шағым тәрізді аңсар аңғарды* (М.Әуезов).

2) синтетикалық тәсіл арқылы әр түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

**Ашуландыру** – ашуландыр етістігінің қимыл атауы. *Үнемі тыйым салу, жиі айқайлау оны қатты ашуландыруға дейін жеткізеді, осыдан келіп балада қызбалық пен қиқарлық пайда болады* (Семья тәрбиесі).

**Ашуланғыштық** – Тез ашуланғыштық қасиет; ашуланшақтық. *Жасөспірімдердің көңіл ауаны өте өзгергіш болады: өкпелегіш және ашуланғыштық*

*байқалады (Адам анатом.).*

**Ашулану** – ашулану етістігінің қимыл атауы. *Ашулануды да, асығуды да, әбігерленуді де білмейтін, ойы да шабандау бала болады (С.Көбеев).*

**Ашуланшақтық** – Ашуланғыштық, ызақорлық: *Оның шырт кететін ашуланғыштығы да байқалған (Ө.Қанахин).*

**Ашуланысу** – Ашуланыс етістігінің қимыл атауы. *Екеуінің арасында ашуланысу болмайтын.*

«Ашу» психикалық жай-күйінің заттық формадағы ұғымына тіліміздегі мынандай сөздер енеді: ашу, қаһар, ыза, зығыр, кейіс, реніш, зіл, кек, айбар, ызақорлық, шаялық, күйгелектік, долылық т.б.

Бұл сөздің тілімізде келесідегідей омонимдік қатары бар:

1) *ашу* – психикалық жай-күй; 2) *ашу* – етістік (есікті ашу, жаңалық ашу, жол ашу немесе тамақтың ашып кетуі т.б.).

**Сын есімдерден** жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылысы:* зат есім + сын есім.

*Мағынасы:* субъект бойындағы жағымсыз қасиетті білдіретін ашумен келген сезім не көңіл-күй.

Бұл үлгі біреуге не бір нәрсеге қарсы бағытталған «мендегі» ашу.

Адъективтік үлгіде «ашу» психикалық жай-күйі көбінесе сапа көрсеткіштерін білдіруге қолданылады. В.Г.Гак атап өткендей: *«Бұл уақытпен шектелген сапа жай-күйдің басқа семантикалық категориясына ауысады» [97, 735 б.].* Мысалы: *Ол басын көтерген жоқ:*

– *Бұл қайсың!* – деп ашулы гүр етті (О.Бөкеев) немесе:

– *Ал сонан...* – *Алы сол ...* – деп, *Ақбала бұл арада айтыла қоймайтын ашулы сөздің аузынан қалай шығып*

кеткенін байқамады (Ә.Нұрпейісов).

Мұның да жасалу жолы аналитикалық және синтетикалық тәсілмен жүзеге асады. Мысалы:

**Ашу-аразсыз** – наразылықсыз, ұрыс-керіссіз. *Ағайын арасы бүтін болсын, ашу-аразсыз тұрайық десеңдер, әлі де болса тиімді уәделеріңді беріңдер (С.Омаров).*

**Ашу-зілсіз** – ашу-зілі жоқ, кексіз. *Дәурен ешбір ашу-зілсіз күле сөйледі:*

– *Оныңызға рахмет. Бірақ ол пікіріңізден қазір неге бас тарттыңыз?* (І.Есенберлин).

**Ашуқор** – ашуланшақ, ызақор. *Халфе жеңілтек, адымы қысқа, ашуқор сияқты көрінді Тоқашқа (З. Шашкин, Т. Бокин).*

**Ашулы** – ызалы, ашуланған. *Абай ашулы үнмен енді әмір ете сөйледі (М.Әуезов).*

**Ашуланғыш** – тез ашуланғыш, ызақор. *Е-е, Қайшаның өзі де ашуланшақ қой. Аманбайды бөтен кісідей сынап жүреді екен ылғи (М.Әуезов).*

**Ашушаң** – тез ашуланатын. Мысалы: *Ашушаңның анты болмайды, сабырсызға дәулет қонбайды (халық мақалы).*

**Ашуланшақ** – тез ашуланғыш.

Сын есім үлгісінің парадигмасы (ашуға қатысты) төмендегідей:

*Ашулы – ашуланшақ – ашуқор – ашуланғыш – ашушаң.*

Бұл қатардағы «ашу» психикалық жай-күйінің ұғымына тіліміздегі мынандай сөздер енеді: ашулы, ызалы, қаһарлы, долы, айбарлы, зәрлі, шамшыл, жабыраңқы, түнеріңкі т.б.

**Етістіктен** жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылысы:* Атау септіктегі етістіктің жіктелген түрі.

*Мағынасы:* Біреуге қарсы бағытталған жаушылық (ыза) сезім.

Бұл «ашу» етістік үлгісі адамның сыртқы жай-күйін көрсете отырып, жай-күйді сезінуші субъектінің белсенділігін танытады. Бұл берілген құрылым түрі аталған жай-күй семантикасына төмендегідей етістіктер жатады.

Мысалы: ызалану, долдану, күйіп-пісу, бұрқану, жындану, ызакорлану, долыру, алабұрту, зығырлану, тұлдану, шамырқану, қыжылдау (жерг.) т.б.

Бұл жай-күйдің синонимдік қатарын төмендегідей етіп көрсетуімізге болады: «Ашулану, әкірендеу, ызғарлану – талағы тарс жарылу, терісіне сыймау, қанын ішіне тарту, шырт ете қалу; екі көзі қанталау, атарға оғы болмау; қаһарын төгу; ала көзімен ату; қабағын тарс жабу; қаны қайнау, қаны қараю; зығырданы қайнау; ашу кернеу» [98, 174 б.].

«Ашу» психикалық жай-күйі төмендегідей парадигмалық қатарларды құрайды:

*Мен ашулымын – мен ашуландым – мен ашуланамын – мен ашуланар едім – мен ашулана бастадым – мен ашулансам – мен ашуланған едім – мен ашуланып едім.*

Бұл аталмыш жай-күйдің етістік предикаттары синтаксистік индикативтің барлық формасында қолданыла алады, яғни етістік категориялары есімше, көсемше, болымды немесе болымсыз, етіс категориялары т.б. болып келеді.

*Есімше:*

*Құрылысы:* атау септігі мен қысқаша түрде жай-күйді білдіруші есімше.

*Мағынасы:* актив жай-күй тұрғысынан қарағандағы нақты түсініктемесі – біреуге қастық жасау арқылы жүзеге асатын үлгі. Мысалы:

*– Әй, - деді тағы, - рас айтам, қойныңды көрсетші. Шауыпкел ашуланған болды (С. Мұқанов). Немесе: Момынбай ашуланған болып, кемпірдің артынан қуа*

шығады (Қаз. ертегісі).

*Көсемше:*

*Құрылысы:* атау септігі мен көсемше формасы.

*Мағынасы:* біреуге бағытталған ашу.

*Мысалы:*

*Құнанбай өз алдындағы мына бейбастыққа қатты ашуланып, Оспанды сол қолымен өзіне қарай жұлқып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды (М.Әуезов).*

*Етіс:*

*Құрылысы:* атау тұлғадағы етістік пен етіс формасы.

*Мағынасы:* субъектінің іс-әрекетке белсенділігі, тікелей қатысуы.

1. Өзгелік етіс. Мысалы: *Қоя тұршы, азатай, Не боп қалды соншама сұрланғандай. Әлде апам қойды ма ашулантып, Әлде тұрып па едіңіз ұйқы қанбай (Қ. Аманжолов).* Немесе: *Оны айтасың, анада бір ақынды ашуландырып та алдым (М. Иманжанов).*

2. Ортақ етіс. Мысалы: *Аян мен Айлақ оңашада біресе ашуланысты, біресе қайта күліп әңгімелесті (С. Сейфуллин).* Немесе: *Айтыс дәстүрі бойынша ақындар бұндай сөздерге де ашуланыспайды (М. Әуезов).*

Бұдан басқа «ашу» психикалық жай-күйінің етістікті үлгісі болымды немесе болымсыз, рай, шақ етістік категориялары арқылы да жүзеге асады. Мысалы:

*Бсқақтың үйіне қандай ашуланса да, шешесінің мұндай ренішті сөздер айтып жылағанын Көркемтай көрген жоқ еді (С. Дөнентаев).*

Тілімізде «ашу» психикалық жай-күйіне байланысты төмендегідей **одағай сөздер** кездеседі:

*Әй, әкеңді... Қолыңнан бір келсе екі қыл! Албасты! Айуан! Ауызыңа ие бол! Қыларсың маған! Көтіңе қара! Жап ауызыңды! Өшір үніңді! Топас! Доңыз! Оңбаған! Қаншық (әйелге)! Сұрқия (әйелге)! Қатын (еркекке)!*

*Нәлет! Иттен туған! Ит!* т.б. Мысалы:

*Әй, әй әкеңді... саған не болған-ей. Түс көрдің бе? – Құмынай тұтыға тіл қатып еді, әйелі бастырмалатып бет қаратпай қойды (О.Бөкеев) немесе: -Кет албасты! Құтырып кеттің бе? – деп арқамнан қамшымен осып жіберді. Арқам удай ашыды, көзіме қан толды (О.Бөкеев).*

Бұл күйді беруде келесідегідей **бейнелеуіш еліктеуіш сөздер** де кездеседі: *денесі қали-қали етті, тістері сақ-сақ етті, көздері жалт-жұлт етті т.б.*

Мысалы: *Жалаңаштармен жалаңаш айқасқысы келгендей Текеш есіктен кіре бере тоқтай қалып, үстіндегі бешпентін шешіп тастады. Денесі қали-қали етіп, сақылдаған тістері бір-біріне тиер емес. Қанталап кеткен уытты көзі жалмаң қағып жалт-жұлт етеді, қолындағы ала арқан қанды көзіне бір сәт шұбар жылан болып елестеп еді, сол шұбар жыланның мынау айқасып жатқан екеуінің мойнына оралуын тілеп жақындай түсті (Ә.Әбішев).*

«Ашу» психикалық жай-күйінің лексикалық құрылымы метафоралық және фразеологиялық үлгілер арқылы төмендегідей етіп беріледі:

«Ашу» психикалық жай-күйінің **метафоралық** қолданысы:

*Құрылысы:* «ашу» психикалық жай-күйін білдіретін ауыспалы сөздер.

*Мағынасы:* ашу-ызаға толы көңіл-күй.

Метафоралық үлгіге тән мінез-құлықты көрсетуде нақты құрылыс ерекшеліктерін көрсету қиынға соғады. Бұл үлгі көбінесе әдеби тілде образды ашудың бір амалы ретінде қолданылады. Мысалы: *Көргеннен соң бұларды, Ашуға мінді Қабыршақ. Адамда жаман сол еді, Сақалы ұзын ақымақ («Қамбар батыр» жыры)* немесе:

*Тәңірберген үндемесе де, ішінен қатты кек түйді. Ашу үстінде бір жамандыққа анық ойы туды (Ә.Нұрпейісов)*

немесе: *Бәрінің түстері сұрланған. Түтігіп, ыза кернеп, булығып келген кісілер...*

– *Бұйткенше, қаңғытып қусашы, бұл қор болған Бөкенші, Борсақты! – деп, көпшілік тағы ашу жия бастан еді (М.Әуезов).*

**«Ашу» психикалық жай-күйіне байланысты тұрақты тіркестер:**

*«Ашу» психикалық жай-күйін білдіретін тұрақты сөз тіркестері тіліміздегі фразеологиялық сөздіктерде кездесумен қатар, зерттеу мәтіндерінде де ұшырасады (26,1%). Мысалы: аузынан жалын атты, ашу биледі, аузын бақадай ашырды, ашуы мұрнының ұшында, ашуы жауған қардай, шөккен нардай, аюдай ақырды, алқымына ашу тығылды, алара қарады, ақ сайтаны ұстады, айдаһардай ысқырды, абжыландай толғанды, айбар шашты, бұлқан-талқан болды, бурадай бұрқылдады, бұрқ-сарқ болды, беті қатты, жалын атты, жеп қоя жаздады, долданып к... жсыртты, екі иығынан демалып отыр, ерін бауырына алды, екі иығын жұлып жеді, дауыс көтерді, етін сыртына тепті, түгі сыртына шықты, жауатын бұлттай түнерді, жарыла жаздады, зәр төкті, кек кернеді, күшке мінді, қабағы жабылды, қаны қарайды, қара борандатты, қатты келді, қаһарға мінді, құйқа тамыры шымырлады, құшыры ұрды, қытығына тиді, намысы қозды, өңеші үзілгенше бақырды, өңі тұтқыштай күйді, өті жарылды, сабасына сыймады, сайтаны ұстады, сөз көтере алмады, талағы тарс айрылды, танауы делдиді, танауы қусырылу, терісіне сыймады, тиісерге қара таппау, тұлан тұтты, тұтана түсті, түгін бетіне шашты, түксігін салды, тыз ете түсті, шап ете түсті, шыж-быжы шықты, шымыр етті, шытынай қалды, шыр ете қалды, ызасы келді, ызғар шашты, іші қазандай қайнады, өз шашын өзі жұлу, зығыры қайнады, көзінен от шашты, тісін қайрау, заһар шашты, мінез*

көрсету, ашуға міну, зәр тамды, делебесі қозу, есінен адасу, көзі шатынады, сол аяғынан тұру, кәрі жыны қозды, ит арқасы қозды, жыланиша ысқырды, жарыла жаздады, ит жыны қозды, (диал. Ашуы түсіп кетті, жынын жақты, зәр жайды, мінезі келді) т.б.

Мысалы:

Жақыннан шапшыған тайдай қасқырды енді тағы ұрамын деуге, шоқпар сілтеуге келмей қалды. Қаны қайнап, долы қайратқа мінген ер азамат енді шоқпарын көлденең ұстап, қарсы ұмтыла берді. Біршып шапқанда балғадай тістері сақылдап «арс» еткен қасқыр Исаның сол жақ иығына ауызды сала берді. Иса шапшаң бұрылып, жұлқынып қалып еді, қасқырдың аузы етіне тимей, тайқып кетті. Бірақ ескі шапанының бір жақ жеңін, тұтас өңірін дал-дал қып бөктеріп түсті (М.Әуезов) немесе:

– Таудың тағысына бола жалғыз жүргенде ес болсын деп ерткен жалғыз итімді атып өлтірдің, – деді қабағынан қар жауып (О.Бөкеев).

Немесе:

– Әкесінің аузын, күдік, күмәнді қайтеміз, басты ауыртып. Не істеу керек? Соны айт бізге, – деді. Әлімқұл кеше ғана үйретілген аюдай алдында билеп тұрған Барханға ала көзімен ата қарап (О.Бөкеев).

Тілімізде «ашу»-ға қатысты кейбір тұрақты тіркестер көп мағыналы болып келеді. Мысалы: **жыны ұстады**: 1. Жынданып кетті; 2. Ашуы келді.

Бұған қоса, жергілікті тіл ерекшелігінде «ашу»-ға қатысты тұрақты тіркестер де жоқ емес. Мысалы:

**Жанын жақты** – Біза қылды, күйдірді (Мың десе де түсінбей адамның жанын жағады. *Түркіменстан, Ташкент, Тәжікстан*).

**Зәр жайды** – Қаһар төкті, қаһарланды, ашу көрсетті (Әйеліне оқуға барасың деп, зәр жайып отырғанын

жақтырмадың ба. *Қызылорда, Арал*) [99].

Бұлардан басқа адамның сапалық қасиетін білдіретін төмендегідей фразеологизмдер де кездеседі: *ақылы балқаш, ашуы дүлей, көк айыл (әйел затына қатысты), кескекті аю, кірпігінен қырау тамған, қаны қатып алған, қаңтардағы бурадай, қылышынан қан тамған, өңі қатулы, терісі тар, шілдеде мұз қатырған, шырт етпе т.б.*

«Ашу» психикалық жай-күйіне қатысты **мақал-мәтелдер:**

*Ас тасыса қатығы төгілер, ашу тасыса ақылы төгілер; ашу – дұшпан, ақыл – дос; қатты жауған күн тез ашылады, қатты ашуланған кісі тез басылады; ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ, шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ; жақсының сөзі ақыл шақырады, жаманның сөзі ашу шақырады; қатын ашуланса қазан қайнатар; ашуың келсе қолың тарт, айтпас жерде тілің тарт; ашу алдында, ақыл соңында; ашу арындайды, ақыл артынан аяңдайды; ашу - ердің айбары; ашу келсе ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса, ашу не етер; ашу жұту – тау жұту; ашулы артынан өкінер; ашулының алдында тұрма, ашулы атасына қарамайды; ашушаңның анты болмайды, сабырсызға дәулет қонбайды; ашу шабыстырады, ақыл жарыстырады; ашуланса көшке берген тайлағын қайтып алар; аш кісінің ашуы жаман; айға шапқан арыстан, ашуына болайын, жауға шапқан батырдың, тасуына болайын, үйде қалған қорқақтың, сасуына болайын; мал ашуы – жан ашуы; ит ашуын тырнадан алады; ит ашуын мысықтан алады т.б.*

«Ашу» психикалық жай-күйінің **тілдік емес** белгілері:

Берілген семантиканы жеткізетін тілдік емес амал-тәсілдер түрі келесі топтарға бөлінеді:

**Мимика.** Бұл топта аса маңызды рөлді адамның көзінің іс-қимылы атқарады: көзі қанға толу, көзі жалындау, көзінде ашу тұну, көз алару т.б. Мәселен: *Абай*

*есіктен төрге қарай бір-ақ аттап ырғып түсе бере:*

*– Тоқтат!.. – деп саңқ етті.*

*Әкесінің қан басқан көзі бұған жалт бұрылғаныша, қатты серпінмен Құнанбай қолын қағып жіберіп, Әмірді өлім шеңгелінен бір-ақ жұлып, сүйреп алды.*

*– Арам! – деп Құнанбай ақырды.*

*– Өлтіртпеймін! – деп Абай да қарсы, қатты ақырып жіберді.*

*Енді екі долы көздер бір-біріне тіп-тік қадалыпты (М.Әуезов). Немесе:*

*– Қырық шыбық деймісің! Мұндай да сұмдығы бар ма еді?! – Байбосынның көзі шарасынан шықты (С.Жүнісов).*

*Ал қалған өзгешеліктер адамның толық бет әлпетіне байланысты болып келеді: тісін қайрау, ерні көгеру, қаны басына шығу, т.б. Мысалы:*

*Кәлен ар жағынан ақырып оянып келе жатқан ашуды танытқандай қара бұжыр беті дуылдап барады (Ә.Нұрпейісов) немесе: Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді (М.Әуезов)*

*Соғыс... аяғымнан сол соғыста айрылсам арман не еді! – Аспанның көзі қанға толып кетті (О.Бөкеев).*

**Пантомимика.** Бойын ашу кернегенде адамның діріл қағуы, саусақтарын жыбырлатуы, орын таппауы, т.б. Мысалы:

*Қарақаттың түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйтілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып:*

*– Мазаңды алып мен не қылыптын, - деп екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді (Ә.Нұрпейісов) немесе: Кетіп бара жатқан қызды қалың топ қара күшпен тартып алдыңдар. Міне, бүгін аяқ-қолын жерге тигізбей әкетейін деп отырсыңдар. Енді не армандарың бар.*

*– Иә, ел көзіне мазақ болған жігітте не арман бар екен? – деп Жалмұқан қияқ мұрты дірілдеп, сұрлана түсті*

(С.Жүнісов).

**Бет-әлпеттің түр-түсі:** ашуланғанда түр-түстің өзгеруі. Мысалы: *Базаралыны бұдан былайғы бір қимылға шүйлеп, қайрап салудың анық сөзі осы. Базаралы бұл тұста салқын түспен қолын бір сілтеп:*

*– Жетті ғой, Жиренше! – деді де тоқтап қалды. Кең маңдай, қайратты жүзі көкшіл тартты. Реңіне ыза шыққандай (М.Әуезов) немесе: -Сен өйтіп қара аспанды төндірме! – Тырсия сазарып, Ботааштың беті сұп-сұр болып кетті (Б.Нұржекеев).*

**Дауыс ырғағы.** Кейде қатты ашуланған адамдардың дауысы шықпай тұтығып, булығып сөйлей алмау құбылыстары да ұшырасып жатады. Мысалы:

*Еламан мырс етті. Бірақ бұл жолы да үндеген жоқ.*

*– Шынымды айтайын, кеше сен үйленгенде тойыңа шақырар деп дәмепін едім...*

*О, залым! Бұл не, мазақ па? Тым құрыса, түзде де емес, үйде, төріңде отырып... Зығыры қайнаған Еламан аузына сөз түспей, ішінен тынып, түсі бұзылып отыр (Ө.Нұрпейісов).*

Мұндай қатты булығып, сөйлей алмай қалған жағдайда адамдардың қайта-қайта жұтынуы т.б. сияқты қимылдар жиі ұшырасады. Мысалы: *Шешесінің сонша қорғаштағанына Кәмеш шыдай алмай күйіп кетті. Үсті-үстіне жұтынып, қайта-қайта ернін қымқырып, әзер тоқтады. Тіпті, ашуға булығып амалсыз тоқтаған да болуы керек (Б.Нұржекеев).*

Немесе керісінше ашуланғандықтан қатты сөйлеу, айқайлау, дауыс көтеру, дауыс ырғағынан дірілдің байқалуы т.б. сияқты құбылыстардан да «ашу» психикалық жай-күйін байқаймыз. Мысалы:

*Оттапсыңдар! – деп ақырып қолындағы Қоңқайдың мылтығын екеуіне кезек кезеді (О.Бөкеев) немесе: Қанталаған көзін отырғандарға қадап:*

– Батыраш қайда, Батыраш, әкеңнің! – деп арыстандай ақырып, айнала тінте қарап тұрды да керегеге жабысып, жапалақша жарбайып үні шықпаған Батырашты көрді. Үй ішіндегі шонжарлар не дерін білмей қалишып, сасып қалды (С.Жүнісов).

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** жүрек соғысының үдеуі, қан қысымының өзгеруі...  
Мысалы: *Жүрегіне қан төгілгендей қайнап кеп:*

– *Өй, кәрі малғұн!* – деп, *Жексенді желкеден қойып жіберді* (М.Әуезов). Немесе:

– *Құдай жүзін көрмегір, мынау өзі кім әкіреңдеген!* – деп, *Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды* (М.Әуезов).

**Секреторлы бездер қызметі:** *ашудан жылау, өксіп жылау*, т.б. Мысалы:

*Қанша тасқайнат мықты болсам да шыдай алмай дауыстап жылап жібердім.*

– *Құдай зауалдарыңды берсін!* (О.Бөкеев).

**Тыныс алу қызметі:** *ашуға булығы, ызадан тұншығып дем ала алмау, ашудың демді тарылтуы*, т.б. Мысалы:

*Егер ондай ұсақ-түйектің бәрін жіпке тізе берсек, онда сен... айтсам ба, айтпасам ба дегендей тұтығып қалды* (О.Бөкеев).

Тіліміздегі *ентігу, демін әзер алу* сөздері ашулануды да білдіреді.

**Дене температурасы:** *Адамның дене температурасының жоғарылауы.*

Ашулану психологиялық үдеріс ретінде ең алдымен адамның бет-пішінінен аңғарылады. Ашуланғанда адам ернін қатты қысып, тілін тістеп, қасын керіп, қабағын түйеді.

Қазақ тілінде «ашу»-ға байланысты, яғни оны берудегі өзіндік ерекшелігіміз – ер адам мен әйел адамның ашулану қасиеті әр бөлек. Мұны кезінде Әл-Фараби бабамыз:

«Күшке бейім тұратын психикалық қасиеттерді – мәселен қаһар (ашу) мен қаталдықты алатын болсақ, бұлар әйелдерде осалдау, ерлерде күштірек» деп айтып кеткен болатын [100, 301 б.]. Осыған орай, көбінесе ер адам ашуланса, ол қатты ашуға булығып, қаһарланады. Қаһарлану – ерлер үшін ашуланудың ең жоғарғы түрі. Мысалы:

– Мынауың кім еді? Қайдан шыққан неме?! – деп сүзеген бұқаша көзілдірігінің үстінен қарады.

– Әй, Нұрмағанбет, – деді Жайық қарт енді қаһарлана түсіп. – Мынауың кім дейсің. Бұдан сыпайырақ сөз аузыңа түспеді ме?! Төрт-бес күннен бері тойыңа келген көп тобырыңа ас дайындап, отыңмен кіріп, күліңмен шығып жүрген көп жалшының бірі болсам да, кешегі Сағынай әкеңмен тұстас емес пе ем. Білгің келсе айтайын, атым – Жайық, сібіріңе екі рет айдалған қазақпын. Руым – керей. Нағашы жұртым – қарауыл. Сол қарауылдың дауын даулай келдім. Маған Құлагердің бәйгесі емес, құны керек (С.Жүнісов). Мұндағы қаһарланудың көрінісі Жайық қарттың ашыла, ашулана сөйлеуінен аңғарылады. Оның енді Құлагердің құнын даулағанша неден болса да тайынбайтыны, жанын құрбан ететіні «Әй, Нұрмағанбет» деген өмірінде қарсы келіп көрмеген, атын атамаған, жалшысы болып қызмет етіп жүрген адамына әбден ашуланып, шегіне шетіп айтқан зілді сөзінен байқауға болады.

Ал әйел адам болса, ол ер адам сияқты қаһарланбайды, долданады. Осыған орай әйел затына байланысты тілімізде *долы, көк долы, көк айыл, көкбет, көк, долдану* сияқты сөздер де кездеседі. Мысалы: *Жүгірем деп құлап қап, Жылайтұғын долы қыз, Болатынбыз жұбатпақ, Жылы сөзбен оны біз* (С.Мәуленов) немесе:

– Ал-да-ай!... Маза берші...

*Қарақатынның түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйітілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып:*

*– Не дейді? Мазаңды алатындай мен не қылыптын, - деп екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді.*

*– Тұңғыш құрсақ көтерген тұмса келіншек қой деп, ақылымды айтсам, о несі, әй? Мендей абысының айтпағанда, кім айтады? Маза берші деп... Адыра қал! (Ә.Нұрпейісов).*

«Көк» сөзінің әйелге қатысын оның физиологиялық жағдайымен түсіндіруге болады. Демек қаһарлану, долдану сөздері өзара синоним ұғымдар болғанымен, олардың сөйлемдегі стильдік қызметі әр басқа.

«Ашу» психикалық жай-күйінің берілуінің тілдік, яғни лексикалық-грамматикалық құрылымынан басқа, тілдік емес (бейвербалды) жолдары да бар. Бұл туралы Ж.Нұрсұлтанқызы «О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар» атты еңбегінде ашуға байланысты бейвербалды синонимдер қатарын (қабағын шыту, ернін жымқыра тістеу, тізесін тоқпақтау, жұдырығын түю, осасымен жер сабалау, қолы дір-дір ету, отының басын сабалау т.б.) көрсетіп, бұл амалдардың ашулану эмоциясының әр түрлі сатысы болып табылатындығын сөз етеді [69].

Ғалым-этнограф С.Кенжеахметұлының «отының басын сабалау» амалына берген мынандай түсінігіне тоқталады: *«Ел ішінде зорлық-зомбылық болмай-тұрмайды. Әлі келгендер әлсіздердің немесе жетім-жесірлердің малын тартып алатын кездері де болған. Осындай жағдайларда есесін алуға шамасы келмейтін әлсіздер зорлық қылғанның ауылына барып, оның үйін сабайды, от басын сабап күлін шашады. Есесі кеткендер бұған қанағат тұтып, өшін алғандай сезімде болады» [79].*

«Ашу» сөзіне байланысты бейвербалды амалдардың қатарына жоғарыдағы келтірілген мысалдардан басқа, қатты ашуланған сәттегі адамның орынсыз іс-әрекетіне байланысты қолын шығару (ер адамның да, әйел адамның да қолданысында кездеседі) кинемасын, ер адамдардың ашулануындағы мұртының жыбырлауы мен жұдырық түюі т.б. сияқты белгілерін атап көрсетуге болады. Мысалы: *Иманның аңғармай айтқан бұл сөзі қойшы жігіттің жан жарасына тиіп кетті, өйткені оның өзі таз екен. Иман оны байқаған жоқ, жаңағы сөзі оның намысына қатты тигенін де аңғарған жоқ. Ал, қойшы пақыр ашуға булығып жарылғалы келеді. Сол булыққан ашуы тазының құртын қоздырып жіберді ме қалай, басындағы тақыр тері тебетейін алақанымен бас салып ерсілі-қарсылы үйкеп-үйкеп жіберді де, жасаураған көзін Мәдиге қадады.*

– *Мырза, мына күшігіңді үргізе бермей тоқтат, – деді де, бас бармағын ыңғайлап алып Иманның өзіне шүйілді.*

– *Сеніңше, болыс атаулыға қырғидай тиіп жатқан кім? Мәди емей сенсің бе?.. Мә... мә... мә... (Ә.Әбішев).*  
Немесе:

*Бұл уақытта ұлық көзі қызарып, шарасынан шығып, тасырайып, мұрты жыбырлап, танауы желбіреп, ашуланып:*

– *Сен ит, мал жеріңе түссе, маған келіп неге айтпайсың... Мен саған көрсетемін қалай сабайтынды... абақтыда танытамын мен саған кісі ұратынды! – деп, жұдырығымен үстелді қойып қалып, ауыз үйдегі екі солдатты шақырып алды (М.Әуезов).*

Сонымен мұндай тілдік емес амал-тәсілдерді жинақтай келіп, «ашу» психикалық жай-күйінің төмендегідей берілу жолдарын көрсетуімізге болады:

1. Әр түрлі соматикалық қимыл-қозғалыстар арқылы (бет, көз, қабақ т.б.): *Әзімбай қалың қызыл қабағы мен суық бітік көзін әр кедейге оқша қадап қойды да, Мағашқа*

сөйледі... (М.Әуезов). Немесе:

*Ақтоқты оң жаққа салған төсегінің үстінде мамық жастыққа бетін басып, қисайып отырған. Оюлы қос есіктің топсасы сықырлап ашылғанда да тапжылған жоқ. Жалмұқан жөткірінгенде барып басын көтерді.*

– *Ақтоқты амансыз ба?*

– *Ә, саламатсыз ба, – деп қабағын керіп, тура қараған Ақтоқтының жүзі ашулы еді (С.Жүнісов). Немесе:*

– *Сені кең қолды бай деп тұрсам, аузыңды қу шүберекпен сұрткен сараңның сараңы екенсің ғой. Құлагерге мың ділда тігемін. Құлагер келсе, сенің ділдаң керегі жоқ. Тыр жалаңаш шешіндіріп, жұрттың алдынан көк шыбықпен айдап өтем осыған тұрамысың?! – деп адай балуаны қарсы шықты.*

*Батыраш не дерін білмей тістеніп, тосылып қалды... беті қабарып, қолын бір сілтеп, жолдастарын ертіп, ішіне арам ой түйіп кете барды. Күреңбайдан да, жат жұрттан келген адайлықтан да, мына тұрған көпшіліктен де аяусыз таяқ жеп, күйініп барады (С.Жүнісов).*

2. Қарапайым, бейпіл сөздер (бұл сөздерді айту барысындағы шектен тыс шығу қимылдары) арқылы (оттама, есуас, нақұрыс, әкеңнің аузын..., енеңді ұрайын т.б.):

– *Тоқта!.. Ей, сен неғылған есуассың! – дей беріп еді. Осы кезде Әбді атқып кеп қара сақалдың орағын дәл жүзінен көлденең баса қалды да, бір сәттің ішінде орақты жұлып алды. Сол ашулы екпінмен орақты шарт сындырып, сап жағын көлденең ұстап тұра қалды (М.Әуезов) немесе: Мәдидің алыстан жіберген тасына төтеп бере алмағандарына ызалы екеуі біріне-бірі сау аяқтарын сермесіп, «осының бәрі әкең мен сенің қырсығың», «жоқ сенің қырсығың, аузыңа келгенді оттап, бәрін бүлдірген сен соқыр», «ой, азбан, әкеңнің аузын...»,*

*«ой, көзіңді, көзіңе қосып, сақалыңды, сақалыңа қосып көзіңді...» (Ә.Әбішев).*

3. Әр түрлі бұйрық мәнді зілді сөздер арқылы: *Тоқтат, мырза мына орақшыңды!.. Сөзге кел!*

*– Сөзге, жолға кел! Тоқтасын орақшылар! – деп Сержан да ентелеп тұр.*

*Әзімбай ақыра жөнелді:*

*– Тоқтамайды! Бұйрық айтпақсың ба маған?.. Аш көзіңді!..*

*– Тоқтайды... Тоқта! Әй, орақшылар, тоқта былай! – деп Әбді атынан түсе қалды (М.Әуезов).*

4. Интонация, эмоционалды сөздер арқылы. Тілімізде «ашу» психикалық жай-күйінің өрісін (сөйлем ішінде, контекст, мәтінде) өріс негізіндегі шеткі сөздерден (ыза, кек, қаһар, т.б.) басқа, эмоционалды сөздермен де беруге болады. Мысалы:

*– Жігіттер, екеуін де екі айырып, байлап тастаңдар! – деген Жалмұқанның үні зәрлі шықты (С.Жүнісов).*  
Немесе:

*Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: «– Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің? деп, Қаратайға қадала түсіп:*

*– Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен» – деді (М.Әуезов).*

Бұл сөйлемдерде ашудың көрінісін сөйлеуші кейіпкердің дауыс ырғағынан, интонациясынан, сөйлем қолданыстарынан оңай байқауға болады. Демек, «ашу» жай-күйін тек қана өзіне қатысты синонимдер немесе фразеологизмдер арқылы ғана емес, эмоционалды сөздер арқылы да беруге болады. Мұндай сөйлемдерде көбінесе оқшау сөздер белсенді рөл атқарады.

5. Біреудің намысына тиетін сөздер арқылы да беріледі. Бұған қисынсыз, қисық сөйлеу немесе жағымсыз

қылық, іс-әрекет көрсету және біреудің кемшілігін айта сөйлеу сияқтылар жатады. Мысалы:

*Үй іші толған сайын, өңкей байлар, төрелер төрге шығып, орындарынан созалаң тұрған шала ұйқылы Шәкейлер төмен қарай сырғып, ақыры есіктің тұсына жақындап қалған. Тап бүгінгідей күні жас та болса алыс ауылдың баласы болып құрмет көрмеген Шәкей, іштей зығыры қайнап, әр сөзге әдейі араласып, шалыс сөйлеп отырған. Бақтыбайға жауапты сол берді:*

*– Басарала – өзіміздің жұрағатымыз: Қарауыл, қарауыл ішінде есембай, есембай ішінде малтабар.*

*Жұрт ду етіп күліп, басыла қалды. Шәкей әдейі Бақтыбайға тигізіп бұра сөйлеп еді. Қисық сөзді ұнатпай қалған Мұқанәлі қабағы түксіп, үнемі ұшықтан арылмайтын сілекейлі аузын бір сүртін:*

*– Сондай да қалжың бола ма екен. Үлкен адам жөн сұрап отырғанда беталды қылжақтай берудің не орны бар – деп, енді төрде жымия күліп отырған Ақанға бұрылды (С.Жүнісов).*

Адам қатты ашуланғанда, оның сөйлеуіне тән синтаксистік нормалар бұзылады. Бұл жағдай екі жақты болуы мүмкін: біріншісі – ашуланған адамның ой жүйесінің бұзылуы (яғни оның әдеби нормадан тыс сөздер айтуы, өз-өзіне жауап бере алмаушылығы, өзін ұстай алмауы), екіншісі – ашудан қорыққан адамның (екінші жақтың) сөйлеу іс-әрекетінің бұзылуы. Мысалы:

*Сол-ақ екен Тәкежан мен Әзімбай да мұны боқтай жоқтап, осы тұсқа келіп қалған екен.*

*– Қайда жүрсің, сен сүмелек, неге жатырсың, сен ит!*  
*– деп Тәкежан ақыра берді.*

*– Уә, мен күні бойы малдан келдім ғой.*

*– Қарашы, сөзін қарашы... әкеңнің... қаскөйдің, жоқ қылайын сен итті! – деп, Әзімбай тап берді.*

– *Өлуші ме ем тыным алмай!* – деп Иса сөйлей бергенде, иығына Әзімбайдың жуан таяғы сарт етті. Тағы көтеріп ұра бергенде Иса таяқтан ұстай алды (М.Әуезов).

Мәселен, жоғарыдағы «Уә, мен күні бойы малдан келдім ғой» деген сөйлем – айтушының сұрағына екінші адамның қатқан жауабы. Бұл сөйлем логикалық тұрғыдан тыңдаушыға (яғни сұрап тұрған адамға: «Қайда жүрсін, сен сүмелек, неге жатырсың, сен ит») бірден түсінікті. Ал бұл сөйлемді контекстен жеке алып қарасақ, дұрысында «мен күні бойы мал бағып келдім ғой» болуы керек. Яғни алдыңғы сөйлемнің мағыналық жағынан логикаға сыйымсыз болып тұрғанын аңғару қиын емес. Немесе:

*Қайтып оралсам, ол бұлқан-талқан ашуланып жүр екен. Ұрысқанда үстіңгі ерні желді күнгі түндіктей желл-желл етеді.*

– *Сен бала несің!* – деді қалшылдап. *Ашу тығылғанда аузына одан басқа сөз түспей қалса керек.*

– *Мен немін? Адаммын.*

– *Адамды көрсетемін мен саған! Сен бүйте берсең, көрдің бе, анау оттыққа тығып жіберемін!* – деді төне түсіп (Д.Исабеков).

Осы сөйлемдегі қарым-қатынас барысындағы ашулы адамның «Сен бала несің?» деген адамға қатысты сұрауы қате. Дұрысы адамға қатысты болғаннан кейін «Сен бала кімсің?» немесе «Сен өзі қандай баласың?» деген сөйлемдер болады. Мұндай жаңылысулар – қатты ашуланған адамдардың сөйлеу әрекетінен жиі байқалатын құбылыс.

Тағы бір айта кететін мәселе, адам қатты ашу үстінде сыпайылық танытатын, қатты сыйлайтын адамына «сен» деуі немесе орынсыз қылық, әрекеттер көрсетуі де мүмкін. Мұндай қарым-қатынастарда адамдар (әсіресе, қазақтар

арасында көп байқалады) мақалдап, мәтелдеп, жұмбақтап, астарлап сөйлеуге құштар келеді. Мәселен:

*Жалғыз кетіп бара жатқан Абайдың артынан Оспан желе жортып жеткенде, Абай інісіне суық жүзбен қатуланып, зеки сөйледі.*

*– Сенің ішіңе қандай от түскен? Балалар көзіңше талағыңды соншалық тарс айырғаның не? Әлі де қу күндестік жыны буып жүр ме? Айт, шапшаң! – деді.*

*Бүгін таңертеңнен бергі жүрісте, әр сөзде Абайдан үстемірек болмаса, өзін кіші танытпай, дардайсып келген Оспан қазір бір сәтте өзгерді. Абайдың ажарына көз қиығын тастап, әлгідей ұрыс үнін естумен ілес, енді сескене түсіп, бой бақты. Үнін ақырын ғана шығарып:*

*– Ашуым орынсыз болса, болар, Абай. Балаға білдіргенім орынсыз. Бірақ соным тегін емес. Таңертеңнен сені оңаша алып шыққанымның мәні де осында. Кешелі-бүгіндер мен біреудің қолында өлгендей боп, қаныма қарайып жүрмін. Құнанбай баласы біз бүгін бір қорлықта тұрмыз! – деді.*

*– Не қорлық? Не айтасың? – деп, Абай атын оқыс бұрып алды.*

*– Айт! – деп, Оспанның көзіне көзін қадады. Дірілдей түсіп, жаманат хабарды тосты.*


*Оспан Абайға енді сызды қабақпен, тура қарады. Күнге қарсы, өткір көздеріне қызғылт ашу отын жиып тұр.*

*– Қорлықты Нұрғанымнан көріп тұрмын. Үш күннен бері әкеңнің үйінде сол тоқалдың қылмас қонағы боп Базаралы жатыр. Әкемнің әулиедей ақ төсегін арамдап жатыр! Бар дертім осы. Көптен білсем де, бүгін сенен ірке алмадым. Білдірдім міні! Сенен басқа сөз саларым, сыр шашарым жоқ. Дәл сол үйдің шаңырағына әкем анау қаралы үйде отырғанда, мынау қос қара бетті осы түнда асып өлтірсем деп тұрмын! – деді.*

Абай кеудесіне оқ тигендей, демі үзілердей сілейіп бір тұрып қалғанда, ат үстіндегі денесі дір-дір етіп, үзеңгілері табанына тұрмай, ойнақшып кеткендей болды. Бірақ қатты ашу үстінде, булыққан тамағына тас тығылғандай. Оның да көздері оқыс қанталап, Оспанға ақырып қалды:

– Қысқарт! Оттама! Намыс емес, арсыздық! Тоңмойын, топас, надандық. Не бетіңмен сөйлейсің?.. Осыдан қимыл етіп бүлік салсаң, сол шаңыраққа өзіңді мен астырамын. Тіліңе тыйым, қолыңа тұсау салдым! Төрінен көрі жуық әкеңді қабырына тонап кіргізбекпісің? Масқарасын әлемге шашып, итжемі қып өлтірмек өшің бар зой, сірә?! – деді. Қалған сөзді бір-ақ тыйып, атын борбайға бір салып, қатты жорғалатып, Ақшоқыға қарай жалғыз тартты. Бұл кезде күн ұясына жаңа кіре бастан еді (М.Әуезов).

Қорыта келгенде, «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты сөздерді төмендегідей етіп беруге болады:



#### 2.1.4 «Қуаныш» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы

Қазақ ұғымында «қуаныш», біріншіден, адамның ішкі психикалық күйі (эмоциясы) болса, екіншіден, қуанышты жағдай (екі түрлі субъектілік қатынас: 1) *біреуді қуанту* 2) *біреу немесе бірнәрсе өзіңді қуанту*).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қуаныш – 1) *Бір нәрсеге қуану сезімі; шаттық, көңілділік* 2) *Ауыс. Біреудің көңілге медеу тұтарлық нәрсесі; жұбанышы, қызығы, арқа сүйері*». Мысалы: *Жәділдің туыстарының қасына көшіп келгенім Жәділге тым құрыса бір қуаныш жеткізер, көңіліне медет болар деген, бірақ Жәділ оған қуана қоймаған тәрізді* (Ә.Тарази) немесе: *Біздің музыка мен вальстің сізге ұнағанына өте қуаныштымын* (Д.Исабеков).

Орыс тілі лингвистерінің «қуанышқа» берген анықтамаларына келетін болсақ, Д.Н.Ушаковтың айтуы бойынша: «...это – чувство удовольствия, внутреннего удовлетворения, веселое настроение», С.И.Ожегов сөздігінде: «**Радость.** 1) *внутреннее чувство, противопоставленное внешнему, физическому ощущению удовольствия и* 2) *веселое чувство*» делінген. Ал Г.Честертонның ескеруі бойынша ол – «*неуловимая материя*», Ю.С.Степанов болса, «радость», «ради», «родить» сөздерінің этимологиялық тұрғыдан жақындығын атап көрсетеді [76, 257 б.].

Осыдан берілген лексеманың екіжақты қырын аңғаруымызға болады. Бірінші жағынан, *ол қуанышты десек*, екінші жағынан – *қуанышты күн*. Яғни бұл екіжақтылық, концепт құбылысы тұрғысынан, материалдық нысан (қуанышты күн) мен адамның ішкі психикалық жай-күйіне (ол қуанышты) бөлінетінін көрсетеді. Осы тұрғыдан «қуаныш» объективтік құбылыс

ретінде де, субъективтік құбылыс ретінде де айқындала береді. Ол *себепсіз, бейқам, санасыз* болуы мүмкін.

Орыс тіліндегі А.Г.Преображенский сөздігі бойынша, «қуаныш» концептісінің негізінде «қалау, сүю» (желать), ал М.Фасмер бойынша «аяу» (жалеть) сөздері жатыр. Осы тұрғыдан «аяу» біреуге деген аяушылық сезімі ғана емес, ол сүйіспеншілікті де білдіреді [5, 66 б.]. Олай болса, «қуаныш» концептісі «махаббат» концептісімен ассоциацияланады. Сонда қуаныш:

**Қуаныш** – өмір; **қуаныш** – жақсылық; **қуаныш** – жағымды; **қуаныш** – махаббат; **қуаныш** – жылылық.

Психологияда **қуаныш** – *орындалуы күмәнді болып тұрған қажеттіліктің толық қанағаттандырылуына байланысты туындайтын ұнамды эмоционалды күй.*

Яғни қуаныш – қанағатты жай-күй. Осыған қатысты тілімізде *ырза болды, көңілі толды* деген сөздер де кездеседі. Бұл жай-күй ұзаққа созылатын немесе қысқа мерзімді болуы мүмкін. Тілімізде кездесетін *жымияп күлу, қатты күлу, саңқылдап күлу, бар пәрменімен күлу, шамашарқынша күлу, жүрегі жарылып кете жаздағанша күлу* т.б. көптеген күлудің түрлері қуаныш психикалық жай-күйінің көріністері болып табылады. Алайда тіліміздегі **күлу** сөзіне байланысты тіркестің бәрі қуаныш күйін білдіре бермейді. Ондай сөздер басқа да психикалық жай-күйлерде де көрініс таба береді. Мәселен, майысыңқырап күлу (ұят психикалық жай-күйі), зорлықпен немесе кекесінмен күлу (ашу психикалық жай-күйі) т.б. Мысалы: *Атының тізгінінен қымтай ұстап, ішін ыза, ашу кернеген Ақан булығыа күлімсіреп тұр* (С.Жүнісов).

Ұлттық танымдық тұрғыдан бұл жай-күйді қазақ тілінде *төбесі көкке жетті, төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді* т.б. деген тұрақты тіркестермен береді. Мұндағы көк түсінің бірінші аспан атауынан *көк тәңірі* деген екінші мағыналы сөз туындайды. Басқаша айтар болсақ, «тәңірі

қолдап, ісімізді оңынан тудырды» дегендерден «қуаныш» жай-күйі келіп шығады.

Жоғарыда біз қуанышты жағдай екі түрлі субъектілік қарым-қатынастан туындайды деген болатынбыз: біреуді қуанту немесе біреудің, бірнәрсенің өзіңді қуантуы. Бұл жағдайлар жеке адамның қуанышынан, ішкі жай-күйінен туындайтын құбылыстар болып табылады. Мысалы:

1) *Жайбасар – осы ауылдағы тракторшы жігіт. Үйленгеніне он төрт жыл болса да келіншегі құрсақ көтермеген. Енесінің келінін апармаған тәуібі, түнетпеген мазары жоқ. Арыстанбап пен Түркістанға талай барып, талай келді. Қаратпаған білгір дәрігер де қалмады. Алладан да, адамнан да үміт үзіп отырған шақта келіні жерік болды. Содан бастап шағын ауылдың аузында Жайбасардың әйелі. «Құдай тілеуін беріп, өшкен үмітін қайта жаққан екен бейшараның. Бір атадан қалған жалғыз тұяқ еді, көп әулие-әмбиелердің бір шапағаты тиген зой» деп әркім әрқалай қуаныш білдіруде (Д.Исабеков).*

Бірінші мысалдан көріп отырғанымыздай, Жайбасардың қуанышы – бар ауылға ортақ қуаныш, демек өз қуанышың арқылы біреуді де қуанту. Осыдан келіп қуаныштың дара және ортақ (жалпы) қасиеттері келіп шығады. Дара қуаныш жеке адамның бойындағы жай-күйі болса, ортақ қуаныш сол жеке қуанышты бөлісуден келіп туындайды.

2) *Осы кезде алыстағы үйдің есігі ашылып, іштегі шам жарығымен әлдеқалай бір әйелдің есік тұтқасын ұстап, делдиіп тұрғаны көрінді. Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды.*

– *Қайнаға-ау, қайнаға, - деп айғай салды әлгі әйел.*

– *Уа, не, мен мұндамын, - деп Молдабай орнынан ұшып тұрып, солай қарай жүрді. Қасындағы Қарекенді ұмытып кеткен секілді.*

– Қайнаға, сүйінші, сүйінші. Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп оның алдынан ентіге шықты.

– О, жасаған, шүкір, шүкір мұныға. Қатшайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек...

Қарекең сол орнында қимылсыз қатты да қалды. «Қайнаға немерелі болдыңыз» - дегенді естіген кезде, оның буын-буыны қалтырап, денесінен дәрмен кете бастады. «Немере дейді! Құдай-ау, немере дейді! Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған!».

Оның кезерген еріндері осы сөздерді тынымсыз қайталай берді (Д.Исабеков).

Екінші мысалдан байқайтынымыз, Қарекеңнің қуанышты хабарды естігеннен кейінгі «қимылсыз орнында қатып қалуы, буын-буындары қалтырап, денесінен дәрменнің кете бастауы т.с.с.» қимыл-әрекеттері – өзіне ғана тән жеке қуанышы, біреу қуантқан сәттегі дара қуанышы.

**Зат есімнен** жасалған «қуаныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

**Құрылымы:** заттанған (синтетикалық, аналитикалық) есім.

**Семантикасы:** субъектінің әр түрлі жағдайларына байланысты туындаған жағымды көңіл-күйі.

Бұл жай-күйдегі сөздердің жасалуы күрделі, яғни синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Оған қоса, бұл сөздердің қатарын тіліміздегі мынандай контекстік синонимдер (қуаныш – той) толықтырады: *шат, шаттық, сүйінші, мейрам, масаттық, мерей, думан т.б.* Алайда бұл сөздер адам бойындағы көтеріңкі жоғарғы көңіл-күйді білдіргенімен, бұлар қуанышты тудырушы түрткілер (мотив) болып табылады. Ал антонимдік қатарын *қайғы* психикалық күйімен беруге болады.

**Қуаныш** (көңілі өсіп, жайдарлану). Мысалы: *Сол қуанышпен ол Үсеннің үйіне барсын* (Ә.Тарази).

**Қуаныш-қызық** (қуаныш, шаттық, мерей). Мысалы: *Бұл әйелдердің қуаныш-қызығы да, үміт-қорғаны да сол суық қабырға өліктермен көмілген* (М.Әуезов).

**Қуаныш-күйініш** (қуанышы да, күйініші де; екеуі де). Мысалы: *Қазақ халқының өте ерте кезден бергі тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен кәсібі, қуаныш-күйініші, көңіл-күйі... бәрі-бәрін ауыз әдебиетінен табуға болатындығы белгілі* (Бозінген).

**Қуаныш-қайғы** (қуанышы да, қайғысы да; екеуі де). Мысалы: *Бірақ, мұны білетіндердің ешқайсысы осы бір адамның өзгелер сияқты қайғы-қуанышы, күйініш-сүйініші, мұрат-мақсаты бар болар-ау деп ешқашан ойланған емес* (Д.Исабеков).

**Қуаныш-реніш** (қуанышы да, реніші де; екеуі де). Мысалы: *Зифаның барлық қуаныш-реніші де түп-түгел солардың қамы* (З.Қабдолов).

**Қуаныш-сүйініш** (қуанышы да, сүйініші де; екеуі де). Мысалы: *Осы қуаныш-сүйініштің бәрін ол түсінде көріп жүргендей, оянып кетсе, бәрінен де айрылып қалатындай сезінеді* (М.Дүйсенов).

**Қуаныш-кейістік** (қуанышы да, реніші де; екеуі де).

**Қуаныш-жұбаныш** (қуанышы да, жұбанышы да; екеуі де). Мысалы: *...қуаныш-жұбанышы, сүйініш-күйініші... қалды ма...* (О.Бөкеев).

**Қуаныштау** (қимыл атауы).

**Қуаныштылық** (қуанғандық, шаттыққа бөленгендік). Мысалы: *Бұл жолы келіншек Мұратты көргеніне қуаныштылығын жасырмай, өңі құлпырып күле амандасты* (Т.Ахтанов).

**Қуандыру** (қимыл атауы).

**Қуанту** (қимыл атауы).

**Қуану** (қимыл атауы). Мысалы: *Бақыт емес сұлу болу ай мүсін, Бақытты емес дүниеге бай кісің. Бақыт, сірә, сүйе білу, қуану, Сезе білу махаббаттың қайғысын* (А.Бақтыгереева).

**Қуанысу** (қимыл атауы).

Жоғарыдағы күрделі сөздердің ішінде **қуаныш-сүйініш** өзара мағыналас сөздерден жасалса, ал **қуаныш-қайғы** қарама-қарсылық мәнді сөздерден жасалып, жинақтық мағынаны білдіріп тұр.

**Сын есімнен** жасалған «қуаныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* зат есім мен сын есім формалары.

*Семантикасы:* субъектінің сыртқы орта жағдайларына байланысты туған ішкі көңіл-күйі.

Тілімізде бұл жай-күйдің қатарын төмендегідей мағыналық сөздер толықтырады: *көңілді, шат-шадыман, мәз-мейрам, мәре-сәре, масайраған, арқа-жарқа, шаттықты, жүрекжарды т.б.*

**Қуанышты** (қуанышы мол; ризалық сезімге бөленген), мысалы: *Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, аңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды* (М.Әуезов).

**Қуанышсыз** (қуанышы жоқ; қайғысы көп), мысалы: *Өкініш, қуанышсыз өмір бар ма? Толқындай кейде тулап соғар жарға. Мен емес, сеніңдағы сырың жатыр Тулаған алдыңдағы тасқындарда* (А.Лекеров).

**Етістіктен** жасалған «қуаныш» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* **қуан** етістігі мен тұйық етістік формасы.

*Семантикасы:* адамның ішкі көңіл-күйінің әр түрлі жағдайдағы көрінісі (*бірдеңеге мәз болу, қуанышқа бөлену, шаттану*).

Тіліміздегі бұл үлгіге жататын етістіктердің синонимдік-мағыналық қатарын келесі сөздер құрайды: *шаттану, масаттану, мейірлену, көңілдену, мерейлену, масаттану, мәздену, мазатсу (жергілікті) т.б.*

Тілімізде етістіктің төмендегідей формалары арқылы көрініс береді:

Есімше, көсемше, мысалы: *Бала қуанып кетті, неге қуанғанын өзі де анық білген жоқ (Ө.Тарази); болымды, болымсыз тұлғаларда, мысалы: Ал Зәкең болса қабағынан қар жауып, екі шекесін қос қолдап қысқан күйі... Қуанбады (О.Бөкеев); рай, мысалы: қуану, қуанса т.б; шақ: Ұлы зұлпаттан тірі қалғанына, бүкіл табиғаттың барлық төлі – кісісі, аң құсы, орман-тоғай, өзен-суы мәз-мейрам той жасап қуанады (О.Бөкеев); етіс, мысалы: а) өзгелік: Баланың барынша сағынған көрінісі. Қазір жүрегін аттай тулатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі (М.Әуезов) немесе: Ләззат бүгінгі ашқан тамашасын айтып, оны қуандырғысы келді (Т.Ахтанов), ә) ортақ етіс: Ұзақ аулына жиналған ақсақалдардың байлауын тосып отырған ел мына сөзді естігенде, шыныменен патша құрығынан бір жолата құтылып кеткендей болып жыбырласып, қуанысып... аттарына мінді (М.Әуезов).*

Жоғарыдағы сөздерден басқа бұл жай-күйдің қатарын тіліміздегі **одағайлар мен еліктеуіш сөздер** толықтырады. Мәселен:

*Па, шіркін! Алақай! Бәрекелді! Жүзі жарқ етті т.б.*

Мысалы:

*Енді аз уақытта Көкбай ән созып кетті. Сонда Біржан айтқан асыл ән... «Созады Біржан даусын қоңыр қаздай» деп, нақыстай берді. Базаралы Көкбай тоқтағанда, қатты серігіп, көтеріліп қалғандай.*

*– Па-а деген! – деп, біраз қуана сүйсініп отырды.*

*– Сонау бір жақсы басталған жазда... жарқыраған күндерде келген... болған екен-ау!.. деп барып күрсініп*

қалды (М.Әуезов) немесе: *Ол тәмпиш мұрын қара қыздың алақайлап қуанғанын көрді. Тарихтан ауызша емтихан кезінде ол құлап қалған. Келесі жолы, шет тілден емтихан тапсыруға келгенде оның да отырғанын көріп Багила өз көзіне өзі сенбеді. Бүгін студент боп, қуанышы қойнына сыймай барады* (Д.Исабеков).

Бұлардан басқа ұлттық танымдық (әдет-ғұрып, салт-дәстүр бойынша) тұрғыдан қуанышты берудегі тілдік амалдардың бірі – сүйінші сұрау (Сүйінші!). Сүйінші – бұл жағымды, қуанышты хабарды жеткізудің бір тәсілі. Адамдар жақсылық болған жағдайда, қуаныштары қойнына сыймай басқа да адамдарды қуанту мақсатында ырымдап сүйінші сұрайды. Сүйінші сұраған адамға міндетті түрде сый-кәде беріледі, бұл – қуаныш, қуанышты күй әрі қарай тоқталмасын дегеннің белгісі. Мысалы:

*Жұман дыңғырлаған дауысын көтере түсіп:*

*– Енді мені тыңда! Тыңдаңдар, міне, қаладан хабар естіп отырмын. Жаңа біздің ауылдың шетіне соғып, таудағы Жігітекке қарай бір шапқынышы кетті. Сүйінші сұрап, қуанышы қойнына сыймай барады. Әулекіленіп барады. Әлгі Түсіптің Мадияр дейтін, ана бір қоңқақ мұрын қу немесі «сүйінші» дейді. «Ақ түйенің қарны жарылды. Жігітектің жылаған жасын құдай иді. Көз жасымды тыятын арысым қайтты. Базаралым айдаудан қашып кетті!» деп иен өлкені шулатып, жосытып барады! – деді (М.Әуезов) немесе: Қамария қой сауып отырған қатындарға әмір қылып, есік алдында тұр еді. Қасына қозышы бала шауып келіп:*

*– Шүйінші-шүйінші, ана! Жұмағұл ағам келіп қалды, – деді.*

Бұл сөздер естілген жерде, ауылдағы барлық жан ұйқы-тұйқы болып, әбігерленіп қалды. Жұмағұлдың келуін асығып күткендері барлық қарбаласынан білініп тұр.

*Әрлі-берлі жүгірісіп сенделген қатындар; шулап секіріп, күліп ойнаған балалар; құдық басынан жаңа хабарды естіп, ауылға қарай жылдамдатып келе жатқан үлкендер – барлығы да Жұмағұлдың келуін үлкен қуаныш қылған сияқты (М.Әуезов).*

Жоғарыдан байқағанымыздай, мұндай жағдайдағы айтушы (қозышы бала) сөзін естіп, қабылдағаннан кейінгі тыңдаушының (ауыл адамдары) қуанған сәттегі қимыл-әрекеттері жай кездегіндей емес, айрықша. Бұл – қатты қуанғанның белгісі.

А.Ислам көңіл-күйді білдіретін тұрақты тіркестерге қатысты «қарастырылған қай тілде болмасын фразеологизмдерде көбінесе тілде шындыққа келмейтін жалған, яғни квази белгілер бейнеленгендігін – айта келіп, бұны басқаша былай түсіну керек дейді: біз шынымен де болатын физиологиялық құбылыстарды емес, өзіміз сезінбейтін, бірақ метафоралық ұқсастық қағидасына сүйене отырып, болуы мүмкін деген құбылыспен салыстыра отырып бейнелейміз.

Дей тұрғанмен, кейбіреулері – шынымен де адам ағзасында, жүйке жүйелерде байқалып, сезілетін құбылыстар. Олар тілде дәлме-дәл күйінде берілген. Дегенмен де қуанудың түрлі деңгейін айқындау қиынға соғады, тіпті кей-кездерде мүмкін де болмайды.

Осы топтағы мағыналас фразеологизмдердің қайсысының сөйлеу кезінде қолданыс табуы сөйлеушінің прагматикалық интенциясы мен сөз тіркесінің модальдік белгісіне, яғни сөйлеушінің эмоцияға деген қатынасының берілуіне байланысты. Осыған орай жоғарыда келтірілген «қуаныш» күйіне байланысты тұрақты тіркестерді олардың бейнелік негізіне байланысты үш топқа бөлуге болады: біріншісі – өзіміз байқап сезетін ағзаның физиологиялық интенсивті құбылысы; екіншісі – сезінбейтін, байқалмайтын физиологиялық құбылыс; үшінші топты

«қуаныш – олжа» (гендерлік бағыт: әйелі ұл тапқандай қуану т.б.) деп шартты түрде атауға болады» [101, 19 б.].

«Қуаныш» психикалық жай-күйіне байланысты кездесетін **тұрақты тіркестердің** тіліміздегі мөлшері (фразеологиялық сөздік бойынша) 30 %-ды құрайды. Олардың кейбір қатары төмендегідей: *әйелі ұл тапқандай қуанды, әкесі базардан келгендей қуанды, балаша мәз болды, бөркін аспанға лақтырды, бетіне нұр жүгірді, екі езуі екі құлағында, жерден жеті қоян тапқандай қуанды, жүзі жарқ етті, жүрегі жарылды, көзі тоймас қызығы, көңілге нұр құйылды, қуаныш оты жарқ етті, көңілі судай тасыды, қуанышы қойнына сыймады, мәз-мейрам болды, табасы қанды, төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді, тұла бойы алып ұшты, шат болды (диал. Қиын қуану) т.б.*

Мысалы: *...соғыста өлген әкесі тіріліп келгендей қуанышы қойнына сыймаған* (О.Бөкеев). Немесе:

– *Бар қалағаның бір айғыр болса жүре қал, мен алданған да болайын, тек сен мені алдадым деп марқайма, – деді де, Келбетті тік көтеріп алды.*

– *Мүмкін бұл күнді де ертең арман етерміз, келші, атыңа өз қолыммен көтеріп салайыншы.*

*Келбет қанша қымсынып именсе де тайталасқан жоқ, тек тулаған жүрегі алып ұшқандай атының үстіне бір-ақ ырғыды.*

– *Рахмет, - деуге ғана шамасы келді* (Ә.Әбішев).

«Қуаныш» психикалық жай-күйіне қатысты **мақал-мәтелдер:**

*бұл дүние бір терең сай, ойлап тұрсаң бір құла жай, келгенің әуелі қуаныш, ақыры болар бір ойбай; қуанған мен қорыққан бірдей; тапқан қуанады, таныған алады; анық малсақ қуанар, қойдан туған егізге, анық шаруа арыған, айналдырар семізге; ай туды деп қуанба, жағымды туса қуан; кебін киген келмейді, кебенек киген келеді; көппен*

көрген ұлы той; жаршы кісі жаманар, жаманар да қуанар.

«Қуаныш» психикалық жай-күйінің **тілдік емес** белгілері:

**Мимика** (бет қимылы, соның ішінде көздің айқын көрінісі): көздің жайнауы, күлімдеуі, мысалы: *Құрбысының реңі тәуір екен, соны көріп қуанып қалды: екі бетінің ұшына қан жүгіріп, көзінің ағы-ақ, қарасы-қара болып ажарланып жатыпты* (Ә.Тарази).

**Пантомимика** (бүкіл дене қимылы, соның ішінде қол бұлғап сөйлеу, қолын шапалақтау, дене қалпы): қуаныштан бір орында тұра алмауы, секіруі немесе жүрісінің жылдам болуы.

**Бет-әлпеттің түр-түсі.** (бет-әлпет түсінің өзгеруі арқылы сезімдердің білінуі): жадырауы, күлуі, мысалы: *Бүбісара жеңешесі қуанышын жасыра алмай қалған, ылғи шытылып жүретін қату қабақ жазылып, ақ мәрмәрдан қиғандай сұлу болса да жансыз көрінетін түсініксіз жүзі жадырап сала берді* (Ә.Тарази). Немесе:

*Салқын самалы жайлы соққан көк жасыл жайлау дүниесі жүректі қуанта көтереді. Иштегі қиял: ыстық үміттер, тілектер оятады... Әбіш үнсіз ғана жымияды. Өз ойынан өзі ұялып, ұрланғандай. Жауапсыз, байлаусыз қобалжуда... Жүзі де бір азара түсіп, біресе дуылдап қызарып кетеді* (М.Әуезов).

**Дауыс ырғағы** (дауыс тембрі мен интонациясында сезімдердің көрінуі): дауыстың көтеріңкілігі немесе дірілі, қуанғаннан айғайлап жіберу, мысалы: *-Патша қуана қол соғып айғайлап жіберді* (Д.Исабеков).

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** жүрек соғысының жылдамдығы, қан қысымының жоғарлауы. «Әрбір қуаныш толқыны үстінде дем алу шапшандап әрі жүрек күштірек соғады, ал өте бір үлкен, күтпеген қуаныш, істің кезінде тіпті жүректің тоқтап,

адамның талып қалатына әкеліп соқтырады» [102, 30-б.].  
Мысалы:

– *Шеген, Шеген! – деген таныс дауыс шықты. Қуаныштан баланың жүрегі тулап қоя берді (Б.Нұржекеев) немесе: Лүп етіп жүрегім аузыма тығылды. Қуаныштан құлағым шыңылдап қоя берді. Демек, ұмытпағаны зой!* (Б.Нұржекеев)

**Секрециялық бездердің функциясы:** қуаныштан жылап жіберу, мысалы: *Шыр көбелек айналып жүріп, қыздардың қайда жүргенін әрең тапты. Тастың үстіне шығып қол бұлғап шақырып тұрған Бүбішті көргенде, қуаныштан көзі жасаурап та кетті. Көрген замат солай қарай жүгірді. «Ойнап жүр ме, айдалада не іздеп жүр бұлар? – деп ойлады шауып келе жатып...»* (Б.Нұржекеев).

**Тыныс алу қызметі:** дем алу шапшаңдығы, жиілігі, қаттылығы, мысалы: *Қызыл сақаның қуанышы кеудесін күйдіріп бара жатқан соң кең-мол тыныстайтын аймақ іздегендей бала сол теп-тегіс сазға шығып кеткенін де сезбей қалды (Ә.Тарази) немесе: «А, Мәди мырза, енді қош бол!» – деді ішінен, түні бойы азап шеккен жаны енді ғана жадырап танауы дүр етті. Ол бүкіл тынысын кере дүрсілдетіп қорылға басқан сайын Шарапаттың жаны күрсіне түсті (Ә.Әбішев).*

**Дене температурасы.** Қуаныштан дененің ысуы.

Адамның қуанған кезіндегі бейвербалды амалдардың синонимдік қатары келесідегідей: *бөркін аспанға ату, бетінен сау-тамтығын қалдырмай сүю, қол шапалақтау, санын шапалақтау, секіру, қатты қуанғаннан жылап жіберу немесе төмен қарау т.б.* Мысалы: *Міне, тазалық, әділдік деп осыны айт! –Аудандағы бастығы алақанын шапалақтап қояды (О.Бөкеев).*

Бұл амалдардың мағыналық реңкі әр түрлі болғанымен, олардың білдіретін мағынасы өзара мәнделес, сәйкес болып келеді.

*Бөркін аспанға ату* – кинемасы қатты қуану, шаттанудан туындай келіп, гендерлік ерекшелікке орай ер адамдар қарым-қатынасы, іс-әрекетінде кездеседі. Ал әйел (қыздар) адамдардың кейбірі қуанышты жағдайды естігенде, өзін-өзі ұстай алмай айғайлап-шыңғырып жібереді.

Тілімізде «кеудесін соғу» деген тіркес түрі кездеседі. Бұл да қуаныш көңіл-күйін білдірудің бір тәсілі есебінде жұмсалған. Бұған кей зерттеушілер мынандай түсініктеме береді: «Әдетте ерте кездері жаулармен болған ұрыста жеңіске жеткен батырлар, палуандар кеуделерін соғып, мақтанған, жеңістің белгісін білдірген, қуанған. «Кеуде соғу» орынды жерде жеңістің белгісі болған» – дейді [93, 128 б.]. Демек, кеуде соғу тіркесі – ерлерге тән кинеманың бір түрі.

Кейде қатты қуанған адам кейбір іс-әрекетінен жаңылысып қалуы да мүмкін. Мысалы:

*Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілігі қатты ырза болды. Абайдың іші ала қызып, бір түрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Әлдеқандай өріс іздегендей.*

*Енді асығып жүріп келеді. Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқапты. Екі көше адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді (М.Әуезов).*

Бұдан басқа тілімізде «қуаныш» сөзімен тіркесіп қолданылатын әр түрлі бата, тілектер мен қарғыс сөздері де ұшырасады. Тілектер қуаныш күйін білдірудегі бірден-бір амалдар болып табылады. Мысалға алғыс: *Қуаныш ұзағынан болсын! Қуаныш құтты [қайырлы] болсын! Қуаныштан құдай айырмасын! Қуанышыңды ұзағынан сүйіндірсін! Бақытты бол! Бала шағаңның игілігін (рақатын) көр! Құсың қайырлы болсын! Қадамы құтты болсын! Шаңырағың биік, керегең кең болсын! т.б.*

жатады. Мәселен: *Қалампыр төсек тартып жатқан Сырғақұлдің қасына келді.*

– *Келініңнің босанып, немерелі болғанда бұл жатысың қай жатыс, – деді құрдасын көңілдендірмек боп. –Мейлі, не болса да немереңді көрдің. Құтты болсын! Бәсіресіне көгендегі саулығымды атадым.*

– *Алланың рақымы жауған саған, Қалампыр! Құдайдың көрсеткеніне құлдық. Енді өлсем де арманым жоқ. –Биік жастықта шалқалап жатқан Сырғақұлдің көзінен аққан ыстық жас жастығын жуып кетті (Д.Исабеков). Немесе:*

*Ар жағы өң мен түстей. Дабырлап келіп жатқан қатындар, шұрқырасқан еркектер. Кеше ғана құлазып тұрған жетім үйге әркім бір құшақ қуаныш ала келгендей, жарқырай кіріп, дабырлай сөйлейді: «Қуаныш ұзағынан болсын!», «Өлгенің тірілді, өшкенің жанды деген осы да!», «Үмітіңді үзбе, кебін келген кимес, кебенек киген келеді демеп пе едім мен саған!», «Үш күннен бері оң қабағым тартып жүр еді, бәсе Қоспанның келуіне көрінген екен зой!» деген сөздер қуанышың қоздыра түседі (Т.Ахтанов). Оң қабақ тартқан жағдайда халқымыз қуанышқа көрінсін дейді, яғни ол – қуаныштың белгісі болып саналады.*

*Ал қарғысқа: Қуанышыңды жер көргір! Қуаныштан айырылғыр!* сияқты сөздер жатады.

Адам кейде қатты қуанып, я болмаса көңіл-күйі жоғары болған жағдайда «жаным», «күнім», «сәулем», «айналайын» т.б. көптеген еркелету, аймалау сөздерін де жиі қолданады. Мысалы:

*Көп қауышу, жылап амандасу арасында шешелер мен жеңгелерінің тілеулестігі айтылады. Балажан көрші, кемпір, шалдардың Әбішке айтып жатқан үзік-үзік мейір, шапағат сөздері естіледі.*

– *Жаным, есен жеттің бе?*

– *Сәулем, ұзағынан сүйіндірсін!?*

- Көп сағындырдың ғой, қуатым! –
- Айналайын, күнім!..
- Ата-анаңды ұзағынан сүйіндірсін сапарың!
- Сапарың құтты болсын, қарағым!

– Қош келдің, Әбішжан! – деген, сан тілеулес жүректерден шыққан ыстық сөздер, Әбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының тұла бойын шымырлатқандай (М.Әуезов).

Адам кенеттен болған қатты қуанышты сәттерде есінен адасып не буын-буындары ұстамай талып қалатын жағдайға душар болады. Мұндайда ол адамның өзіне-өзі деген сенбеушілігі, естіген жайтқа байланысты қайта-қайта сұраулары басым болып, естіген қуанышты хабарға сөйлеммен жауап қатпайды, оның орнына тілдік емес амал-тәсілдер зор қызмет атқарады. Мысалы:

*Осылай жаз да өтті, күз де өтті. Майданнан қайтқан азаматтардың арты толастады. Қыс ортасы ауып барады. Жаңылдың да үміті азая берді. Бір күні жұмыста жүргенде (сол баяғы заготконтордың жүгін тиейтін) көршінің баласы жүгіріп келді. Екі етегі далақтап алыстан айқай салып келеді.*

- Сүйінші! Сүйінші, Жаңыл жеңеше, сүйінші!

*Не қорыққанын, не қуанғанын білмейді, Жаңылдың жүрегі зу етіп төмен түсіп кетті.*

- Сүйінші, жеңеше, Қоспан ағам келді!

*Жаңыл буыны дірілдеп құлап бара жатты да кесек дуалға таянып қалды. Қасына арсалаңдап жүгіріп келіп, жеңінен жұлқылаған баланың иығына қолын салды да:*

- Не айтып тұрсың, қарағым? – деді.

*– Ойбай-ау, Қоспан ағам келді деймін. Апам жіберді. Айтпақшы Мұратты ауылға апарып тастаған деп, апам алдап қойды. Оны кейін естіртеміз дейді.*

*Жаңыл үйіне қалай жеткенін білмейді. Тек әйтеуір аяғының астында жер дөңгеленіп кейін қарай сырғып барады (Т.Ахтанов).*

### **2.1.5 «Мазасыздық» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы**

Қазіргі таңдағы тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі тілдік жүйе құрылымының механизмдерін түпкілікті, әрі жан-жақты түрде зерттеу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі күндегі біздің зерттеуіміз – «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың мағыналық және құрылымдық жақтарын қарастыру болып табылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мазасыздыққа мынандай анықтама беріледі: **«Мазасыздық** – әбігершілік, тынышсыздық» [87, 86 б.]. Мысалы: *Шынында да, өзінде бір мазасыздықтың сарыны, ертеңге деген асығыстық бар-ау* (О.Бөкеев). Ал орыс тілінің түсіндірме сөздігінде былай делінген: **«Беспокойство, -а.** 1. Нарушение покоя (Причинять б., простите за б.); 2. Тревожное состояние (С беспокойством ждаты, испытывать б.)» [76, 44 б.].

«Шамадан тыс сыртқы күштерге (өзінен тыс факторлар) шыдап, төтеп бере алмаған жағдайда адамда қолайсыз эмоциялар туындайды. Осындай қолайсыз жағдайлардан оның діңкесі құрып, берекесі кетуден стресс пайда болады (*Стресс* – бұл ағылшын сөзі, қазақша шамадан тыс зорлану деген мағынаны білдіреді). Осы стрестің алғашқы кезеңінің көрінісі – **мазасыздық** деп аталады» [74]. Яғни, мазасыздық – адамның әр түрлі (қуаныш, қайғы, ұят, ашу, қорқыныш т.б.) жағдайдағы калпынан келіп туындайтын жай-күйі.

Тілімізде бұл психикалық жай-күй зат есім, сын есім, етістік және т.б. сөз таптары арқылы беріледі.

«Мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы эмоциялық күй мен мазасыздықты білдіретін әр түрлі сезімдегі етістіктер толықтырады. Мысалы: абыржу, тынышсыздану, қобалжу, әурелену, дегбірсіздену, шыдамсыздану, кейіну т.б.

Мазасыздық етістіктерінің топтамасын және синонимдер сөздігі мен түсіндірме сөздіктерді қарастыра отырып, «мазасыздық» психикалық жай-күйін негізгі үш тілдік белгі арқылы төмендегідей етіп көрсетуге болады:

а) стилистикалық белгілер арқылы (күйіп-пісу, шыжбыж болу т.б.);

ә) жиі болмайтын мағыналар арқылы (машақат, дүрбелең, әуре, әлек);

б) «мазасыздық» күйді білдіретін сөздермен қатар, басқа да психикалық жай-күйді қамтитын мағыналар арқылы:

*қысылу* – мазасыздықпен қоса берілетін «ұят» психикалық жай-күйі; *қозу* – тек «мазасыздық» жай-күйімен ғана емес, «ашу, қаһар» күйінде де берілетін құбылыс; *кеюшілік* – мазасыздықпен, қобалжушылықпен, уайыммен қоса берілетін «мұң, қайғы» психикалық жай-күйі; *бейнет, жәбірлік* – көп уақыт бойы мазасыздықпен қатар жүретін «мұң» психикалық күйі т.б.

Демек, «мазасыздық» психикалық жай-күйі де амбивалентті (екіұшты) болып келеді.

«Мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты сөздерді тіліміздің түсіндірме сөздігінен жинақтап және бұл жай-күйдің синонимдік қатарын құрайтын басқа да сөздер арқылы толықтырып төмендегідей етіп көрсетуге болады:

*Мазасыздық* – 1. Әбігершілік, тынышсыздық; 2. Үрей, қобалжушылық.

*Мазасыздық* – 1. Мазалау (тыныштықты бұзу); 2. Үрейлі жағдай.

*Мазасыздық* – 1. Бір нәрсеге әлек болу, тынышсыздану; 2. Үрей сезіну, күдіктену; 3. Біреу үшін мазасыздану.

*Мазасыздану* – әбігерлену, тынышсыздану.

*Беймазалану* – мазасы, берекесі кету.

*Мазасыздандыру* – 1. Біреуді мазалау (біреудің тыныштығын бұзу);

2. Үрейлендіру, қорқыту.

*Қобалжу* – көңілі бұзылу, тынышсыздану.

*Қобалжушылық* – қатты үрей, жан мазасыздығы.

*Қобалжыту* – біреуді желіктіру.

*Үрей* – қандай да бір сескенушіліктен, жағымсыз бір нәрсені күтуден туатын мазасыздық.

*Үрейлену* – үрей, қауіп-қатер сезіну, мазасыздану, қобалжу.

*Үрейлендіру* – мазасыздық күйге әкелу.

*Уайымдау* – қандай да бір сезімді, түйсікті жағдайды сезіну, мазасыздану.

*Қозу* – көтерілу, қобалжу, күйгелену, мазасыздану.

*Қоздыру* – тыныштықсыз жағдайға әкелу.

*Алқыну* – қобалжу жағдайындағы жасалған іс-әрекет.

*Күйіп-пісу* – қобалжу, мазасыздану, алқыну, ашулану.

*Күйгелену* – жүйке жүйесінің қозу күйінде болуы, кейіну, мазасыздану.

*Кейіну* – жаман көңіл-күйде болу, қынжылу.

*Кеюшілік* – жан тыныштығының жоғалуы, жаман көңіл-күй.

*Әбігерлену* – әуре-сарсаң болу, асып-сасу.

*Алаңдау* – бірдемеге көңілі бөліну, алаң болу.

*Дегбірсіздену* – шыдамсыздану, сабырсыздану.

*Сабырсыздану* – шыдамсыздану, мазасыздану.

*Тағатсыздану* – сабырсыздану, мазасыздану.

*Тынышсыздану* – мазасы кету, алаңдау, уайымдау.

*Қамқорлық (қам)* – біреу үшін мазасыздану, әурелену.

*Әлек* – мазасызданумен, қаммен, әбігерлікпен байланысты іс-әрекет.

*Әлектену* – тырысу, мазасыздану.

*Азаптану* – бейнет, машақат сезіну.

*Бейнет* – физикалық немесе психикалық қатты машақат, азап, әлек.

*Қиналу* – қатты физикалық бейнет, машақат.

*Берекесіздену* - әбден мазасы кету.

Жоғарыдағы «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы жинақтай келіп, адамға қатысты бұл жай-күйлердің орталығында толқу сезімінің тұрғандығын байқауымызға болады. Өйткені толқу – тек адамның саналы түрдегі психикалық іс-әрекеті.

Танымдық тұрғыдан қарастырғанда **мазасыздық-толқу** «толқын» сөзімен анықталады. Енді біз «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың әр түрлі сөз таптарынан болған құрылымына тоқталайық.

**Зат есімдерден** жасалған «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* атау тұлғадағы зат есім + етістік +зат есім.

*Мағынасы:* субъект бойындағы әбігершілік, тынышсыздық әрекет.

Бұл жай-күйді білдіретін зат есімдер тілімізде аз емес. Мысалы:

**Маза**, мысалы: ... *жердің де мазасын әбден кетірді – ай...* (О.Бөкеев).

**Мазасыздық**, мысалы: *Шешем бүгін көпке дейін мазасызданып жүрді* (О.Бөкеев).

**Мазаландыру** (қимыл атауы).

**Мазалану** (қимыл атауы).

**Мазалаңқырау** (қимыл атауы).

**Мазалау** (қимыл атауы).

Жоғарыдағы сөздердің синонимдік қатарларын субстантивтенген мынандай сөздер толықтырады: беймазалық, мазандық, қазымырлық, қобалжушылық, дегбірсіздік, сабырсыздық, тынышсыздық, берекесіздік, тағатсыздық т.б.

«Мазасыздық» - синтетикалық тәсіл арқылы **маза** зат есімінің негізінде жасалған күрделі тұлға.

**Сын есімдерден** жасалған «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* атау тұлғадағы зат есім + сын есім.

*Мағынасы:* субъект бойындағы толқыған сезім мен көңіл-күйді білдіреді.

Бұл тұлға көбіне сөйлемде болымсыз мәнде жұмсалып, сын есімнің жай, салыстырмалы шырайлары арқылы жасалады.

**Мазасыз**, мысалы: *Қоспан Қасболатқа мазасыз ойларын талай айтып көріп еді. Кейде құптағандай болады, бірақ өзінің аржағын көп аңғартпайды (Т. Ахтанов).*

**Мазалы.**

**Мазан**, мысалы: *Ал Сарқынды шал тартқан күй одан сайын зарлап, әйтеуір бір белгісіз мазан үнімен өршелене бебеулеп, бейуақтың тынышын алып тұрды (О.Бөкеев).*

**Мазалаң**, мысалы: *Бірақ, шешесі ұлының бұрынғыдай емес, көз алдында өзгеріп бара жатқанын ұққандай тым мазалаң еді (О.Бөкеев).*

**Мазасыздау.**

Бұған қоса, бұл сын есімді жасаушы болымсыздық мәндегі –сыз жұрнағын тіліміздегі *бей* префиксі алмастыра алады: *мазасыз – беймаза, беймазалық*. Мысалы: *Табиғатта әзірше неге соқтырары беймәлім беймазалық бар немесе Әрбір үміттің түні ұйықтатпай, беймаза ететін қиялды сәулелері міндесе келіп, үлкен арманға, ыстық махаббатқа ұласқандай еді (О.Бөкеев).*

Төмендегідей парадигмалық қатарды құрай алады:

*Мен мазасызбын (мазалымын) – мен мазасыздаумын.*

**Етістіктен** жасалған «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* зат есім + сын есім + етістік.

*Мағынасы:* қобалжыған, үрейленген субъектінің белсенділігін ерекше көрсетеді.

Көбіне «мазасыздық» психикалық жай-күйіне қатысты етістікті сөйлемдер адамның ішкі және сыртқы толғаныстарынан туған жай-күйлерін сипаттайды. Бұл құрылымдағы етістік дара немесе күрделі тұлғаларда да келе береді. Мысалы: дара – мазасыздану, мазалану т.б., ал күрделі түріне мазасы жоқ, мазаны алу, мазалай беру, мазасы кету сияқты сөздер жатады (*Ондай жымысқы арман желі де тұрткілеп, ертелі кеш мазалай беретін немесе: Күндіз шөп орып жүргенде, түнде ғана жапалап кеткен қиынан аттарымыз қорс-қорс үркіп, мазамызды алатын* (О.Бөкеев) немесе: *Қасболат әйелінің шаң-шұң ұрыс шығармағанына риза болғанмен, түбі ыңғайсыз үлкен әңгімеден қашып құтыла алмайтынын біліп мазасы кетті* (Т.Ахтанов).

Етістік үлгісіндегі бұл жай-күй етістік формаларының есімше (*Түні бойы әкемнің жанында болып, таң сбірлей ұйықтап кеткенде, әжем оятып: «Күн шығып келеді, әкеңнің саулығын құдайдан тілеңдер», - деп мазалайтын.* О.Бөкеев), көсемше (*Күні бойы сені осы ой мазалап отырды ма?* О.Бөкеев), болымды (*Өзі тудырып, өзі өсірген шолжаң баланың орынсыз тентектігі мазасын алып, қажытқандай.* О.Бөкеев), болымсыз (*Ол да бір мазасы жоқ, мазағы көп дәурен еді...* О.Бөкеев), етіс (*Мүмкін, тек маған ғана солай сезілген шығар,... ұмытылған, әбден ескіріп көнерген, заңсыз, күйсіз мазаланып, сағыныш сазын сыңғырлата-сыңғырлата үні таралған да шығар.* О.Бөкеев), шақ (*Біз әсте ойламай,*

ойланбай жұмыр кешкен емеспіз, әсіресе, жылқының жусағанындай тынышты, айлы түнді ешкімнің мазаламауын, ұйқымыздың бұзылмауын тілейміз. О.Бөкеев), рай (Осы ой арпалысы өзін тынымсыз мазаласа да, ұстап тұруға болмайтын еріксіз күш оны аэрофлот агентвосының тоғызыншы кассасына қарай итермелей берді. Д.Исабеков) категориялары арқылы жасалына береді. Бұған қоса, «мазасыздық» психикалық жай-күйі есімді тіркес түрінде келіп, тікелей іс-әрекетті де білдіреді: Бұдан бұрынғы жылдарда маужырап тұрар мейірімді күні бар қоңыр күздің биылғы сыңайы үрейлі, зәреген қылар мазасыз (О.Бөкеев). Осыдан келіп төмендегідей парадигмалық қатарлар келіп шығады:

*Ол мазасызданып еді – ол мазасызданған еді – ол мазасызданды – ол мазасызданады – ол мазасызданса.*

Көбіне мазасызданғандағы адамның іс-әрекеті, қимылы әр түрлі психикалық жай-күйлердің (ұят, ашу, қорқыныш) қатысуымен көрінеді. Мұндай жағдайда адам қатты қобалжып немесе қысылып, өзін мазалаған сұрақтарға жауап іздейді. Мысалы:

*Жалмұқан Ақтоқтының хабарын естігенде шын сасайын деді. Қыз қылығы есіне түскенде намысы қозып, «тұра тұр қолыма түсерсің» деп кіжініп, елінің, әкесінің мықтылығын арқаланып, бұрынғының батырларыңша сайланып жеткен жігіт, енді қалыңдығын көрерге келгенде ыңғайсызданып, не істерін білмеді. Сапамен ақылдасып еді, ол:*

*– Қайдам... Өзің қалай көресің. Неге шақыртқаның құдайым білсін. Барсаң бар, тығылып отыра беруші ме ең. Қайта еркін жүріп, еркін ұста өзіңді. Сен несіне қаймығасың, қылмыс жасаған сен емес... – деп неше толқып, екі ұшты жауап берді.*

*Жалмұқан мең-зең боп ағаш үйден отауға қалай жеткенін білмеді. Ойы он сақта. «Неге шақырды? Сөзді*

*неден бастар екен? Мен не деймін?» деген ой мазалап келеді. Оның үстіне ауыл адамдарының бәрі масқара болған күйеуге сүзіле қарап, әр жерде үдірейіп, көздерімен ұзатып тұр. Тұла бойын аяздағы қыраулы темірдей қарыған мысқылды, ажуалы, кекесін көздерден өтіп, Жалмұқан киіз үйге кірді (С.Жүнісов).*

«Мазасыздық» психикалық жай-күйіне байланысты **одағай** сөздер:

*Алла сақтасын! Не жазып едім! Иә, аруақ қолдай гөр! Қан! Әттеген-ай! Енді қайтейін! Қате болды-ау т.б.!*

«Мазасыздық» психикалық жай-күйінің **метафоралық** қолданымы:

*Құрылысы:* қатыстық «мазасыздық» психикалық жай-күйі.

*Мағынасы:* ауыс мағынадағы тынымсыз іс-әрекет.

Көбінесе бұл әдеби шығармаларда табиғаттың тынымсыз әрекеттерін суреттеуде (кейде табиғат пен адамды параллелді түрде суреттеу: мазасыз жел = мазасыз ішкі жандүние) кеңінен қолданылады.

*Мысалы: Алдымен күндізгі мазасыз суық пен қар басқан көңілсіз елсіз даладан құтылған болу керек (М.Әуезов).*

«Мазасыздық» психикалық жай-күйіне байланысты **тұрақты тіркестер:**

Тілімізде «мазасыздық» психикалық жай-күйі тұрақты тіркестер арқылы беріледі, олар саны (фразеологиялық сөздік бойынша) жағынан 8,4 %-ды құрайды.

*Азар да безер болды, ат үстіне ұйықтады, алас ұрды, азапқа салынды, әбігер болды, әрі-сәрі (дел-дал) болды, басын қоярға жер таппады, басын тауға да, тасқа да соқты, безек қақты, берекесі кетті, дамыл көрмеді, жай таптырмады, дығыры мен ығырын шығарды, дегбірі қапты, жанын қоярға жер таппады, жан жүйесін босатты, жүрегі май ішкендей болды, жүрегі өрекіпіді,*

жын буган бақсыдай бүлінді, зықысы шықты, итін шығарды, көңілі алып ұшты, көңілі босады, күйін қашырды, күпті болды, құлағының етін жеді, мазасын алды, мазасынан айрылды, мазасы болмады, мезі болды, от боп жанды, сарсаң қылды, сасып қалды, сиқы кетті, тағат қылмады, дәйек таппады, төбесіне құй қазды, тыным таппады, ұйқы қашты, ығыр болды, іші алай-түлей болды, ішті жеді, (диал. Сабыс болды, әмір жоқ) т.б. Мысалы:

*Тютю кеткен соң, Матенов жалғыз отырып ойланды, өз ісіне өзі анализ жасамақ еді, жүрегі қобалжып, белгісіз бір алаңдау билеп алған көңілі алып ұшып, бір орында отыра алмады (Ә.Тарази).*

«Мазасыздық» психикалық жай-күйінің тілдік емес белгілері:

**Мимика** (бет қимылы, соның ішінде көздің айқын көрінісі): көзі қарауыту, бұлдырау.

**Пантомимика** (бүкіл дене қимылы): тыпыршып бір орында тұра алмауы. Мысалы: *Әшейінде Сәбираның үйде бар-жоғы біліндеуші еді, осы жолы оның әрбір кіріп шыққаны Қасболаттың мазасына тиді. Шау тартқан денесімен бірге ойы да бей-жай күйге түсіп, астан кейін маужырап дем алудың орнына әлденеге сіркесі су көтермей... Қараптан қарап берекесі қашып, себепсіз мазасызданғанына Қасболаттың өзі де түсінбеді (Т. Ахтанов).*

**Бет-әлпетінің түр-түсі** (бет-әлпет түсінің өзгеруі арқылы сезімдердің білінуі): мазасыздықтан, толқудан бетінің қуаруы, қызаруы. Мысалы: *...Хабаршы жігіт әкеле жатқан табағындағы тұздығын аңдаусыз төгіп алғандай ыңғайсызданып қызарақтап қалды. Түсі өзгеріп, ақтала сөйледі:*

*– Сәлем беріп шығам деп тұр (С.Жүнісов).*

**Дауыс ырғағы** (дауыс тембрі мен интонациясында сезімдердің көрінуі): толқудан сөйлей алмауы, дауыстың дірілі. Мысалы:

– *Жалған, жалған, - деп Текеш көкке ұшып, жерге түсті, байлаулы қояндай тыпырлап жанын қоярға жер тапқан жоқ, бірақ аузына «жалған» деуден басқа сөз түспей, жағасына жармасып отыра кетті* (Ә.Әбішев).

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** жүректің жиі соғуы (дүрсілдеуі): *жүрегі қобалжу, жүрегі май ішкендей болу, жүрегі өрекіді т.б.* Мысалы: *Тағы не сұмдық болды. Апырай, жүрегі құрғыр алып ұшып, неге дүрсілдеп кетті. Тулап барады зой. Сап-сап. Шыда, шыда. Бұл не? Дүние төңкеріліп барады. Аспанның қарайып бара жатқаны несі. Мынау жер ме, аспан ба? Жұрт не деп шулайды. Құлагер дей ме? Пырағым, қанатым!» Сары аттың үстіндегі Ақан көзі қарауытып, теңселіп кетті. Түк көрмей, түк естімей, көзінің алды бұлдырап, тұнып барады* (С.Жүнісов).

**Секреторлық бездердің қызметі:** мазасыздықтан жылау, терлеу құбылыстары.

**Тыныс алу қызметі:** тыныстың тарылуы.

**Дене температурасы:** қызудың көтерілуі немесе суық тердің шығуы.

Жоғарыда аталған «мазасыздық» психикалық жай-күйінің физиологиялық қасиеттерінің ішінде көп кездесетіні – пантомимика. Сонымен қатар жүректің жиі соғуы, тыныстың тарылуы – ашуға, бет түсінің қуаруы – қайғыға, қызаруы – ұятқа тән құбылыс.

«Мазасыздық» психикалық жай-күйінің кинематикалық белгілеріне келетін болсақ, көбіне адам мазасызданғанда, бір орында отыра алмай, айналшақтап, өзін-өзі жегідей жейді. Бұл еркекке де, әйел затына да ортақ болып келе береді.

«Көңіл-күй одағайларының жағымды не жағымсыз түрлері сөйлеушінің шынайы эмоционалды қарым-қатынасын білдіреді. Мысалы, *ойбай, алла-ай, құдай-ай* сияқты мазасыздықты білдіретін одағайларды ер адамнан гөрі әйел заты көбірек қолданатындығы байқалады» [103, 12 б.]. Мысалы:

*Кемпір де, келіні де тынышсыздана бастады. Қалтай бұл жұмыстан ерте бастан өз бастарын арашалап қоймақ болып, әуелдегі айта бастаған сөзінің жөнін баптап ұқтырып, бұл бір пәленің боларын алдың ала білгендей дайындап алған сөздерін сенімді қылып айтып шықты... аналардан бұрын сезіктенгендей, тынышсызданғандай пішінге мінді. Кемпір мен соқыр ана шошып: «Қарағым-ай! Үсіп кетер ме екен? Құдай-ай, тағы неге ұшыраттың?» - десіп киініп, тысқа шығуға айналды (М.Әуезов).*

«Адам мазасызданғанда, өзін мазалаған сұрағына жауап іздеу барысында сұқ саусағын шошайтады. Мұндай дәстүрлік-авторлық кинема жеке кейіпкердің өзіне тән әрекетін, әдетін көрсетеді Мысалы О.Бөкеевтің «Атаукере» повесіндегі Тағанға ғана тән қимыл: *Жатқан қалпында сұқ саусағын шошайтып:*

*– Неге біз осы... жанымызда жанып тұрған отты не су құйып өшіреміз, не болмаса май құйып лаулата өртеп жібереміз немесе:*

*– Неге біз осы ... деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты (О.Бөкеев) [104, 11 б.].*

«Мазасыздық» психикалық жай-күйі – тіліміздегі екіұшты құбылыс. Бұл күйді тудырушы жағдайлар жағымды (қуанышты жағдайда сенер-сенбесін білмеу) немесе жағымсыз (ойлаған әрекеті жүзеге аспағанда) да болуы мүмкін.

*Айналада шилер, шеңгелдер суылдап, жел шулап, ысқырып, дүние азан-қазан боп барады. Түннен, суықтан*

*сескенген мал атаулы маңырап-мөңіреп, иттер арсылдап тынымсыз үріп, ауыл үстіне қалың шу тағы орнады.*

*Тәкежан, Әзімбайлар жылы киініп алып дамыл таппай айқайлап, бұйрық етіп тыста жүр.*

*– Күн жаман боп барады! Сақ бол!..*

*– Малға сақ бол, шығып кетпесін!*

*– Бқтырманы баға көріңдер. Малышлар, қатындар, тегіс тыста бол!*

*– Шық тысқа тегіс, көз айырма малдан!..*

*Бқтырма құлаамасын!.. Малға ие бола алмай қаламыз!.. десіп әбігер-әлекке түскен малжанды байлар ақыра айқайлап жүр.*

*Тәкежан барлық жұртқа тағы бір әмір берген.*

*– Айқайлап тұрыңдар! Малды шәйт-шайлап қайырып тұр. Ес болыңдар малға. Қасқыр... Мұндайда қасқыр араласып жүрмесін, айқайла! Дыбыста! Үзбе айқайды! – деп, әр тұстағы барлық жанға қатты бұйрық тастап, тынымсыз кезіп жүр (М.Әуезов).*

Бұл мысалдан көретініміз, біріншіден, мазасыздық жай-күйінің артында қорқыныш жай-күйі тұр, яғни адамның мазасыздығын тудырып тұрған бұл – қорқыныш. Қазақ – қай кезде болмасын өзінен бұрын «мал-жаның аман ба» деп төрт түлігін қадірлеген халық. Екіншіден, осы мазасыздық жай-күйін беруде бұйрық мәнді толымсыз сөйлемдер белсенді қолданылып тұр.

Мазасызданғандағы адам баласына тән тағы бір қасиет өзінің жанын жегідей жеген сұрақтарына жауап іздеу. Демек «мазасыздық» психикалық жай-күйін беруде сұрау мәнді сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдердің де қызметі айрықша. Мысалы: *Сабырсызданған балалар «келіп қалды!» деген сөзге, шынымен иланып, құнан, бестілеріне жүгірісіп, асығып мініп, «қайда, қайда?» десіп, қарбаласып жүр.*

*Құмалақ атаулының бір де бір жол, дәл осы жерде анық айтқаны келіпті. Атына жаңа мінген Дәрмен асу жаққа көз салып:*

*– Жаным-ау, мына Мұқаның ақ мартуы бар ғой, жарандар-ау! Әне келіп қалды Әбіштер! – деді де, тебініп ілгері баса берді (М.Әуезов).*

Адамның көңілі жай таппаған мазасыз сәттерде көбіне ол өзін қоярға жер таппай, ой үстінде болып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудан гөрі өзімен-өзі іштей (монолог басым болады) әңгімелесіп, мазалаған ойына жауап іздейді. Мұндай арпалыс-толғаныс күйдегі адам ұзақ уақыт істеген іс-әрекеттеріне ойланып толғанады, күйінеді, ұялып не болмаса ашулануы да мүмкін. Бұл мазасыздық жай-күйінің ұзақтығын көрсетеді. Мысалы:

*Бағиланың екі бетіне қан теуіп, ернін тістелеп, сүйріктей саусағымен алдындағы шыны аяқты айналдыра берді. Бір сәтке өзін қорсынып, кісі көңіліне қарамайтын әйел заты екен деп аямайтын мына жігіттің алдында намысы жер болғандай сезінді. «Мен мұнда неге келдім? Шынында неге келдім?» – деді ол ыңғайсызданғаннан екі қолын қоярға жер таппай бірде шыны аяқты, бірде тізесін ұстап. – «Адамды азап айдайды» деген рас болар. Тіпті «жүріңіз» деп өтінбесе де «Қайда келе жатқанымды білемін, несіне сұраймын», - деп данышпанси қалуыма жол болсын. Енді келіп жан баласынан естімеген сөз естідім. Бәлкім... бәлкім солай-ақ шығар, менің тәрбием басқа, білгенім аз шығар, - деді ол іштей жыларман халде ойын жалғастырып, енді сол үшін кісінің намысын жыртып, арына тию керек пе? Олай талап қоюдың өзі білместік қой, тіпті есуастық, иә, есуастық... (Д.Исабеков).*

Қорыта келгенде, «мазасыздық» психикалық жай-күйі барлық психикалық жай-күйлерде (ашу, қуаныш, қайғы, ұят, қорқыныш т.б.) көрініс беретін, тілдік тұрғыдан

берілуі екіұшты күрделі болып келетін, адамның жағымды я жағымсыз әрекетінен келіп туындайтын ұзақ мерзімді (адам мазасызданғанда көңілі бірден орнына түсе қоймай, толғандырған жағдайына, сұрағына т.б. жауап іздейді, алаңдаушылық танытады) физиологиялық құбылыс болып саналады.

### 2.1.6 «Қайғы» психикалық жай-күй ұғымдарының семантикасы

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қайғыға былай деп анықтама беріледі: «**Қайғы**» – 1. Қасірет, күйік, шер. 2. Уайым-мұң. Ауыс мағынада: Бір нәрсенің қамын жасаудағы машақатты әрекет. Мысалы: Сол қайғы үстінде күндегі бір-біріне мұң айту, күрсіне отырып зарларын шағу, екеуін әбден келін мен ата халінен кетіріп, ортақ қайғыдағы ене менен келіндей немесе әке мен баладай жақындатқан (М.Әуезов).

Ал «Жалпы психологияда»: «**Қайғы** (қасірет) – алғашында аз да болса сенім күттірген маңызды өмір қажеттігінің орындалмауы не оның орындалмайтыны жөнінде ақпарат алудан болатын ұнамсыз сезім түрі» делінсе, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде төмендегідей анықталады: «чувство грусти и скорби, состояние душевной горечи».

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан «қайғы» - ұнамсыз психикалық жай-күй, бұған қоса бұл жай-күйдің өту үдерісі ұзаққа созылатынын аңғаруға болады. Адам мінез-құлқында жағымсыз эмоцияның да алатын орны ерекше. Себебі кісінің сөзінің түзулігі өзінің ішкі сезіміне және қарым-қатынастағы екінші адамның бірінші адамға деген ниетіне де қатысты [104, 58 б.].

«Қайғы» психикалық жай-күйінің қатарын мұң, қасірет, шер, уайым т.б. сияқты синонимдер құраса, антонимдік қатары – қуаныш психикалық жай-күйі. Ал өмірде болып жататын әр түрлі келеңсіз жағдайлар (апат, қаза болу т.б.) – осы қайғыны тудырушы, себепші түрткілер болып табылады. Демек «қайғы» психикалық жай-күйі біріншіден, мұң, уайым, шер, қасірет болса, екіншіден, қиыншылық, азап, күш секілді функционалдық қызметтер атқарады және қайғы дара немесе ортақ болуы мүмкін.

Тіліміздегі психикалық жай-күйлердің берілуі түр-түспен (қоңыр, қара, сары) тығыз байланысты. Мысалы «қайғы» психикалық жай-күйін танымдық тұрғыда тіліміздегі «қоңыр» сөзімен сипаттауымызға болады. «Бұл үлгінің құрылымдық элементі ішкі мазасыздық, қайғы, уайым, сағыныш болса, негіздік қисыны ерекше ой, оқиғаның санада қайта жаңғыруы, қайталануы екендігін айта келе, Н.Н.Аитова ақын Ж.Нәжімеденовтің өлең жолдарындағы «қоңыр» түсінің «мұң бейне – үлгісіндегі» когнитивтік семантикалық құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді:

1 **Мазасыздау ой-әрекеті.** Метафора. *Қоңырқай ой маза берер емес түк.*

2 **Ұзақ жол – мұң жолы.** Метафора: жол – сөз. *Қоңыр жолға түсіп едім мен өстіп немесе Қоңырайып жатыр алда жол әлі.*

3 **Мұңды жыр.** Метафора. *Кеудем кейде қоңыр жырға толады.*

4 **Сағыныш сазы.** Метафора. *Қоңыр-қоңыр күй тыңдап ем жасымда.*

5 **Мұңаю. Әрекет** – Метафора. *Қоян жонға қоңыр ымырт түскенде.*

6 **Біртекті ой, іс.** Метафора. *Жол – шек. Қоңыр күймен өтіп жатыр өмірім.*

Осындай қазақ тіліндегі түр-түс атауларын танымдық аспектіде зерттеудің ерекшеліктерін айта келіп, ғалым «қоңыр» түсінің ақпаратты мазмұндаудағы төмендегідей функционалдық қызметтеріне тоқталады: *орташа, қарапайым, жұтаң өмір; мұңды әуен; мұңдылау дауыс; сағыныш назды саз т.б.* [88, 21-б.]. Сонымен қатар «қара» түс те, яғни «қара» сөзі де тілімізде *өлім, қаза, қасірет* символын да білдіреді. Мәселен, *қаралы болу, қара тігу т.б.*

Ұлттық танымымызда бұл жай-күйдің берілуінің тағы бір жолы, әсіресе, адам қайтыс болған жағдайда, арнайы сөздердің жұмсалуды. Мәселен, адам қазасын естірткенде оны жақындарына тура сөзбен жеткізе салмай астарлап айтады немесе «ой-бауырым»-дап естірту салады, жоқтайды. Мысалы:

*Боз айғыр жау қолында кете барып, Қалбағай жоқ болған соң ұрысып жүрген жылқышының бәрі «Ой, бауырым!» салып, Қалбағайдың басына жиылып қалды... Жау кете барды. Кейінгі қуғыншы да Қалбағайдың басында шулап жылап, үйіліп қала берді* (М.Әуезов) немесе: *Абылайға Бөгембайдың өлімін жеткізу. Немесе жоқтағанда, Есмағамбеттің әйелінің жоқтауы: Асылым түсті қолымнан, Қанатым сынды оңымнан. Құдай қосқан жайсаңым, Адастырды жолымнан. Отыз төртке келгенде, Ұядан ұшты алғаным, Дүниенің білдім жалғаным* (А.Байтұрсынов).

Танымдық тұрғысынан қарастырғанда бұл жай-күйді төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:

1. **Қайғы** – мұң;
2. **Қайғы** – азап;
3. **Қайғы** – қиыншылық;
4. **Қайғы** – апат;
5. **Қайғы** – қаза;
6. **Қайғы** – суық (метафоралық бейне).

Ал орыс халқының түсінігінде былай деп беріледі: «Концепт «грусть» генетически содержит в себе не только образ холода (грусть – дрожать), но и метафорический облик огня, жара» (ЭСРЯ Фасмер 1986, I:440) [15].

«Қайғы» сөзінің көне түркі тілінде «сағыныш» сөзімен о баста бір мағыналы сөз болғандығын айта кеткеніміз жөн. Мәселен: *Ozim saqyntum* - *Өзім қайғырдым* (Күлтегін). Яғни сағыну – қайғыру (қайғырғанда сағынамыз).

**Зат есімнен** жасалған «қайғы» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

**Құрылымы:** атау тұлғада келген «қайғы» психикалық жай-күйі.

**Мағынасы:** субъект бойындағы жағымсыз жай-күй.

«Қайғы» психикалық жай-күйі – жағымсыз әрекет. Бұл жай-күйдің қатарын мынандай синонимдер толықтырады: мұң, шер, қасірет, уайым, нала т.б. Оған қоса тілімізде бұл үлгінің заттанған төмендегідей екі түрлі берілу жолы бар: синтетикалық және аналитикалық.

**Қайғы** – күйік, қасірет, мұң-шер. Мысалы: *Жол үстінде ымырт жабылып, қас қарайған шақта жалғыз келе жатқан баланың ойында үлкен мұң, қабағында қалың қайғы бар* (М.Әуезов).

**Қайғылану** – қимыл атауы.

**Қайғыру** – қимыл атауы. Мысалы: *Жұматай қайғыға кездесе құлап қайғыруды білмейді, қуанышқа кездесе тасып қуануды білмейді* (Б. Майлин).

**Қайғырту** – қимыл атауы.

**Қайғырыс** – шерлі, мұңды күй. Мысалы: *Дуние төңкеріліп түспей бұл не қайғырыс, серпіліңдер!* (Ауызекі тіл).

**Қайғы-дерт** – жан күйзелткен мұң-шер, қасірет. Мысалы: *Жүрегімді қайғы-дерт басып, ұлы ұстаз, сенің сүйгеніңе бас иіп, сәжде қыламын!* (С.Сейфуллин).

**Қайғы-зар** – шерлі күйік, уайым. Мысалы: *Дүние – шексіз, аралап кете барды, Тілін ұқты, сырын да тез аңғарды. Су орнына жұтты да аққан жасты, Күй орнына тыңдады қайғы-зарды* (Қ. Аманжолов).

**Қайғы-қасірет** – басқа түскен шерлі, мұңды ауыр жай. Мысалы: *Дауылдың қара бұлтындай болып, әдейі басына арналып келе жатқан қайғы-қасіретті көріп, соның алдынан айласыз-әлсіз күйде өзінің отырғанын біліп тұрса да, кемпірдің жүзінде үлкен сабыр бар* (М.Әуезов).

**Қайғы-мұң** – қасіретті күйік-шер, уайым. Мысалы: *Сол күні... олар бөлек жатса да, бірінің қайғы-мұңын бірі біліп жатқандай, бірге күрсініп жатты* (Ғ. Мүсірепов).

**Қайғы-шер** – қасіретті көңіл күйігі. Мысалы: *Біреу сүйегін жоқтаса, біреу малға сатылып бара жатқан қайғы-шерін айтады* (Ж. Саин).

**Уайым-қайғы** – мұңды, шерлі, қасіретті күйік. Мысалы: *Бағана таман арадай анталаған мазасыз уайым-қайғы, ертеңінің қам-қаракет ойы ұшпалана ыдырап-ақ кетіпті* (О.Бөкеев).

**Сын есімнен** жасалған «қайғы» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* зат + сын есім.

*Мағынасы:* субъект бойындағы жағымсыз әрекеттің сапалық түрі.

Бұл күйдің синонимдік қатарларын *мұңды, шерлі, қасіретті, қаяулы, күйікті, құсалы, қаралы, зарлы, уайымды, налалы, азалы, зарлық* сияқты сөздер құрайды, ал антонимдік қатары – *қуанышты*. Тілімізде және түсіндірме сөздікте кездесетін төмендегідей түрлері бар:

**Қайғылы** – жан ашырлықтай аянышты, қасіретті. Мысалы: *Қайғылы атаны енді өз ойымен, өз дертімен*

оңаша қалдыру қажет сияқты. Себебі оның жаңағы шолақ бұйрық сөзден басқа, тіл қатар түрі жоқ. Мұңдасар да ойы жоқ. Не де болса бар жарасымен бір өзі гана болғысы келгендей (М.Әуезов).

**Қайғырыңқы** – көңіл-күйі қайғырыңқы, жабығыңқы. Мысалы: *Мектепке алынғанына қуанудың орнына, Бахи қазір қайғырыңқы (Қ.Жұмалиев).*

**Қайғысыз** – қамсыз, мұңсыз. Мысалы: *Жасаған-ай, қайғысыз қара суға семірген тірлігіме зар болдым зой (О.Бөкеев).*

**Қайғышыл** – мұңайып қамыққыш, уайымшыл. Мысалы: *Болып алды қайғышыл әке деген, бай деген, Ал, ұлы оған сөйлейді бір жымылып жайменен: «Әке-жан-ау, алтынды бізге құдай қиды зой, Болуы үшін қол шашпа, көңіл жомарт сыйлы боп» (Шығыс жұлдыздары).*

**Уайым-қайғысыз** – еш мұны, уайым-қайғысы жоқ. Мысалы: *Енді көже-көпсегіңді ішіп алып, еш нәрсе ойламай, ешкімге тіл қатпай, уайым-қайғысыз ұйқыға бас қою гана қолыңыздан келері (О.Бөкеев).*

**Етістіктен** жасалған «қайғы» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

*Құрылымы:* зат есім + рай + етістік.

*Мағынасы:* субъектінің бойындағы жағымсыз күйдің әр түрлі жағдайдағы көрінісі.

Бұл үлгіні төмендегідей синонимдік қатарлар толықтырады: *мұңаю, налу, күйіну, қамығу, уайымдау, мұңдану, назалану, жамығу, шерлену т.б.*

Тілімізде төмендегідей етістік категорияларында қолданылады:

**Есімше** (қайғырған, қайғырып), **рай** (қайғырса), **шак** (қайғырды), **болымды, болымсыз** (қайғырмады).

Төмендегідей *одағай сөздер* арқылы да көрініс береді:

*Аһ! Ойбай! Қайран! Қан! Құдай-ай! Сұмдық-ай! Айналайын-ай! Жалғyzым-ай! Сормаңдай-ай! Жан*

*бауырым-ай! Құлыным-ай! Көз жақсым-ай! Көз көргенім-ай! Асылым, ардағым-ай! Артық туғаным-ай! Қимасым еді-ау! Тірегім-ай! Жайсаңым-ай! т.б.*

Жоғарыдағы мұндай сөздерді адамдар біреу бақытсыз жағдайға ұшырап, қайтыс болғанда, біреу қатты науқастанып ауырғанда немесе қимастық жағдайларда жиі қолданады. Осындай жағдайда ұлтымызға тән қайғырудағы ерекшелік дауыс салып, әуендете жылау. Мәселен:

*Сай-сүйекті шымырлатып, барлық көзден жас ағыза тебірентіп еді. Үй іші алғашқы жылаудан тоқырап қалса, Әйгерімнің ақын мұңынан қайтадан тегіс босап, жылап кетті. Ұлжанның өзі де үн салып қоя берді.*

– *Қалқам-ай, құлыным-ай, арманда кеткен қошақаным-ай! – деп еңіреп жіберді. Еркектің де көбі жастарын ірке алмай, еміреніп отыр. Әйгерімнің зарынан бір Мақұлбай дерті емес, тағы да Әйгерім мен өзіне мәлім санасыз өмір шерлерін еске алып, Абай да жылап жіберді. Арманда өткен жас ұланды анық, орынды жоқтаған ата-аналық зары осы. Тек Әйгерім араласқан соң ғана жоқтау өзінің үнін тапқандай (М.Әуезов). Немесе:*

*Сондай бір күйзеліп жатқан кезінде Ұытап келді. Есіктен кіре дауыс қылып, Жаңылды құшақтап алып ұзақ көрісті. «Баурыма басқан балапаным-ай, өз қолымнан асыраған ботақаным-ай, жалғызыңнан айрылып, зар еңіреп қалдың ғой» деп бастап, ағыл-тегіл жылап Мұратты ұзақ жоқтады (Т.Ахтанов).*

«Қайғы» психикалық жай-күйінің **метафоралық** қолданымы:

*Құрылымы:* дерексіз ауыс мағынада келуі (қолданылуы).

*Мағынасы:* субъект бойындағы жағымсыз көңіл-күйдің ауыс мағынадағы көркемдік сипаты.

Кейбір болып жатқан ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы,

ішкі сезімі арқылы танылатыны белгілі. Мысалы, *қайғы, уайым ұғымы жағымсыз мағынада танылатыны, оның «сары уайымға салыну, күйзелу, көңіл-күйі болмау т.б.»* деп объективтенетіні белгілі. Бірақ оны нақты денотатпен көрсете алмаймыз. Мұндай күйді тілдік тұрғыда беру үшін ақын-жазушылар т.б. күңгірт, бұлдыр, түсініксіз, ауыр пәс күйге ену т.б. белгілер арқылы танытады. Мысалы: *Бір қайғының үстіне бір қайғы жамалып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айырылғандай, ойын қара тұман басты. «Кешегі баладан неге өліп кетпедім екен» деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай көрді* (Ж.Аймауытов).

*Дүниенің көктемі Құтжанның былтыр ғана осындай кезде, күліп жайнап жүрген аман шағын еске түсіреді. Еске түсіреді де, тағы да толқып келген құсамен басады. Жүрек басынан запыран, зәр төгілгендей болады* (М.Әуезов).

*Қарқара жазығына қарай жіңішкелеп созылып кеткен кішкене өзен де күнбатысқа таман барғанда көкшіл мұңды сұр далада теңге-теңгедей болып тағы да қотырланып жарқырайды. Сай – қайғы, мұң сайы* (М.Әуезов).

Кейде мұндай көріністерді параллельді түрде суреттеу арқылы да ауыс мағынада көрсетуге болады, мысалы:

*– Жоқ, бір жазым болған шығар, – деген сәуегейлер озып келген аттардың соңынан ұшып, желдетіп жүрген жүйріктерге анталады.*

*Ақан ештеме естіген жоқ. Екі құлағы тарс бітіп, басы зеңіп, құбылаға қарай атының басын қоя берді. Көзден жас бұршақтап ұшыртып келеді.*

*Ереймен тауының ығынан қара құрымдай қалың бұлт шығып, тым-тырақай, быт-шыт боп сеңдей соғылып, мағынасыз жүгіріскен құмырсқаның илеуіндегі жұртты ат-матымен бір-ақ бүріп әкететін алып бүркітше төніп,*

қанатын жайып келеді. Дала қапырық тартып, алыстан дымқыл жауын иісі білінді. Қас қарайып, көз байлана бере бес жүз аттың тұяғы қазып кеткен борпылдақ жерге ақынның көз жасындай жылы тамшылар көктен секіріп, топ-топ түсе бастады (С.Жүнісов).

«Қайғы» психикалық жай-күйіне байланысты тілімізде көптеген **тұрақты сөз тіркестер** кездеседі:

Бұл жай-күйдің қатарын құрайтын (фразеологиялық сөздік бойынша 27,2%) тұрақты сөз тіркестер саны жағынан басқа жай-күйлерге қарағанда тілімізде мол ұшырасады. Мұндай фразеологизмдердің қатары төмендегідей:

*Асан қайғыға түсті, аш өзегін өртеді (аш өзегін қарыды), басы ауырып, балтыры сыздады, басына бұлт төнді, белге соққан жыландай болып қалды, бір көзінен қан, бір көзінен жас ақты, көңіліне түйін түсті, көңілі қараңғы тартты, көңілі күпті, көңілі жүдеді, көңілі жасыды, көңілі жарым, көңілі жабықты, көңілі енжар, көңілінен ел көшіп кеткендей болды, көңілдегі мұңды айтып, көздегі жасты тыйды, көкірегі шерге толды, көкірегін күйдірді, көкірегі қарс айрылды, көзі көл жасқа толды, зар тартты, зар жұтты, запыран зәрін құйды, жүректі сара тілді, жүрегі тебіренді, жүректі дерт алды, жүрегін сыздатты, жүрегін жаралады, жүрегіне дақ түсті, жүрегі қарс айрылды, жер таянды, жанды жегідей жеді, жан қысылды, жаны жара, жаны ауырды, жанын ұрды, жауырынан жел өтті, жер бауырлап жатты, жер күңіренді, дертіне дерт қосты, дариға, қайран ер-ай, дерт басты, егіліп жылады, ет жүрегі езілді, жабырқау тартты, басына қайғы салды, бебеу қақты, белі бүгілді, бетін кірбің шалды, боз інгендей боздады, ботасы өлген түйедей боздады, ащы зар, гүлдей солды, аза болды, бой жылытты, көңілі шер болды, күйік тартты, күйік үстіне күйік салды, күлкінің ерні кезерді,*

күлі сөнді, кірбің қақты, қабағы салбырады, қабырғасын күйретті, қабырғасы сөгілді, қайғыға уланды, қайғысы батты, қан көңіл, қан жұтты, қапа болды, қапа қылды, қара жүрегі қақ айрылды, қара уайым басты, қарыс жер мұң болды, қасын түйді, қасірет басты, қорқыт атам қобызындай күңіренді, құса болды, мұң ашар, мұң мен зарын тарқатты, нала қылды, ойды қозғады, ойын тербетті, омырауы жасқа малынды, өзегін тілді, өзегін өртеді, өмірі өксіді, пұшман жеді, сай сүйегі сырқырады, самарқау тартты, санымен сарғайды, саңырау қайғы, сары уайым, соры қайнады, сүйегі балқыды, тәні өртенді, толғау салды, тіл байлайды, уайым жеді, у жұтты, уын ішті, у ішкендей аһ ұрды, хан түленді, шер жұтты, шер көкірек, шер тарқатты, сырты бүтін, іші түтін, ішін от қылды, іш-құса болды, ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай ереді, ішек-қарны удай ашыды, іші ашыды, іші-бауыры өртенді, аузын ұстады, аһ ұрды, асыр салды, гапыл болды, бармағын тістеді, көңілі сөгілді, көңілі ойсырады, қапы болды, қарс ұрды, опық жеді, санын соқты, ішін тырнады, іші ауырды, бауыры езілді т.б.

Осы фразеологиздер жайында айта кететін бір ескерту, яғни өзгешелік тілімізде әдеби нормадан тыс жергілікті тіл ерекшелігінде *мұрады мұң болды (мұратына жетті, дегеніне жетті)* деген аталмыш күйге мағына жағынан керісінше тұрақты сөз тіркесі кездеседі [99, 395-б.].

**«Қайғы» психикалық жай-күйіне қатысты мақал-мәтелдер:**

*Адам қайғысы – заман қайғысы; күйесіз қазан жоқ, қайғысыз адам жоқ; қас жақсының белгісі – қайғысын жатқа білгізбес; қайғың болса ханға бар, қарның ашса байға бар; бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын; біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы; қайғы қан аздырады, мылжың ми аздырады; қайғың болса досыңа бар, қарның ашса*

қосыңа бар; қайғыны қайрат жеңеді; қайғысыз қара суға семіреді; мың қайғы бір борышты өтемейді; қабақ сынса қайғы жоқ; аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады; қайғың қара қазан болсын; шерлі өлмейді, борышты өледі, қайғылы өлмейді, қарыздар өледі; қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол; су басса жер азады, қайғы басса ер азады; қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы; байтал түгіл бас қайғы, байтал шауып бәйге алмас; жалғыз атың айғыр – жат та болса қайғыр; жан ауырса тән азады, қайғы басса жан азады; молдаларға мал қайғы, момындарға жан қайғы т.б.

Тілек, жұбату сөздері:

*Болғанға (болмасқа) болат бол! Арты қайырлы болсын! Қаза қайырлы болсын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Ұшықсыз болсын! Өлгеннің артынан өлмек жоқ!*

«Қайғы» психикалық жай-күйінің тілдік емес белгілері:

**Мимика** (бет қимылы, соның ішінде көздің айқын көрінісі).

**Пантомимика** (бүкіл дене қимылы, соның ішінде қол бұлғап сөйлеу, дене қалпы).

**Бет-әлпетінің түр-түсі** (бет-әлпет түсінің өзгеруі арқылы сезімдердің білінуі): *бет түсінің сұрлануы, боп-боз болуы, сарғаюы.*

**Дауыс ырғағы** (дауыс тембрі мен интонациясында сезімдердің көрінуі): *қайғырып күйзелгенде дауыстың ақырын, дірілдеп шығуы.* Мысалы: *Дерт жеңген қарт, өзіне үңілген екі жүзге кезек қарап, сәл ғана езу тартқандай болды. Өте ақырын ғана дауыспен:*

*– Абай-мы-сың? – деді. Кіріпігін ғана қозғап өзіне шақырғандай (М.Әуезов).*

**Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы:** жүрек соғысының баяулығы (кенеттен адам талып не өліп

кетуі мүмкін) немесе қарқындылығы, қан қысымының жоғарылауы. Мысалы: *Мынандай сарылып отырған қайғыны көргенде, өзге болса жүрегі шайылар еді* (М.Әуезов).

**Секрециялық бездердің функциясы:** қайғырып жылау. Мысалы: *Тегінде Әбіштің денсаулығы нашар екендігі бұл отырған дос-жаранға ертеден мәлім... Осы жайды өз іштерінде Абай, Мағаш, Дәрмендер ойлай сала үнсіз жас төгісті. Қатты жылаған әйелдерді Баймағамбет пен Мұқа бөлек үйге алып кетті. Қаниша отырғаны белгісіз, Абай енді үлкен жүзінен айғыз-айғыз боп аққан жасын тыймастан отырып, бір сәтте ес жиды. Өзіне-өзі келе бере ендігі айтқаны, асыға байлаған тығыз байлау* (М.Әуезов).

**Тыныс алу қызметі:** қайғыдан ауаның жетпеуі немесе қарқындылығы. Мысалы: *Көптен көзден шықпаған кесек тамшы, ыстық жастар Абайдың көзінен кәрі досы Дәркембайдың мұрнына, оң жақ бетіне сап-салқын тамшы боп қат-қат тамды.*

*– Қайран қартым-ай!.. Қадірлім-ай! – деп Абай, өзімен өзі сөйлескендей күрсініп, бір жалын атты. Демі дір-дір еткен өксік тәрізді ауыр күйініш қалпын байқатты... Ербол да Абай аузынан шыққан жаңағы жалынды аңдағанда қатты «ah» ұрғандай боп, дыбыстап күрсінді* (М.Әуезов).

**Дене температурасы:** дене температурасының ысуы не сууы.

Ерлер мен әйелдердің «қайғы» психикалық жай-күйінің берілуінде де елеулі айырмашылықтар кездеседі. Мәселен, қатты қайғырғанда ерлер көбіне іштей қапаланса, әйелдер үнемі эмоциясын сыртқа шығаруға бейім тұрады. Осыған байланысты ер адам қайғырғанда басын төмен салбыратып, үн-түнсіз қалса, әйелдерге тән ым-ишараттар қатарына тіліміздегі «бет жырту», «шашын жұлу»,

«шашын жаю» сияқты ұғымдар жатады. Көбіне әйел адамдардың жақындары, туған-туысқандары, күйеуі, баласы қайтыс болған жағдайда олар бетін тырнап, шашын жұлып, я болмаса шашын жаю арқылы өздерінің қайғысының, жай-күйінің қандай дәрежеде екендігін көрсетіп отырған. Осыған байланысты Г.Мамаева әйелдер арасындағы «шаш жұлысу» мен «бет жыртысу» тіркестері екі мақсатта, яғни семантикалық жағынан тек қайғырғанда ғана емес, ызылану, ренжісу, ұрысу кезінде де жұмсалатындығын айтады [93, 127 б.].

«Қазіргі уақытта «психосоматика», яғни адамның рухы мен адам физиологиясын қарастыратын ғылым дүниеге келді. Қайғыға байланысты ғалым Ребекка Беардтың зерттеулеріне сүйенсек, толқыған кезге қарағанда, қайғыланған кезде адамның көбірек энергия жұмсайтыны анықталған» [105, 23 б.]. Яғни адам қатты қайғыға түскенде, күш-қуаты кеміп, сөйлеу іс-әрекетінен күшті эмоционалды белгілер сезіледі, сөйлемге қарағанда сөз, сөз тіркестері белсенді рөл атқарады. Мәселен:

*Осы кезде мола жақтан Иманның:*

*– Бауырым-ай... есіл бауырым-ай, - деген зары естілді. Тұрғандардың бәрі бірден түршіге қалды. Иманның басқа сөзге тілі келер емес, атының жалын құшып еңіреп келеді (Ә.Әбішев).*

Бұған қоса, «қайғы» психикалық жай-күйінің берілуінде үнемдеу құбылысы жиі байқалады. Мысалы: .

*– Айналайын апатай-ай, көрдің-ау! Босағада шіріп кеттің-ау, енді не боларсың!.. Әттең... арманда кетем бе... Тым құрыса сендерді айуан емес, адам дерлік біреудің босағасында да қалдырмадым-ау!.. – деді (М.Әуезов). Бұл мысалдағы «Әттең... арманда кетем бе...» деген жерін алатын болсақ, көп нүктенің орнына «Әттең ештеңені көре алмай, дүниенің қызығына тоя алмай т.б. арманда*

кетем бе...» деген сияқты сөз тіркестерін ойша логикаға сиымды етіп толықтыруымызға болады.

Тілімізде «қайғы» психикалық жай-күйіне байланысты жұбату, тілек сөздері де бар. Олар біреудің жақыны қайтыс болған жағдайда оны жұбату мақсатында арнайы айтылады: *Қаза қайырлы болсын! Алдынан жарылқасын! Топырағы торқа болсын! Жатқан жері жайлы болсын! Арты қайырлы болсын! Болғанға (болмасқа) болат бол!* т.б. Мәселен:

*Шырағым келін! Болғанға болат бол! Боздамаған жұбай жоқ, Оны көрген құдай жоқ! Шыдамасаң шырт кетесің, Бүктетілсең күрт кетесің! Бес балаға шешесің, Толтырмасын жасқа де, Осылардың бет кесесін! Бірі – балаң, бірі – бай, Әлі-ақ жетіліп кетесің (А.Ә.) немесе:*

*– Жаңыл-ау, саған не болған?! Басқан қадамың кейін кетіп жүр ғой. Мана көзіңнен жас шықпағанға тас бауыр боп кеткен екен десем... Алда, сорлы бала-ай, өзің әбден біткен екенсің ғой. Бар күйігің ішіңе түсіп іш-құса бопсың ғой... «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» - деген. Есіңді жи, шырағым (Т.Ахтанов) немесе:*

*Әлиза оқтын-оқтын тұрғысы келгендей, қолымен ауа қармап, «а-аһ!..» - деп қайта құлайды.*

*Жұбатпақ болған бірде-бір адамның сөзіне құлақ аспай, дүниеден түңілгендей боп жатқанда қасына Есбол қария кеп отырды. Тіл қатысқысы кеп отала түсті де, тамағына жас тіреліп тоқтап қалды. Сосын біраз отырып барып:*

*– Уәй, Мөңке, - деп өктем тіл қатты, - уа, жарқыным, басыңды көтер! Құдай өзінің бергенін өзі алды. Алланың әміріне қай пенде араша боп еді? Сен неге төңірегіңе қарап, тәубаға келмейсің! Уа, мен сенен кем бе едім? Сен өлген балаңа жылап жатырсың, менің, тым құрғыса, молада да тілекшім жоқ екенін неге ойламайсың, - деп өмір-бақи тірі жанға тісінен шығармай, өзегін өртеп*

*жатқан ащы сырды - өзінің баласыз, жалғыз, қу бастығын айтты да, тоқтады (Ә.Нұрпейісов).*

Репозиторий Қарғу

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі тіл білімінде негізгі ұстанымдардың (принциптердің) бірі антропоцентризм екені мәлім. Қазіргі заман лингвистикасында негізгі назар тек тілге ғана емес, оны жасаушы және дамытушы адамға аударылып, тілдік тұлғаның қасиеттерін зерттеу антропоцентризм бағытында жүргізіледі. Өйткені адам тіл арқылы тек баяндап, хабарлап қана қоймайды, объективті шындыққа көзқарасын, сезімін, т.б. тіл арқылы жеткізе алады, яғни тіл адамның көңіл-күйін, психикалық толғанысын, сезімін білдіретін негізгі құрал болып саналады. Осы ретте ұлттық танымға негізделген адамның психикалық жай-күйлерін тіліміздегі қызметін, мағынасының берілу жолдарын анықтау, олардың (психикалық жай-күйлердің) тілдік бірліктер және тілдік емес амалдар арқылы берілуін зерттеу – лингвистикалық зерттеулердің нысаны және пәні болып келді.

Соңғы жылдардағы антропоцентристік (антропоцентристік) бағыттың «адамды толығымен тіл арқылы танып-білу» принципіне негізделген бұл зерттеу жұмысында психология ғылымының нысаны ретінде зерттелініп жүрген психикалық жай-күйлердің табиғатын лингвистикалық қырынан ашуға талпыныс жасалды. Бүгінгі таңда тіл білімінде психология, философия, физиология, когнитология, социология т.б. ғылым салаларымен үнемі тығыз байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі. Бұл – адамның психикалық жай-күйлерін беруде қолданылатын лексиканы, эмоциялық сөздік қорды зерттеуде тек лингвистикалық ізденістің жеткіліксіз екендігіне дәлел.

Психикалық жай-күйлерді құрылымдық, семантикалық тұрғыдан қарастыру олардың тілдік

табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Психикалық жай-күйлер күрделі психологиялық үдеріс болғандықтан, оларды бір қырынан танып біле алмаймыз. Мәселен, «күлуді» жеке тұрғанда алып қарайтын болсақ, онда біз оны қуанышты жағдай деп түсінеміз. Контекстік мағынада ол басқа да психикалық жай-күйлерді білдіре береді, атап айтқанда, күлу ашудан да, қайғыдан да бола беруі мүмкін. Немесе, керісінше, «жылау» қуаныштан да болуы мүмкін. Осы себептен әр адамның психикалық жай-күйі әр түрлі болады. Біздің мақсатымыз – осындай әр түрлі формада көрініс беретін психикалық жай-күйлерге тән ортақтықты тауып, оларды бір жүйеге келтіріп, ортақ заңдылықтарын қалыптастыру.

Осы уақытқа дейін жантану ғылымының нысаны болып келген, қазақ тіл білімінде тар мағына аясында оқытылып келген адамның психикалық жай-күйлеріне деген қызығушылық арта түсті. Сол себепті бүгінгі таңда адамды толығымен танып білу мақсатында тіл білімі де басқа ғылымдар сияқты қарап отырмай, адамның ішкі жандүниесіне үңіле бастады. Тілді психологиямен байланыстырып зерттеу ісіне байланысты Э.Оразалиева былай дейді: «Тіл білімі даму тарихы барысында психологизм ұстанымдарымен үш рет байланыса отырып, маңызды салалардың қалыптасып дамуын өзектеді. Олар: XIX ғасырдың 80-жылдарында жас грамматистер бағытының дүниеге келуі; XX ғасырдың орта шенінде психолінгвистиканың зерттеле бастауы; XX ғасырдың 80-жылдарында когнитивтік лингвистиканың дәйектелуі делінгендей, адам тек белгілі бір қоғамның мүшесі ретінде ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі эмоционалды-психикалық белгілердің, мінез-құлықтардың, ішкі заңдылықтардың тұтастығы ретінде зерттеу нысанына айналды» [22, 176 б.].

Сонымен, психикалық жай-күйлер, біріншіден, адамды толығымен танып білуге мүмкіндік береді. Мәселен, адамды бір көргеннен, я болмаса сол сәтте оны сөйлеген сөзінен танып білу мүмкін емес. Оның мінез-құлқын, іс-әрекетін т.б. жекелеген қасиеттерін белгілі бір күйге түскен жағдайда оңай көруге болады.

Екіншіден, психикалық жай-күйлерге байланысты туындаған сөздердің мән-мағынасы контексте ашылады.

Үшіншіден, психикалық жай-күйлерді білдіретін амал-тәсілдердің көбі бейвербалды амалдар. Бейвербалды амалдардың адам көңіл-күйін білдіруде атқарар функциясы зор. Себебі психикалық жай-күйлер – психофизиологиялық құбылыс.

Зерттеу жұмысында тілдік емес амал-тәсілдердің сегіз түрі анықталды:

1) Мимика (бет-әлпет қимылы), 2) Пантомимика (бүкіл дене қозғалысы), 3) Түр-түс (бет-әлпеттің түр-түсінің өзгеруі), 4) Дауыс (дауыс ырғағы, интонация), 5) Тыныс алу (тыныс алудың тарылуы, жиілеуі, демнің жетпеуі т.б.), 6) Дене температурасы (дененің қызуы, сууы), 7) Жүрек қызметі немесе қан қысымы (жүрек соғысының темпі, қан қысымының жоғарлауы, төмендеуі), 8) Секреторлық бездер қызметі (жылау, терлеу құбылыстары).

Психикалық жай-күйлерді білдіретін бейвербалды амалдар, мәселен адамның физикалық қасиетінен пайда болған *қызарды* сөзі ұялу психикалық жай-күйінен туындаса, кейіннен ол жеке тұрып та ұяттың синонимі ретіндегі қолданысқа ие болды (ұялды – қызарды), ал уақыт өте келе фразеологизмдерді тудырды (екі беті шиедей қызарды, қып-қызыл шоқтай болды, оттай жанды т.б.).

